




ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ



М. ҚОЗЫБАЕВ АТЫНДАҒЫ
СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

**«Мағжан Жұмабаев шығармаларындағы
Ұлы Дала құндылықтары» атты
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның
МАТЕРИАЛДАРЫ**



МАТЕРИАЛЫ

**международной научно-практической конференции
«Наследие Великой Степи в творчестве Магжана
Жумабаева»**

Петропавл
2019

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті

**«Мағжан Жұмабаев шығармаларындағы
Ұлы Дала құндылықтары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік
конференцияның**

МАТЕРИАЛДАРЫ

(25 маусым, 2019 ж.)

МАТЕРИАЛЫ

**международной научно-практической конференции
«Наследие Великой Степи в творчестве Магжана Жумабаева»**

(25 июня, 2019 г.)

MATERIALS

**of the international scientific and practical conference
«The legacy of the great Steppe in the work of Magzhan Zhumabayev»**

(25 June, 2019)

Петропавл, 2019

ӘӨЖ 821.512.122.0
ББК 83.0
М-12

*М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің
Ғылыми кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылған
(№ 9 хаттама, 22.05.2019 ж.)*

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА:

Өмірбаев С.М. – төраға, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің ректоры
Ибраева А.Ғ. – Ғылым және инновациялар жөніндегі проректоры
Сабиева Е.В. – Тіл және әдебиет институтының директоры
Қадыров Ж.Т. – «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасы меңгерушісі, ф.ғ.к.
Какимова М.Е. - «Герман-роман филология» кафедрасы меңгерушісі, ф.ғ.к.
Гертнер Е.Г. - Ғылыми жұмыс және сапа менеджменті жөніндегі тіл және әдебиет институтының директоры орынбасары
Синбаева Г.К. - «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасы аға оқытушысы
Тагудретова Б.Б. - «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасы аға оқытушысы

М-12 «Мағжан Жұмабаев шығармаларындағы Ұлы Дала құндылықтары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. – Петропавл: М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, 2019. – 166 б.

Ғылыми жинаққа әйгілі ақын, алаш ардақтысы Мағжан Жұмабаевқа арналған «Мағжан Жұмабаев шығармаларындағы Ұлы Дала құндылықтары» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары енгізілген. Онда ақиық ақынның өмірі мен шығармашылығына, баға жетпес мұрасына арналған құнды материалдар жинақталған. Мағжан Жұмабаевтың мұрасы бүкіл түркі әлемінде және халықаралық деңгейде насихатталуда. Ғылыми жинаққа енген материалдар оқытушыларға, білім алушыларға, жалпы ақынның шығармашылығына қызығушылық тудыратындарға және зерттеушілерге арналған.

ӘӨЖ 821.512.122.0
ББК 83.0

ISBN 978-601-223-175-5

© СКГУ им.М.Козыбаева, 2019

1-ші СЕКЦИЯ
ӘЛЕМДІК ӘДЕБИ ҮРДІСІНДЕГІ
МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ.

СЕКЦИЯ 1
ТВОРЧЕСТВО МАҒЖАНА ЖУМАБАЕВА
В МИРОВОМ ЛИТЕРАТУРНОМ ПРОЦЕССЕ.

SESSION 1
MAGZHAN ZHUMABAYEV'S CREATIVE ACTIVITY
IN THE WORLD LITERARY PROCESS.

ӘӨЖ 82.1(5К)

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ДӘСТҮР

Кульжанова А.А., Бөкен Г.С.
(Ш.Уәлиханов атындағы КМУ)

Ақын-жазушы, педагог-ағартушы, философ, аудармашы, фольклорист, журналист, аса ірі қоғам қайраткері – Мағжан Жұмабаевтың артында қалдырған мұралары қазақ әдебиетінің үлкен бір тарихы. Мағжан шығармашылығының биік деңгейге көтерілуінде халық ауыз әдебиетінің маңызы зор болған. Поэтикасының пайда болуы, көркемдік стилінің тууы, образ жасау принциптерінің дамуын, шығармасындағы халық тілінің айшықты кестелерінен дәстүрлі фольклордың элементтерін кездестіруге болады, фольклордағы көркемдеуші құралдарды пайдалануда да өзіндік стиль ерекшелігі болған [1,208]. Мағжан туралы академик Өлкей Марғұлан: «Қазақ халқы үшін Мағжан Жұмабаевтың маңыздылығы ағылшындар үшін - Шекспирдің, орыстар үшін – Пушкиннің маңыздылығынан кем емес» деп баға берген.

Мағжан халқымыздың аса бағалы рухани байлығы деп ежелгі сақ, ғұн, түрік, қыпшақ дәуірінің ауыз әдебиетін бағалаған. Бұл ойымызды ақынның мына пікірлері дәлелдейді: «Өткен дәуірдегі теңіздей тұңғыық әдебиетіміздің бізге бұл күнде адасқан ұшқындары, тентіреген тамшылары ғана жетіп отыр. Көбі, көбі болғанда ең сұлулары ұмытылған, желдей ескен жыраулармен бірге топыраққа айналған. Баяғыда отыз күн, отыз түн айтылатын Қобыландылардың ауызда адасып, азғантайы ғана қалған. Талай күндерге созылған ертегілердің басы қайырылып, аяғына жетіп, шоп-шолақ болып қалған. Талай жүйріктердің тұңғыық таза толғаулары – араб, парсы, сарт-сауанның сөздері араласып, балдыр-батпаққа айналған...

Бірақ, талайлар ұмытылып қалды деп қанша өкінгенмен, әлде болса да ауызда аман қалған әдебиетіміз талай елдердің ауыз әдебиетінен бай. Әлі де болса ауыз әдебиетіміз, бір елдің жазба әдебиетіне негіз болуға жарарлық. Өзінің ауыз әдебиетін негіз қылмай ешбір елдің жазба әдебиеті өркендемек емес. Біздің де жазба әдебиетіміз ауыз әдебиетін негіз қылуға міндетті. Алдымен сабақты шеттен емес, өзінен алуға міндетті. Негізі берік өз еліміздің әдебиеті боламын десе, өзіміздің ауыз әдебиетімізге қайтуға міндетті»[2,340-341].

Біз ақынның шығармаларын оқу барысында халық ауыз әдебиеті үлгілерін байқаймыз. Мағжан Жұмабаев фольклорлық мұраларды жинаумен жеке өзі

айналысқан.Тіпті, Мәскеуде жоғары әдебиет-көркемөнер институтында оқып жүрген кезінде, батырлар жырының көп томдығын құрастырып, баспаға ұсынған. Бірақ, белгілі бір себептермен баспа бетін көрмей қалған.

Шығармаларда фольклорды пайдалануының себебі – халық ауыз әдебиетін халықтың санасын оятып, әлеуметтік ортадағы небір келеңсіздіктерді жоятын құрал деп түсінді. Мағжанның фольклорлық сюжетке құрылған «Алатау» өлеңін алып қарайық. Бұл өлеңде ақын Алатаудың табиғатын, әсемдігін бейнелеп, тарих қойнауына сыр шертеді. Яғни, қазіргі Тянь-Шаньның батыс сілемінде орналасқан жота туралы аңызды өлеңге қосқан. Ертеде қырғыздан шыққан Манас батыр отыз екі жасында Алтайды мекендеген қырғыздардың қалың көшін бастап Алатауға көшеді. Әрине, батырдың көшуімен жергілікті халықтардың қуанышы артады. Себебі, олар өздерін киелі ұрпақ тарайтын жер деп есептейтін болған. Өлеңде мынадай жыр жолдары кездеседі:

«...Алатау – алып ана көкпен талас,
Арда емген сол ананы тентек Талас.
Қырғызға қасиетті талас суын
Ертеде қоныс қылған батыр Манас...» [3,165]

Фольклорлық сюжетке құрылған келесі бір өлеңі – «Өткен күн» деп аталады. Бұл өлеңнің тақырыбы – туған жер. Қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған заманнан бастап Ақназар (бұл жерде Хақназар), Абылай хандардың ерлік істеріне дейін баяндайды. Өлеңде эпостық жырлармен қоса айтыс ақындарының да алты алашқа белгілі болғаны көрсетілген. Ақын соңғы сөздерін былайша аяқтайды:

«...Өткен күнді ойласам,
Ойға терең бойласам,
Кешегі қайран қазақтың
Сәулеті мен дәулеті
Көз алдыма келеді...» [4,84]

Ақын өз өлеңдерінде фольклордың кіші жанрларын да пайдаланады. Мысалы, «Жұмбақ» өлеңі жұмбақталып жазылған, шешуін оқырмандардың өзіне қалдырады:

«Дала – жұмбақ,
Бала - жұмбақ,
Кім шешеді?» [5, 89]

Бұл туралы Ж.Аймауытов «Мағжанның ақындығы туралы» мақаласында: «Қарапайым қазақ осы өлеңнен не ұғар еді? Түк ұғуға болмайды. Бәріміз бірдей осы жұмбақты шеше алар ма екенбіз?» дейді. [6]

Тұрмыс – салт жырлары ішінен бесік жыры кездесетін Мағжанның «Бесік жыры» өлеңі бұрынғы нұсқаларға ұқсамайды. Бірақ, анықтама бойынша бесік жырынан халықтың нені аңсап, нені көздейтіндігі және бесіктегі жас баланың ер жеткенде кім болуын, қандай қызмет атқаруын қалайтындығы көрінеді. Фольклорда көбінесе шешен, ұста, батыр болар ма екенсің деген жалпылама сұрақ болады. Ал, Мағжан өлеңінде «сен осындай болуға тиіссің» деген өктемдігі айтылады. Бесік жырына тән «әлди, бөпем, әлди-ай» деп қайырма өлеңнің басында, ортасында қайталанып отырған. Ал «Жұбату» өлеңінде, керісінше, ауыз әдебиеті үлгісіндегідей «әлди, әлдимен» бастап, фольклорға тән жалпылама сұрақтармен аяқтаған:

«Әлди-әлди, ақ бөпем,
Ақ бесікке жат бөпем.
Құнан қойды сой, бөпем,
Құйрығына той, бөпем» ,- деп бастаса. Соңын:
«...Дуай-дуай кемелім,
Күнітайым қайда екен?

Саятайым сайда екен,
Тауда неғып жүр екен?

Алма теріп жүр екен...»[7,347] , - деп аяқтайды.

Ал «Ата, бата» «Ж-ға», «Бір биге», «Зарлы сұлу» өлеңдерінде бата берген. Бірақ, ауыз әдебиетіндегідей «А, құдайым, ондасын, Оң жолына бастасын» деп бермейді. Ақын ғалым болу кез келгеннің қолынан келе бермейтінін, ол үшін көп оқып, білім алу керктігін аңғартады. Тағы да осындай оң баталардың бірі «Ж-ға» өлеңінде:

«Әлі жассың, қайғы көрме, бара бер,

Сұм өмірдің күлін көрме, гүлін көр» [8,130],-деп бата береді. Мұндағы «Ж» деп отырғанмыз – әйгілі жазушы Хамза Есенжановтың әйелі Жамал Жақияқызына арналған.

Ал, керісінше, теріс бата М.Әуезовтің «Қаракөз» пьесасындағы Қаракөз образының тууына ықпал болған Нұрмағанбетің қызы Шолпанға арналған «Зарлы сұлу» өлеңінде кездеседі. Шолпанға араша түскен Мағжанның мына сөздерінен немере қарындасының тағдыры ақынды толғандырғанын көреміз:

«Сені бұйткен бейбақтың,

Санадан жүзі сарғайсын!» [9,20]

«Бөбектің тілегі», «Балалық шақ», «Балалық шағы, «Ана,» «Сылдырмақ» өлеңдері балалар фольклорына жақын. Балалардың мінез-құлқын, көркемдік талғамын танытатын, шығармашылық қуат көзін ашатын асыл мұра қалдырған Мағжанның өлеңдерінде балаларға арналған шешендік арнауы байқаймыз. Ұрпаққа қалдырған өсиетінен жастардан зор үміт күтетінін айқын аңғаруға болады.

Мағжан өз поэзиясында мақал – мәтелдерді де кеңінен қолданған. Аталы сөзді аузынан тастамай, кейінгі ұрпаққа үлгі болатындай етіп, өлеңдеріне де қосып отырған. «Туған жер» өлеңінде «Адам басы – Алла добы», «Қазағым» өлеңінде «ауыл болсаң – қоғам бол» және «Заман түлкі болғанда, тазы болмай», «Толған ай» өлеңінде «Жарықта қараңдаса, бой көрінеді», «Атақты ақын – сөзі алтын хакім Абайға» өлеңінде «Бір бай өлсе, төрт түлік малы қалар, Жүйрік өлсе, артында сөзі қалар». «Ф-ға» өлеңінде «Дұшпан күле кіріп, күңірене шығады» дегені достың да арасында дұшпаны болады деп көрсеткен:

«...Күле кіріп, жан сырымды біліп ап,

Шыға беріп күңіренеді достарым...» [10,132]

Қорытындылай келсем, поэзия әлемінде айрықша із қалдырған, өзіндік үлкен өнер тудырған ақын - Мағжан Жұмабаевтың жан-жақтылығын зерттеп білдім. М.В.Ломоносов айтпақшы «шешен болу үшін бес қасиет қажет, бірінші – табиғи дарын, екінші – білім, үшінші – шешендерден үйрену, төртінші – сөйлеп жаттығу, бесінші – басқа ғылымдардан да хабардар болу керек»[11,345-371]. Міне, Мағжан бойындағы осы қасиеттердің барлығы барын ескеріп, оның шешендік дарын иесі екенін аңғаруға болады. Ақын өз өлеңдерінде ғылым-білімнің қазақ халқы үшін қажет екендігін дәлелдеген және жас ұрпаққа үлкен сенім артқан.

Әдебиет:

1. Қанарбаева Б. Жырымен жұртын оятқан. Алматы: Ана тілі, 1998. – 208 б.
2. Жұмабаев М. Шығармалары, А., 1989, 340 – 341 б.
3. Жұмабаев М. Шығармалары, 1 том, Алматы : «Жазушы», 2013. – 165 б.
4. Жұмабаев М. Шығармалар. 1 том, Алматы: «Білім», 1995. – 84 б.
5. Жұмабаев М. Шығармалар.1 том, Алматы: «Білім», 1995. – 89 б.
6. Аймауытов Ж. Мағжанның ақындығы туралы. «Лениншіл жас» журналы, 1923, №6.
7. Жұмабаев М. Шығармалары, 2 том, Алматы «Жазушы», 2013 - 347 б.
8. Жұмабаев М. Шығармалары, 1 том, Алматы : «Жазушы», 2013. – 130 б.
9. Жұмабаев М. Шығармалары, 1 том, Алматы : «Жазушы», 2013. – 20 б.

10. Жұмабаев М.Шығармалар. 1 том, Алматы: «Білім», 1995. – 132 б.
11. Ломоносов М.В. Полное собрание сочинений, том 2, Москва, 1951. – 345-371 с.

ӘОЖ 821.512.122

АС БЕРУ ДӘСТҮРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ИСЛАМ ДІНІМЕН ҮНДЕСТІГІ

Өтепберген Н. Қ., Карбозов Е.
(Әл Фараби атындағы ҚазҰУ)

Кез келген елдің елдігін шыр етіп дүниеге келгенінен бастап, жер бесікке дейінгі болмысын танытатып, тарихына тамырын терең бойлатқан құндылық—салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы. Қандай ел, қай ұлт болмасын біз оны осы ата дәстүр құндылығымен танимыз. Қаймағы бұзылмай, тарих қойнауынан маңызын жоймай, атадан балаға жалғасын тауып, ұрпақтан-ұрпаққа, заманнан-заманға, дәуірден-дәуірге жете алатын тәрбие тағылымы тек салт-дәстүр ғана. В.Г.Белинский салт-дәстүрдің өміршеңдігі жөнінде: «Әдет-ғұрып замандар бойы сыннан өтеді. Өз дәуірінде ардақталып, ата-бабадан әулетке мұра болып ауысып, рудан-руға, ұрпақтан-ұрпаққа жетеді. Олар халықтың сыртқы бейнесі болып табылады. Онсыз халық бет әлпетсіз бейне болымсыз тас мүсін сияқты...» – дейді. Ұлттың ұлылығын сақтайтын ең басты құрал тілі, діні және дәстүрі. Ұлт үшін жазылмаған заң, бұлжымас қағида дәстүр болуы тиіс. Дәстүр жалғастығын таппаса ұлт бар құндылығынан ада болады. Бұл ақиқатты алдымен уақыт дәлелдейді. Онан кейінгісі –осы мәселені зерттеп, зерделейтін ғылым. Бүгінгі ғылым атаулының басты мақсаты осы салдарлардың алдын алу болуы керек. Осы тұтастықты жоғалтып алу, ұлтты жоғалтып алуға әкелуі әбден мүмкін. Халықтың салт-дәстүр ұстанымындағы санасын түсінбесек рухани құндылықтың шыңына ешқашан жете алмаймыз. Рухани құндылықтың төмендігі санамыздың төмендігі деп есептеу ләзім. Осы тұрғыда көркем әдебиеттегі салт-дәстүріміздің көрнісін саралап ізгі көрністерін паш ету, оны жолдан бұра тартып бұрмалауға жол бермеу-міндетіміз.

Қазақ халқының ежелгі наным-сенімінен келіп шыққан дәстүрлердің бірі— ас беру. «Ас беру — өлім-жітімде жасалатын кәденің соңғысы, еске алу рәсімі». Ежелгі дәстүр бойынша, ат жалын тартып мінген жігіттен бастап пайғамбар жасына (63 жас) жетпеген кісіге ас бермеген, тек жылын атап өткен. Қазақ асты бір жағынан той деп есептейді. Ат шаптырып, бәйге береді. «Өлі риза болмай, тірі байымайды» дейтін қазақ дүниеден өткен туысқанының рухын риза етуді міндет санайды. Өлген адамның ана дүниеде жүрген жанының (әруағының) құрметіне құрбандық жасау арқылы өлілердің артында қалған ұрпағын жебеп, қысылғанда сүйеу болып жүреді деген ұғымнан туған. Ата-бабалар аруағының құдіретіне сенумен байланысты пайда болған. Археологиялық деректер бойынша ертеде қайтыс болған адамның тірісінде ұстаған қару-жарақ, киім-кешегін және мінген атын бірге жерлеу дәстүрі болғаны белгілі. Л.Гумелев осы тұрғыда «Түріктердің о дүниедегі тіршілікті, бұл фәнидегі өмірдің жалғасы деп есептегені байқалады»- дейді. Ежелгі ғұндар мен сақтар дәуірінен келе жатқан сайын далладағы игі дәстүрлердің бір – дүниеден өткендерді еске алып, ас беру болған. Исламды қабылдаған түркі жұртында бұл үрдіс әруақтарға арнап ас берумен шектеліп қоймай, Құран оқып, сауабын өлілерге бағыштаумен толықты. Көшпелі далалықтар мазар мәдениеті мен зиярат әдебін ерекше қастерлеген. Бұл да Ислам діні мен ұлттық дәстүрлер үндестігінің көрінісі. Мұның бәрі өлген ата-бабалардың еш уақытта ұмытылмайтындығының айғағы және солардың аруақтары өз ұрпақтарын желеп-жебеп, қолдап жүретіндігіне сенуден келіп шыққан. Ас беру кез келгенінің қолынан келе

бермейтін іс. Қазақта жолына, жынысына қарамай-ақ ауыл-аймақ, туған-туыстарды шақырып ойын-сауықсыз жылы өткізіле беретіні белгілі. Ал, ас беру оңай жоралғы емес. Ел арасынан дерек жинаған ғалымдардың, сонымен қатар қаламгерлердің туындыларынан да ас берудің ерекше екенін көруге болады. Ы.Алсынсарин «Бай қазақтардың асы, ас берушіні көп шығынға ұшыратады»-дейді. М.Әуезов «Ас өлік үшін ғана емес, әсіресе, тірілер үшін керек. Олар өлімді сылтау етіп өздерінің абыройын, атағын, мақтанышын, айдынын да асырады. Сондықтан асты кім болса сол жасамайды, тек жуан, бай, құдіреті күштілер ғана жасайды. Өмірде кедейдің асы деген ас болмайтын себебі де сол» -деп тұжырым жасайды [1,152б]. Сондай астардың қатарына 1860 жылы Ерден Сандыбайұлына берілген асты жатқызуға болады. Аста 500 үй тігіліп, 160 жылқы, 200 қой сойылған. Ат жарысының бас бәйгесі 100 жылқы. Ерден Сандыбайұлына үш рет ас бергендегі шығын 1860 жылқы, 600 қой, 1000 саба қымыз болған. Ал 1861 жылы Байдәулет Құлбекұлына берілген астың бас бәйгесі 100 жылқы, 100 қой, 1 ақ отау, 10 түйе болған. 1874 жылы өткізілген Лабақ Қуат баласының асында 700 үй тігілген. Және шақырылғандар әруаққа деп малын, сойысын, сабасын, тағысын әкеледі. Ас беру дәулетті адамдардың, ұйымшыл елдің ғана қолынан келген. Аста елдің бірлігі мен байлығы, мырзалығы, біліктілігі сынға түседі. Абылай ханның, Құнанбайдың әкесі Өскенбайдың, Қанжығалы Шауыпкел батырдың, Керей Сағынайдың, дулат Сыпатай батырдың астары бүкіл елге мәлім болып, аңызға айналған. Атақты Тәж-Махал кесенесін салуға жұмсалған қаржымен Сағынайдың асына кеткен шығын бірдей болған. Ас беруге қайтыс болған адамның туыс, жекжат, дос-жарандары ат салысады. Мысалы, «Абай жолы» романындағы Бөжей асын өткеруге бүкіл ру болып атсалысады. «Ас пен той ортақ» деген қағида осындай жағдайлардан қалыптасса керек. Соңында қалған ағайын-туысы мол, көзі тірісінде елге атағы жайылған адамдардың асы ұлан-асыр той дәрежесінде өткен. Ондай асқа есімі белгілі ақсақалдар, батырлар, ақындар, палуандар, әнші, жыршылар, көкпаршылар, мергендер арнайы шақырылып, сонымен қатар әр елден жүйрік аттар келетін болған. Жүздеген ордалар, киіз үйлер тігіліп, үш жүзге бірдей сауын айтылған. Бөжей қазасынан үзінді келтірсек: «Байдалы сүйекті орналастырып болысымен, сол өлік үстіне тіккен ақ үйдің оң жақ белдеуіне өз қолымен әкеп қара тікті. Жаназасын шығарғанға шейін өлік осында болмақ» [1,152б]. «Қара» деп отырғаны найзаның басына байланатын ту. Бұл өліктің артын күтудің үлкен серті. Жасы біразға келген қария дүниеден өтсе—ақ, жастай қыршын кетсе—қызыл, ал орта жас шамасында дүдиден озса туының түсі—қара болады. Жаназа шығару—өмірден өткен адамды соңғы сапарға шығарып салу дәстүрі. Өліктің арты жақсылыққа ұлассын деген ниетпен арнайы жүлде белгіленіп, ат жарысы, күрес сияқты ұлттық ойын-сауық өткізілген. «Арты қайырлы болсын» деген сөз осыдан қалса керекті. Мұның барлығы дерлік тәлім-тәрбие мен үлгі-өнегеге негізделген. Жазушының бір ғана Бөжей қазасын суреттеуінен өлікке қатысты салт-дәстүрлерден, әдет-ғұрыптардан тұтастай этномәдени мәлімет аламыз.

Дүние салған адамның жанашыр туыстарына ауылдың жөн білетін тілді қарттары жиналып келіп, әр түрлі әңгімелерді айта отырып, қайғылы хабарды естірту ғұрпы берік қалыптасқан дәстүрдің бірі. Естірту—қаза болған адамның қайғылы хабарын жеткізу. Естірту қара сөзбен де, өлеңмен де, тіпті күймен де орындалады. Қазақтың ауыз әдебиетінде естіртудің көптеген үлгілері бар. Ұлы жазушы Мұхтар Әуезов қазақ халқының естірту дәстүріне соншалық мән берілуін «Қазақ халқының жан дүниесінің тазалығын, қайғы көріп қаралы болғанға қабырғасы қайысып, ауыртпалықты бірге көрісетінін, адамның күйініш-сүйініштерін терең сезінген сыпайгершілігін, көрегендігін танытады»-деп аса жоғары бағалаған [2, 272б]. Естірту ғұрпы «Абай жолы» романда: «Отыз-қырық кісідей шапқыншы түн ортасы ауа бергенде, қос-қос атпен әзір болды.

Жарау ат айғырды мініп, қалың Тобықтымен көршілес Керейдің, Матайдың, сонау тіпті, Қарқаралы жағындағы Шор мен Бошанның басты-басты жерлеріне де жат, суық хабарды алып, шашырамай шауып жөнелген-ді» -деп келтіріледі [1,152б]. Қаралы адамдардың қайғысына жалпы жұрттың бірге қайғырысып, уайымына ортақ екендігін білдіретін халық ғұрпына байланысты қалыптасқан ғұрып-жоқтау. Өлген адамды жоқтау қазақ салтында елеулі орын алады.Марқұмның игі істері, қайырымдылығы еске алынады. Әсіресе қаралы жесірмен марқұмның бойжеткен қыздары жыл бойы айтатын. «Жоқтауды халық арасында «дауыс қылу» деп те айта береді . Жоқтаудың сөзін көбінесе айтушылар өздері құрастырады. Кейде ақындар шығарып беретін де, әйелдер жаттап алатын»-дейді Төрекұл Н [3, 243б]. Жоқтау «мейілінше көркем болғандықтан, олар халық арасына кең таралып, саф асыл шығармалар ретінде біздің заманымызға жетті», -дейді М.Әуезов.[2, 272б] Қазақ халқында жоқтау дәстүрінің мазмұны, мәні жөніндегі мәліметтер романда: «Бұл кезде Бөжейдің өз үйінің ішінде қара сұр бәйбіше шаршысын шорт байлаған. Қара шашын тарқатып, екі иініне жайып салған. Қан-сөлден айрылып, сұрланып талған жүзінде көк тамырлары білінеді. Екі бетінің ұштары жылап жыртқан тырнақтың табын сақтап, жарадар Бөжейдің екі қызы да бастарындағы бөркін тастап, қара салыны шорт байласып алыпты. Бұлар әкелері өлісімен, қайғылы, шерлі, бір ұзақ жоқтаудың сарынын тапқан екен. Бүгін таңертеңнен бері жаназашыларға көріскенде сол жоқтауларын айтумен отыр. Барлық Шыңғыс сыртындағы ұшы-қиыры жоқ, ен өлке, кең сала, мол жайлау, құйқалы адыр, қалың таулардан жұрт ағылды. Аңыраған ел жер қайысқан қалың топыр боп кеп, бірнеше күн жыласып, аза салып болды да, ақыры Бөжейдің жаназасын шығарды. Сүйегін бұл жайлауға қоймай, Шыңғысты қайта асырып, қыстауының үстіне апарып, Тоқпамбетке қойды. Ол өлкеге Бөжейді жоқтап, ертеңді-кеш, күндіз-түні «бауырымдап» аңыраған, аңдыздап, ат қойып, ағылып кеп, төгіліп түсіп, жыласып жатқан әйел-еркек, жас-кәрінің ұшы қиыры жоқ. Алыс-жақындағы Бөжейдің бастас, тілеулес ағайындары бөлек-бөлек, үлкен-үлкен үйлері мен сойыстарын, сабаларын, күтуші еркек, әйелдерін түгел алып келіскен. Өлімді күтудің ерекше бір көптен бері болмаған салтанаты туып еді».[1, 222б].

Ас беру кезіндегі ең алғашқы кәденің бірі—сауын айту. Астың қай күні, қай жерде өтетіндігі туралы алдын-ала хабаршы жіберіліп сауын айттырылған. М.Әуезовтың «Абай жолы» романда « Міне, осы Бөжейдің асында Қарқаралының Арғыны, Жетісудың Жалайыры,Садыр-Матайы, Семіз- Найманы, Ылдидың Уақ, Бурасы, Дағандының Керейі бар талай үлкен рудан келмек» -деп келтіріледі [1,212б]. Сонымен қатар, ас кезінде аталастар арасындағы бас араздығы да ұмытылатын. Романында Абай, әкесі Құнанбайға Бөжей асы туралы «Мынау ас жалғыз жігіттікке сын емес. Бірнеше Дуанның еліне сауын айтып отыр. Ағайын мен адаммын дегеннің бәріне сын» деп айта келіп, арадағы араздыққа қарамастан асқа бару керектігін айтады [1, 209б]. Асқа шақырылған ел алдын-ала дайындалып өзінің жөн-жоралғысын әзірлейтін. Әсіресе асқа апарып бәйгеге қосатын аттарын дайындауда қапы қалмауы керек. Бұған да көп уақыт қажет. Сондықтан шақырылған елдің алдын ала дайындалу мүмкіндігін ескеретіндіктен ерте хабарланатын. Мұндай көп ел шақырылып, ас беру сол ас өткізуші елге де үлкен сын. Мәселен, «Абай жолы» романындағы Бөжейдің асында Абай он үйді тігу міндетін өзі алып, осы он үйге отыз-отыздан түсетін үш жүз кісінің ертелі- кеш азағы, сойысы, күтімін өз мойнына алады. Аспазшы, күтуші жігіттерді де өзі қамдайды және алдын ала әр жақтан келген қонақтарды бөліп алып, күтуді әр ауыл өз міндеттеріне алады. Осы аста Абай келер қонақтарға арнап бәрі бірдей үлкен, шетінен аппақ, келісті үйлер тіккізіп, әр үйдің ішінде ұсталатын кілем, тұскиіз, сырмақ, текемет, көрпе, жастығын да қоса апартқан. Бұған қоса он үйге он сегіз байтал, үй басы екі еркек қой сойғызған.

Ас беру кезіндегі ғұрыптың бірі—табақ тарту. Табақ тартуға да жорға аттары іріктеліп, епті, жылпос жігіттер тағайындалады. Дәстүр бойынша әркімге қоғамдағы орны мен жолына лайықты мүшелі табақтар тартылады. Романда былай суреттеледі: «Табақ тартуға өңшең жорға аттарды сайлапты. Барлық ат күміс ер тоқыммен ерттелген. Күтуші жігіттер бастарына тегіс жібек орамал байлапты. Ас ошағымен екі арада бұлар қос табақтан алып қатар ызғыта жөнелгенде, өлке бойы жайнап кеткендей болады» [1, 220б]. Астың ең қызығы, жиналғандардың аса күтетіні—ат шабысы мен балуан күресі. «Ас пен тойда елдің аузындағы сөз балуан мен жүйрік ат». Астағы негізгі қызықтың өзі осы ат шабыс пен күрес екендігін көрсетеді. Мұндай ел басқаратын ел адамы жөнінде «Бөжей асында Байсал бір үлкен ақ боз атқа мініп, қасына қырық-елудей топ ертіп, қолына үлкен бір ағашқа қарақшыны алып атой беріп шықты» [1, 221б]. Бұл қонақтардың атқа мініп әзірленсін дегенін айтады. «Енді бәйге, күрес, ат үсті сауық басталмақ». Ат айдаушы қарақшыны қолына ұстап, ат шабыстың қай жерде болатынын айтып, жұртың сонда аттануын сұрайды. «Байсал ұран салып, қарақшысын аспандата көтеріп, Тезектің Қарашоқысына қарай шапты». Әдетте қарақшыны сондай биікке тігеді. Бөжей асында бәйгеге шапқан аттың саны жүз елу болған. Соның ішінде он атқа бәйге алыпты. Бәйгенің бәрі де тоғыз-тоғыздан. Алдыңғы бәйге—түйе бастатқан тоғыз, екіншісі—жамбы бастатқан тоғыз. Ол жамбы кешегі Ұлжан әкелген күміс еді. Сонда арғы тоғыздар да түгел салыныпты» [1, 221б]. «Өлі риза болмай, тірі байымайды» дейтін қазақ дүниеден өткен туысын риза етуді міндеті санайды. Ас өткізілгенше дүниеден өткенде тігілген қаралы үй, жиналған тендер ас өтіп біткенше қаралы күйде тұрады. «Ас беріліп біткенше өлгенде тіккен қаралы үй белдеуіне қара тігілген, ішінде қымбат бұйым атаулыдан жиналған қаралы тендер тізілген үлкен үй әлі сол қалпында Бөжейдің жыл уақытын күтіп, азалы күйде тұр. Тұлданған киімдер де оң жақта ілулі күйінде ». Астың аяқталуы марқұмның тұлданған атын сою, үй ішінде былтырдан жиналған септі тарқату, қораны, тенді бұзу. Бұл істен жақын ағайын шет қалмайды. Бұл жөнінде «Бөжей асында Тобықтының қалың жұрты енді соған беттеді. Байдалылар Бөжей үйінің жанына келгенде, үй ішіндегі былтырдан бергі қаралы әйгелдер тысқа шықты. Сонан соң Байдалы белдеудегі қараны суырып алып, Байсалға берді. Ол ырым істеп қораны жерге сұлатты да, табанымен басып сындырып тастады. Ас өтті. Қаралы жыл толды. Енді азалы күндер бітті дегеннің белгісі» [1, 222б]. Кейін ол үйде қаралы ту түсіріліп, азалы күй тоқтатылады, ақырғы дауыс шығарылады. Бұл әруаққа арналған соңғы дауыс, соңғы көз жасы. «Байдалының тапсырумен, Сүйіндік қалың елді бастап ақ үйге кірді де, қаралы тендерді бұзды. Осы уақытта Бөжейдің әйелі мен екі қызы он жаққа теріс қарап отырып ап дауыс айтты» [1, 222б]. Құран оқып болған соң, ендігі кезек тұлданған аттарды жығып бауыздау. Кісі өліміне байланысты сойылатын жылқы, әсіресе жыл бойы оның ең жақсы атын тұлдап, асында сою әдеті көне түріктерде болған ескі діни сенімдермен ұштасады. Ибн-Фадланның айтуынша. «Байлығыңның шамасына қарай жылқыларын жүзін, екі жүз немесе біреуін-ақ сойып, етін сол жерде жеп, басы мен төрт аяғын, терісі мен құйрығын жерге қағылған ағаштарға іліп, «Мынау оның мінген аты еді, енді соны о дүниедегі жұмақта мінеді деседі». Мұндағы мақсат марқұмның ана дүниедегі жұмаққа ту атқа мініп жылдам жетеді деген сеніммен байланысты болған. Жақын ағайыны аруаққа шалынған тұл аттың етін жеп, тие берсін айтып, одан кейін тарасады. «Жаңағы қора жақтағы Байсал, септі бұзған Сүйіндік, енді мынау тұл атты бауыздаған Байдалы үшеуі де кейін «жол» алады [1, 222б]. Бұл осы қауымның үлкені, әрі Бөжейдің үзеңгі жолдастары». Әруаққа шалынған тұл аттың етін жемей кетуге де болмайды. Эпопеяда Бөжей асы жан-жақты суреттеліп жазылған. «Бұл өңірдегі ел тұтасымен астың қамында. Бөжей ауылының жоғарғы жағындағы кең бір төскейге сансыз көп үйлер тіккізіп жатты. Қарбалас мол. Ер атаулы ат үстінде деп, астың аса жауапты іс екенінен

хабардар береді. Одан әрі Бөжей асының соншалық ұланғайыр, мол болып, кәрі-құтан, жігіт-желең, қатын- бала бұл уақиғаны ұмытпайтындай аңыз-әңгіме ететіні баяндалады. «Тобықты ортасы бұдан былай осы жылдарда туған баласының жасын Бөжей асымен санайтын болады. Ас жылы туғанбала ғана емес, астан бірер жыл бұрын туған, бірнеше жыл кейін туғанда да сол астың «ар жақ-бер жағы» деп, осы жылы түскен келін, осы жылы өлген жас-кәрі, осы жылған болған құдалық, бала сүндеттеу, күйеу келу де— баршас да астың жылымен саналады» [1, 222б]. Сөйтіп дүбірлетіп, думандатып өткен ас уақыт өлшеуіне айналып, ұмытылмастай есте қалады.

Ас беру әдеті XIX ғасырдың аяғына таман мәнін жойған. Одан бергі көркем шығармаларда ас жөнінде айтылмайды. Тегі «ас» деген салт соңғы бірталай жылдан бері халықтың әдетінен қалыңқырап бара жатқан болса керек. Соның салдарынан Құнанбай өлгенде де руластар ас бермеген. Сол үшін Абайды алыстан, сырттан кінәлап, сөйлеген сөздер көп болса да, ендігі өлімнің бәрін де Ырғызбай ортасы «ассыз атқаратын». Бұл жөнінде К.Хамидидің деректеріне сүйенген Х.Арғынбаев ас беру әдеті XIX ғасыр аяғы мен XX ғасыр басынан бастап жойылса керек. Себебі байлардың ас беруі туралы құранда айтылмағанын сылтау етіп шығын шығарғанша молдаға құран қатым шығартып, ол молдаға азын аулақ мал беруді жөн көрген. Осы уағыздаушылардың өзі де сол молдалар болатын және ел арасын жікке бөлінген араздығы дей келе негізгі басты себебі «әлеуметтік-экономикалық қатынастардың салдары деп қараған жөн»- дейді. Ас беру – нығмет. Бұл жөнінде, Хадис шәрифте былай делінген: «Алла Тағала тамақ жегізетін жомарт құлымен періштелеріне мақтанады» (Имам Ғазали). «Қонақ дастарханда отырғанынша, періштелер үй иесіне дұға етеді» (Табарани). Бір кездегі отарлау саясаты тәрізді саяси-әлеуметтік факторлардың тегеурінді әсеріне байланысты ас беру XX ғасырдың бас кезінде-ақ мән-маңызын кемітіп алды. Жасыратыны жоқ, қазіргі таңдағы ас беру деп атап жүргеніміз бұрынғы өткен батыр бабалар мен аталардың есімін ардақтап, дәріптейтін шара деңгейінде ғана атқарылып келеді. Яғни, ел-жұртты шақырып, мал сойып, ат шаптырып атап өтетін шара деңгейінде атап өтіліп жүр. Дін мен дәстүр үндескенде дін дамиды, дәстүр байиды, ал ұлт діннің рухын сезініп, құндылық ретінде қабылдайды.

Әдебиет:

1. Әуезов М. Абай жолы: Роман-эпопея.-Алматы: Жеті жарғы, 1997. 1-кітап. 209-222 б.
2. Сүйіншіден-көңіл айтуға дейін (Құрастырған Н. Төрқұл)-Алматы: Қазақстан,1998.-272б.
3. Әуезов М. Әдебиет тарихы.-Алматы:1991.-243 б.

ӘОЖ 821.512.122

«КЕДЕЙ СӨЗІНЕН» - «БОСТАНДЫҚ ТУЫНА» ДЕЙІН (мағжантандың кейбір мәселелері)

Тайшыбай З.С.

(М. Қозыбаев атындағы СҚМУ)

Жазғанымды жайып сап,
Екі жар ғып санашы!

Мағжанның өмірге көзқарасының қалыптасу жолы XIX ңасырдың аяғы, XX ғасырдың басындағы адал ниетті Алаш азаматтарының соқпағы. Қазақстанның қиыр Солтүстігінде туып, отаршылыардың сойқанын көзімен көріп өскен ауыл баласы,

мұсылманша хат танып, одан кейін орысша білім алып, әлемдік ғылым мен білімнен сусындаған қазақ азаматының басқа жолы болған жоқ, Ресейдегі төңкерістерді, екі ғасыр тоғысында қазақ ұлтының жер бетінде сақталып қалуы үшін жан алып, жан беріскен Алаш қайраткерлерінің қатарынан табылып, тірі болсақ бір төбеде жиналайық, өлсек бір шұңқырдантабылайық деп серттескен топтың ту ұстаушысы, ұраншысы болу үшін жаралған Мағжан Жұмабай атамызға «Арманың жоқ, жан аға! Артыңда атыңды атап, жоқтайтын ұрпағың бар! Өзің сенген жастар өсіп келеді!» деп жар салайық.

Көп қазақ Мағжанның кім екенін әлі біліп болған жоқпыз. Ұлы ақын. Лирик ақын, адал махаббатты, асыл жарды жібектей жылы сөзбен жебеп, жүрек түбінен шыққан жылы лебіздерін төккен ақын, дейміз. Қой бағып, қойыртпақ ішкен қараңғы қазақтың тілінің ғажайып көркемдігі мен қуатын ашып, әлемдік поэзия көшіне қосты дейміз. Тіпті Мағжан Жұмабай байлардың ақыны, феодалдық өмірді көкседі, контрреволюционер, тіпті орыс атаулыға қарсы (сепаратист) деуге дейін барған біз емес, біздің алдымыздағы ұрпақ, бізді ондай ұшқарылықтан құдай сақтаған. Қоғам дамуының заңдылықтарын түсінбеген, жалаң ұраншыл, оңы мен солын айыра білмеген, сол қараңғылықтан барып, жалақорлыққа душар болған. Айтарын айтып тастап, істерін істеп тастап, артқа шегіне алмай, кінәсін мойындауға ерлігі жетпей кейінгі ұрпақтарын адастырып кеткен жалған коммунистер.

Олар Мағжанды түсінген жоқ. Тіпті Мағжанның жазғандарын оқыған жоқ десем, артық емес. Оқыса да оқымаған болып, көрсе де көрмеген болып, шынждықтың бетіне тура қарай алмай, соқыр сенімге берілген солақай сыншылар өле-өлгенше Мағжанның әруағымен айқасып өтті.

Тәуелсіз Қазақстанның ұлдары мен қыздары Мағжанның кім екені енді ғана біліп отыр. Бүгінгі алқалы жиында мен өз атымнан бір ауыз сөз қоспай, Мағжан ақынды алдарыңызға шығармақпын. Өздеріңіз тыңдаңыздар.

Жаралы құба жонда **кім зарлаған,**
Қансырап, қанын жұтып **кім сарнаған** –
Қайғылы сар даланы күңіrentкен
Зарына адам шыдап тұра алмаған?
Бұл – қазақ, Тәңіріге зар еткен қазақ!
Қиналып, қанды азап шеккен қазақ.
Әйтеуір қанды азаптан құтқарар деп,
Оқыған азаматын күткен қазақ.
Азамат! Анау қазақ қаным десең,
Жұмақтың суын әпер, жаным десең.
Болмаса, ібіліс бол да у алып бар,
Тоқтатам түншықтырып зарын десең!..

Сол қазағың не істеп отыр. Теңдікке, бақытқа қалай жетпек? Жарық дүниенің төрт бұрышынан не іздеп, не күтіп отыр. Түгін тартсаң, майы шығатын, Үсті малға, асты кенге толы жері мынау! Ұлы даланы аймыштап, құт-берекеге бөккен өзендері, мен айнадай мөлдіреген шалқар көлдерің анау!

Жоқ, сол жерлерге ие болып отырған қазақтың шаруасы мынау:
Баласын оқытумен жоқ жұмысы,
Ел бұзу, малын шашу – барлық ісі.
Ойлаған бір күн бұрын таңдаған істі,
Япырым-ау, айтсандаршы, бар ма кісі?

Басқа жұрт балалары оқу қуған,
Біліммен өз жұртының бетін жуған.

Ішіп-жеп, босқа жүрсе хайуан малдай,
Адамзат жер жүзіне не үшін туған?!

Қор болдық, өнер қумай, қайран елім!
Күш кетіп, талай жаннан көрдік керім.
Сұлық боп, жан шыққалы тұр таяулап,
Маңдайдан шып – шып шығып өлім тері.

Мағжан ақын 1920 жылы Омбыда өзі шығарыса бастаған «Кедей сөзі» газетінің екінші санында жариялаған «Теңдік» мақаласында былай дейді:

Өмір бойы, қорлықта, зорлықта, тепкіде жүрген қазақ, 1918 жылғы өзгерісті үлкен бір той секілді қарсы алды. Бірақ, ол той көпке созылмады. Орыстың өңшең байларының, помещик, фабриканттарының үкіметі жақсылықпен туған өзгерісті жамандыққа айналдырды.

Бұрын кемдікте жүрген халықтар теңдік сұраса, «ертең құрылтай жиылысында аласың» деп, алдандырып, ол Құрылтай жиналғанша, өзі де жоқ болды.

25 октябрде Россияда өкімдік орыстың кедейлерінің, жұмысшы табының қолына тиді. Бірақ қолынан билік кеткен соң, ақшасы, фабрик, зауыттары түгел – кететінін біліп, елдің жуандары, оқалы, шенді жандаралдары, жылы орнынан айырылған жылтыр түйме, төрелер тек жатпай, 1918 жылы Сібірде қайта төңкеріс болды. Билік орыстың төрелеріне, жандарал, байларына қайта көшті.

Өткен дәуренін іздеп, шет жұрттарды құл қылып аяғының астына басқанын сағынып, «мақсұдым ұлығ [бөлінбейтін] бүтін Россияны туғызу» деп патшасынған Колчак шықты. Қазақтың кең даласында баяғыдай маңдайы жылтыраған урядник, найзасы қылтыңдаған карательный отряд көрінді. Ежелден сотқа туған – орыстың сары бауыр қамшысы тағы да момын сорлы қазақтың арқасына шыпылдай бастады.

Дәл қашып кетерінің алдында «жәрдем» деп, үй басы малдай, нәрседей, ақшадай, қанша алғаны жұртқа мәлім: байдың төлегенін кедей де төледі. Нашардың көбі тұралап қалды.

Оның бер жағында күні кеше қашып бара жатқан ақтар, не істемеді? Малды алып, мүлікті талағанымен тұрмай, бишара қазақтың қыз-келіншектеріне қол салды. Тоғытқан қойдай жұрт азынады, жетім балаларды зарлатты.

Осының бәрін кім істеді? «большевик бұзақы, біз әдептіміз» деген зәлім Колчактың сотқарлары істеді. «Большевик талайды, біз тимейміз» деп, ақсофысынған зәлім, жалмауыз, қан төккіш, ақтар істеді.

Артынан кешікпей қызыл әскерлер келді.

Ал, енді қазақ! Кім жақсы, кім жаман?

Өз көзіңмен көріп отырсың. Сондықтан, біз тұтқын залымдардың сөздерін сөйлемейміз. Теңдікке жеткізетін ақжүрек, адал ниеттілердің сөздерін сөйлейміз. Осы күні Совет үкіметі өзіне тілектес, көмектес болған кішкене жұрттарға теңдік, автономия беріп отыр. Мысалы, қазан, башқұрт, ноғай, Түркістандағы сарт, түрікпен ағайындарымыз. ...

Енді теңдік табан ақы, маңдай терімен күн көретін, күс табан, сүйел қолды кедейлердікі. [Бұрын] теңдік қылт-жылт етіп жорғалаған кәззәптікі болса, енді теңдік зияны жоқ момындікі! Бұрын теңдік жуан аталынікі болса, енді теңдік жіңішке аталынікі.

Совет үкіметі бергенде, осындай теңдік береді. Арамға емес, адалға. Ақшаға емес, еңбекке. Жуанға емес, жіңішкеге теңдік береді. Сондықтан баяғы партия-сұрқияны, барымта-ұрлықты, алыс-тартысты Совет үкіметі қолдамайды. Оның заманы «Николай» - көмілген, көрге қабат көмілген.

Совет үкіметі: «Ұрлық қылғанша – кәсіп қыл; екі ауылдың парасында өсек тасып жүргенше – шөбіңді шап, егініңді салып, уақытында үйіп, жинап, еңбек қыл» дейді. Түлкіше қылжаң-жылмаң етіп, біреудің бір тиынының жартысын бармағыңа еңбексіз басқанша, үйіңе барып, құлайын деп тұрған қоранды түзе, дейді.

Байға айтады: «шалқиып, жонданған сайын қарныңды сипай бергенше, мсен де қолыңа күрек ал, иініңе құрық ал» дейді.

Сонда ғана бәрің теңдікке жетесің, сонда ғана қазақтың үстіндегі қайғының қара тұманы айығып, жадыраған жаз келеді. Сонда ғана кемдік кетіп, кеңдік келеді. Сонда ғана құл емес, ұл екеніңді сезінесің, қазақ!. [Мағжан]

Сол жылдары Омбыда «Центросибирь» деп аталатын Батыс Сібір кооперативтер бірлестігі құрылып... Осы ұйымға өзінің қазағын шақырған М.Жұмабаев «Кедей сөзінің» 1920 жылғы 5, 11, 22 сәуірдегі үш санына «Жұмыскер қара халықтың ұйым дүкендерінің Ережесін» қазақшалап, көпшілікке түсінікті тілде баяндап жариялады. Кооперация жүйесінің тиімділігін қолға ұстатқандай тәтпіштеп, оның қазақтық салт-дәстүрлерге қайшы келмейтінін, демек кооперациядан үркудің қажеті жоқтығын түсіндірді. Әрине, ұлттық ерекшеліктерді ескеру де қажет, «мұжық пен қазақ арасында ұйым дүкендерін ашу бірдей емес, екі басқа нәрсе», деп ескертті.

...Мысалы, «Кедей сөзінің» 1920 жылғы 7 қарашадағы «Октябрь төңке-рісі һәм қазақ еңбекшілері» атты мақалаға тоқталып көре-йік. Иә, Ресейдің бір қиыр шетіндегі қазақтан «Төңкеріс деген не?» деп сұрап көріңіз. Газет орыс мемлекетіндегі на-разылық толқуларының себебін, күрестің қалай басталғанын, төңкеріске ұласқанын байыппен түсіндіреді. Тап деген не, олар неге тартысады, жұмысшы мен капиталшы, мұжық пен алпауыт нені бөлісе алмайды? Осылардың сыртында қазақ жұртының жағдайы қалай болмақ? деген көп сауал-дарға мақала авторы С.Сәдуақасовтың берген жауабы мынау: «Біз қазақ тұрмысын алсақ, жоғарыда айтылған екі тапқа қазақты бөлелік еш себеп жоқ. Қазақ тұрмысын жаппай бір түрлі құлданушы да, құлдықта жасаушы да тап жоқ... Қазақты шет халықтар құлданбаса, өз ішінен құлданушылар шыққан жоқ. ...Олай болса, қазақ халқының бәрі еңбекшіл».

1920 жылы 26-тамызда Қазақ автономиялы республикасын құру туралы шешім қабылдады. ..Іс жүзінде автономия деген сөз де, оның мәнісі де түсініксіздеу еді ғой. Соны Мағжан сияқты қаламгерлер газет арқылы халыққа сөз тастап, қазақтың осы мемлекеттік құрылымын нығайтуға ат салысуға шақырды.

Осы тұрғыдан қарағанда «Автономия кімдікі?» деген сұраққа Мағжан мынадай айқын да тұжырымды жауап береді:

«Айлы, күнді, қанды отты тарихы бар; кең, бай, терең тілі, әдебиеті бар; басқаларға үйлеспейтін төресі, шаруасы бар – қазақтікі. ...Жүз жылдар орыс ақсүйектері мен байларының тепкісінде елдігін ұмытпаған Алаштікі. «Аязды күні айналған, Бұлтты күні толғанған, Құрығын найзадай таянған, Қу толағай жастанған, Ер қазақтың автономиясы бұл!».

Қазақ Автономиясы құрылғаннан кейін газетті Омбы губаткомынан алып, қазақ өкілдігіне беру мәселесі де бірсыпыра әуре-сарсаңмен шешіледі. Мағжандар «Кедей сөзі» атауын өзгертіп, газетті «Бостандық туы» деп шығара-тын болады. Сонымен, 1921 жылғы 5-наурыз күні Омбының көркемөнер мектебінің шеберханасында газеттің жаңа бас тақырыбы цинкке ойылып жазылды.

Бұл арада басылым атауының «Кедей сөзінен» «Бостандық туына» алмастырылуы туралы пікірімізді ортаға салсақ, бүгінгі ұрпаққа түсініктірек болар. «Кедей сөзі» - белгілі дәрежеде аясы тар ұғым, тұтас халықты бай және кедей деп бөлген таптық ұстанымның жемісі. Ал, «Бостандық туы» тұтас қазақ ұлтының отарлық езгіден құтылып, тәуелсіздік, бостандық алғанын, алмаса да сол мақсатқа ұмтылғанын көрсететін жалпы адамзаттық ұғымға бастайды.

Осы тұрғысынан газеттің бұлай аталуы қазақ халқының азаттық аңсағанын, өз еркі өз қолына тигенде ғана тарихтан лайықты орын алуға мүмкін деген ізгі ниетті білдіреді. Тиісінше, дәл осы «Бостандық туы» деген атау қазақ даласында таптық жіктелудің жоқ екені туралы «Алаш» партиясының ұстанымына сай келеді.

Омбыдағы Қазақ өкілдігінің атынан, яғни жаңа құрылған Қазақстан Республикасының атынан «Бостандық туы» газетінің тұңғыш саны 1921 жылғы 7 наурыз күні жарыққа шықты.

Газеттің осы, 4 мың дана болып басылған тұңғыш санында Қазақстан Орталық Атқару комитетінің төрағасы Сейітқали Мендешевтің «Қазақ жолдастарға!» деген үндеуі жарияланды. Газетке қосымша ретінде «Қазақ әйелдеріне!» деген үндеу 1 мың дана болып басылып, Орынбордағы республикалық үкіметтің әйелдер бөлімінің меңгерушісі Голубеваның атымен, араб әлібімен жеке парақ түрінде таратылды.

Архивте Мағжан Жұмабаевтың «Бостандық туы» газетінің редакция алқасының мүшесі екендігі және арнайы тамақ үлесін алмайтындығы» туралы №727 анықтама-куәлік сақталған. Оның жазылған күні 1921 жылғы 21 наурыз.

Дәл сол күндері Омбы мен Қызылжар арасында соғыс болып жатқан. Соның алдында ғана (1921 жылғы 1ақпанда) Батыс Сібірде басталған орыс шаруаларының көтерілісі Қызылжар, Көкшетау төңірегіне де жайылған. Советке қарсы қанды қырғынды «Бостандық туының» 1922 жылғы 19 наурыздағы бірінші санында сшыққан мақаласында Мағжан былай дейді:

«Қазақ бауырлар, жолдастар! Сіздер ол жаулардың тіліне елігіп, соңынан ермеңіздер. Аты өшкір үкіметтің заманында көбірек тепкі көрген, езілген, құлдықта жүрген халықтың бірі – біздің қазақ халқы болатын. Қазақ халқын өткен уақытта ешкім қатарға алып, адам санына қоспады. Туып-өскен жерінен, Сарыарқа сары белінен еңіретіп зарлатып, қуып шығатын кім еді? Бұлар сол қараңғы уақытта Совет Үкіметіне қарсылық жасап жүргендер! Олар өтіп кеткен қайғылы қара түнді қазақ халқына қайта орнатпақшы!

Ондай қулардың Совет Үкіметі туралы неше түрлі болса да, құтыртып, ертіп таратқан хабарларына нанбаңдар. Ешнәрсеге алаң болмай, істеп келе жатқан шаруаларыңызды жүргізе беріңіздер! Ел арасына бұзақыларды ұстауға шыққан қызыл армияға жәрдемдеріңізді аямаңыздар. Жасасын, Совет Үкіметі! Жасасын, Қазақ Жұмқұрияты! Жасасын, істі қазақ еңбекшілері!».

«Бостандық туының» 1921 жылғы 3 сәуірдегі екінші санындағы «Екіден – бір» деген мақаласын Мағжан былай аяқтайды: «Сондықтан, біздің алдымызда екі ғана жол бар. Азаттық, не құлдық. Не совет бостандығы. Не Николай-Колчактың құлдық қамыты. Міне, қазаққа осыны ұғатын мезгіл жетті. Әрелікті мүмкін емес екендігін талай тәжірибелер көрсеткендей болды. Қазақ енді көруге тиіс. Алдымызда екі жиын қара тұр. Біреуі - ел болам деген қазақты шетінен бауыздау керек деп қылышын даярлап тұрған Дутов, Иванцов, Ринов сықылды қара жүздер. Екіншісі - құлдықта езілген сорлы елді, қатарға кір, ел бол деп, құшағын жайып тұрған Ленин, Сталин жолы».

Омбыдан Қызылжарға келердің алдында, «Бостандық туы» газеті бетінде (12 сәуір, 1922) Мағжанның қазақ оқығандарына хаты жарияланды. Онда: «Жас қазақ республикасының барлық шаруашылығын қолына алып... елге қамқор оқығандар билік төріне шығуы керек... Көксегені – бақ, күйттегені – дәреже, сән-салтанат, мақтану, өзінің өзгеден үстем екендігін көрсететін» оқығандар емес. «Оқыған адамдарда ең бірінші қасиетті сипат сол – оларда дүниеге қараған белгілі көзқарас болады, нық бекіген мақсаты болады, айнымайтын бір идея меншіктейді».

«...Қазақ төңкерісті өзі жасаған жоқ. Төңкеріске дейін де, төңкерістен кейінгі үш жылда да теңдікке қолы жетпеген... Отаршылдықтың жарасы әлі жазылмаған» жағдай

еді. Мұндай жағдайда «Қазан төңкерісінің нәтижелерін қазақтың мойнына қамытша кигізе салуға болмайды» деп дұрыс тұжырым жасады.

Мағжан өлгеннен кейін 71 жылдан соң айтылып тұрған шындық осы. Сөзімді жастарға арнаймын:

«Ақын Мағжан, қайраткер Мағжан қалыптасқан мемлекеттік құрылысқа құлатуға бастап, үгіт-насихат жүргізген жоқ, мемлекеттік құрылысты құлатамын деп қолына қару алып шыққан жоқ. Қайта, өз замандастарының арасынан суырыла шығып, Ресейдегі, әлемдегі тарихи өзгерістердің қазаққа не әкелетінін түсіндірді. Көзін ашты. Жаңа үкіметтің арқасында қазақ ұлтын бақытқа, теңдікке жеткізейік, деп жар салды. Егер қатарлас, замандастары жала жаппаса, бәлкім жоғарыдағы адал еңбегімен халқына қызмет етіп, бақытты өмір кешер ме еді.

Заман сендердікі, ақ-қарасын өздерің ажыратып алыңдар. Оған білімдерің де, біліктерің де жетеді. Ғылыми негізде, қисынымен, жаңаша ой қорытыңдар».

Мына өлең жолдарына назар аударайық. Ақынның зарлы үні, аманаты мен тілегі, асыл ақиқат, сыры осы шумақтарда.

...Болмаса басыма да бармас па екен?
Атымды аузына да алмас па екен?
Қарайып жапан түзде жалғыз тұрған
Молама көз қырын да салмас па екен?

Дариға, сол күндерде күнім қараң,
Қазақ елі, бір ауыз сөзім саған:
Болғайсың, сыншы болсаң, әділ сыншы,
Кінәні жүрекке қой, қойма маған!

Мені атама, бұл жүрек – жынды дерсің,
Ұмтылған аламын деп Күнді дерсің.
«Сүйіп, күліп, күйіп – көз жасын төгіп,
Жынды жүрек өлді де тынды!» – дерсің.

ӘОЖ 821.512.122

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ – ЖЕРІМІЗДІҢ ЖАЗБА ТАРИХЫ

Таласпаева Ж.С., Балгарина Б.А.
(*М.Қозыбаев атындағы СҚМУ*)

Жер-су, елді мекен атаулары халқымыздың бай тілі негізінде жасалып, халық тарихымен байланысты дамиды. Топонимикалық атаулар белгілі бір оқиғалардың мерзімін меңзеуі арқылы тарихи дерек көзінің сырын саралап, танып-білуге септігін тигізеді. Олай болса, топонимдер — «жердің тілі, жазылмаған кітап» қана емес, сонымен қатар жер тарихы мен ел тарихын танытар, оның өмірінен сыр шертер тарихи шежіресі. [4, 166.]

Топоним гректің топос- жер, онома - ат, атау деген сөздерінен құралып, қазақша жер-су аттарын зерттеу деген мағынаны білдіреді. Топонимиканың негізгі бөлімдері: гидронимия (өзен, көл, су атаулары), оронимия (тау, төбе, шың, қырат атаулары),

ойконимия (елді мекен аттары) болып сараланады. Жерімізде кездесетін жер-су, тау тас атауларының мән-мағынасын ашып түсіндіру топонимияның басты мақсаты болып табылады. Кез келген адам туған өлкесіндегі жер-су, өзен-көл атауларының қойылу себептері мен беретін мағынасын жақсы білуі тиіс. Ертедегі елімізді мекендеген тайпалардың арасындағы соғыстар, жаулап алушылықтар, кейіннен Жоңғар қалмақтарының шапқыншылықтары, патшалы Ресейдің отаршылық саясаты, т.б. көптеген тарихи оқиғалар жер-су атауларына өз іздерін қалдырды.

Өткенді жырлап, болашаққа жол сілтеуші ақын-жазушыларымыздың шығармаларында еліміздің жер-су атаулары көрініс тауып, өзіндік қолданысқа ие болған. Сондай ұлтжанды, елін сүйген, елі сүйген, құрметтеген аяулы ақындардың бірі – М. Жұмабаев.

Бұл жарыққа аяқ басып туған жер,

Кіндік кесіп, кірім сенде жуған жер.

Жастық-алтын, қайтып келмес күнім де,

Ойын ойнап, шыбын-шіркей қуған жер, — деп ақын Мағжан киелі Сарытомар жеріне әндетіп, жырлай келсе, Сыртында ақбоз үйлер жарасқан көл, Байларың кедейлерге қарасқан көл. Ақынның «Туған жерім - Сасықкөл» өлеңнің әрбір жолы оның жерге, елге деген ыстық сезіміне, сүйіспеншілікке толы. Мағжан Сасықкөлдің жағасында туған. Сасықкөл терең әрі айдыны кең көл болыпты. Жаз туа іші қаз, үйрек, қасқалдақ пен шүрегей сияқты неше түрлі құстарға толып кетеді екен.

Сасық деп еркелетіп ат қойған көл,

От-суға иең түгіл, жат тойған көл.

Назданып, жүйрік мініп, тарлан шүйіп,

Көкселдір тұс-тұс жақтан ат қойған көл.

Мағжан үшін де өзі туған

Сасықкөлден артық жер бетінде жер жоқ.

Айдын көл ата қоныс құт болған көл.

Сусын боп сұрағанға от болған көл.

Кеше бірлік, ынтымақ түгел шақта,

Бейне бір сенің басың сүт болған көл, — деп жырлаған туған жерінің ертеңі ақын жүрегін мазалап, тыныштық бермейді. [1, 45 б.]

Мағжан Жұмабаев өлеңдерін оқи отырып, ақынның шеберлігін мойындайсың. Ақын тау туралы толғансын, не дархан даланың кеңдігін жырласын, тіпті көл немесе жазғы таңды, қысқы кешті, егінді, не жар, күн, ай жайында айтсын, бірінші кезекте өзінің дүние түсінімі, ішкі жай күйі тұрады; сонысымен айнала әлемді бірге толғандырып, бірге тебіренеді. Мағжан туған жерін де, қазақ елін де жанымен сүйе білді.

Ақынға туған жерден ыстық жер жоқ.

Сағымы сайран құрады,

Бораны ұлып тұрады.

Қыс – ақ кебін, жаз – сары.

Орманы жоқ, шуы жоқ,

Тауы да жоқ, суы жоқ,

Мәңгі өлік сахарасы.

Сарыарқа деген жерім бар,

Неге екенін білмеймін,

Сол Арқамды сүйемін, — деп жырлайды ақын.

Мағжан поэзиясындағы басты тақырыптың бірі – ел мен жер тағдыры. М.Жұмабаев – өз тілін, ел дінін, мәдениетін, тарихын, жер – суын жетік білетін ақын. Түркістан қаласы тарихын тереңнен алатын, ежелгі қалалардың бірі. Түркістанның ескі

атаулары өлеңде берілген. Тұран – көне мәдениет бесігі, сәулет өнерінің кең сарай көрінісі. Нелер ұлы ақындар ордасы. Қазақ халқының өткендегі тарихы, тағдыры, мәдениеті Тұранмен ұштасып жатыр.

Оралдай атамекен жерлеріне,
Қасиетті атаның көрлеріне,
Аузы түкті шет елдер ие болып,
Көрсетіп тұр қысымды ерлеріне, – деп, ақын тарихи шындықты баяндайды.
Еділ, Жайық, Сырдария –
Белгілі жұртқа ескі су,
Тәтті, дәмді, тармақты
Ұзын Ертіс, Жетісу.
Осы бес су арасы
Сарыарқа деген жер еді,
Туып-өскен баласын
«Айбынды ер алаш» - дер еді. [1, 54 б.]

Ақын «Өткен күн» атты өлеңінде Еділ, Жайық, Ертіс, Сырдария, Жетісу, Есіл, Нұра атаулары кездеседі. Сонымен қатар «Жайық» гидронимі «суы жайылып ағатын өзен» деген мағынадан туған, яғни қазақ даласының ірі ағысты Жайық өзені – Орал, Жайық қаласы Орал қаласы болып өзгергендігі баршамызға аян. Қала атауы Орал – облыс орталығы, бір сөзбен айтқанда, Орал тауы мен өзенінің атына қатысты қойылған, яғни оралып жатқан тау мен өзеннің көрінісін дәл бейнелегендіктен осылай аталған. Ал бүгіннің көзімен қарасақ, «Ақ Жайық», «Жайық» топонимдері белгілі бір өңірдің атауы ретінде қолданылады.

«Өткен күн» атты өлеңінде Еділ мен Ертістің арасын жайлаған қазақтың бір кездегі жайнаған даласы мен көкорай шалғынды жайлауын, айна көлдері мен алаңсыз күн кешкен тұрмысын, қаһарман батырлары мен әділ билерін, ел тұрмысының сәні болған ұлттық салт-дәстүрлерін мақтан ете отырып:

Еділ, Волга – Еуропадағы ең үлкен өзен. Ұзындығы 3530 км.

Бастауын Валдай қыратынан алып, Каспий теңізіне құяды. Еділде балықтың жетпіс түрі кездеседі, оның қырықтан астамының кәсіптік маңызы бар.

Қазақстандағы ең суы мол өзен – Ертіс. Оның республика жеріндегі ұзындығы – 1700 км болса, жалпы ұзындығы – 4248 км. Жоғары бөлігіндегі ағыны екі ірі су электр станцияларымен (Бұқтырма және Өскемен) реттелген. Өзен суының біраз бөлігі Ертіс-Қарғанды каналы арқылы Орталық Қазақстанға бұрылған.

Ұзындығы жөнінен республикадағы екінші өзен – Сырдария. Қазақстандағы ұзындығы – 1400 км, ал жалпы ұзындығы – 2219 км-ді құрайды. Егін суару мақсатында қарқынды пайдалануының себебінен ағыны кейбір жылдары Аралға жетпей тартылып қалады. Батыс Қазақстан жерін негізінен Жайық өзені суландырады. Ол республика жерінен тыс, яғни Оңтүстік Оралдан басталады. Қазақстандағы ұзындығы – 1082 км, жалпы ұзындығы – 2428 км.

Өткен күнді ойласам,
Ойға терең бойласам,
Кешегі қайран қазақтың
Сәулеті мен дәулеті

Көз алдыма келеді, – деп, бұдан ары қарай осы тіршіліктің шырқы бұзылғанын баяндайды. Өткенді аңсап емес, қолда бар асылынан айырылғанын өкіне баяндайды.

Бәрінде де топонимикалық атаулар жай географиялық ұғым ретінде аталмайды, жыр әлеміне ақын туған елінің өткен тарихынан ой маржанын теріп, өткенді аңсайды, надандықтың, бірліктің жоқтығынан «қолда бар алтынның қадірін» білмегендікке өкінеді.

Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасында тамашалайтын пейзаждың өрнегі қаншама. «Батыр Баянда» көтерілген маңызды мәселе – жер-су атауларына байланысты. Поэмада оқиға желісі Көкше жерінен Абылай ханның ордасында бастау алып, Жетісу, қазақ пен қалмақтың қалың қолының түйіскен жерде жалғасып табады.

«Оқжетпестің қиясында» атты балладасын Мағжан Жұмабаев былай деп бастайды:

Арқада Бурабайға жер жетпейді,
Басқа жер ойды ондай тербетпейді.
Бурабай көліменен Көкшетауды,
Көрмесен көкіректөн шер кетпейді... [1, 250 б.]

Бурабай – Көкшетау қыратындағы тұйық көл. Бурабай көлі – емдік қасиетімен әрі әсем табиғатымен ерекшеленеді. Ақмола облысының Бурабай ауданында, Көкшетауының шығыс баурайында, теңіз деңгейінен 320,6 м биіктікте орналасқан. Ұзындығы 4,5 км, ені 3,9 км, орташа тереңдігі 4,5 м, ең терең жері 7 м.

Батыр Баян поэмасындағы жалпы топонимдердің саны –
Сарыарқа – сары дария, қиыры жоқ.
Көз болсын қандай қыран, талады да.
Ішінде сары дария көз тоқтатар
Көкшетау – Сарыарқаның аралы да. [1, 58 б.]

Бұл аңыздың негізі — қазақ пен қалмақтар арасындағы ерте кездегі жауласушылықтың оқиғалары болып табылады. Қазақ ханы Абылайдың қалмақты жаулауын көрсететін бір эпизодты баяндай отырып, автор сол арқылы хандар ісіне халықтық көзқарасты баяндайды.

Балқаш қой бұл айдыны сылдыр қаққан,
Балқаштың бетін мәңгі меруерт жапқан.
Қаратал, Аягөзбен – екі көзі,
Еркесі – Іле өзені ұзын аққан.
Басы егіз ерке Іленің: Кеңес, Текес,
Тәңірінің тентек Текес дәмін татқан. [1. 179]

Бұл тарихи маңызы бар деректер. Қазақ пен қалмақ соғысқан қан майданның қай жерде болғандығын ақын нақты осы жыр жолдарында көрсеткен.

Сарыарқа – Қазақстанның табиғи – тарихи аймақтың бірі. Сарыарқа – халықтық атау. Сарыарқаға Қарағанды, Ақмола облыстарының жері толықтай, Торғай, Семей, Павлодар облысының біраз жері кіреді. Сарыарқа атауы жер бетіндегі өсімдіктері күйгендіктен сарғайып жататын кең де үлкен жон, жалпақ үстірті, сансыз адырлы қырқа ұғымын білдіреді.

Көкшетау – Солтүстік Қазақстан облысындағы тау. Алатаудың бірінші сыңарындағы көк сөзі «аспан» және «ше» - үстемелі мәнді қосымша. Атаудың толық мағынасы: «көкпеңбек, әдемі, сұлу боп көрініп тұратын тау».

Балқаш – көл. Алматы обл.; көл. Павл. обл., Ертіс ауд. Қазіргі кезде жалқы есім ретінде сақталған көне гидрографиялық термин. Мағынасы: Балқаш – бал - қаш, «батпақты, сулы, тартпа жер», бал-шық, бал-жыр сөздерімен түбірлес. Түркі тілдерінде балғаш (туб.), палғаш (түрік.) нұсқалары кездеседі. Топонимжасамда белсенді емес (терминнің көнелігінен болса керек), бірақ тың атау жасау барысында, егер нысан сәйкес келіп тұрса, термин ретінде жаңғыртуға болады. [4, 68 б.]

Мұндағы Балқаш көлі жайында халық арасында мынандай аңыз сақталған: Бұдан көп ғасыр бұрын көлдің батыс жағалауын бір бай мекендеген екен. Оның Балқия атты қызы болыпты. Ол ақылдығымен, адамгершілігін ел аузына ілігіпті. Сүйікті қызды бүкіл – ел – жұрт еркелетіп Балқаш деп атайды екен. Жасы 17-ге толғанда Балқия алыс елден келген Ерден атты жас жігітке ғашық болыпты. Бірақ қазақтардың салты

бойынша Балқияның атастырып, малын алып қойған екен. Содан екі жас ақылдасып, бір түнде қашып кетеді. Екеуі бір қамыстың түбіне келіп паналайды, сонда олардың аттарына қабандар тап береді. Ерден аттарын құтқарам деп өзі қатты жараланып қайтыс болады. Балқия жігітті жерлеген соң өзі де өлмек болады. Бұл кезде Балқияның әкесі қызын ұстап әкелуді бұйырады. Жігіттер Балқияның тығылған жерін тауып алады. Қыз әкесінің қатал мінезін біліп, жардан суға секіріп кетеді. Бұл оқиғаны естіген халық сол көлді қыздың атымен атайтын болыпты – дейді халық аңызы.

Қаратал – Алматы облысындағы өзен, ұзындығы 321 км. Осы өзен атымен қойылған поселке, аудан аты бар. Қаратал сөзінің мағынасы «қалың, ну өскен тал», «қалың, жыныс орман, тоғай» деген ұғымға сәйкес келетіндей. Бұған Қаратал өзенінің жағасындағы талдың көп, қалың өсуі дәлел болады. [2, 32]

Жолдыөзек – Ертіс алабындағы тұйық көл. Солтүстік Қазақстан облысының Аққайың ауданының жерінде, Қызылағаш ауылының солтүстігінде, Талдыарал көлінің батысында орналасқан. Ауданы 12,0 км. Ұзындығы 6,2 км, ені 3,0 км шамасында. Қарашаның басында қатып, сәуірдің аяғында мұзы ериді.

Қазақ топырағындағы жыр-өрнек үлгісін өз үнімен байытып, ақындық болмысы жарқырай көрінген Мағжан Бекенұлы Жұмабаевтың қаламынан туған асыл қазынасы – халық үшін таусылмас мұралар. Оның өрнекті өлеңдерінің құпиясын тану үшін жырларының әр шумағын, әр жолын ой көзімен оқып, терең сезіммен қабылдай білу керек. Сонда ғана ақынның сырлы ой-сезімдерінің шынайы әлеміне бойлап, сырты сұлу, іші терең мазмұнды, жұмыр жырларының сырын түсіне аламыз.

Қорыта келгенде, тарихы жоқ елдің болашағы бұлыңғыр, сондықтан келер ұрпақ тарихтан тағылым алу үшін елдігімізді әйгілейтін, ұлттығымызды ұлықтайтын тарихи атауларымыздың тарихи шежіре екендігін санаға құю – басты міндет. Өлкеміздегі әр жердің, судың, елді мекендер мен мәдени орындардың аттарының қатпарлы сыры – кейінгі ұрпаққа өнеге.

Біздің мүдделі мақсатымыз – бабалар мұрасына байыппен қарай білу.

«Әдет-ғұрыптың қаймағы бұзылмаған қазақтарда өмірдің бір саласын қамтитын тарихи оқиғалармен байланысты елді мекен, жер-су атаулары мен адам аттарының атадан балаға жалғасып жататын жақсы дәстүр бар» деген Ш.Уәлихановтың пікірі ойға оралады.

Еліміздің тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің зиялы қауым алдындағы сөзінде жер-су аттарының тарихылығы мен көнелігіне ерекше мән беріп, оны зерттеудің бүгінгі мемлекетіміздің саяси стратегиясы үшін де зор маңызы бар екендігін: «Әрбір азамат тарих қойнауына тереңдеу арқылы өзінің ата –бабалары қалдырған осындай кең байтақ жердің лайықты мұрагері болуға ұмтылсын» - деп атап көрсетті. Әрбір іс халықтан бастау алатындығын ескерер болсақ, дәстүрге бай, тарихы өнеге болатын – Қазақстан жерінің айшықты атаулары өз жерінің тарихына айналуда, яғни топонимдер – жердің тілі болса, ал жер дегеніміз – географиялық атаулар арқылы адамзаттың тарихы жазылатын кітап.

Әдебиет:

1. Жұмабаев М. Туған жер. Өлеңдер мен дастандар. – Петропавл: 2008. – 382 б.
2. Қадыров Ж.Т., Таласпаева Ж.С., Кәріпжанова Г.Т., Есмағұлов А.Ы. Мағжан Жұмабаев пен Сәкен Сейфуллин поэзиясындағы үндестік, <https://martebe.kz/magzhan-zhumabaev-pen-saken-sejfullin-pojezijasyndagy-undestik/>
3. С.Мұқанов. Мағжан Жұмабайұлы өмірі., Мағжан, №2 (18) 2015.
4. Б.Бияров, Жер-су аттарының сөзжасамдық үлгілері (монография)- Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2012- 460б.
5. Ж.Сүлейменов, Мағжан, Петропавл қ., 2006.- 428 б.

МАҒЖАННЫҢ РУХТЫ ЖЫРЛАРЫ

Таласпаева Ж.С., Ерсайнова А.Б.

(М.Қозыбаев атындағы СҚМУ)

Мағжан ақын қазақ поэзиясында кездесе бермейтін өрнек тауып, рухы мықты жалынды жырлар мен үлбіреген нәзік әуез әкелді. Ақынның өнер табиғатын зерделей білген жазушы Жүсіпбек Аймауытов: «Мағжан сыршылдығымен, суретшілігімен, сөзге еркіндігімен, тапқырлығымен күшті, маржандай тізілген, торғындай үлбіреген нәзік үнді күйімен, шерлі, мұңлы зарымен күшті... нәзік сезімнің ақыны» деп терең де байыпты саралайды. [1,94 б.]

Жыр дүлдүлі Мағжан Жұмабаев поэзиясының эмоционалды-экспрессивтік әсерлілігін одан әрі еселендіре түсу үшін сипаттау, көріктеу, айшықтау, түйдектеу тәрізді әдіс-тәсілдерді шебер қолданады. Әсіресе, өлеңдерінде *Алаш, күн, от, ой, у, дерт, жел, өмір, өлім, жан* т.б. сөз-символдар жиі кездеседі.

«Алаш» сөзі ақын өлеңдерінде мейлінше жиі жұмсалады. Елін жан-тәнімен сүйіп, өз ұлтының мүддесін қарақан басының қамынан биік қоюдан жаңылған жоқ. Әйтпесе, тар қапаста жатып:

... Не көрсем де алаш үшін көргенім,
Маған артық ұлтым үшін өлгенім.
Мен өлсем де алаш өлмес, көркейер
Істей берсін қолдарынан келгенін...
- деп жазар ма еді?! Бұл нағыз патриотизмнің шынайы үлгісі.

Мағжан Алашына адал, азаттықты аңсап, отаршылдыққа қарсы қайсар поэзия тудырған өр ақын ретінде тарихта аты мәңгі қалады. Ол табиғатты тірі жан иесі ретінде алады. Табиғат пен адамның жан дүниесі, бітім болмысының бірге жырлануы, мінездеудің басымдығы, абстракциялық ой-толғамдардың мықтылығы, лирикалық субъектінің табиғатпен астасып бірігіп кетуі, табиғаттың адамсыз, адамның табиғатсыз күн кеше алмауы – ақын шығармаларының басты белгісі. Нені жырласа да ақын бірінші кезекте өзінің сезімін, ішкі жан дүниесін білдіреді, сонысымен айнала әлемді бірге толғандырып, бірге тебіренеді. Ақын романтикалық күш-қуатқа, фантазияға, қиялға, қанатты ойға ерік береді. Сондықтан оның поэзиясы тылсым сырларға, сұлу жырларға толы. Терең эстетикалық ләззатқа құрылған лирикасы қазақтың сөз өнері үшін жаңа, соны дүние.

«Пайғамбар», «Түркістан», «Күншығыс», «От» өлеңдерінде ақын жалпытүрілік идея көтереді. Түркі тектес халықтардың бәрінен үміт күтеді. Бұл өлеңінде ақынның туған жерге, өз тегіне, Шығысына деген сүйіспеншілігі, перзенттік патриотизмі айқын көрінеді. «Күншығыс» өлеңінде:

Қисық көзді Күншығыс,
Бұл тұруың қай тұрыс?
Серпіл енді, алыбым!

- деп, Шығыс елдеріне ұран тастай отырып, осы ойын әйгілі «Пайғамбар» өлеңінде жалғастыра түседі.

Күншығыстан таң келеді, мен келем,
Көк күңіренеді: мен де көктей күңіренем.
Жердің жүзін қараңғылық қаптаған,
Жер жүзіне нұр беремін, Күн берем!

Қап-қара түн. Қайғылы ауыр жер жыры!

Қап-қара түн. Күңіренеді түн ұлы.

Күншығыста ақ алтын бір сызық бар:

Мен келемін, мен-пайғамбар, Күн ұлы.

Өлеңде ақын шабытының ғаламат күші қаншалықты сезіліп тұрса, ақынның Шығысқа, оның ұлдарына деген махаббаты мен мақтанышы соншалықты жарқырай түскен. Ол Шығыстың, оның ішінде түркі елдерінің кешегі тарихына үңіледі. Бір кезде жайлаған мекенін еске алады. «Түркістан» өлеңі соның айғағы.

Түркістан – екі дүние есігі ғой.

Түркістан – ер түріктің бесігі ғой.

Тамаша – Түркістандай жерде туған.

Түріктің тәңірі берген несібі ғой

- деп басталатын өлеңі ертедегі Түркістан жерін мекендеген ата-бабаларымыздың өмірінен елес береді. Ақын Тұранның басын ақ шаштар басқан, аспанға асқан тауларын, бауырында ойнақ салған ерке бұлағын, теңіздей кемері жоқ көлдерін, Сейхун мен Жейхун дарияларын ғажайып көркем тілмен суреттейді. Тұранда хандық құрып, ел билеген асқақ хандарымыз бен дана билерімізді, ғұлама ғалымдарымыз бен ер жүрек батырларымызды дәріптейді. Алты алаштың шері мен жері болған Тұранға ие болуды аманат етеді. Осы өлеңінің өзінде-ақ небір ажарлы эпитеттер, балама бейнелер мен дыбыс үйлесімділіктері шебер өрнектелген.

Жалынды ақынның поэзиясында «От» сөзінің де символикалық мәнге ие болғаны анық. Ежелгі түркі жұртының киелі тотемі саналатын «от» ұғымы Мағжанның «От» деп аталатын өлеңінде негізгі ойды білдіріп, өзінің ішкі болмысын, рухын танытқандай. Мысалы:

Күннен туған баламын,

Жарқыраймын жанамын,

Күнге ғана бағынам.

Өзім – күнмін, өзім – от,

Сөзім, қысық көзім де – от,

Оттан басқа Тәңірі жоқ.

- деп жалындаған. Сөзден сурет салып, жан бітірген Мағжанның кез келген өлеңін алсақ та, әсем әрленген, шебер кестеленген бейнелі сөздерді кездестіреміз. Ең бастысы, ақын ұлтжандылықты дәріптеген, оның айтқан әрбір сөзінен, әрбір дыбысынан ұлттық намысыңды оятатын, жаныңды жігерлендіретін рухты сезінеміз. Ақын поэзиясының негізгі идеялық нысаны - азаматтық сенім. Ол қазақтың көне тарихын жырлағанда оның артта қалушылығын емес, елдің тәуелсіздігі мен бостандығын қорғау жолындағы өшпес ерліктерін, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарған кездегі береке-бірлігін жырлады. Оның көптеген өлеңдерінің басты ойы елінің болашағына алаңдау, оны небір зұлматтардан сақтап қалсам деген жан айқайы болып табылады.

Мағжан Абайдан кейінгі қазақ әдеби тілін дамытушы, көріктендіруші суреткер. Сәбит Мұқанов: «Мағжан, әрине, қазақтың күшті ақындарынан саналады. Қазақтың тілін байыту ретінде, әдебиетіне жаңа түрлер енгізу ретінде Мағжанның еңбегі көп. Абайдан кейінгі тіл өнегесінде Мағжаннан асқан ақын қазақта жоқ», - деп, ұлы ақынның даралығын ерекше атап кеткен болатын. Шынында да, ақынның шығармаларынан ағартушы реализм, романтизм, символизмнен басқа, сентиментализм, реалистік әдістердің іздері әр түрлі дәрежеде бой көрсетеді. Ол бірде нәзік әуезге, сыршыл ойларға берілсе, бірде әр қазақтың жүрегіне намыс отын жағып, батыл әрекетке жігерлендіреді, арманына қанат бітіреді. Сондықтан да ақынның айбынды, айбарлы поэзиясы бүгінде жүректерге жол тауып, жалындай түсуде.

Ақынның әр өлеңі интонация заңдылығына бағынады. Әр сөз адамның көңіл-күйімен тығыз байланысты, сондықтан «әр сөздің айтылуына қарай мың мағынасы бар». Бұл арада әр сөзге ажар беріп, оның мағынасын толықтыратын ең қарапайым тәсіл – интонация (латынша *intonate* – дауыс ырғағы), яки әр сөздің айтылу мәнері [2, 217б.]. Интонация – дауыс толқыны, сөйлегенде сөз мағынасын әсерлі жеткізу үшін дауыстың құбылтып, жоғарылап, төмендеп өзгеріп отыруы, сөздің мәнерімен, әр түрлі сезіммен айтылуы. Сөздің көтеріңкі леппен, салтанатты түрде, не терең ойға шомып, сабырмен, байсалды қалыпта немесе нәзік сыршыл сезіммен айтылуға орай дауыс толқыны да бірде биіктеп, өршеленіп, бірде төмендеп, бәсеңдеп, сөздердің үнділігін, саздылығын ұдайы өзгертіп отырады [3, 79 б.]. Мағжанның «Жай әншейін ойын ғой» деген өлеңінде дауыс толқынының неғұрлым құбылмалы келіп, түрленіп отырғанын көреміз. Мысалы:

Айт! Құйт! Ха-ха, ха-ау!
Бітір бер Мәскеу...
Иванов қалқам,
Мә, саған арқам!...
Әй, керек-ау, әй, керек.
Арақ ішсең, асыңа
Май керек!
Төрелерге жем керек.
Оқығанға мен керек!

Бұл өлеңді өзгеше интонациямен нақышына келтіре оқысақ, біздің ойымызға ұғым, көңілімізге сыр, көкірегімізге сезім ғана емес, көз алдымызға ойлы сурет пайда болады. Сөздер дауыс ырғағы арқылы, міне осылай ажарланады. Ақын өзі өмір сүріп отырған қоғамдық ортадағы саяси-әлеуметтік келеңсіздіктерді ашып айтуға болмайтын кездерде, жылы юмормен немесе астарлы мысқылмен жеткізуге шебер. Тағы да мына өлеңге назар аударайық:

Орман
Тынған.
Белдер –
Гүлдер.
Күлбір,
Сыбыр.
Тұман –
Таң, таң!...

Бұл өлеңді әншейін желдіртіп оқып шығуға болмайды. Айтар ойын жұмбақтап, ыммен, ишарамен жеткізген. Әр сөздің өзінде ерекше интонациялық мән бар. Әр жолға Мағжан арнаулы ырғақ, леп, тыныс беріп, әр сөзге жан бітіріп тұр. Ол дауыстап айтуға болмайтын, қарыштап жазуға келмейтін тұстарда емеурінді керемет бір шеберлікпен үйлестіреді. Сондықтан Мағжанның поэзиясын тек сезімнің жетегінде ғана оқуға болмайды, астарлы мағынасына, терең идеясына үңіле отырып зерделеген дұрыс. Бұл жерде ақынды, оның айтайын деген ойын өмір сүрген ортасынан, тарихи кезеңінен тысқары қарастыра алмайтындығымыз белгілі.

Мағжанның жыр маржандарын тебіренбей оқу мүмкін емес. Жырларының тамырына қан жүгіртіп, жан бітіретін мазмұнынан басқа, айшықты тілі мен сазды ырғағы.

Әлемдік поэзияның сырлы бояуын барынша қабылдап, оны дамыта түскен ірі дарын иесі Мағжан Жұмабаев өзіндік қолтаңбасымен қазақ поэзиясының алтын қорынан өз орнын алды. Рухани асыл қазынаға өлшеусіз мол поэзиялық өрнек әкелген ақын қазақ әдебиетін жаңа сапаға көтеріп, қазақ әдеби тілін жұмсақ та, нәзік, көркем

етіп қалыптастыруға мол үлес қосты. Уақыт өткен сайын ақын шығармаларының өміршендігі жойылмайды, тұлғасы жарқырай түседі.

Әдебиет:

1. Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. – Астана: Күлтегін, 2002. – 528 б.
2. Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы: Санат, 2003. – 528 б.
3. Әдебиеттану терминдер сөздігі. Алматы: Ана тілі, 1998 жыл. – 378 б.
4. Мағжан Жұмабаев. Өлеңдері, прозасы және әдеби зерттеулер. Құрастырған Ж.Сүлейменов. – Петропавл: Полиграфия, 2006. – 428 б.
5. Қанарбаева Б. Мағжан символист. Алматы: Экономика, 2007. – 288б.

ӘОЖ 821.512.122

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ПОЭМАЛАРЫНДАҒЫ АҢЫЗДЫҚ СЮЖЕТТЕРДІҢ КӨРІНІСІ

Төленді К.Н., Даутова Г.
(Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ)

Бүгінгі өз алдына тәуелсіздік алған егеменді еліміздің мәдениеті мен әдебиеті ұлттық сипатын айқындай түсуде. Бұл мақсаттың алғашқы қадам алаштың ардақты ұлдарын ақтаудан басталғаны баршамызға мәлім. Алаш азаматтары яғни қазақ зиялылары қазақ ұлтын жеке автономиялық мемлекет етіп құруды мақсат етті. Олардың осы өмірлік мұраттары шығармашылық идеяларына айналды. Бұл ұлт – азаттық идеяның әдебиетте алғаш көрініс беруі еді. Бірақ ұлт – азаттық идея ұстанған ағым өкілдері саяси айыппен қоғамнан аластатылды да, оларды тану, зерттеу соңғы жылдары қолға алынды. Басқа сөзбен айтсақ алаш азаматтары аңсаған еркіндікті, егемендікті ұрпақтары біз көріп отырмыз. Осы уақыт ішінде Мағжан Жұмабайұлы шығармашылығы жан-жақты зерттелді. Ақынның қаламынан туған классикалық шығармалар ұлт әдебиетін белгілі бір көркемдік дәрежеге көтерді. Ал ақын көркем туындыларындағы эстетикалық таным өз бастауын ұлт тарихынан, халық ауыз әдебиетінен халықтық мәдениеттен алып жатады. Ақынның осы негізде қалыптасқан азаматтық ұстанымын тануда патриоттық рухта жазылған поэмаларының рөлі зор. Поэмаларының ішіндегі ең көлемдісі және алдымен ауызға ілігері - "Батыр Баян". Өйткені поэма идеясы ұлт тағдыры идеясынан туындаған. Мағжан Жұмабаев жырларының қазақ халқы, тек қазақ халқы ғана емес-ау, бүкіл түркі әлемі зиялы қауымының санасы мен сезімін жаулап алып, аймақтық, тіпті, әлемдік мәдениеттегі ерекше құбылысқа айналғанын байқаймыз. Ақынды алғашқы өлеңдерінен бастап, соңғы демі үзілгенше туған халқының, бүкіл түркі жұртының, Шығыс мәдениетінің, жалпыадамзаттың тағдыры толғандырады. Мағжан поэмаларының негізгі тақырыбы ұлттық мүддеге бағытталғандықтан, поэмаларындағы сюжеттік желі және көркем образ жасау ерекшеліктері қалыптасқан дәстүрден ауытқымай, асқан шеберлікпен суреттеледі. Ақынның «Қорқыт», «Жүсіп хан», «Қойлыбайдың қобызы» атты поэмаларында ежелгі аңыздық желі мен шығыстық нәзіралық сарынның лебі байқалады. Мәселен, аңыз кейіпкері Қорқыттың бейнесін пайдалана отырып, замана шындығын ашу үшін ежелгі аңыз кейіпкерін қайта жаңғыртады. Қорқыттың аңыздық бейнесін өз қаламынан туған оймен ұштастыра білген Мағжанның поэмасындағы символикалық мәнін С.Мұқанов былай деп тұжырымдайды: «... Партия жолына түскен еңбекші

жастар Қазақстаннан қашқан алаш өкілдеріне деген көзқарастары басқа жаққа ауа бастады. Баспаны қолдарына алып, социалистік идеяның тепкімен, алаш зиялы қауымдарын қаужай бастады. Дәл осы мезетте Мағжан үшін «қайда барса да Қорқыттың қазулы көрі» кездесті»[1, б.134]. Сөз жоқ поэманың символикалық мәні бар. Себебі Мағжан сол шерді жалғыз өзі ғана татып жүрген жоқ, күллі алаш жұртшылығы үшін түскен ауыртпашылыққа қарсы өшепенділік пен наразылықтың ұшқыны поэмаларында анық байқалады. Дегенмен, «Қорқыт» ақын жүрегінде байланған құсаны толық айықтырмағанға ұқсайды. Ақынның келесі поэмаларында «Қойлыбайдың қобызы», «Оқжетпестің қиясында», «Жүсіп хан» шығармаларында жаңағы наразылық шиыршықталып, шырқау биігіне көтеріледі.

Ақынның қазақ халық ауыз әдебиеті үлгілерімен қанып сусындап қана қоймай, шығыстың классиктерінің мұраларымен таныса отырып, қазақ әдебиетіне жаңаша дәстүр алып келді. Мағжан өз туындыларында аңыздық сюжетпен шығыстық қисса-дастандардың элементтерін қиыстыра біліп, терең философиялық поэмаларға қалам тербетеді. «Қойлыбайдың қобызы» белгілі аңызға құрылған философиялық туынды. Оқиға желісі Найманның бір асында асып-тасыған еріккен жұрт Қойлыбай бақсының кедейлігін тәлек етіп, сен неге бәйгеге қатыспайсың, бәйгеге қосатының болмаса, қобыздыңды қос деп қағытады. Намыстанған бақсы қобызын бәйгеге қосуға бел байлайды. Ыңғайлы бір бозбаланы шақырып алып, ат шабатын жерде, жартасқа шыққан сексеуіл бар, соған қобызды байлап кет деп тапсырады. Осының бәрі таңғажайып оқиғаға айналады. Ақын бақсының ойынын Қақаман бастаған жіндарын шақырумен, қобызға жан бітіп, бәйгені жеңіп алуымен оқырман қауымды тамсандырады. Әрине мистикалық сарынның өріс алуы фольклордағы қаһармандық бейнелердің тууына алып келді. Мағжанның поэмалары толығымен халық ауыз әдебиетімен оның рухани дүниесімен үндес еді. «Жүсіп хан» поэмасы да сол халықтық мүдде үшін құрылған аңыздық элементтер мен ертегіге тән көркемдік белгілері айшықталған терең философиялық шығарма [2, б. 155].

Ақын – жазушылар қайсыбір аңыздардың үзінділерін, фактілерін, болмаса оқиғаның шағын эпизодтарын пайдаланады. Ол артынан шығарманың құрылысын дамытушы дәнге айналады. Біздің ойымызша М. Жұмабаев бұл аңызды шығарманың қуатын арттыру үшін, сюжет желісін ширықтыру үшін, Баянның ұлы тұлғасын сомдау үшін пайдаланған. Бұл тосын эпизод арқылы поэмаға жаңа драмалық тартыс, жаңа кейіпкер енгізген. Фольклорлық мұраның әдебиетке түсіп, қайтадан фольклорға ауысуын жолдыөзектегі обалардың бірінде, Ноян мен қалмақ қызының мәйіті жатыр деп жұртшылықтың күні бүгінге дейін қол жайып құран оқитындығынан байқаймыз.

Мағжанның "Батыр Баян" поэмасы - әдеби көркем шығарма. Баян – тұлғасы кесек, жаны нәзік, ішкі адами сезіммен, бір сәттік пенделік сипатымен қайшылықта суреттелген кейіпкер ретінде көрінеді:

Жауының бір жорықта бір сұлуын
Ер баян алып қайтқан алдына сап.
Баянның алып қайтқан сол сұлуы –
Балдырған бөбек дерлік, он төрт жаста-ақ.

Міне, осы тұс, батырдың тағдырына кері әсер етеді. Баянның ішкі жан-дүниесі арпалысқа түседі, яғни Баянның қалмақ қызы ғашық болуы. Ал – аңызда бұлай емес. Демек, ақын аңыз желісін толық сақтаулы алдына міндет етіп қоймаған. Баянның інісі бар он бес жаста. Бөрінің бөлтірігі – Бала Нояндеп, ақын аңыздағы Қыстаубайды "Ноян" бейнесінде алып, оны Баянның туған інісі ретінде суреттейді: Ноян мен қалмақ қызының арасындағы қарым-қатынасты Мағжан жеріне жеткізе суреттейді. Аңғал жастық сезімін, сұм сұлу қыздың арбауына түскен сәтін:

Жас Ноян қызды көріп от боп кетті,

Көздері қызыл жалын шоқ боп кетті,
Жер мен көк, ай, жұлдызды тұман басып

Бір қыздан басқа нәрсе жоқ боп кетті, - деп келтіреді. Дегеніне жеткен қалмақ қызы жас бала Ноянды ертіп, екеуі еліне қашады. Сол сәттегі Батыр Баян жайын ақыл: "Жаралы жолбарыстай күңіренді", - дейді Мағжан:

Ақыры ашу ерді билеп кетіп,
Жалп етіп сөнген шамдай ақыл өлді:
Өлді ақыл. Атып тұрып батыр Баян

Боз үйден оқ жыландай шыға келді, - деп Баян кейіпкерін, елбоздағын, елім деп күңіренген батырының дұшпанның билігіндегі кейпін осылай сипаттайды. Осы ашумен Баян туған інісі Ноян мен қалмақ қызын өз қолымен өлтіреді.

Екі жас аттарынан ұшып түсті
Түскенде бірін-бірі құшып түсті ...

Бұдан ақын қиялында батыс еуропаның романтикалық шығармаларымен шығыс әдебиетінің аталары Фирдоуси, Низами мен Навойдың да әсері болғандығы байқалады. Өйткені Низамидың "Құсырау мен Шырын" дастанында, Навойдың "Фархад-Шырын" дастандарының сюжетінде армандарына жете алмаған ғашықтар өлген бір-бірлерін құша құлайды[3,121б].

Ия, сонымен Ноян мен "Сұм сұлу" оққа ұшты. Осыдан кейінгі сәттегі Баянның ішкі қиналысы, өкініші шексіз. Батырдың көз жасы көлдария болып, зарланып, белі бүгіліп түседі. Ер бауырын қимайды. Өз ісіне опық жейді. Батырдың бір қасқағым сәттегі іс-амалынан жүрегін қанжұтады:

Сындырдым аз ғана уақ – елім болып

Елімнен кетіп, елді қайдан табам. Ой-миын жаулап алған сан түрлі сұрақтар батырдың монологу арқылы өрбиді: өз-өзімен арпалысқан батырдың жан күйзелісін ақын монологқа құрған. Мұнда батырдың жүрек түбіндегі жатқан қиналыс пен ел алдындағы жауапкершілігі, ел тағдыры, намысы деген отаншылдық рухының жеке бастан, туыстық мүддеден жоғары тұрғандығын сезінесіз.

Жоқ, әлде, жоқ, жоқ... Әлде... өлтірдің бе,
Інімді алты алаштың намысы үшін??

Халық тағдыры сынға түскенде, жекенің мақсат-мүддесі, сезімі қараң қала ма? Кей тұстарда Баян батыр тағдырына көз салсаң, өзін ұмытып, барлығын тәрк етіп, адам бір күнәлі кейіпке түскеніне таң қаласың... Ішкі адамы болымшы қалыпты ұстау қиын. Ашу мен ақыл қайшылығы туыстасқан кезінде батырды аяғынан шалған, "ашу - шайтан" ақыры дегенін істеп тынды[4,123б].

Енді «Поэмада ерекше шабытпен жырланған эпизод» сөз жоқ, Баянның қалмақтармен соңғы айқасы,- деп З.Т. Жұмағалиев атаған баянның жоңғарларымен айқасына келейік. Баянның соңғы айқасы туралы «Расында, өмірлік дерек бойынша батыр өлімі басқаша жағдайда болғанын білеміз. Ақын биік көркемдік жинақтау мақсатымен Баянның соңғы ұрысын Жанатай ердің шайқасымен алмастырғандай», - деген ой айтады Б. Майтанов. «Мағжан Жұмабаевтың тактикасы» еңбегінде.

Осы пікірді басшылыққа ала отырып, Шоқан Уәлихановтың «XVIII ғасырдағы қазақ батырлары туралы аңыздар» атты мақаласында Жанатайдың шайқасы туралы мынадай дерекке кезіктік: «Осы уақытта алдыңғы лекте қарауылда тұрған Жанатай батыр ағасы арқандардың өлімі үшін 500 жасағымен 10 мың қалмақ қолына қарсы аттанып, ұрыста мерт болады». Ары қарай қияңкескі ұрысты Шоқан: «Жанатай батыр сүйікті туған ағасының өлімін естігенде, қанішер жаудан кек алуға ант береді. «Не өлемін, не қандарыңды ішемін!» Атын әкелтіп, 500 адамдық жасақпен қалмақ ордасына қойып кетеді. Олар 10 мың жаудың ішіне батып кетеді. Жанкешті ұрыс еді. Қазақтар өлімге бас тігіп, Үйсінбай қақ жарылған қарнын, шопанымен шұбалған шегін жинай

соғысты және Жанатай батыр: «Жарық қарынмен де өмір сүруге де бола ма?» , – деп сұрады. Бәрі де мерт болып, Жанатай ұлы Төкішпен сегіз-ақ адам қалды. Жанатай атынан түсіп, шалбарын ұлының қолына беріп: «Бұзып –жарып елге жет, болмаса менің кегімді қайтарар адам қалмайды» – дейді. Өзі шейіт кетеді. Жанатай өлімін естігенде Абылай: «Қара болатымның жүзі майырылды!», - деп егіледі».

Осы ойды Мүсілім Мұсағитов толықтыра түседі: Сірә, Мағжан Баянның кешігуін ел Шоқан Жанатайдың сол шайқаста қаза тапқанын айтса, Мағжан:

Жанында жалғыз жолдас- жас Жанатай

Қансырап зорға ғана кіршік қаққан, - деп Жанатай халін суретейді де,

Баян жайында: Алайда уақыт өтті, құлап түсті,

Құшақтап Жанатайдай жан жолдасын,- деп Жанатай мен батыр Баянды бір шайқаста қаза тапқызады. Осы ұқсастықтарға қарап, біз де ақын Баянның қалмақтармен соңғы шайқасын Жанатай ұрысынан алды дегенге тоқталамыз. Бірақ, Мағжан бұл деректі толықтай сақтауды міндет санамаған. Балтоғаева жайлы Елепқызы «мағжан поэмаларының жанрлық – көркемдік ерекшеліктері» атты кандидаттық диссертациясында, Мағжан поэмаларын үш топқа бөледі: «Тарихи сюжеттер, аңыз сюжеттер және әдеби сюжеттер» - деп, сөйтіп «Батыр Баян» поэмасын тарихи сюжетке жатқызады [3, б. 167].

Мағжан Жұмабеав шығармаларында заман проблемаларынан бастап, мәңгілік тақырыптар қозғалды. Ақын өз поэмасында философиялық таным, психологиялық құбылыстар арқылы кейіпкерге жан бітіріп, қоғам санасына қозғау салуына әрекеттенеді. Мағжанның «Батыр Баян» поэмасындағы азаттық әуен, өмірлік мұрат, ел, халық алдындағы перзенттік парызын сезіну, халықтың қалғып жатқан ой-санасын сәуле беруге талпынысы кең мағынада көріінс тауып, халықтың көңілінен шыға білді. Ақын поэмасы тереңінде кемел ой мен парасаттылық жатты, елім деп еңіреген өршіл рухы мен халық қайғысына қабырғасы қайысқан жанның нәзі сезісі жатты. Ақын жаны өз халқының марқауына күйініп, одан аршып, алар жол іздейді. Өркениетті елдердің тіршіліген ой қорытып, болашаққа болжайды, соған өз халқын шақырады. Қазақ халқының тәуелсіздігі, бірлігі бостандығы үшін, халық өзі көтерілсе ғана мақсатқа жетуге болады дегенді аңғартады. Ақын шығармашылығында көтерілген поэмалар заман құбылыстарымен тығыз байланыста берілген. Ақын халықтық шығармашылық табиғатына нұсқан келтірмеген, қайта оны жаңа бағытта, жаңа мазмұнды қолданыстар арқылы тереңдетіп байытқан.

Әдебиет:

1. Боранбаева Ж.Қ. Сөз зергері Мағжанның өрген өрнегі, Астана. – 2004
2. Қабдоллов З. Сөз өнері.Аламты.-1976
3. Жұмабаев М. Батыр Баян. Астана: «Елорда», - 1998.
4. Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры, Астана: «Күлтегін»,- 2002.

**«ЖИЗНЬ И СМЕРТЬ – ДВЕ СТРУНЫ НА ВЕЛИКОЙ ДОМБРЕ»
ТВОРЧЕСКИЙ ПУТЬ МАГЖАНА ЖУМАБАЕВА**

Ураева Е.М.

(СШ № 143, г. Минск, Республика Беларусь)

Первый сборник стихов девятнадцатилетнего Магжана Жумабаева под названием «Шолпан» («Утренняя звезда») вышел в 1912 г. в Казани и стал серьезной заявкой на пути к успеху и признанию. Талантливые, мелодичные стихи молодого поэта быстро нашли своих почитателей. Высоко оценили поэзию М.Жумабаева представители творческой интеллигенции тех лет: мыслитель и общественный деятель Ахмет Байтурсынов, известный татарский писатель Галымжан Ибрагимов, писатель Жусипбек Аймауытов. «Легкости, прозрачности стиха, гармоничного воздействия на слух, изящества в оборотах, умения одним словом нарисовать картину стремился добиться и Абай, но никому не удавалось достичь такого словесного совершенства, какого достиг Магжан», - писал Аймауытов.

Недаром в приведенной цитате упомянут Абай: сборник стихов Абая, вышедший в Санкт-Петербурге в 1909 г., очень повлиял на формирование таланта Жумабаева, и первые стихи молодой поэт посвятил своему Учителю.

В дальнейшем, в период с 1913 по 1916 гг., Магжан Жумабаев открывал для себя русскую и европейскую литературу, наследие Г.Гейне, П.Верлена, Л.Толстого, М.Горького, Д.Мережковского, К.Бальмонта, В.Брюсова, А.Блока, Ф.Сологуба, Э.Верхарна. Основные поэтические произведения М.Жумабаева вошли в сборники стихов, вышедшие в Казани и Ташкенте в советский период творчества (с 1922 по 1927 гг.). Среди них – поэмы «Коркут», «Кобыз Койлыбая», «Батыр Баян», «Жусуп Хан». В прозе поэт оставил художественный рассказ «Грех Шолпан», потрясающий своим драматизмом.

Взлет М.Жумабаева был стремительным и предвещал неуклонное восхождение, однако в условиях политической ситуации судьба поэта была предрешена. В 1924 г. начинается травля поэта. Его обвиняют в «пантюркизме и субъективности, национализме и восхвалении байского прошлого».

Зимой 1924 г. в Оренбурге состоялся литературный суд над поэтом, на котором выступили Сакен Сейфуллин, Сабит Муканов, Утебай Турманжанов и другие, стремившиеся дать отпор «реакционному направлению в казахской литературе». Звучали и редкие голоса в поддержку поэта: так, Смагул Садвакасов, редактор газеты «Енбекши казах», опубликовал стихи Жумабаева. Критик Султанбек Ходжанов написал хвалебную вступительную статью к сборнику стихов Жумабаева, однако «партийная и советская общественность» вскоре подвергла резкой критике подобные выступления в печати.

В 1927 г. М.Жумабаев вернулся из Москвы и начал преподавать, однако уже в 1929 г. был осужден на 10 лет и сослан в Карелию. В 1935 г., благодаря вмешательству Максима Горького, поэта удается освободить. Тем не менее, как известно, в декабре 1937 г. Жумабаев был вновь арестован и расстрелян в марте 1938 г. Так погиб еще один носитель духовного опыта человечества, самобытный и яркий поэт.

Не случайна в поэзии Жумабаева одна из ключевых тем – тема жизни и смерти, мысль о противостоянии и фатальной взаимосвязи этих начал. В поэме «Коркут» поэт

использовал сюжет о легендарном казахском шамане, чей образ в национальном фольклоре связан с темой поиска бессмертия. Истоки этой темы обнаруживаются в древнейшем эпосе «Гильгамеш», насчитывающем более 4500 лет. Коркут, согласно казахской версии сюжета, видит во сне могилу. Преследуемый страшным сновидением, мудрец обходит весь мир, но нигде не находит избавления. Наконец, он расстилает покрывало посреди реки и начинает играть на волшебном музыкальном инструменте – кобызе. Шаман живёт, пока создаёт свои мелодии, но как только засыпает от усталости, его настигает смерть.

В контексте трагической судьбы Жумабаева, обращение к теме борьбы со смертью и образу Коркута - более чем объяснимо. Коркут – второе «я» поэта, его двойник. В целом ряде стихов, страстно и убеждённо, поэт заявляет право человека на жизнь, право на обретение высшей цели бытия:

Наполняется озеро вешней водой
Не за тем, чтоб испил его яростный зной!
Не за тем, как цветок, расцветает душа,
Чтобы в землю упасть, завершив путь земной!

Как и в фольклорном первоисточнике, герой поэмы обретает спасение в искусстве, в музыке. При этом между певцом-сказителем и героем ставится знак равенства:

Ныне друг мой единственный – верный кобыз.
Мой кобыз, ты на песню мою отзовись!
Будем петь, будем горе в слезах изливать,
Голоса поднимать в недоступную высь!

Одного лишь хочу я, как славный Коркут,
Свои песни найти через каторжный труд
И, отдав все Мечте, что и можно отдать,
С другом, верным кобызом, закончить свой путь.

Философское стихотворение «И жизнь, и смерть – судьба моя» по своему замыслу и эмоциональному наполнению созвучно поэме «Коркут»: лирический герой скорбит о неизбежности увядания и смерти. Образы смерти доминируют в художественном пространстве произведения: это и тема обманчивости, коварства жизни, оборачивающейся «седою золой»; и образ старца, поседевшего «за пару минут»; и, наконец, метафорический образ Смерти-могилы, ожидающей свою жертву:

Снова дразнит судьба и играет людьми,
Чтоб сырая земля распахнулась дверьми,
Ненасытна она, и скрипят её зубы,
А в остывших глазах не осталось любви...

Однако последняя строка напоминает афористическое высказывание, достойное Коркута – музыканта и мудреца: «Жизнь и смерть – две струны на великой домбре».

«Магжан — поэт огромной культуры. Его поэтическая индивидуальность настолько уникальна, что он перерастет рамки своей эпохи... Из числа всех нынешних писателей только слово Магжана устремлено в будущее и достойно останется в памяти грядущих поколений...», — писал Мухтар Ауэзов. М.Жумабаев остается нравственным ориентиром для казахстанского общества. Его поэзия объемна, многогранна, глубока. Мы коснулись лишь отдельных аспектов творческого наследия поэта. Мистерия жизни и смерти Магжана Жумабаева запечатлена в стихах и прозе, на наш взгляд, она ждет своих преданных читателей и исследователей.

МАҒЖАН – ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІНІҢ МАҚТАНЫШЫ

Исакаева А.

(М.Қозыбаев атындағы СҚМУ)

Мағжан (Әбілмағжан) Бекенұлы Жұмабай – ақын, қазақ әдебиетінің классигі, түрік дүниесінің ірі тұлғасы. Ұлт болашағы үшін күрескен Алаш қайраткері. Рухты жырларымен халықты жігерлендіріп, елді татулыққа шақырды.

Тума талант иелері қашан да өз ұлтының тыныс-тіршілігімен тамырласа өмір кешеді, оның қас-қабағын бағып, көңілі қалағанын жырға қосады, ғасырлық ата тарихымызды өздерінің ой-парасатымен, жүрегімен қорғай жүреді. Халқының өмір тынысын, ой-қиялын келер ұрпаққа аманат етіп қалдырған көркемсөз зергерлеріне ризашылықпен қарау – парызымыз. Ұлттың бойындағы сан ғасырлар жинақталған рух пен мұраттың ұлы бұлқынысы болған Алаш қозғалысы ел тағдырына қатысты барша идеяны өзекті еткені бүгінде көбімізге белгілі. Алаш қайраткерлері күресінің тағылымы да, Алаш қаламгерлерінің мұрасы да жылдан - жылға қазақтың рухани-мәдени өміріне еніп, «Алаш» сөзі аяулы ұғым, қасиетті түсінік ретінде қоғамымызда асқақтатыла айтылып келеді. Күнделікті теледидардан, радиодан, газеттерден «Алаш» сөзінің айрықша мән беріліп айтылғанына, жазылғанына куә болудамыз. Бұл – санамыздың жаңғыруы, тарихи тамырларымызды қастерлеуіміз, елдіктің белгісі, өсер жұрттың өнегесі. Бүгінгі күні қоғамымыздың қайта жаңғырып «Мәңгілік Ел» атануымыздың мыңдаған алғышарттарының бірі болмақ. Еліміздің тәуелсіздігі тарихымызды түгендеуге, рухани болмысымызды бүтіндеуге кең мүмкіндік ашып отырған қазіргі кезеңде ұлт ретінде қалыптасу жолында бедерлене байқалған тарихи белестердің сыр-сипатын зерделеу барынша терең ғылыми ізденістерді қажет етуде. Әлбетте, бұл Алаш қозғалысын зерттеуге де тікелей қатысты. Айтулы қозғалысқа тек саяси-қоғамдық тұрғыдан ғана баға беру тарлық етеді. Қозғалыстың өз дәуіріндегі тарихи мәні айқындалып келеді дей отырып, оның рухани жаңғырығының дәйектей түсер тұстары мол. Мәселен, оны аса ірі рухани-мәдени құбылыс ретінде кешенді түрде қарастырып, осы құбылыстың әлеуметке, жеке тұлғаға ықпалын анықтаудың концептуальды жолдарын қарастырғанымыз абзал. Ең алдымен, Алаш қозғалысының қазақ баласына, адамға, тұлғаға, содан шығып, әлеуметке деген көзқарасын дәйектеуіміз керек. Алаш қайраткерлерінің, қаламгерлерінің еңбектерімен танысқанда, олардың ой-пікірлеріндегі гуманистік аңсарды аңғармау мүмкін емес. Әрбірден соң, қозғалыстың өзі - адамға, ұлтқа деген жанашырлықтан туған гуманистік әрекет. Ұлттың еркіндігі мен азаттығы, оны құрайтын жеке адамдардың бақыты мен теңдігі ұранын көтерген қозғалыс - білімі кемел, ой-өрісі кең, мәдениеті жоғары, адам мен қоғамның мәселелерін жетік білетін ұлтшыл ғана емес, гуманист азаматтардың белсенділігінен туғанына күмән келтірмесек, онда бұл тарихи-саяси құбылыстың діңгегі - елжандылық пен адамсүйгіштік екендігіне шүбә келтірмегеніміз жөн. Алаш қаламгерлері шығармашылығында қазақ әдебиетінде толымды түрде ана тақырыбы, әйел теңдігі мәселесі - басты тақырыптардың біріне айналды. Ізгілік пен адамгершілікке құрылған осы туындыларда гуманистік идеал, гуманистік ой алдыңғы қатарға шығып, ұлттың адамсүйгіштік қасиеттері бейнеленді. Ал бүгінгі күн тұрғысынан еліміздің ұлттық түп қазығы болып отырған «Мәңгілік Ел» идеясымен тікелей байланысты. Қазақ қайраткерлері қоғамды күшпен құлатып, дәстүрлі саяси-құқықтық мәдени дамуды ұлт санасына жат институттар мен алмастыруға үзілді-кесілді қарсы болды. ХХ ғасырдың басындағы қазақ ұлт-азаттық қозғалысының көрнекті қайраткерлері А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, М.Тынышбаев, М.Шоқай және басқалары өмірдің

объективті жағдайларын өзгертуді күшпен емес, сананы сол процеске енгізу арқылы өзгерту керек деп уағыздады[1, 291 б.]. Олардың негізгі идеялары-бостандық, тәуелсіздік, отаршылдық езгіден құтылу жолдары және қазақ халқын жалпы адамзаттық құндылыққа ажақындастыруболды. Қандай да болмасын халықтың ұзына бойғы тарихында гуманизм идеялары бір кезеңде алдыңғы қатарға шығып, ұлттың жаңғыру дәуірін жасайды. Бұл - батыстық ғылымда әлдеқашан дәйектелген, мойындалған құбылыс. Оны Еуропада «Ренессанс» деп атап, азаматтық тарихта да, әдебиет, өнер, мәдениет тарихында да арнайы тарау ретінде зерттудің тұрақты нысанына айналған. XIV ғасырда Италияда, XV-XVI ғасырларда Испанияда, Францияда, Голландияда, Португалияда т.б. Еуропа елдерінде кең канат жайған Ренессанс Батысты жарық пен шуаққа қарай тартты [2, 187 б.]. Қазақ халқының өз заманындағы зиялы қауымының қатарында, қазақ халқының тәуелсіздігін, өз алдына тәуелсіз ел болуын армандаған және осы арман жолында бірталай тер төккен азаматтардың бірі, жерлесіміз- Мағжан Жұмабаев. Алаш жұртының көрнекті ақыны, ұлт көсемдерінің бірі Мағжан Жұмабаев тұңғыш өлеңінен бастап әлеуметтік тақырыпқа ден қойып, ағартушылық, ұлт-азаттық, демократияшыл бағытты ұстанды. Заман шындығын шығармаларына арқау етіп халық көңіліне етене ұялаған, тағдыры тартысқа толы Мағжан ақынның есімі де мәңгілік өмір сүрері анық.

Мағжан Жұмабаев - қазақ өлеңінің ұлттық бояуы мен рухын ұстана отырып, оны түрлендіре байытқан, адам жанының сұлулығы мен сыр-сымбатын жырлаған, осылайша қалың оқырманның жүрегіне жол ашқан халқының білікті де парасатты ақыны. Өлмес өлең туғызып, артына өшпес із қалдырған осы бір Мағжан сынды ғажайып ақынның әруақты жырына тағзым еткен абзал.

Қазақта «Туған жер – алтын бесік» деген аса татымды мақал бар. Үңіліп көрсең, дүниеге шыр етіп түскенде-ақ бауырына алып, ана әлдиімен тербетілген тал бесіктен ыстық не бар? Туған жердің көкорай шалғыны мен саф ауасын, сырға толы, сыңғырға бай мөлдір бұлағын, бала қиялыңды қияға шарықтатқан шыңдарын қар басқан тауларын сол алтын бесікке теңеу орынды да.

Мағжан ақынның «Туған жерім – Сасықкөл» атты өлеңін туған жері, сүйікті өлкесі жайлы төгілген мөлтек сыры деп таныған абзал.

Алыстан мұнарланып шалқыған көл,
Бетінде күннің нұры балқыған көл.
Жарысып саф күмістей ақ көбігің,
Мап-майда мөлдірінде балқыған көл.

деп басталатын бұл өлеңде тек табиғаттың көркем суреті ғана емес, сол сұлу көлдің думанға толы тіршілігі мен тылсым табиғат аясындағы көлді жағалаған ғашық жандардың алаулы сезімі де бар.

Шешініп қыз-келіншек су алған көл,
Өр жанды мөлдірімен суарған көл.
Масайрап, суға тойып төрт түлік мал
Дөңіне ойнақ салып қуанған көл.

Жаныңда жас балалар ойнаған көл,
Жан-жануар суыңды ішіп, тоймаған көл.
Көз салып жалтырыңа, мұңға батып,
Ғашықтар жарын іздеп ойлаған көл.

Ақын жүрегі «кір жуып, кіндік кескен», тең құрбыларымен ойнап-күліп тел өскен туған жерінің болашағы жайлы да толғанады. Өлеңнен ақынның өзіне етене таныс, сағынған ұланын бауырына басуға құмар туған жеріне деген сағынышын ғана емес, оның болашағына деген күңіренісін де көреміз.

Айдын көл, ата қоныс, құт болған көл,
Сусын боп сұрағанға, от болған көл.
Кеше бірлік, ынтымақ түгел шақта
Бейне бір сенің басың сүт болған көл [3, 7 б.].

Дәл осы тұрғыдан алғанда, Мағжанның бұл өлеңінің саяси лирикаға да жатары анық. Жаратушы иеміз әр адамның өз сыбағасын өлшеп беретіні рас. Мағжан да сөз өнеріндегі талмас қанат, таусылмас қуатты табиғат-анадан алған ақын. Ақынның өмірге құштарлықты, ордалы ой мен сұлу сезімді сыйға тартқан туған жерінің болашағы үшін жанының күйзелетіні де сондықтан.

Мағжанның өмір жолы туған халқының басынан өткерген шырғалаң-шытырмандарға толы болғандықтан, өлеңдері де өмірдің көп кезеңдерімен табиғи жымдасып жатады. Бауыры «алтын мен алмасқа толы», «аспанменен таласқан» Орал тауының иесі «таудан, тастан қорықпайтын түрік еді» дей келіп, ақын сол ер түріктің ен далаға көрік болғанын, «бақыт құсы бастарында тұрғанда» іргесі берік ел болғандығын сағына еске алады. Ақында жасқану жоқ, шындықты тайсалмай айту бар және жай ғана емес, сипаттап айту, жанының күйзелісін көркем өрнектермен, суреттермен жеткізу бар. «Мағжан Жұмабаев қазақ әдебиетінде өмірді романтикалық арнада суреттеу амалын тауып, оны көпшілік кезде реализмнің жұртына аунатып алу арқылы ел-жұртқа хош иісі аңқыған керемет поэзия ұсынды» деген Т. Кәкішевтің сөзімен келіскен жөн [4, 363 б.]. Мағжанның романтизмді күшейткені жайлы кезінде Ахмет Байтұрсыновтың да айтқаны есте болса керек.

Ақын өзін толғандырған саяси дейсіз бе, әлеуметтік дейсіз бе, әйтеуір ұлт тіршілігіне байланысты мәселелерді аса жанды, салыстырмалы суретпен бейнелейді.

Мағжанды өз халқын жанындай сүйген ұлтжанды азамат десек, оның осы ұлтжандылығы халқының өткенін, қазіргісі мен келешегін толық біліп, оның тағдырына, жалпы ұлт мәселесіне елдік, мемлекеттік тұрғыдан қарайтын саналы, салихалы ойынан туатынын көреміз. Ұлттық сананы қалыптастырушы ұлттық интеллигенцияның бел ортасында эманда жарқырап көрініп тұратын Мағжан - Абай сөзімен айтсақ, «Қыранша қарап Қырымға, мұң мен зарды қолға алып, кектеніп надан зұлымға, шиыршық атып толғанған» ұлт зиялыларының бірі. Мағжан біздің рухани көсеміміз. Бүгінгі тәуелсіздік сол Алашорда идеясының жемісі. «Тар жол, тайғақ кешудің» беттерінде Алаш көсемдеріне жабылған жала және оның зардаптары қандай болғанын кейінгі ұрпақ біледі. Мағжан - осынау аз ғана дүниенің опасыз екендігін, қысқа тіршілікте жан баласына қиянат, сатқындық жасамай, пендешілікке салынып, күнәнді көбейте бермей, рухани әлемінді байыту, жан тазалығын сақтау қажеттігін бар болмысымен ұғынған ақын. Біз Алаш идеялары салтанат құрған заманға жеттік, қазірде азаттықтың көк байрағы төбемізде желбіреуде. Тағдырдың тезінен аман қалған қазаққа бұдан артық қандай бақыт болуы мүмкін. Енді Алаштықтар аңсаған тәуелсіздігімізбен мемлекеттігіміздің нығаюы жолында еңбек етуіміз керек. «Қасиетті қазақ жері- ата-бабаларымыздың даңқты тарихын аттының тұяғымен жазып кеткен жер», - деп Елбасы өзі айтқандай, сол тарихи жердің бірі Қызылжар өңірі. Мағжан Петропавлдан (Қазақстаннан) неге кетті? Бұл сұраққа жауап беру үшін сол 1921-1922 жылдардағы Қазақстанның қоғамдық-саяси, қажет десеңіз, құқықтық жағдайын егжей-тегжейлі тексеріп шығу керек. Өйткені Мағжан сияқты көрнекті тұлғаның тағдыры, қызметі,

шығармашылығы өзін қоршаған ортаның жағдайымен сабақтас, тамырлас болатын. «Бүгінгі күннің бар жазушысының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалатын сөз Мағжанның сөзі. Одан басқамыздың бәріміздікі күмәнді, өте сенімсіз деп білемін», - деген Мұхтар Әуезов, Мағжанды Европаның әлем таныған ақындарымен қатар қойып, оның «...культурасын, әшекейін сүйген» Мұхтар Әуезовтің де өз басын әрең сақтап, тапшыл, қаратабан сыншылардан қорғалап: Мағжан «революцияның алғашқы жылдарында пантюркистік, ұлтшылдық саналарды дамыта түсіп Шыңғыс ханның, Ақсақ Темірдің, Кенесарының аттарын да әйгілеп айта бергісі келген», - дегенін түсінейік. Ғабит Мүсірепов: «...байшыл-ұлтшыл ақындар насихаттаған сарындама-социалдық романтизм емес. Ол сарындаманың жемісі Мағжанның «Батыр Баяны», «Ертегісі», «Түркістаны», «Жүсіп ханы» болатын. [5, 200 б.].

Ақынның аз ғана өмірінде өз жүрегінің әмірімен әрекет еткені аян. Елім, қазағым деп соққан Мағжан кеудесіндегі жалынды жүректің оны еріксіз алып жүрген жолы – адалдық пен саф таза пәктіктің жолы.

Мағжан өз халқының ел болып, еркін дамуын аңсады. Оның шығармаларының сара тақырыбы - қазақ ұлтының мүддесі, жырлағаны - қазақ мұңы. Ол бұл тақырыпты жырлап қана қойған жоқ, бүкіл дарыны мен өнерін салып сол тәуелсіздік үшін күресті. Туған халқының бостандыққа шығу жолын көрсетеді. Сол үшін мерт болды. Сол себепті өлкеміздің, тіпті ұлтымыздың дара тұлғасы Мағжан атамыздың мұрасы, есімі мәңгілік елдің жадында сақталмақ.

Әдебиет:

1. Жұртбаев Т. Талқы. Алматы; Қазақстан, 1997, 368 б.
2. Нұрғали Р. Драма өнері. Алматы: «Санат баспасы», 2001, 480 б.
3. Жұмабаев М. Жан сөзі:Өлеңдер мен дастандар – Алматы:Раритет, 2005, 256 б. «Алтын қор» кітапханасы.
4. Кәкішұлы Т. Мағжан – Сәкен:Ғылыми эссе - Алматы:Қазақ университеті, 1999, 449 б.
5. Елеукенов Ш. Мағжан (Өмірі мен шығармалары) Оқу құралы - Алматы: «Санат», 1995, 384 б.

**2-ші СЕКЦИЯ
ЗАМАНАУИ ӘЛЕМДЕГІ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ТІЛ.**

**СЕКЦИЯ 2
ЛИТЕРАТУРА И ЯЗЫК В СОВРЕМЕННОМ МИРЕ.**

**SESSION 2
LITERATURE AND LANGUAGE IN THE MODERN WORLD.**

УДК 398.1

**КАТЕГОРИЯ ПРОСТРАНСТВА В РУССКИХ ПРЕДАНИЯХ
АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ**

Асенова А.Б., Копытова Ю.О.
(КГУ им. Ш.Уалиханова)

В сказочной прозе повествователь рассказывает нам о событиях, которые переживает герой. Соответственно он при этом находится в том или ином пространстве (географическом, статическом, динамическом и др.) В топонимических преданиях северного региона Казахстана из всех видов пространств, преобладающим является внутреннее, закрытое пространство. Это – дом, сарай, больница, двор, а также внешнее, открытое пространство, это может быть поле, поляна, улица, огород и т.д. Что же касается русских преданий, бытующих в инонациональном окружении, то они по-своему осваивают интернациональные элементы. Конечно же, отдельные общие сюжеты и мотивы могут входить в предания разных народов без существенных изменений, так как эта разновидность сказочной прозы предназначена для сообщения важной информации, часто сюжет их не развит, иногда предания состоят из одного мотива, служащего для объяснения разных событий и явлений. Предание осмысливается как свое национальное благодаря тому, что прикрепляется к точному месту, к объекту, его действующие лица получают имена исторических персонажей или местных жителей. Такая конкретизация – основной способ включения общих сюжетов преданий в национальную устно-поэтическую традицию и один из основных приемов создания традиционных преданий. Широкое бытование топонимических преданий объясняется стремлением человека осмыслить окружающее пространство и себя в нем.

Художественный мир является моделью или образом реального мира. Фольклорное пространство, как и в целом художественное пространство, имеет образный характер. В фольклоре мы наблюдаем зависимость пространственных отношений от жанра фольклорного произведения, что объясняется отсутствием авторского начала. Отсутствие авторского начала в произведениях устного народного поэтического творчества существенным образом влияет на их пространственную организацию. В фольклорных произведениях может быть исполнитель, рассказчик, сказитель, но в нем нет автора, сочинителя как элемента самой художественной структуры произведения. На изображение пространственных отношений в произведениях фольклора оказывает влияние сосуществование элементов различных эпох. Вымышленное здесь нередко переkreщивается с историческим, что отражается на

художественных особенностях произведения. К примеру, в тексте, записанном в Зерендинском районе так повествуется о давних событиях: «Это было очень и очень давно. У одного бая была красивая дочь. Решил бай ее выдать замуж за другого бая. Богатого, но старого. А девушка любила другого. Молодого, но бедного. Решили они бежать. Погоня быстро их догнала. Заплакала девушка, и так сильно заплакала, что от ее слез образовалась речка. Не хотела она возвращаться к нелюбимому, старому мужу и превратилась в чайку и улетела. И речку называли потом Шагалалы. Если перевести с казахского «шагалалы» означает «место, где много чаек». То есть Чаглинка» [1, опись Р-15-1990, ед.хр. 17]. Мотив появления воды из слез девушки носит явно мифологический характер, имеет архаическую основу, т.к. вода была женским божеством. В архаических представлениях вселенная произошла из частей тела первочеловека, что отражается в названиях природных явлений и окружающего пространства: подножие горы, устье реки и т.д. Таким образом, озеро и история его названия существовали задолго до переселения русских переселенцев на территорию села Зеренда. Реальная действительность реального пространства смешалась с архаическим мотивом.

Русские топонимические предания о казахской земле возникли еще в конце XIX века, когда утверждается рационалистическое осмысление событий окружающей жизни. Уклад и традиции жизни и отражаются в топонимических преданиях о названиях населенных пунктов, озер, рек, местности. Аксиологическая неоднородность архаического пространства связана с основной архаической оппозицией «свой – чужой». В традиционной картине мира этноса оппозиция «свой – чужой», как правило, характеризует аксиологическую неоднородность пространства по вертикали. В преданиях актуализируется и горизонтальное членение мира, что объясняется историческими реалиями. Во время переселения русские осваивают новые неизведанные территории. По сути, они переводят «чужое» пространство в статус «своего», что является целью подобных повествований. Иноязычные топонимы несли информацию о жизни казахов, об особенностях географических объектов и тем самым предопределяли восприятие местности переселенцами. Одним из основных пространственных образов, организующих текст топонимических преданий о заселении края, является образ дороги. Образ дороги имеет огромное значение не только потому, что в нем единство пространственных определений выступает наиболее отчетливо, но и потому, что пространство становится конкретным, насыщается реальным жизненным смыслом.

Для казахов дорога – это мера жизни. Не только дорога – предназначение, но и дорога как альтернатива добра и зла. Художественное пространство, вмещающая образы степи, неба, «коррелирует» с качественно насыщенным, длящимся временем, передавая в космос кочевья в единстве его объективных пространственных координат. Это один из примеров сближения понятия и образа, когда концептуальные представления о пространстве составляют полнокровное целостное единство. Это представление стало основой создания образа художественного пространства в казахском фольклоре. Для нее типичны постоянные переключения повествования из пошлого в настоящее, позволяющие соединять зарисовки с натуры с описаниями философско-исторического и нравственно-этического характера. Смело конструируется художественное пространство. Соотнесение и совмещение различных исторических эпох, пространственные скачки – вот важнейшие черты пространственных преобразований в национальной литературе казахского этноса.

Ертеректен бері қазақ халқы мен поляк елінің рухани байланысының алғашқы қарлығашы ретінде поляктың халық әні – «Сұлу қызды» («Шла дэвечка до лэсечка») айтуға болады. «Сұлу қыз» – өткен ғасырдың ортасында қазақ және орыс тілдеріне аударылған поляк әні және содан бері ол Қазақстанда дәл осы қазақ тілінде нағыз қазақ әніне айналғанын байқауға болады. Бұл ән қазақ-поляк өнерінің үзілмес алтын көпірі іспеттес. Дегенмен, полякша, орысша және қазақша нұсқаларын өзара салыстыра келе, өлеңнің сюжеттік негізі бір болғанымен, әр ұлттың менталитетіне орай, аудармалардың арасында үлкен айырмашылық бар екенін атап айту қажет. Дейтұрғанмен, тарих талайында тоғысқан қазақ және поляк халықтарының мәдени-әдеби қарым-қатынастары мен рухани үндестіктерін айқындау мәселесі әлі де жалғасын табуда. Оның дәлелі ретінде біздің тарапымыздан әдебиеттің ең күрделі жанры – драмалық шығармалар, атап айтқанда, ХХ ғасырдың 1960-1980 жылдары қазақ және поляк драматургиясына орасан үлес қосқан С.Мрожек пен С.Адамбековтың әлеуметтік, қоғамдық, сатиралық құбылыстарды арқау еткен комедиялары өзара салыстыруды, ондағы өзара тақырыптық, идеялық, сюжеттік үндестіктер анықтау жолында жүргізіліп жатқан зерттеулерді атауға болады. Сонымен қатар зерттеу барысында Т.Ружевичтің, Қ.Мұхамеджановтың, С.Жүнісовтің, Ш.Хұсайыновтың сатиралық тақырыпта жазылған бірді-екілі пьесалары да қарастырылды. Мәселен, тарих шындық пен сталинизмге қарым-қатынасын С.Адамбеков «Шоқбикенің шатағындағы» Тұман мен Таңқыбайдың, Қ.Мұхамеджанов «Менің дертімдегі» Назар мен Ерденнің, С.Мрожек «Портретіндегі» Бартодий мен Анатолийдің диалогтары арқылы көрсете білген. Бұл орайда, қазақ және поляк драматургтері гуманизмді жалаң насихаттамай, оны оқырманына кейіпкерлердің пікірлесуі үстінде, нақты бір оқиға негізінде көрсетуімен ерекшеленеді. Олардың опасыздығын өздеріне мойындатып, ар-ұждан азабының алдында жауапқа тартады. Бірі – өзінің ұятымен бетпе-бет келсе, екіншісі – әлі де өз қылмысын ақтап алғысы келеді.

Еуропада драматургиясындағы отбасы тақырыбы тарихи-әлеуметтік, қоғамдық мәселелермен астасып жатуын қазақ қаламгерлерінің шығармаларынан да көруге болады. Мәселен, С.Адамбековтың «Таланған жүрек», «Күн мен көлеңке», «Алтын табақтағы жылан», Қалтай Мұхамеджановтың «Бөлтірік бөрік астында», «Құдағи келіпті», Ш.Хұсайыновтың «Құлпырма тон» және поляк драматургтерінен Т.Ружевичтің «Картотека», «Лаокоон тобы», С.Мрожектің «Танго», «Қасапхана», «Кароль» және т.б. пьесаларында әрбір жанұядағы (ерлі-зайыпты, атасы (әжесі) мен немересі, ата-ана мен бала, ене мен келін және т.б.) қарым-қатынастар ұлттық менталитет ерекшеліктеріне сай сипатталып, қоғамдық-саяси, әлеуметтік, тұрмыстық жағдайларға байланысты қалыптасып дамитыны және образ сомдаудағы екі ел драматургтерінің өзіндік ерекшеліктері мен ұқсастықтары айқындалды. Сонымен бірге қоғамдағы ішімдік, арақ мәселесін қаузаған С.Адамбековтың «Шоқбикенің шатағы» мен С.Мрожектің «Жаяу» ««Балалар», «Аққу», С.Жүнісовтің «Кроссворд немесе әзіл маскарад», Қалтай Мұхамеджановтың «Өзіме де сол керек» сынды пьесаларында сан түрлі әлеуметтік топтағы жас шамалары әр басқа кейіпкерлерге осынау «дертінің» кесепаты жалаң түрде баяндалмай, оқиғаны фрагменттік тұрғыда, себеп-салдарымен қоса көрсете білген.

Негізінен алғанда, «Абсурд театры» тек батыс еуропада ғана емес, қазақ әдебиетінде де дамыды. Мәселен, «Абсурд театрының»[8,28] негізін қалаушылардың бірі – поляк драматургі Славомир Мрожектің «Жылқы болғым келеді» [9] шығармалар жинағына енген пьесалары мен қазақ қаламгерлерінің арасында Ш.Хұсайыновтың «Құлпырма тон», Қ.Мұхамеджановтың «Бөлтірік бөрік астында», С.Адамбековтың «Бір түндегі төрт төбелес», «Күн мен көлеңке», С.Жүнісовтің «Қысылғаннан қыз болдық» сатиралық комедияларын зерделей келіп, кейіпкерлердің іс-әрекеттеріндегі кейбір абсурдтық дүниелерді байқалды. Мәселен, Қ.Мұхамеджановтың «Бөлтірік бөрік астында» комедиясындағы мансап құған қалақұмар Сапардың ауылда айы-күні жетіп отырған жары Раушанды жасырып, Алматының бойжеткені Жәмилаға үйленбек болған әрекеті С.Мрожектің «Кароль» пьесасындағы өз жаны үшін кімді болса да, сатып кетерлік көз дәрігерімен ұқсас, абсурдқа толы. Немесе, С.Адамбековтың «Күн мен көлеңкесіндегі» Тұманның, С.Мрожектің «Жазғы күніндегі» Семіздің, «Тангодағы» кейіпкерлердің, С.Жүнісовтің «Қысылғаннан қыз болдықтағы» Алтынбектің, Ш.Хұсайыновтың «Құлпырма тонындағы» Айнаштың әрекеттері – абсурд.

Әлбетте, әлемдік теориялық еңбектерде комедияның: лирикалық, қаһармандық, отбасылық-тұрмыстық, сатиралық, комедия-буффонада, комедия-фарс т.б. түрлері бар екенін ескермеуге болмайды. Бұл тұрғыдан, жоғарыдағы шығармалар отбасылық-тұрмыстық комедияға тиесілі. Ал егер қоғамдық өмірдегі абсурдтың жағдаяты тұрғысынан қарастырылса, ол абсурдқа тән. Мұнымен қоса, қазақ және поляк әдебиеттеріндегі ұқсас тенденцияларды экзистенциализм бағытында жазылған С.Мрожек пен С.Адамбеков пьесалары негізінде зерделеуге болады. Мәселен, С.Адамбековтің «Бір түндегі төрт төбелестегі» Қошқардың, «Таланған жүректегі» Қаражан мен С.Мрожектің «Стриптизіндегі» екеудің, «Эмигранттардағы» XX мінезіндегі кемшіліктерді драматургтер сынап қана қоймай, оны қоршаған ортамен, қоғамдық қарым-қатынастармен байланыстырып, оқырманның өзіндік еркін пайымдауына, бостандық идеясын адамның гуманистік құндылықтарды бағалау дүниетанымымен сабақтастыра білді. Қоғамда жиі кездесетін ұсқынсыз мінез бен анайы әрекеттердің туу себебі мен салдарын анықтау мәселелері де тыс қалмай, қос автор тарапынан жете қарастырылды және талдау барысында пайдаланған ұқсас әдістері салыстырылып, өзіндік үндестіктері айқындалды.

Әдебиет:

1. Бадовски Р. Польские певцы Казахстана: историческая лит-ра / Р. Бадовски. - Семей: Международный клуб Абая, 2005. - 165 с.
2. Янушкевич А. «Күнделіктер мен хаттар». – Алматы, «Жалын», 1979. – 23 б.
3. Ақтай Г. Қазақ - поляк мәдени-әдеби байланыстары// Қазақтың ұлы ғалымы, тарихшы, этнограф, саяхатшы және ағартушы Ш.Уәлихановтың 180 жылдығына арналған «Шоқан оқулары – 19» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Көкшетау, 2015.17-18 сәуір. I том. – 427 с.
4. Қазақ совет әдебиетінің тарихы. – Алматы: Ғылым, 1967. – 283 б.
5. Славецкий М. Тарих беттерінен...//Қазақ әдебиеті, 1995 ж., 2 мамыр. – 6 б.
6. Сәтбаева Ш.Қ. Бес томдық шығармалар жинағы. I том. – Астана: Елорда, 2007. – 336 с.
7. Сәтбаева Ш. Әдеби байланыстар. – Астана: Елорда, 2007 ж. – 315 б.
8. M.de Ghelderode dramaturge et conteure: Actes de colloque francais-polonais. Wroclaw, Poland. 1979. p. 28.
9. Мрожек С. Хочу быть лошадыю (Сатирические рассказы и пьесы). – Москва: Молодая гвардия, 1990. - С.310.

УДК 821.161.1

ФИЛОСОФСКИЕ МОТИВЫ В РАССКАЗЕ В. Ф. ОДОЕВСКОГО «ГОРОД БЕЗ ИМЕНИ»: НРАВСТВЕННЫЙ АСПЕКТ

Васильева О.В., Гусева А.С.
(СКГУ им. М. Козыбаева)

В статье рассматривается рассказ В. Ф. Одоевского «Город без имени». Раскрывается нравственный аспект понятий «польза» и «выгода». В работе реализуется рассмотрение концепции соотношения частной и общественной пользы.

Актуальность проблемы продиктована условиями современной действительности, в которой идёт процесс замещения нравственных принципов принципом пользы. Проблемой, отсюда вытекающей, является подмена понятия пользы (в значении блага) понятием выгоды. Целью статьи, таким образом, становится выявление того, к чему может привести утилитаризм, возведённый в Абсолют и как этого избежать. В процессе исследования мы будем опираться на рассказ В.Ф.Одоевского «Город без имени».

Рассказ «Город без имени» в первый раз был напечатан в «Современнике» ещё в 1839 году, а позднее вошёл в цикл «Русские ночи», в котором Одоевский предваряет его таким заявлением: «Бентаму, например, ничего не стоило перескочить от *частной* пользы к пользе *общественной*, не заметив, что в его системе между ними бездна; добрые люди 19-го века перескочили в ним вместе и по его же системе доказали, что общественная польза не что иное, как их собственная выгода; нелепость сделалась очевидною» [1, с. 95]. Весь рассказ представляет собой резкую критику бентамизма доведением до абсурда ключевых его положений.

В рассказе «чёрный человек» сообщил группе путешественников историю исчезнувшей колонии, которая представляла собой осуществление принципа «пользы», а именно буржуазного утилитаризма Бентама. Его последователи основали процветающую колонию и на центральной площади воздвигли огромную статую Бентама, пьедестал которой украшала золотая надпись «польза». Таким образом, Одоевский создал философскую сатиру на всю буржуазную культуру. Его бентамиты подвергают эксплуатации окружающие острова: «Эта соседняя колония показалась нам весьма удобным местом для так называемой *эксплуатации*; мы завели с нею торговые

сношения, но, руководствуясь словом *польза*, мы не считали за нужное щадить наших соседей» [1, с. 101]. При этом слово «эксплуатация» выделяется курсивом и в сноске автор даёт комментарий: «К счастью, это слово в сем смысле ещё не существует в русском языке; его можно перевести: наживка за счёт ближнего». Посредством данной сноски автор указывает нам на подмену понятий. Одоевский демонстрирует нам, как со временем социально-экономические интересы разных групп населения Бентамии приходят к конфликту, причём каждая группа прикрывается принципом «пользы». И тут начинается распад богатейшей колонии, который описывается терминами социологии и политической экономии той эпохи: «Нужда увеличивалась и поражала равно всех, богатых и бедных. Она раздражала сердца; от упрёков доходили до распрей; обнажались мечи, кровь лилась, восставала страна на страну, одно поселение на другое; земля оставалась незасеянною; богатая жатва истреблялась врагом; отец семейства, ремесленник, купец отрывались от своих мирных занятий; с тем вместе общие страдания увеличились» [1, с. 104]. Одоевский показывает общественные перевороты: утверждение буржуазной олигархии, потом революцию «ремесленников», изгнавших торговцев и, в свою очередь, отверженных землепашцами: «Гонимые из края в край, они собирались толпами и вооружённою рукой добывали себе пропитание. Нивы истаптывались конями; жатва истреблялась прежде созрения. Брат убивал брата остатком плуга и из окровавленных рук вырывал скудную пищу» [1, с. 108]. История гибели колонии заканчивается печальным предупреждением сидящего на её руинах «чёрного человека»: «Вы, жители других стран, вы, поклонники злата и плоти, поведайте свету повесть о моей несчастной отчизне... а теперь удалитесь и не мешайте моим рыданиям» [1, с. 109].

Читателю может показаться странным, что принцип «пользы» способен привести к таким ужасающим последствиям. Но о пользе ли здесь идёт речь? Нет ли здесь подмены понятий? В этом мы попытались разобраться.

Что же такое польза? Пользой называется положительная нравственная категория, которая в отличие от абсолютных категорий блага, зла, справедливости является относительной. Причина такого рода трактовки категории заключается в том, что понятие о пользе у каждого человека собственное (в этом мы убедимся позже). Здесь-то и поджидают нас подводные камни. Польза соотносится с категорией блага, в центре её внимания – ценности, которые индивид стремится развивать для того, чтобы повышать своё жизненное, культурное и профессиональное развитие. Это привносит в жизнь человека благоприятный момент спокойствия за собственное будущее, определённые материальные блага, нравственное удовлетворение – и вершину всего, состояние наслаждения и счастья.

В связи с различной трактовкой понятия пользы, у разных представителей общества имеет возможность появиться конфликт интересов. В основном это происходит в том случае, если один человек пытается достичь пользы для себя, никак не считаясь с интересами других людей. Тут уже поднимается проблема развития нравственных качеств конкретного человека. Добываясь пользы для себя, обладатель вредоносных качеств не будет разборчив в средствах её достижения. И, наоборот, правильно расставлять приоритеты на пути достижения личной пользы и обходить конфликт интересов будет человек, любящий ближнего.

Приверженцы утилитаризма полагают, что достижение пользы является основой жизненного пути человека. С достижением пользы сопряжено, счастлив человек или нет. Приверженцы прагматизма полагают, что для достижения личной пользы все средства хороши. Рассуждения о таком понятии, как польза переходят к более обширному вопросу – как жить? Таким образом, польза – это понятие, определяющее весь жизненный путь человека.

Каждый человек, безусловно, понимает пользу по-своему. Для доказательства этого утверждения, был проведен небольшой опрос. Респондентам было предложено два вопроса:

1. Как Вы определяете понятие «польза»?
2. Считаете ли Вы понятия «польза» и «выгода» синонимами?

На первый вопрос были получены следующие ответы:

- Польза – умение что-то для себя изъять для дальнейшего применения.
- Польза – то, что доставляет человеку удовольствие и счастливую жизнь без проблем, от того или иного продукта деятельности.
- Польза – это то положительное, что человек может извлечь из чего бы то ни было, что-то, что пойдёт человеку во благо.
- Польза – это то, что приносит тебе выгоду.
- Польза – какие-либо действия, которые положительно влияют на окружающий мир или общество, конкретного человека.
- Польза – что-то, оказавшее на человека положительный результат.
- Польза – положительное влияние чего-либо.
- Польза – это приносить в свою жизнь и жизнь других людей добро.

Таким образом, кто-то определяет пользу как положительное для себя, кто-то – не только для себя, но и для окружающих. Часто в определениях пользы встречаются такие слова, как «удовольствие», «счастье», «положительное», «благо», «добро».



Ответы на второй вопрос представлены в виде диаграммы. Мы видим, что ровно четверть респондентов считает эти понятия синонимами. Большая часть делает различия между этими понятиями:

- Выгода может быть корыстной, а польза – это всегда опыт и приобретение чего-то нового.
- Выгода несёт более негативный оттенок, предполагает ущерб кому-то.
- Выгода – некая материальная прибыль, а польза – благотворный эффект.
- Что-то может быть тебе полезным, но не выгодным, и наоборот.

Чем же на самом деле отличается польза от выгоды? Понятие польза обширнее, чем выгода. Польза – это позитивное, благотворное воздействие, хороший результат для кого-либо или чего-либо. А выгода – это доход, польза, извлекаемая из чего-либо, или преимущество, чаще материальное.

Сам по себе принцип пользы не несёт негативной окраски, но очень часто человек извращает его для получения личной выгоды. И тогда он рассматривается как негативный, но не только с точки зрения этической. Такого рода принцип выгоды подозрителен и с точки зрения гедонизма, как ни странно, так как погоня за выгодой вызывает меркантилизм, вынуждает человека суесться. С позиции чести, соблюдение принципа полезности провоцирует беспринципность и конформизм. С точки зрения трудовой морали в погоне за личной выгодой доминирует дух эксплуатации и своекорыстия, что очень хорошо показано в рассказе Одоевского. А для творческого человека предприимчивость и соискание успеха одним из своих действительных итогов имеют бездуховность. По словам Стендаля, «цель личной выгоды у художника убивает всякое произведение искусства». Все эти выводы, различные по содержанию, схожи по внутреннему пафосу неприятия утилитаризма, и вполне моралистичны. В них неоспорима оппозиция практичности и принципу действительности. И хотя в них не имеется прямой апелляции к высокой нравственности, они передают то беспокойство, что утверждение полезности в качестве преобладающей ценностной ориентации может привести к значительным нравственным противоречиям в случае, если польза толкуется как добро вообще или как моральное благо. Ориентация только лишь на выгоду при этом трактуется как стяжательство, а полезность осознаётся и высоко расценивается только как общепользность, как общее благополучие.

К чему может привести принцип пользы, возведённый в Абсолют, мы могли увидеть на примере колонии из рассказа Одоевского. Этот практический подход к вещам является проявлением безнравственности, безразличия ко всем общепризнанным моральным ценностям, которые могут находиться в противоречии с принципом полезности. Безусловно, нравственность является индивидуальной, у каждого собственная этическая система, однако классики утилитарной концепции Бентам и Милль стремились внедрить этот принцип в жизнь повседневную и сделать его общепризнанной системой существования буржуазного общества, которое, согласно взглядам авторов теории, являлось основополагающим, и, следовательно, эталонным в разработке теории.

Таким образом, мораль Бентама теряет нравственную основу, так как процессы, инциденты или отдельные явления, отвечающие принципу полезности, попросту вытеснили в ней личность, нравственное её содержание, потому что все действия человека обуславливаются его коммерческим расчётом. «Нормальным человеком» считается самовлюблённый, без собственного миропонимания, который совершенно не видит значимости знаний и науки в целом, но умеющий найти выгоду.

Как же избежать этого? Во-первых, нельзя позволить, чтобы принцип пользы заменил нравственные принципы. Нравственные законы и мораль обязательно должны быть в обществе, потому что без них польза превращается в пустую, бессмысленную погоню за личной выгодой, делая из людей внешнее подобие человека. Подмена морали принципом пользы неизменно ведёт к разрушению, как государства, так и самого человека.

Во-вторых, необходимо помнить, что польза истинная никогда не имеет следствием своим принесение ущерба другим людям. Если что-то выгодно для тебя, но совершается в ущерб другим людям – это не польза. И человеку важно это осознавать. В связи со сказанным, нам кажутся уместными слова Марка Туллия Цицерона: «Ценить

дороже то, что кажется полезным, чем то, что кажется нравственным, в высшей степени позорно».

Литература:

1. Одоевский В.Ф. Сочинения в 2 т. / Одоевский В. Ф. – М.: Худ. лит., 1981. - Т. 1.

ӘОЖ 821.512.122

СӨЗ МАҒЫНАСЫ ЖӘНЕ АҚПАРАТ

Габдулина М.Г., Саркулова А. И., Талипова Ә.Н.

(М. Қозыбаев атындағы СҚМУ)

Қазіргі ақпарат ғасырында тіл арқылы берілетін ақпараттың табиғатына тереңірек үңіліп, сөз мағынасының ақпаратпен байланысты қырын арнайы қарастырудың маңызы айырықша зор болып отыр. Біздің санамыз алдымен сөзді қабылдайды, содан соң керек ақпаратты алады және де бір қорытындыға келеді. Бұл орайда Ә. Әлімбек өз еңбегінде тілдік бірліктердің ақпараттылығын зерттеген ғалым И.Р.Гальпериннің мына пікіріне айырықша назар аударады: «Турасын айтқанда, сөз мазмұны құрылымының байытылуы-сөзге адам қызметінің тәжірибесінде жинақталған әрі қарым-қатынасы барысында таратылатын жаңа ақпараттың қосылуы нәтижесінде жаңа мағынаның пайда болуынан өзге ештеңе де емес»– деп тұжырымдаған болатын. [1,17 б.]

Сөз мағынасының ақпараттылығын талдағанда, заманның және уақыттың өзгеруімен сөз мағынасының ескіріп, көмескеленуінен немесе басқа да себептермен байланысты сөз мағынасына берілген анықтама сөздің нақты да айқын мағынасын ашпай, басты денотаттық белгілері ескерілмей қалуы кездеседі. Сөз мағынасының жоғалған белгісін беретін ақпараты ауқымды және маңызды болуы мүмкін екенін жоққа шығара алмаймыз. Сол себепті сөз мағынасына анықтама берген кезде, сөздің барлық семаларын ескеріп, таным процесінде анықталған белгілердің ескерілуі үлкен рөл атқарады. Сөз тек тілдік қатысым құралы ғана емес, өзінің бойындағы ақпаратты сақтаушы, таратушы, шоғырландырушы ретінде маңызды.

Қазақ тілінде терминқор қалыптастыру кезінде көптеген қиындықтар кездескені, соның бірі мағынаға және ұғымға байланысты болғаны белгілі. Терминологиялық ақпаратты сақтайтын термин сөздердің мағынасы да үнемі жетіліп, толығып, ғылым дамыған сайын өзгеріп отырады. XX ғасырдың басында А.Байтұрсынұлының еңбектерінде қазақ тілінің негізгі ұғымдары дыбыс, сөз, сөз тіркесі, сөйлем, сөйлем түрлері, сөз таптары, тіл білімінің дыбыс жүйесі (фонетика), сөз жүйесі (лексикология), сөйлем жүйесі (синтаксис) сияқты салаларды, қазақ грамматикасының басты-басты ұғымдары белгілі болған болса, одан бергі кезеңде тіл білімінің көптеген дербес жаңа салалары пайда болды. Айталық, ақпараттық лингвистика, ареалдық лингвистика, элеуметтік лингвистика, психолінгвистика, паралингвистика, этнолінгвистика, контрастивті лингвистика, нейролінгвистика, лингвомәдениеттану, когнитивті лингвистика сияқты салаларды солардың қатарына қосуға болады.

Бұқаралық ақпарат құралдарының қазіргі қоғам өмірінде алатын орны өте маңызды, адамның ойлау жүйесіне, тілдің дамуына әсері зор. Баспасөз арқылы берілетін ақпарат тілді, тілдік бірліктерді пайдалану жолымен жүзеге асырылады. баспасөзде қоғамдық-саяси терминдер мен сөздер жиі жұмсалып, оқырман мен

тыңдарманға айтылатын ой айқын, анық та, әсерлі жеткізілу мақсат етіледі. Мерзімді басылым беттерінен алынған төмендегі мысалдарға назар аударып көрелік.

«Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жұмыс сапарымен Ақтау қаласында болып, өндіріс орындарын, жаңадан салынып жатқан құрылыс нысандарын аралап көрді» («ЕҚ» 15.10 2019). Немесе «Нұр Отан партиясы төрағасының бірінші орынбасары М. Әшімбаев Қызылжар өңіріне жұмыс бабындағы сапармен келді. Мәртебелі мейман облыс әкімі Қ. Ақсақаловпен бірге қаланың өнеркәсіп кәсіпорындары мен сауда ұйымдарында болды» («ESIL AQPAPAT» 16 қазан 2019). Ресми ақпараттың баяндау мәнері ресми-ақпараттық шағын стиль шеңберінен шықпай, соған бағынып тұр. Көркемдеу, бейнелеп айту, астарлау, әсірелеу, экспрессивтілік байқалмайды.

Тілдік деректер көрсетіп отырғанындай, сөз мағынасы дамып, өзгеріске ұшырауына байланысты сол мағына арқылы алынатын немесе таратылатын ақпарат көлемі мен құрамы да өзгеріп отырады. Жалпы халықтық тілдегі сөзді мақсатты түрде термин ретінде пайдаланған жағдайда, сөздің бастапқа лексикалық мағынасы арқылы беріліп жүрген бұқаралық ақпарат орнын тұтастай немесе ішінара ғылыми ақпарат алмастырады. Бұл сөздің терминологиялық мағынаға ие болуымен байланысты жүзеге асатын процесс. Ал жалпы әдеби тілдегі сөз мағынасының түрлі экстралингвистикалық себептерге байланысты өзгеруі кезінде лексикалық мағына кеңеюі де, тарылуы да мүмкін.

Сөз мағынасының сақтайтын ақпаратының ауқымдылығы мағыналық құрылымының кеңдігі мен сөздің контекстегі мағынасының тереңдігімен тікелей байланысты.

Сонымен сөз мағынасының көлемі мен мазмұны бар. Сөз мағынасының көлемі – сөз атау ретінде қолданылатын бір класты заттардың жиынтығы. Сөздің мазмұны – бұл зат туралы ақпарат және оның ерекше белгілері. Сөздің мазмұнының негізі-ерекше белгілері болып табылады. Яғни, әртүрлі мағынада бір сөз атауы ретінде қолданылатын заттар екінші дәрежелі қасиеттермен ерекшеленуі мүмкін, бірақ олардың басты белгілері әрқашан бірдей. Мысалы ретінде ағылшын *needle* (ине) сөзін алсақ, бұл сөздің басты мағынасы ине, бірақ тігін инесін *sewing needle*, тоқыма инесін *knitting needle* немесе медициналық шприцті *hypodermic needle* деп атауға болады. Дегенмен, барлық осы заттар үшін маңызды белгілер *needle* (ине) сөзінің мағынасында – ұзын, жіңішке, өткір ұшты, келесі ұшында тесігі бар, қатты темірден (бұрын сүйектен) жасалатын зат деген ақпарат сақталған.

Сөз мағынасының көлемі мен мазмұны бір-бірімен тығыз байланысты. Сөздің мағынасы көлем мен мазмұнның бірлігінен құралады. Сөздің мазмұнын анықтай отырып, біз оның ақпаратының көлемін анықтаймыз. Сөздің мағынасын көлемі мен мазмұны жағынан қарастырған тиімді, себебі, осылайша біз бірнеше мәндес сөздердің жиынтығын жасай аламыз. Сөздің мағынасын салыстырмалы түрде талдау екі сөз арасындағы мүмкін болатын семантикалық қатынастарды анықтайды. Сөздердің мағынасы әртүрлі көлемді және әртүрлі мазмұнға ие (үстел, ағаш, жануар, бұғы, күн, бұлт). Сөздердің мағынасы бірдей көлемге және бірдей мазмұнға ие (басшы, бастық, басқарушы). Сөздердің мағынасы бірдей көлемде және әртүрлі мазмұнға ие (күйеуі, жұбайы).

Сөздердің мағынасының мазмұны бірдей болып, көлемі әртүрлі болуы мүмкін емес. Сөз мағынасының сигнификаттық белгілерінің жиынтығы сол сөздің мағынасын құрайды. Сөз мағынасы – сол сөзбен аталған ұғымның белгілеріне сәйкес шартты түрде таңбалануы. Сөз мағынасының ақпараты – бұл сөзді қолдану кезіндегі мазмұнның мөлшері. Сонымен, сөздің мағынасын құрайтын семалардың әрқайсысы сол сөздің ұғымдық белгілерінің әрқайсысының ақпараты болып табылады.

Тілдік қатысым кезінде, бір сөйлем арқылы берілетін ақпарат, бір-ақ сөзбен жеткізілетін жағдайлар да кездесіп отырады. Бұл жағдай тілдегі үнемділік заңымен түсіндіріледі, яғни белгілі-бір ойды қысқа әрі нұсқа жеткізу мақсатында туындайтын жағдай.

Тілдегі әртүрлі толық мағыналы сөздерден көптеген ақпарат алуға немесе таратуға болады. Мысалы, аспан, сезім, су, батыр, жан, күн, қорқыныш, құс, ағаш, өмір, өлім т.б толық мағыналы сөздердің денотаттық, сигнификаттық немесе конотаттық семалық белгілері арқылы көптеген ақпараттар алуға болады. Осыдан шығатын қорытынды, кез-келген сөздің лексикалық мағынасы ақпарат көзі болып табылады.

Әртүрлі сөз таптарына жататын сөздердің ақпараттылығы бірдей бола бермейді. Жалқы есімдерден жалпы есімдердің ақпаратының көлемі ауқымды болып келетіні, сөз таптарындағы зат есімнің, сын есімнің, сан есімнің, етістіктің, есімдіктің сөздік мағыналарында сақталатын ақпарат, шылау, үстеу, одағай, еліктеуіш сөздердің мағыналары арқылы берілетін немесе таралатын ақпараттарынан кеңірек және анығырақ болады [2, 34 б.]. Сөз таптарында жеке тұрып та, контексте қолданылып та, толық лексикалық мағынағы ие сөздер кездеседі және керісінше, жеке тұрып та, контексте қолданылып та, толыққанды лексикалық мағынасы жоқ, тек басқа сөздердің мағынасын айқындап, сол сөздерге қосымша мағына беретін, сөздердің бір-бірімен байланысын қамтамасыз ететін көмекші сөздер де бар.

Сөйлем ішінде бұл да, де, мен, гөрі, соң, бері, бетер, ғұрлы, шамалы, егер, әлде т.б. шылаулардың атқаратын басты және жалғыз рөлі ол – сөзбен сөзді байланыстырып, белгілі бір грамматикалық мағынаны жеткізеді.

Келесі көмекші сөз – одағай. Одағайдың да мағынасын тек сөйлем ішінде анықтай аламыз. Бірнеше мағынада қолданылатын одағайлар да бар, солардың бірі, а, оһо, е немесе ой, пәлем т.с.с., осындай көпмәнді одағайлардың беретін ақпаратын біз тек толыққанды сөйлем арқылы ғана білеміз. Көп мағыналы одағайлар қатарына көбінесе етістіктермен тіркесіп келетін тарс, сарт, гүрс, селк, қарс, солқ, жалт, күмп, арс, тыпм, шаң, шық, қорбаң-қорбаң, салп, тарбаң-тарбаң деген еліктеу сөздерді жатқызуға болады. Ербең-ербең еліктеу сөзінің мағыналық құрамына талдау жасайық. Бұл жерде сөздің түп негізіне назар аударсақ, «шошаңдау», «селтендеу» сөздерінің мағынасы болып табылады. Яғни, біз ербең-ербең еліктеу сөзін естігенде ең алдымен қабылдайтын ақпаратымыз жағымысыз эмоция тудырады, осы мағыналарды кеңінен ашсақ-«бір жерде байыз таппай, ұшып-қону». Түсіндірме сөздікте «ербию» немесе «ербеңдеу» тұлғасында да келеді. Осы сөздің мағынасын басқа тілден қарастырайық, монғол тілінде осы сөздің осы мағыналық қасиетімен байланысты ұшатын, қанаты бар, жылдам жәндіктің атауы сәйкес. Ол жәндік – көбелек. «Көбелекті» сағай тілінде «ербэн», хакас тілінде «өрбекей», монғолша «эрвээхий», қалмақ тілінде «эрвәки» тұлғаларында кездеседі.

Адам бойында кездесетін «жеңілтектік», «шошаңдау» сияқты мінездер «өрбең» көбелек атауымен байланысты болуы мүмкін. Бірақ, көбелекке бұл атаудың өзі іс-қимылды бейнелейтін етістік тұлғалы сөзден шығуы мүмкін деген болжам да бар. Себебі, монғол тіліндегі «жалп ету», «жалпылдау» мағынасын «эрвен» тұлғасы береді.

Көрсетілген деректерге сүйеніп, «ербең» сөзінің алғашқы шығу тегі көне түркі, монғол тобындағы тілдер екендігі, тұңғыш түбірі – эрвен, мағынасы – «жалпылдау» деген қорытынды жасауға болады.

Жиырмасыншы ғасырдың аса көрнекті өкілі болып табылатын Мағжан Жұмабаев сөз ақпарат алмасу құралы екенін айтып өткен болатын. Оған дәлел ретінде мына ой-тұжырымын келтіруге болады:

«Біз сөз арқылы ғана неше түрлі ойымызды сыртқа білдіре аламыз, һәм басқа адамдардың ойларын біле аламыз. Сөз болмаса, адамды біліп болмас еді. Атын атап,

сөзбен бекітіп тастамасақ, жанды суреттер, ұғымдар тұрмас еді. Сөз болмаса, сөзбен адамның бірін-бірі ұғынуы болмаса, жер жүзіндегі осы күнгі адамзат тұрмысы деген тұрмыс та болмас еді». [3, 37 б.]

Қысқасы, жан көріністерінің ең қымбаты ой. «Ой тілі – сөз» - деп ой қозғаған болатын. Мағжан Жұмабаев сөздің маңыздылығы, тек қазақ халқы үшін ғана емес, барлық адамзат үшін сөздің ерекше орны бар екендігіне назар аударады. Ақынның «сөзбен адамның бірін-бірі ұғынуы» дегені адамдардың бір-бірімен сөз арқылы ақпаратпен бөлісуі.

Жиырмасыншы ғасырдың басында-ақ Мағжан Жұмабаев қазақ халқы үшін туған тілінің маңыздылығын байқады, ақынның сол кездегі айтқан ой-тұжырымдарына сүйенетін болсақ, күнделікті тілдесімнің құралы сөздің маңыздылығы өте жоғары, бірақ өкінішке орай қоғам сөздің маңыздылығын, оның адам өміріндегі рөлінің салмақтылығын және ауқымдылығын әлі күнге дейін байқамауда. Тіл ұлттың тек қана рухани айнасы ғана болып табылмайтынын, сөз ақпарат таратудың, ақпарат алмасудың және де ең маңыздысы сөз бойына ақпарат жинаушы екендігін айтып өткен.

Мағжан Жұмабаев тек қана сезімтал лирик ақын ғана емес, онымен қоса тіл білімінен хабары бар, байқампаз, жанашыр азамат болған. Мағжан Жұмабаевтың тілге қатысты жазылған шағын ғана көлемді бір-екі беттік жұмысы бар. Сол жұмыс шағын болса да өте терең ойлы, Мағжан сол бір-екі бетке өзінің халқына деген сүйіспеншілігін салған, тілдің ұлт үшін маңыздылығын көрсетіп қана қоймай, ол адамзат үшін тілдің атқаратын қызметін нақты әрі түсінікті етіп көрсетіп өткен. Жазба күні-бүгінге дейін құнда ақпарат болып табылады, себебі, тілді тек қоғам айнасы ретінде ғана емес, одан жоғары дәрежеде, ұлттық дүниетаным ретінде қарастырған.

Қазақ оқығандарының ішінен сөздің адам ойы мен сезімін жеткізуші құрал екендігін алғаш атап көрсеткендердің бірі – Мағжан Жұмабаев. Ақын сөздің ақпарат тарату, жеткізу қызметіне қатысты төмендегідей ой айтқан:

«Жанның жайын жарыққа шығару үшін, жанның сырын сыртқа шығару үшін адамның екі құралы бар – біреуі ым – мимика, біреуі – сөз. Мимика дегеніміз жанның сырының дене арқылы сыртқа білінуі (бас изеу, күлу, жылау сықылды). Ым сынын әркім ұғады. Бірақ ыммен бар нәрсені ұқтырып болмайды. Ым – ішкі сезім «тілі». Ым арқылы ойды жарыққа шығаруға мүмкін емес. Ойдың тілі – сөз» [3, 36 б.].

Мағжан ақын ретінде адамның ішкі сезімінің, жан күйінің, жан сырының жарыққа шығуына баса көңіл бөледі. Ол сол ішкі күйдің сөз арқылы жарық көретінін, таралатынын айтады. Сөз арқылы берілетін эмоция, экспрессия сыртқа шығатынын атап көрсетеді. Мағжан Жұмабайұлының пікірінде сөздің денотаттық, яғни заттық, ұғымдық қырынан гөрі, оның эмоция, экспрессия жеткізуші конотаттық қырына айрықша мән беріледі. Мұндағы ең басты назар аударатын нәрсе, ақын сөздің адам сезімін жариялаушы, жұрқа таратушы, ақпарат жеткізуші құрал екендігін атап көрсетуінде болып отыр.

Тіліміздегі жалқы есімдер атауларынан халықтың таным-түсінігін, қоршаған ортаны, дүниені танып білудегі ұлттық ерекшеліктерді көруге болады. Ұлттың тіліндегі жалқы есімдер сол тілдің иесі болып табылатын халықтың рухани, әлеуметтік және материалдық мәдениетіне қатысты ақпараттарға толы болады. Сол себепті де жалқы есімдер мағыналарындағы ақпараттарды анықтаудың маңызы айрықша. Жалқы есімдердің мағынасына терең үңіліп, оларды зерттеу арқылы біз халқымыздың тарихына, дүниетанымдық ерекшеліктеріне қатысты түрлі мәліметтерді білеміз. Жалпы есім сөздердің мағыналары тілді тұтынушылардың барлығына дерлік түсінікті, әрі сол арқылы білдіретін ақпаратты мейлінше тұрақты болса, жалқы есімдерде ұдайы олай бола бермеуі де мүмкін. Мәселен, адам аты, жануарларға қойылған аттар, кітаптың, газет-журналдың т.б. жалқы есімдердің атаулары өзгеріске ұшырап отыруы мүмкін.

Айталық, бір ғана газеттің атауы 85 жыл ішінде «Ұшқын» (1919), «Еңбек туы» (1920), «Еңбекшіл қазақ», «Еңбекші қазақ», «Социалистік Қазақстан», «Егеменді Қазақстан», «Егемен Қазақстан» (1993-жылдан) болып өзгертілуі де соған дәлел бола алады. Облыстық газет «Ленин туы» деп аталып, қазір «Солтүстік Қазақстан» деп аталады. Қазіргі Абай көшесі бұрын Университет, одан бұрын Карл Маркс деп аталатын.

Жалқы есімдер кез-келген жазушының сөз саптау жүйесіндегі аса қажет компонент болып табылады. Олар көркем мәтіннің тілдік амалдар жүйесіне шектеулі, дәлелді түрде қосылады және шығарманың жалпы образдылығын құруға қатысады. Мәселен, М. Жұмабаев «Ғазизаға» деген өлеңінде:

*«Ғазизажан, қарашығым, бауырым,
Жолықтырып дұшпанның бір жауызын,
Сарғайып, қараңғы үйде қамалып,*

Ағаң сорлы көрді бейнет ауырын...» – деп [3, 134 б.], ақын Ғазизаға өзінің мұң-сырын білдіріп, оның образ жасаудың да негізгі себебін, оған деген ықыласын білеміз. Осы өлеңде ақын араб тілінен енген «құрметті, сыйлы» мағынасын беретін Ғазиза есімін қолданған. Бірақ ол Ғазиза есіміне еркелету мәнін үстеу үшін иран тілінен енген «жан» компонентін қосып, Ғазизажан сөзін пайдаланды. Демек, «жан» сөзін қосу арқылы Ғазиза есіміне қосымша мән үстеді.

Халқымыз адамға ат қойғанда нәрестенің нышандарына да ерекше мән беріп жатады. Жаңа туылған нәрестенің есімі оның туылған уақытына нақтылы және маңызды жағдайлармен де байланысты болады. Баланың есімі кейбір кездері оның туылған жыл мезгілімен немесе айымен тікелей байланысты болғандықтан есімдерін естіген кезде біз қандай мезгілге дүниеге келгенін біле аламыз. Мысал ретінде 2014 жылы дүниеге келген Олимпиада есімді қызды алсақ. Сочи қаласында 2014 жылы өткен Қыстық Олимпиада ойындары уақытында дүниеге келеген қызға ата-анасы осындай ерекше есім берген. Қыздың есімін естіген кезде біз бірнеше ақпарат аламыз, соның ең маңыздысы туылған уақыты.

Көк тәңіріне табынып, көшпелі тірлік кешкен қазақ халқының өмірінде аспан шырақтарының алатын орны айрықша. Сондықтан да, аспан денелерінің атауларынан да халқымыздың таным-түсінігі мен өмірлік тәжірибесінің негізінде жинақтаған білімінің көрініс тапқандығы дау туғызбасы анық. Ендеше, бұл топтағы атаулардың мағыналарында сақталған ақпаратты анықтаудың да қажеттілігі сөзсіз.

Қазақ халқының космонимиялық атауларының қыр - сыры өте терең. Аспан денелеріне берілген атаулардың бойындағы ақпарат маңызды. Космонимдер – аспан әлемінің аттары. Соңғы жылдарға дейін тіл білімінде астрономия және космонимия терминдері жарыса, қабаттаса қолданыс тауып келген еді. Ономастикалық терминдерді бір ізге түсіріп, қалыптастырумен байланысты қазір космонимия термині қолданысқа енді.

Космонимдердің жасалу үлгісі жалқы есімдердің басқа түрлерімен ұқсас, сәйкес келеді. Оның құрамында бір сөзден яки екі-үш, болмаса төрт сөзден қойылған атауларды жиі кездестіреміз. Бұның өзі аталып отырған аспан шырақтарының әр алауан көрінісіне, түр-тұлғасы мен көлеміне, кейде басқа бір затқа ұқсастығына да байланысты болса керек. Дара тұлғада тек Ай, күн, жұлдыз аттары ғана айтылады. Ал екі яки үш сөзден біріккен немесе тіркес қалпындағылар, көбіне, сол Ай мен Күн, Жұлдыздардың, Планеталардың толып жатқан түрлеріне тән есімдер. Әсіресе екі сөзден жасалған (билексемалық) космонимдер көбірек ұшырайды. Олардың компоненттері әр түрлі сөз таптарынан келіп отырады. Бірде зат есім мен етістіктен болса, кейде сын есім мен зат есім, болмаса етістік пен зат есімнен тіркесе жасалатындары да болады. Бұл құбылыс антропонимдер мен топонимдерге де тән қасиет.

Аспан денелерінің ішіндегі ең жарық жұлдыз ол – Шолпан. Ол таң алдында шығады. Түркі тілдерінде: өзб. Чолман, қырғ. Чолпон, башқ. Сулпан, осман түріктері Чобан, моңғ. Цолман, парсы тілінде бұны Зухра деп атайды. Бізде, халық арасындағы оның синонимдері: Жарық жұлдыз, Тұлқатын, Нарық жұлдыз не Зухра жұлдыз, Шоғыр жұлдыз, Керуен жұлдыз. Шолпан атауының халық арасына бұлайша бірнеше атауға ие болғанына қарағанда басқа тілден енген яки көне алтай тілінен қалған жұрнақ болса керек. Оның бірнеше компоненті шол, ал екінші компоненті пан сөзі екені айдан анық, айқын. Халық Шолпанды Айдың қызы деп тегін айтпаған. Мұны телескоппен қараған ғалымдардың да көзі жеткен. Ай мен Шолпанды ұқсастыру, тетелес санаудағы халық білгірлігі ғылыммен, ғылыми зерттеулермен тікелей байланысты екенін әлдеқашан анықталған.

Халық Шолпан жұлдызын Күн, Аймен бірге ерекше қастерлеп, қадірлеп отырған. Сондықтан ата-ана қыз балаларына Шолпан, Шолпангүл, ұлдарына Шолпанбай, Шолпақұл деп ат қойып, «өмірлерінің қуанышы, сөнбес бақыты, шам-шырағы, маңдайына біткен шолпан жұлдызы» болсын деп тілеген. Сондай-ақ күнделікті тұрмысымызда ол сөздің ауыспала мағынаға ие болып, «даңқтылық», «атақтылық» мәнінде қолданыс тауып отырғанын да көреміз. Мәселен, Күләш қазақ операсының шолпаны дейміз. Көркем әдебиеттерде, халық фольклорында сұлуларды Шолпанға теңеп, балап отырады.

Әдебиет:

1. Әлімбек Г. Сөз мағынасы және ақпарат. – Алматы: Атлас баспасы – 2001, 2006. – 168 б.
2. Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Рауан, 2013. – 168 б.
3. Жұмабаев М. Шығармалар, 3 томдық, 1-т.. – Алматы: Білім, 1995.-256 б.

УДК 81.11

ФУНКЦИИ ЗООНИМОВ В РУССКИХ, КАЗАХСКИХ И АНГЛИЙСКИХ ПОСЛОВИЦАХ

Дарбаева Ж.К., Әшім Р.И.
(СКГУ им. М.Козыбаева)

Как известно, в народных пословицах и поговорках отражен целостный познавательный опыт народа, его нравственно-этические, социально-эстетические, художественные и воспитательные цели. Пословичный фонд обобщает историю развития народа, отражает разные взгляды, отношения человека к миру. Пословицы имеют философское значение, вызваны глубоким проникновением в законы жизни, сравнением, размышлением о многообразии человеческого бытия. Многообразие народных пословиц и поговорок является ценным материалом, способствующим пониманию языковой личности.

При оценке историко-культурной роли каждого этноса в человеческом обществе, вкладе в цивилизацию, духовного бытия и ментальной ценности его мудрости следует учитывать не только масштаб сложившихся пословиц и поговорок, но и глубину глубины мировоззренческого мышления, широту и содержание мироощущения. Русский, казахский, английский народ в пословицах и поговорках глубоко

размышляет, формулирует определенные мысли, поскольку пословицы рождаются на основе обобщения различных жизненных ситуаций.

В наши дни изучение пословиц представляется актуальным, поскольку на сегодняшний день одной из важнейших задач становится формирование у подрастающего поколения патриотических, нравственных традиций национального воспитания, благородных качеств, эффективное использование материалов народной педагогики. И в этом плане роль пословиц и поговорок, которые берут начало от знаний и опыта наших предшественников, дедов и прадедов, велика, многое зависит от того, каким образом их использовать.

Рассматривая теоретические особенности пословиц и поговорок на материале русского, казахского и английского языков, можно определить следующие ракурсы исследования анализируемого пословичного фонда: аспект лексики, синтаксиса, морфологии, семантики и стилистики.

В плане семантического аспекта анализа собранный материал можно подразделить на самые различные тематические группы. Под тематической группой мы подразумеваем совокупность лексем различной частеречной принадлежности, объединенных общим тематическим признаком.

В плане стилистического аспекта анализа собранный нами фактический материал подразделяется с точки зрения их функционально-стилистической окраски принадлежности к тому или иному пласту лексики. [20, с.12 - 13]

В плане морфологического аспекта анализа собранный нами материал выявляет потенциал употребления в составе русских, казахских и английских пословиц слов различных частей речи.

В плане синтаксического аспекта анализа фактический материал, собранный нами, позволил прийти к выводу, что состав русских, казахских и английских пословиц представлен различными типами предложений. [21, с.113]

Тематическая классификация позволяет нам рассмотреть наиболее встречающиеся в количественном соотношении группы зоонимов, сделать сравнительный анализ русских, казахских и английских пословиц в тематическом плане.

Как известно, дикие и домашние звери всегда были органичной частью человеческого общества. Универсальное уравнение «человек-животное» легко прослеживается в пословицах и поговорках как русского, так и казахского и английского языков. Такие пословицы называют анимальными компонентами, метафорическими зоонимами, фразеологизированными оборотами с зоолексемами и т.д. В пословичном фонде любого народа число выражений с зоолексемами преобладает в количественном соотношении.

Сопоставительный анализ русских, казахских и английских пословиц с анималистическими зоолексемами показал, что основная часть таких пословиц антропоцентрична. Так, проанализированные нами на материале трех языков пословицы выявляют мировоззрение человека, его душевный и физический склад, менталитет и характер. В количественном соотношении пословичные выражения во всех анализируемых трех языках согласно проведенной тематической классификации подразделяются на шесть основных лексико-семантических или тематических объединений. Так, пословицы с зоонимическими компонентами были распределены по следующим основным тематическим группам:

«Домашние животные»

«Домашний скот»

«Домашние птицы»

«Дикие птицы»

«Дикие животные»

«Пресмыкающиеся и рыбы».

Как показывают наши наблюдения, наиболее частотная тематическая группа пословиц с зоонимическими компонентами - «Домашний скот» и «Домашние животные». Это объясняется тем, что домашний скот и домашние животные всегда находились рядом с человеком, выполняя функцию незаметных, но ценных помощников.

Среди наименований домашнего скота наиболее употребительны в русском языке зоонимы конь и бык, в английском языке – зоолексемы овцы и бык, в казахском языке – зоолексемы конь и овца.

Среди наименований домашних животных чаще всего встречается в русском и английском языках кошка, а в казахском языке – собака.

Среди наименований домашних птиц в основном встречаются в русских пословицах и поговорках гусь и курица, в английских – курица, а в казахском – только гусь.

Среди наименований диких птиц больше всего встречаются в русских поговорках лебедь и ворона, в казахских – орел и воробей, в английских – попугай и сокол.

Среди наименований пресмыкающихся и рыб в количественном отношении преобладают в русском языке общее название рыба, в английском – паук, в казахском языке – пчелы.

Разное восприятие зоонимов, отраженное в пословицах и поговорках сопоставляемых языков, зачастую связано с поверьями, представлениями народа, суевериями. Как показывают результаты исследования, зоолексемы в пословицах русского, казахского и английского языков широко употребительны, они отражают, прежде всего, как физические свойства (сильный, как бык, зоркий, как орёл, нюх, как у собаки, гибкий, как лань живучий, как кошка), внешние особенности (толстый, как боров, здоровая, как корова, медлительный, как черепаха, маленький, как щенок), так и особенности характера, ума (злой, как волк, ласковый, как теленок, упрямый, как осел) и т.д.

Таким образом, с помощью зоолексем в сопоставляемых языках в пословицах отображаются положительные и негативные человеческие качества. Так, выражение «*заячья душа*» понятно для русских, у которых заяц — символ слабости и трусости. Однако в английском языке есть выражение Rabbit'sfoot - подарить Rabbit'sfoot (дословно — заячью лапку), что значит подарить талисман на удачу.

В русском языке есть выражения «тянуть *кота* за хвост» (делать что-то медленно), «коту под хвост», «не все коту масленица», и если черная кошка перебежала дорогу – быть беде. В английском языке нет осуждения или даже иронии по отношению к такой черте характера, напротив, делать медленно – делать хорошо: Slow and sure – медленный и уверенный, slowly but surely – медленно, но уверенно. Так говорят англичане, и считают это правильным.

Хитрость *лисы* в сопоставляемых трех языках нельзя считать отрицательным качеством. В русской культуре хитрость ассоциируется с находчивостью, смекалкой. В сказках хитрость лисы двупланова, в тех сказках, где она обманывает слабого, ее наказывают, а где она хитростью обходит сильного, она симпатизирует читателю. В казахском языке эквивалент данной пословицы звучит как «Түлкі құйрығымен ізін жасырады» (Лиса замечает следы хвостом) и «Қу түлкі» (Хитрая лиса), Түлкіге қаз бақтырма (Не заставляйте лису держать ваших гусей). В английском языке также есть выражение as cunning as a fox - полный эквивалент русскому - хитрая как лиса.

Во всех рассматриваемых языках с помощью зоолексем в пословицах ярко и отчетливо выражается отношение к труду, многие английские, русские и казахские

пословицы подчеркивают презрение к лени, безделью. Но зоонимы, используемые в них, различны. Так, в русском языке отмечается, что что без усилий не добыть пищи: «Без труда не выловишь и *рыбки* из пруда», англичане в схожей ситуации акцентируют внимание на то, что белоручка не достигает результатов: «Cat in gloves catches no mice» («*кот* в перчатках мышей не поймает»). Само понятие безделья широко представлено яркими зоообразами. Русские бездельем считают следующие действия: «считать *ворон*», «считать *галок*», «гонять *голубей*», «считать *мух*», «*мух* бить»; «*мух* ловить», «*ворон* ловить», «*собак* гонять», «вертеть *вола* (за хвост)». Под этими действиями подразумевается общее бесцельное, бездумное времяпрепровождение, а также более конкретное действие, когда кто-либо бесцельно смотрит по сторонам, бездумно отвлекается от дела. Английский язык отображает различные образы безделья активного вида, а именно: «to shoe the goose» — заниматься бесполезным делом (шить *гусю* сапоги); «to chase the wildgoose» «гоняться за *химерами*» (гоняться за диким, гусем); и пассивного типа: «to slug» «лениться, нежиться в постели, поздно вставать» (производный глагол «to slug» от существительного «*улитка*»).

Проведенная грамматическая классификация позволила распределить пословицы с зоолексемами по следующим группам с опорным компонентам: именные, глглагольные, адъективные, адвербиальные, междометные пословицы. Наши материалы свидетельствуют, что во всех трех языках анализируемые пословицы представлены именными структурами.

Проведенная лексико-семантическая классификация строится на условном подразделении пословиц с зоонимическими компонентами на две группы: в первую группу вошли пословицы и поговорки, идентичные по смыслу и содержащемуся в нем зоониму; во вторую группу вошли пословицы и поговорки, идентичные по смыслу, но используемые разные зоонимы

Как свидетельствует собранный нами материал, в русском языке больше всего пословиц первой группы, в казахском и английском языках – второй группы.

Более трети пословиц и поговорок имеют полный эквивалент в остальных двух языках, есть возможность калькирования: «*Ворон* ворону глаз не выклюет» («*Қарға* қарғаның көзін шұқымайды»), «A *hawk* will not pick out hawk's eyes»).

Остальные пословицы имеют одинаковую структуру, но образы для выражения в них различны, ср. в русском языке: Когда *рак* на горе свистнет, ср. в английском: «When a *pig* fly» (Когда *свинья* летит), ср. в казахском: «*Ит* жоқта шошқа үрер заман» (Время когда нет собак и лают свиньи, т.е. никогда).

Русские пословицы, совпадающие по смыслу, близкие по образности английским, порой расходятся с ними в буквальном переводе. Wedon't kill a *pig* everyday – (мы не забиваем поросенка каждый день). Русский эквивалент: «не всё *коту* масленица». Кстати, англичане, которых считают практичными и достаточно чопорными людьми, выделяют как определенный недостаток такой вид безделья, как чрезмерные развлечения, особенно за чужой счет. Так, мужчину, «постоянного посетителя салонов, курортов» назовут *lizard* (ящерица), то есть этот зооним обозначает «дармоед, тунеядец». Для английской культуры зооним «ящерица» несет отрицательную оценку. В русской культуре ящерица воспринимается как юркое животное, одобряется предприимчивость ящерицы.

В результате анализа фактического материала мы пришли к выводу, что некоторые зоонимы несут разную эмоциональную окраску в пословицах и поговорках данных народов. Так, если волк и свинья упоминаются среди «отрицательных лидеров» в всех языках, то отрицательный образ «*осла*» и «*рыбы*» более типичен для английских пословиц, а образ «*овцы*» - для русских и казахских. В то же время «*птица*» и

«собака» являются положительными образами в английских пословицах и поговорках, а в русском и казахском таковым является «*конь*». Мы выявили, что зоонимы во всех языках вмещают не только аналогичные, но и разные качества. Символами слабоумия в русском языке выступают курица, баран, осёл. Тупость и ограниченность представлены в казахском языке также с помощью зоонима баран: смотрит как баран на новые ворота. А в английском языке такими символами являются змея, гусь, кукушка и осел.

В то же время есть зоонимы с одинаковой эмоциональной нагрузкой в сопоставляемых языках. Например, крысы ведут грязную жизнь, они трусливы, поэтому в казахском языке говорят «Суға батып бара жатқан кемеден *көртышқан* да қашады» (Из тонущего корабля бегут даже крысы). В русском языке есть выражения «*магазинная крыса*», «одна крыса может испортить котел похлебки», в английском языке также часто используют зооним крыса, чтобы указать на нелояльного человека: *Rats desert a sinking ship* (Крысы, бегущие с тонущего корабля).

Другим примером может служить зооним *пчела*, который во всех сопоставляемых трех языках является универсальным символом трудолюбия и организованности. Например, в русском языке: занята, как пчела, ср.: в казахском языке - *Арадай* еңбеккер (трудолюбивая, как пчела), или Шебер қол шет қалмайды (занятой пчеле нет времени для скорби).

Сравнивая пословицы с зоонимическим компонентом в сопоставляемых языках, следует отметить, что большинство зоонимов все же несет двойную смысловую нагрузку, таковыми являются, например, корова, собака, рыба, лиса, орел, лев. Например, в русском языке зооним корова имеет как положительную, так и отрицательную окраску: «от черной коровы да белое молочко», «корова на дворе – харчи на столе» и «как корова языком слизнула», «как корова на льду». В казахском языке зооним лев имеет положительную окраску: «Ит тобын арыстан бастаса, барлық ит арыстан болады, арыстан тобын ит бастаса, барлық арыстан ит болады» (если стаю собак будет возглавлять лев, то все собаки станут львами, а если стаю львов будет возглавлять собака, то все львы станут собаками), «Қорқау қасқырға жем болғанша, арыстанға жем бол» (Пусть тебя съест лев, чем гиена) и отрицательную окраску: «Өлер арыстан қасқырды аға, түлкіні апа дер» (Умиравший лев будет называть волка дядей, а лису тетей), в английском языке зооним собака также имеет как положительную окраску: «A live dog is worth more than a dead lion» (Живая собака лучше мертвого льва), «It is a good dog that smells it when a thief is about» (Хороший пес всегда чувствует вора), «A good husband and a good dog won't chase the chicks» (Хороший муж и хороший пес не будут гоняться за «цыпочками»), так и отрицательную: «Angry dogs rarely give thanks» (Злая собака редко благодарит), «Don't trust a dog, even if he sleeps» (Не верь собаке, даже если она спит).

Самый распространенный прием, на котором основано построение пословиц с анималистическими компонентами – метафоризация, например, в русском языке – хитрость лисы, в казахском языке – медлительность улитки, в английском языке – энергия коня.

Наименования представителей животного мира связаны с обозначением определенной символики. В основном, как показывает фактический материал, большинство наименований животных женского и мужского пола, а также их детенышей стали безошибочными метафорами, обозначающими человеческие качества.

Например, в тематической группе «Домашний скот» и «Домашние животные» лошадь, конь, жеребенок в русском, казахском и английском языках стала символом спокойствия овца; баран, ягненок – плодовитость. коза, козел, козленок – упрямость,

корова, бык, теленок – стойкость характера, свинья, поросенок - грязь, кошка, котенок - ласку собака, щенок- верность. В тематической группе «Дикие животные» лиса символизирует в русском потомство, казахском и английском языках спокойствие. медведь - неуклюжесть, волк - кровожадность, заяц – трусливость, лев - благородство, тигр - величие, слон -неуклюжесть, мышь, крыса –хитрость. В тематической группе «Домашние и дикие птицы» в русском, казахском и английском языках гусь символизирует – плодovitость, курица, петух, цыпленок - глупость, селезень, утка – своенравность, голубь мир, орел – высший разум, чайка – удачу, соловей – нежность, жаворонок -успех, синица - невинность, журавль -плодovitость, ласточка – справедливость, павлин - пышность, ворона – зло. В тематической группе «Пресмыкающиеся и рыбы» зоолексема рак символизирует в русском - удачу, казахском – хороший улов и английском языках – тоже успех, зоолексема рыба – молчаливость.

Итак, мы сделали попытку проанализировать зоономические лексемы в составе найденных нами пословицах и поговорках сопоставляемых языков. В ходе анализа были выявлены идентичность и различия по употреблению различных зоонимов в составе паремий. Так, например, лексема *кошка* в английском языке олицетворяет спокойствие, ласку и нежность, в русском языке данному животному приписывают связь с потусторонним миром, колдовством и злом, в казахских паремиях ясно и отчетливо просматривается неприязнь к кошкам вообще.

Итак, пословицы с зоономическими компонентами являются носителями национально-культурной семантики в русском, казахском и английском языках, по-разному отражает стандарты языковых культур, и в то же время пословичный фонд с зоонимами является наиболее распространенным фрагментом языковой картины мира представителей русского, казахского и английского этносов.

Литература:

1. Костюхин Е.А. Типы и формы животного эпоса. М., 1978.
2. Бурвинова Н.Д., Брагина А.А. Мир животных в мире слов. М., Московский лицей//ФН., 1996, №3.
3. Верещагин Е.М., Костомаров В.Г. Язык и культура: Лингвострановедение в преподавании русского языка как иностранного. — М., 1983.
4. В. И. Даль Пословицы русского народа. Сборник пословиц, поговорок, изречений, присловий, чистоговорок, загадок, поверий и проч. — М., 1862.
5. <http://webprogram.narod.ru/proverb/> - Englishproverb – Английские пословицы с русским переводом.

УДК 821.161.1

ТРАДИЦИИ СИМВОЛИЗМА В РЕПРЕЗЕНТАЦИИ ТЕМЫ ЛЮБВИ И.А. БУНИНЫМ (на материале рассказов разных лет)

Есенгазиев А.М.
(СКГУ им. М. Козыбаева)

С наступлением XX века и появлением новых течений и художественных систем в искусстве и, в особенности, в литературе возникает творческая жизнь, при которой происходит их взаимовлияние и воздействие друг на друга. Вопросы о влиянии определенного течения на того или иного автора неумолимы и появляются с завидной частотой.

Эти вопросы встают перед нами со всей очевидностью, когда мы рассматриваем творчество И.А. Бунина. Спорным является вопрос о принадлежности И.А. Бунина к модернизму, о влиянии символизма на его поэзию и прозу. Поэтому целью данной статьи является анализ элементов поэтики символизма при репрезентации вечных тем любви и смерти в бунинских рассказах разных лет.

Темы любви и смерти в художественном мире И.А. Бунина мы относим к «вечным» по нескольким причинам.

Во-первых, все поколения людей на Земле любили, любят и будут любить. Поэтому избежать любви невозможно – она у писателя неотвратима, как смерть.

Во-вторых, любовь и смерть сопрягаются в творческом контексте – они преобразовывают, трансформируют картину мира в глазах героя, принципиально изменяя мироздание. Рассказ «Лёгкое дыхание» начинается с описания могилы героини: «На кладбище над свежей глиняной насыпью стоит новый крест из дуба, крепкий, тяжелый, гладкий. Апрель, дни серые; памятники кладбища, просторного, уездного, еще далеко видны сквозь голые деревья, и холодный ветер звенит и звенит фарфоровым венком у подножия креста. В самый же крест вделан довольно большой, выпуклый фарфоровый медальон, а в медальоне - фотографический портрет гимназистки с радостными, поразительно живыми глазами. Это Оля Мещерская» [1, т. 4, с. 94]. Контраст могилы и радостных, живых глаз мотивирует настойчивый интерес повествователя к Оле и к природе любви. В рассказе «Митина любовь» встреча героя с Катей так же изменяет мир, как и сюжетно предшествующая смерть отца: «Митя вышел на крыльцо, глянул на стоявшую возле двери огромную крышку гроба, обитую золотой парчой, - и вдруг почувствовал: в мире смерть! Она была во всем: в солнечном свете, в весенней траве на дворе, в небе, в саду...» [1, т. 4, с. 348]. Смерть преобразует картину мира во всей универсальной целостности: «Не по-прежнему, как-то не так светило солнце, не так зеленела трава, не так замирали на весенней, только еще сверху горячей траве бабочки, — все было не так, как сутки тому назад, все преобразилось как бы от близости конца мира, и жалка, горестна стала прелесть весны, ее вечной юности!» [1, т. 4, с. 349].

Такой же творческой силой наделяется любовь. Готовность к любви изменяет Олю Мещерскую: «Никто не танцевал так на балах, как Оля Мещерская, никто не бегал так на коньках, как она, ни за кем на балах не ухаживали столько, сколько за ней, и почему-то никого не любили так младшие классы, как ее» [1, т. 4, с. 95]. Любовь преобразует не только Митю, но и весь мир вокруг него: «И вся длинная московская зима, счастливая и мучительная, преобразившая всю жизнь его, вся целиком и уже совсем в каком-то новом свете вставала перед ним. В новом свете, опять в новом, стояла теперь перед ним и Катя... Да, да, кто она, что она такое? А любовь, страсть, душа, тело? Это что такое? Ничего этого нет, - есть что-то другое, совсем другое! Вот этот запах перчатки - разве это тоже не Катя, не любовь, не душа, не тело?» [1, т. 4, с. 343]. Похожую сцену мы можем увидеть и в «Солнечном ударе»: «Номер без нее показался каким-то совсем другим, чем был при ней. Он был еще полон ею - и пуст. Это было странно! Еще пахло ее хорошим английским одеколоном, еще стояла на подносе ее недопитая чашка, а ее уже не было... И сердце поручика вдруг сжалось такой нежностью, что поручик поспешил закурить и несколько раз прошелся взад и вперед по комнате» [1, т. 4, с. 384]. И.А. Бунину не нужны лишние слова: достаточно просто увидеть, почувствовать, и любовь окутает, разорвет, соберет заново личность и всю ее жизнь, творчески преобразуя мир вокруг нее.

Любовь и смерть в понимании И.А. Бунина неизбежны, как судьба, и так же непостижимы. Загадку Оли Мещерской как воплощения женственности и смерти пытается разгадать ее классная дама: «Смерть Оли Мещерской пленила ее новой

мечтой. Теперь Оля Мещерская - предмет ее неотступных дум и чувств. Она ходит на ее могилу каждый праздник, по часам не спускает глаз с дубового креста, вспоминает бледное личико Оли Мещерской в гробу, среди цветов» [1, т. 4, с. 98]. Задаётся вечным вопросом о сущности любви Митя: «Что это значит вообще - любить? Ответить на это было тем более невозможно, что ни в том, что слышал Митя о любви, ни в том, что читал он о ней, не было ни одного точно определяющего ее слова. В книгах и в жизни все как будто раз и навсегда условились говорить или только о какой-то почти бесплотной любви, или только о том, что называется страстью, чувственностью. Его же любовь была не похожа ни на то, ни на другое. Что испытывал он к ней? То, что называется любовью, или то, что называется страстью? Душа Кати или тело доводило его почти до обморока, до какого-то предсмертного блаженства...» [1, т. 4, с. 338]. Нет столь подробного рассуждения о природе любви в «Солнечном ударе», но, тем не менее, поручик испытывает сходное чувство сомнения в самом себе, недоумение от собственных ощущений: «Да что же это такое со мной? И что в ней особенного и что, собственно, случилось? В самом деле, точно какой-то солнечный удар! И главное, как же я проведу теперь, без нее, целый день в этом захолустье?». [1, т. 4, с. 384]

Своеобразием репрезентации любви в художественном мире И.А. Бунина мы считаем многообразие форм ее проявления. Традиционно любовная тема имеет ценностно-коннотативную константу как проявление авторской индивидуальности: любовь как святыня, как дьявольское искушение, гармония или хаос, счастье или мука, духовное или телесное воплощение, окрыляющее или разрушительное начало. У И.А. Бунина сосуществуют самые разнообразные формы и конфликты любовных сюжетов: социальные, психологические, чувственные, высокие и низменные, связанные с изменой или пожизненной верностью. Обратим внимание на конкретные примеры в рассказах «Легкое дыхание», «Солнечный удар», «Митина любовь» и «Часовня» из сборника «Темные аллеи». Оля Мещерская рассказывает: «За чаем мы сидели на стеклянной веранде, я почувствовала себя как будто нездоровой и прилегла на тахту, а он курил, потом пересел ко мне, стал опять говорить какие-то любезности, потом рассматривать и целовать мою руку. Я закрыла лицо шелковым платком, и он несколько раз поцеловал меня в губы через платок... Я не понимаю, как это могло случиться, я сошла с ума, я никогда не думала, что я такая! Теперь мне один выход... Я чувствую к нему такое отвращение, что не могу пережить этого!». [1, т. 4, с. 97]

При этом авторской константой является неподсудность любви, ее самодостаточность и самоценность, отказ от оценочно-иерархических представлений. Такое разнообразие проявлений любви при авторском объективном подходе присуще, скорее, русскому символизму, нежели реализму с жесткой причинно-следственной и конкретно исторической обусловленностью: «Если вы, отрешившись от наскучившей вам повседневности, одиноко сядете у большого окна, перед которым, как прилив и отлив, непрерывно движется толпа проходящих, вы через несколько мгновений будете втянуты в наслаждение созерцания, и мысленно сольетесь с этим движущимся разнообразием. <...> В мимолетных улыбках, в случайных движениях, в мелькнувших профилях, вы угадаете скрытые драмы и романы, и чем больше вы будете смотреть, тем яснее вам будет рисоваться незримая жизнь за очевидной внешностью, и все эти призраки, которым кажется, что они живут, предстанут перед вами лишь как движущиеся ткани, как созданыя вашей собственной мечты. <...>

Между тем, если б вы находились сами в этой толпе, принимая равноправное участие в ее непосредственных движениях, неся ярмо повседневности, вы, пожалуй, не увидели бы в этой толпе ничего, кроме обыкновенного скопления народа, в определенный час, на определенной улице.

Таковы две разные художественные манеры созерцания, два различные строя художественного восприятия - реализм и символизм». [2, с. 348-349]

Так характеризует художественный метод символистов К.Д. Бальмонт в своей статье «Элементарные слова о символической поэзии». Следуя данной трактовке, можно констатировать следующее.

Мы можем с уверенностью сказать о крайне сильной традиции символизма в прозе И.А. Бунина и о значительном влиянии символизма на его творчество. В реалиях XX века и культурно-исторического процесса того времени избежать влияния символизма и реализма друг на друга было бы просто невозможно, иначе вопрос о творческом методе И.А. Бунина не стоял бы так остро.

Писатель достаточно часто использует символистские средства выразительности для интерпретации любви и смерти. Сущность женственного очарования Оли Мещерской – «легкое дыхание»: «Теперь это легкое дыхание снова рассеялось в мире, в этом облачном небе, в этом холодном весеннем ветре» [1, т. 4, с. 98]. Женственное начало в рассказе И.А. Бунина «имеет отношение как к вечному, божественному, так и к земному миру», и в этом отношении оно вызывает нешуточный интерес нарратора и ассоциируется с символистской концепцией Софии – Премудрости Божией [3, с. 33]. София «символизирует божественное знание и возможность гармоничного единения человека с Богом, сотворчество». А красота, как и любовь, «наделяется в символизме онтологическими и гносеологическими свойствами». [3, с. 33]

И.А. Бунин не только раскрывает онтологическую природу любви, но и органично использует модернистские символы: «Теперь же в мире была Катя, была душа, этот мир в себе воплотившая и надо всем над ним торжествующая» [1, т. 4, с. 347]. Мучительные, дисгармоничные отношения Кати и Мити, страдания героя из-за несовпадения реальной возлюбленной с ее вымышленным образом, из-за ревности и неприятия ее театральных перспектив воплощаются в символе «душа мира», который у позднего В. Соловьева является дисгармоничной стороной Софии: «...это душа мира, первая тварь, *materia prima*, имеющая в своей основе хаотическое начало, обладающее определенной свободой; олицетворение временного, дисгармоничного начала универсума». [3, с. 33]

Заметим, как болезненно сказывается любовь у И.А. Бунина - особенно когда её отнимают, когда она отсутствует. Сначала она зажигает людей тем зарядом взрывной силы, какая способна стирать города, а после оставляет черное пепелище. Но что такое любовь у символистов? Обратимся к старшему символисту К.Д. Бальмонту: «В том и величие и тайна и восторг любви, что жизнь и смерть становятся равны для того, кто полюбит. Жизнь своя и чужая.<...>

Любовь ужасна, беспощадна, она чудовищна. Любовь нежна, любовь воздушна, любовь неизреченна, и необъяснима, и что бы ни говорить о любви, ее не замкнешь в слова, как не расскажешь музыку и не нарисуешь Солнце. Но только одно верно: тайна любви больше, чем тайна смерти, потому что сердце захочет жить и умереть ради любви, но не захочет жить без любви. Любовь иногда приводит к безумию. Иногда? Быть может, всегда? О, конечно всегда, но только порою это безумие тонет в красках и словах, схваченных лиризмом...». [2, с. 401-402] Лиризм и трагедийность в интерпретации любви также сближают художественный мир И.А. Бунина с поэтикой символизма.

Какую бы грань концепции любви И.А. Бунина мы не возьмем, она никогда не будет выглядеть гладко: неумолимо в ней полыхает пламя, которое - только попробуй задуть - разрушит. Любовь, как и смерть, изображаются в духе канонов символизма: как нечто соединяющее, приводящее к безумию и уничтожающее все прочее.

Изобразительные средства И.А. Бунина воспринимаются чуть ли не наглядным примером, иллюстрацией выводов К.Д. Бальмонта.

Это случилось с Олей Мещерской в рассказе «Легкое дыхание»: «...в нее безумно влюблен гимназист Шеншин, что будто бы и она его любит, но так изменчива в обращении с ним, что он покушался на самоубийство». [1, т. 4, с. 95]

Давайте проследим внимательнее этот момент.

Легкое дыхание на то и легкое, что тушить им можно только свечи, а не пожарище, - невесомое и краткое, которое рассеивается в ткани вселенной. В этой детали космического пейзажа проявляется бунинское использование поэтики символизма. Это многозначность самого названия, сопрягаемая с причинами гибели Оли Мещерской. О чем думала Оля, когда она умерла?

Заметим, что мы не видим ее душевной жизни в рассказе об её смерти. Только как итог в самом начале предстает топос кладбища в серые апрельские дни, а на кладбище - крест с вклеенным изображением Оли, на котором она - с живыми и радостными глазами. Легкое дыхание. Она не почувствовала смерти. Она просто выдохнула. В пересечении начала и финала прослеживается символистская интонация и попытка И.А. Бунина отпереть окно в бесконечность интерпретаций. Ведь с одной стороны, легкое дыхание - это метафора невесомости жизни Оли Мещерской, метафора легкости ее смерти, метафора ее любви - она возникнет и рассеется.

Не менее важной является деталь, указанная автором, - «серые апрельские дни». Заставляет задуматься, почему именно апрельские, а не осенние. Ведь если осень - это время всеобщего увядания, что было бы тематически близко к картине кладбища, то весна - это пора оживления и расцвета, символ того, что жизнь будет и после смерти.

С другой стороны, легкое дыхание растворяется в космическом пейзаже вечности и бесконечности. Это символизм - окно в вечность.

И не менее важная деталь рассказа - это мотив убийцы. Даже на предметном уровне мотив убийства неясен, как до сих пор ведутся споры о причинах самоубийства Мити. Мы можем строить новые смыслы, один поверх другого, и эта множественность читательских интерпретаций подтверждает, что творчество И.А. Бунина, хотел он того или нет, но испытывает влияние символистских тенденций русской литературы.

Всегда ли персонажи И.А. Бунина находят избавление от мук любви в смерти? Нет, но всегда происходит расставание любящих героев, например, поручика и дамы в рассказе «Солнечный удар»: «Темная летняя заря потухала далеко впереди, сумрачно, сонно и разноцветно отражаясь в реке, еще кое-где светившейся дрожащей рябью вдали под ней, под этой зарей, и плыли и плыли назад огни, рассеянные в темноте вокруг. Поручик сидел под навесом на палубе, чувствуя себя постаревшим на десять лет». [1, т. 4, с. 388]

Он не умер, но в конце, обугленный и испещренный случившимся, просто не видит ничего для себя. Исчезла его любовь – забрала ближайшую перспективу и смысл. На предметном уровне очевидна продолжающаяся жизнь поручика. Остается память, неподвластная разрушительному времени, которая сохраняет мгновения солнечного удара любви.

Так ли губительна любовь у И.А. Бунина на самом деле?

В рассказе «Часовня» из сборника «Темные аллеи» есть ключ; мы встречаем такой диалог:

«- А зачем он себя застрелил?

- Он был очень влюблен, а когда очень влюблен, всегда стреляют в себя...». [1, т. 5, с. 472]

С одной стороны - это ответ на «Митину любовь». Эта мысль о неизбежном конце от пули из-за неразделенной любви объясняет поступок Мити, и все же с ней можно не согласиться.

Присмотримся повнимательнее к Мите, к поручику, к Оле Мещерской, а вернее, - к её убийце. Взглянем на того же «дядю» из «Часовни». Что их объединяет? Не только любовь, но и утрата любви, ее непостижимость и невозвратность.

Митя стреляется с наслаждением, дабы успокоить боль в себе; убийца Оли Мещерской, обуянный любовной страстью, стреляет в нее; самоубийца из «Часовни» кончает с собой, потому что «очень влюблен», а поручик продолжает жить.

И в этом-то тоже проявляется связь художественного мира И.А. Бунина с поэтикой символизма - в свободе читательских интерпретаций как проявлении сотворчества с писателем. Почему именно «с наслаждением» Митя стреляет в себя? Только ли для укрощения боли? Быть может оттого, что мира для него не стало? Ведь Митя видел Катю везде в своей жизни, всё было - Катя. Но Катя ушла.

Ушел мир. Ушла жизнь. «С наслаждением выстрелил». Но такова онтологическая природа единственной любви у И.А. Бунина: это пламя не затушить и не заменить суррогатом Аленки. Подлинная любовь даже в смерти утверждает свою неповторимость, единственность - поэтому любовь у И.А. Бунина страстная, и его персонажи, которым «посчастливилось» полюбить, - обречены на разлуку в пределах земной жизни и вечную память о любви, неподвластной времени.

Конечно, мы не можем утверждать методологической принадлежности художественного мира И.А. Бунина модернизму и символизму, но очевидно влияние модернистских и символистских канонов поэтики на репрезентацию темы любви и смерти. Именно поэтому любовь и смерть интерпретируются первым русским лауреатом Нобелевской премии как онтологические категории, сопричастные вечности, космической бесконечности и творческой памяти.

Литература:

1. Бунин И.А. Собрание сочинений: В 6 т. - М.: «Художественная литература», 1988. - Т. 4. Произведения 1914-1931. - 1988. - 703 с. — Т. 5. Жизнь Арсеньева. Рассказы 1932-1952. - 1988. - 639 с.
2. Бальмонт К.Д. Собрание сочинений: В 7 т. Т. 6: Край Озириса; Где мой дом?; Очерки (1920-1923); Горные вершины: Сборник статей; Белые зарницы: Мысли и впечатления. - М.: Книжный Клуб Книговек, 2010. - 624 с.
3. Блискивицкий А.А. Философско-эстетические основы русского символизма // Вестник славянских культур. - 2011. - №19. - Т. 1. - С. 31-43.

ӘӨЖ 004.81: 159.9

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАРДАҒЫ БЕЙВЕРБАЛДЫ АМАЛДАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ- МӘДЕНИ НЕГІЗІ

Есматова М.Т., Казыбаева Г.С.
(*М.Қозыбаев атындағы СҚМУ*)

Соңғы уақытта адамның өмірлік маңызы бар аспектілерін – оның санасы мен ой-өрісін, ақиқат шындықты қабылдау және ұғыну ерекшеліктерін, сондай-ақ аталған үдеріс нәтижелерінің тілде белгіленуін кеңірек қарастыруға жол ашылды. Соған сәйкес қазіргі кезеңдегі лингвистикалық зерттеулерде басымдылыққа ие бола бастаған антропоцентристік бағыт адам қызметінің тұлғалық және әлеуметтік қырларына деген

қызығушылықты арттыра түсті. Соның нәтижесінде тілдік болмысты таныммен байланыстыра, сол тілді тұтынушы адаммен, субъектімен сабақтастыра зерттеудің заңды құбылыс екенін осы саладағы зерттеулер дәлелдеп отыр. Себебі, адам баласы сәби кезінен бастап, ана тілін үйренумен бірге өз халқының мәдениетін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын да оқып үйреніп, бойына сіңірумен болады. Ал халық, ұлт мәдениетінің айқын белгі-нышандары мен нәзік қыр-сыры оның тілінде бейнеленеді. Сондықтан әрбір тіл өзіне тән белгілері, қасиеттері бар ғажайып құбылыс десек, соған сәйкес олардың әрқайсысында әлем мен адам бейнесі әр түрлі көрінеді.

Дүниенің тілдік бейнесі этностың рухани және материалдық мәдениетінің маңызды ұғымдары мен түсініктері жинақталып, бойына сіңірілген концептілердің вербалдануы негізінде көрінеді. Концептінің маңызы мен оның дүниенің тілдік бейнесін қалыптастырудағы орны, белгілі бір концепт туралы орныққан түсініктер сол тілді тұтынушылардың ұғынуы арқылы анықталады.

Демек, тілдік дүние суретін қалыптастыруда концептінің алар орны ерекше, себебі, «концепт – ұлттық дүниетаным ерекшеліктерін бойына жинаған, тілде көрініс тапқан негізі тереңде жатқан көп қабатты құрылым және ол белгілі бір этномәдени ортаның әрбір мүшесіне ортақ болып келеді» [1, 444 б.].

Атап айтқанда, дүниенің тілдік бейнесінде әр халықтың тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, наным-сенімі т.б. ұлттық-мәдени құндылықтары, адамның күллі әлем, тұтас дүние туралы көзқарас, түсініктері, сондай-ақ адамның сол тұтас әлемнен өз орнын табуға деген ұмтылыс-талпынысы, түрлі қызметі, алуан әрекеті, адамдар арасындағы қым-қиғаш қарым-қатынас та көрініс табады.

Ал осы дүниенің тілдік бейнесін жасауда тілдік амалдармен қоса бейвербалды компоненттер де қолданылады. Зерттеуші Ж. Нұрсұлтанқызы өзіне дейінгі ғалымдардың пікірлерін саралай келе, «бейвербалды амалдарды вербалды амалдарды толықтырып, оларға қосымша мағына үстейтін, коммуникативтік актіні жалғастыруға қызмет ететін, адамдардың өзара түсінісуін қамтамасыз етуге көмектесетін қарым-қатынастың түрі» деп бағалайды [3, 8 б.].

Әр этностың қоғамдық өмірінде өзіне ғана тән қарым-қатынас түрлері мен жүйесі бар екені белгілі. Сонымен бірге этнос мәдениетінің категориялары ретінде қызмет ете отырып, этнолингвистикалық мәнге ие болатын паралингвистикалық атаулардың, оларға жататын бірліктердің кез келген ұлттық тілде жиі қолданылатынын аңғару қиын емес. Соған сәйкес «...коммуникацияның бейвербалды элементтеріне, яғни ым мен ишаратқа, дене қимылдарына қарап отырып, адамның қай ұлттың, қай құрлықтың өкілі екенін шамалауға болады, өйткені әрбір ұлттың дене тілінің өзіндік сипатты ерекшелігі бар және осы ерекшеліктер көбінесе фразеологизмдерге негіз (ұйытқы) болып табылады» деп пайымдаған белгілі ғалым Б. Момынова соңғы кездегі зерттеулердің нәтижелері адамдар арасындағы қарым-қатынастың (коммуникацияның) 7 пайызы вербалды (сөздер, фразалар, сөйлемдер), 33 пайызы вокальды (интонация, дауыс ырғағы, дауыс немесе дыбыс әуезділігі, екпіні мен қарқыны т.б) және 55 пайызы бейвербалды (дене тілі немесе ым мен ишарат) элементтер арқылы жүзеге асатындығын нақты дәлелдегенін атап көрсетеді [1; 4-7 бб.].

Ғалымдар анықтағанындай, әр халықтың мәдениетіндегі көптеген қимылдар бір-бірімен сәйкес келеді... Авторлар кейіпкерлерінің іс-әрекетін дене және қол қимылдарының психологиялық мәнін көрсету үшін ремаркаларға арнайы енгізетін белгілі. Қимылдарда ұлттық салттың, дәстүрлердің, әдет-ғұрыптардың сынығы бар. Бүкіл халықтардағыдай, қазақ халқында да қандай жағдайда, қалыпта екенін бет-жүзінен оқып біледі. Бет-әлпеті ішкі құбылыс, сезімге қарағанда, маңыздырақ құбылыс, сезімге қарағанда маңыздырақ құбылыс болып табылады. Бұнда адамның көңіл-күйі, сезімі жарқынырақ көрінеді (жүзі, беті ашық, жарқын, суық, т.б.).

Ері, баласы, жақыны, туысы қайтыс болған әйелдің қара жамылып, жоқтау айтуы – халқымыздың ежелден келе жатқан салт-дәстүрі. *Аза тұтқан әйелдердің ерін жоқтап, ертелі-кеш дауыс салып жылайтын әдетін жасамаса да, өз бетін өзі тырнап жосадай қылған Әлима мигұла адам сияқты* (С. Жүнісов. Ақан сері). Қайғы-қасіреті мен шерлі көңілін жақынын жоғалтқан әйел *бетін жырту, бетін тырнау, шашын жаю, шашын жұлу, қос бүйірін таяну* сияқты паралингвистикалық амалдар арқылы білдіріп, қайтыс болған ерінің, баласының, туысының жақсы, асыл қасиеттерін жоқтау жырына арқау еткен. Мысалы:

Қара бір шашым жаяйын,

Жаяйын да жияйын.

Қыналы бармақ, жез тырнақ

Күнде қанға бояйын.

Албыраған ақша бет

Сүйегіне тояйын!

Мойылдаған қаракөз

Жаспенен оны ояйын,

Алишандап жүрген жас төрем

Орныға кімді қояйын (Боздағым. Қазақтың жоқтау жырлары).

Көне замандарда, көне түркі кезеңі саналатын V-VIII ғасырларда түркі тайпалары қайтыс болған адамға қатты қайғырып, «өлген адамның тумалары шашын жұлып, бетін тырнап, құлағын кесіп, өздерін қорлайтын» әдет болған. Оның мәнісі: «Өлген жақсы адамның артында қалып, онсыз сүрген өмірде не мән бар?» – деп қараудан шыққан [19; 12 б.]. Ертеде көптеген халықта қатты қайғырғанда, бетін тырнап, айғыздаумен бірге шашын жұлып немесе тақырлап алып тастайтын болған. Кейбір тайпаларда ері қайтыс болған әйел бұрымын кесіп, күйеуіне деген адалдық белгісі ретінде оны күйеуімен бірге жерлеген. Аталған бейвербалды амалдың қазақтың жоқтау жырларын айтқан кезде қолданылуы сол кезден қалған болуы керек деп топшылаймыз. Мысалы:

Бұл кезде Бөжейдің өз үйінің ішінде қара сұр бәйбіше шаршысын шорт байлаған. Қара шашын тарқатып, екі иініне жайып салған. Қансөлден айрылып, сұрланып талған жүзінде көк тамырлары білінеді. Екі бетінің ұштары жылап жыртықан тырнақтың табын сақтап, жарадар боп тұр (М. Әуезов. Абай жолы).

Қарт ана оқыс есін жинап алды.

Ойпырм-ай!.. – деп өкіріп, жас жуған бетіне тырнақ салып, қанын ағыза осып-осып жіберді. Қанша кісі жабылса да, күйік көтерген әйел қолда тұрмай, жұлқып шықты. Ажал шеңгелі жалғыз баласын бүріп алып, жұпыны жер үйдің бір жағын омсырайтып ойып әкетіп бара жатқанын көрді. Қара шашы жайылып кеткен. Үрей қаптаған көздерінің ағы айналып, ұясынан шыға ақшаңдап: «Жан ботам-м!» - деп зарлап, қос қолын созып ұмтыла берді де, құлап түсті. Үй ішінде жыламаған жан жоқ. Еламан да жылады (Ә.Нұрпейісов. Қан мен тер).

- Өткен көктемде «Майданда ерлікпен қаза тапты» - деп артынан қара қағаз келген. Қатын, бала-шағасының көзінен жас емес, қан ағып, кәрі шешесі жер тоқпақтап, бетін тырнаған (Д. Исабеков. Біз соғысты көрген жоқпыз).

Байыз таппай теңселген қара кемпір қос бүйірін таяна көзін тарс жұмып алып боздаған сайын жиналған көпшіліктің сай-сүйегі сырқырай түсті (Ж. Шаштайұлы. Жала мен нала).

Ауыр қайғыны, зор қасіретті білдіретін аталған бейвербалды әрекеттерді күнделікті өмірде, жайшылықта қазақ қыздары мен әйелдерінің қолдануына тыйым салынып, жаман ырымға баланған. Ал орыс халқының әйелдері жақындары өліп, о дүниелік болғанда өздерінің қайғылы, шерлі екендіктерін білдіру үшін қара киініп жүреді. Сонымен қатар олар туыс адамын жоқтағанда қолын қусырып алып, жеңіл

түрде теңселіп, басын шайқау қимылдарын қолданатын көрінеді. Кейбір бейвербалды амалдар бірқатар ұлттың, этникалық ұжымның мүшелеріне тән болғанымен, олардың білдіретін мағыналары бірдей болмауы мүмкін. Ұлттық дүниетаным мен көзқарастың, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптың, сезім мен сенімнің, өмір сүру ерекшелігінің асыл сынығы болып саналатын ондай кинемаларды ұғыну ұлттық аялық білім негізін игеру арқылы ғана мүмкін болмақ. Мысалы, жоғарыда көрсетілген *«қос бүйірін таяну»* қазақ халқы үшін ауыр қайғы-қасіретті білдіріп, дүниеден өткен адамды жоқтау барысында ғана қолданылса, орыс ұлтының әйелдері үшін *«бүйірін таяну»* кинемасы ашуланған кездегі, біреумен ұрысқанда немесе бір шешімге келіп, оны айтар сәттегі, кейде қалыпты жағдайдағы, ешкімге ерсі көрінбейтін, көз үйренген қимыл түріне жатады. Мысалы, *Қараңғы жер үйдің қалаусыз пешіне арқасын сүйеп, иығына шоқпым күні, көзінің жасы көл болып, кемпір отыр еді. Басына Ыбырайдың қара бөкебайын бос салып, белі мықтап буулы екі бүйірін таянып:*

- Душар болды дерт қатты,

Науқастанды – дерт батты,

Алғанын тастап сарбазым

Алыс жолға жөн тартты!.. – деп, Ыбырайдың жанынан артық көретін жары Зейнеп отыр еді (Б. Майлин. Шұғаның белгісі).

Қимыл грамматикасы өз тұрғысынан ұлттық құбылыстарды білдіреді. Ол қимылды қолдану үшін сол елдің ұлттық салт-дәстүрлерін білу қажет.

Бет қимылы, қимыл, дене қалыбы – ұлттық ерекшеліктерді сақтайтын дене тілі. Бірақ та әрбір қимыл барлық халықта бірдей мағынаны білдіреді дегеннен аулақпыз. Ым-ишараның универсал тобының болуымен бірге ұлттық тобы да өмір сүреді. Ұлттық қимылдарды сол елде тұратын жергілікті ұлттар ғана біліп, түсіне алады. Ал универсалды ым-ишаралар бірнеше елде бірдей мағынада жұмсалады. Сонымен бірге кейбір аймақтарда басқаша мағынаның орнында жүреді. Халқымыз «Ымды білмеген – дымды білмейді» дейді. Көптеген ұлттық қасиеттер тілде ғана сақталмайды, ол ең алдымен сезімде көрініс табады. Адам тілмен айтып жеткізе алмаған ойын ишарамен, ыммен де жеткізеді. Ым-ишара, қас-қабақ, тағы басқа ішкі, сыртқы белгілер арқылы баланы сезімталдыққа, ата-ананы тез түсінуге тәрбиелеп отырған.

Коммуникативтік актіде адамдардың дене қалыбы маңызды рөл атқарады. Қарым-қатынас кезінде адамдар тұрып, жантайып, малдас құрып, жүрелеп отыруы т.б мүмкін. Ер адамдардың малдас құрып отыруы және әйел адамдардың бір аяғын бүгіп жамбастап отыруы – қазақ халқының дүниетанымынан, мәдениетінен, этикетінен хабар береді.

- Бұдан соң ол төрде малдас құрған қалпында былқ етпей қатып отырған дәу шалға ыңғай білдірді (О. Бөкей).

Жоғарыда атап өткеніміздей, қарым-қатынастың тілдік амалдары сияқты бейвербалды амалдар да ұлттық нышандарға ие. Бейвербалды амалдар әр халықтың ұлттық-мәдени ерекшеліктерінің көрсеткіші болып табылады. Бір халықта кездесетін бейвербалды амалдар өзге халықта мүлдем кездеспейді, я болмаса басқа бір мағынада жұмсалады. Мысалы, Еуропа және Америка елдерінде бас бармақты көрсету «өте жақсы», «бәрі де жақсы» деген мағынаны білдірсе, Грецияда бұл кинема – сақтандыру, Шығыс Африкада – масқаралау ұғымын білдіреді. Қазақ халқында да бұл ишарат «бәрі жақсы, бәрекелді» деген мағыналарды білдіреді. Мысалы, *Өмірбай күшіктен көз алмай келе жатып, бір уақытта бас бармағын көрсетіп, екі ұртын томпайтты. Бұл оның «Ала күшік мықты болады», – дегені* (К. Наменгенов. Біздің ауылдың аңшылары).

Сол сияқты болгар халқында бас шайқау – мақұлдау, келісуді аңғарса, бас изеу – қарсылық білдіру, келіспеушілікті ұғындырады. Бейвербалды амалдар барлық халыққа тән болғанымен, әр ұлттың бейвербалды амалдар жүйесі әр түрлі, бірдей емес. Бұл

айырмашылық сол елдің тұрмысының, қоғамдық-әлеуметтік өмірінің осыған орай халықтың таным-түсінігінің әр түрлілігімен сипатталады.

Әр елдің өзіне тән әдет-ғұрып, салт-дәстүрі арқылы халықтың тұрмыс-салты, мінез-құлық ерекшеліктері мен дүниетанымының сыр-сипаты көрінеді. Көркем шығармаларда іске асатын коммуникативтік актіде қазақ халқының салт-дәстүр, әдет-ғұрпына қатысты бейвербалды амалдар өзіндік көркемдік таныммен ерекшеленеді. Мысалы, *біз шанишу, сырға салу, қамшы іліп кету, қамшы тастар* сияқты қимылдары кейіпкер бейнесін тануға әсер етеді. Психолог М. Мұқанов *сарқыт беру, аң байлау, ауыз тию, ерулік, келген адамға ішек-қарын беру, жездеге төс беру, жолаушының түсуі, ақ байлау* сияқты дәстүрлерді ұлттық-мәдени негіздегі бейвербалды амалдар қатарына жатқызады.

Халқымыздың ерте заманнан келе жатқан салт-дәстүрлерінің бірі – бата беру. Бата негізінен екіге бөлінеді. Бірі – оң бата (ақ бата), екіншісі – теріс бата. Әдетте, оң бата жолың болсын, ісің сәтті болсын деген жақсы тілекті білдіреді. Оң бата берерде адам *екі алақанын алға қарай жайып тұрып*, ақ тілегін, адал ниетін айтып, *қос қолымен бетін сипайды*. Мысалы, ... *Хазіретті қоршаған халфе-қарилер, көп моллалар беттерін сипап бата қылып, дағды бойынша осымен «хұтпа тамам болды» – деп жұрттың тарауына белгі жасай бастады* (М. Әуезов. Абай жолы).

Ас ішіліп болғанын білдіретін ишарат ретінде де қолданылады. Мысалы, – *Дастарқанның байлығын берсін, деннің саулығын берсін, ішкен-жеген асымыз дәметкен аруақтарға тие берсін, – деп атамыз ас қайтарып бетін бір сипады*.

Батаның екінші түрі – теріс бата. Бұл риза болмағанда айтылады. Мұндай кезде қатты ренжіген адам екі қолын теріс қаратып тұрып, ауыр-ауыр сөздер айтады. Халық танымында «теріс бата алған адамның жолы болмайды» деген ұғым қарғысқа ұшыраудан, лағнет айтудан туған. Екі қолын теріс қаратып бата беру – қазақ халқында ер адамдардың қолданысында кездеседі. Мысалы, – *Егер қошемет етіп біреуің жолдас болсаң, қолымды теріс жайып бата беремін, – деді Базарбай* (Қыз Жібек).

Осындай қарғыс мәнді әйел қолданысындағы бейвербалды амалдардың бірі – омырауын көкке сауу. Бұл кинема магиялық қарғыстан шыққан. Ананың ақ сүтін халқымыз киелі деп түсінген. Мұндай іс ең ауыр жаза, кешірілмес күнә болып саналған.

Жазушылар шығармаларында қол жаю, бет сипау кинемалары аруақтарға бағыштап құран оқу, дұға оқу, бата беру, құдайға мінажат тілеп жалбарыну жағдаяттарында қолданылады.

- *А, құдай, ұлымды сақта!* – деп бетін сипады да, торы биесін шаужайлап ауылға беттеді (О. Бөкей).

Марқұм болған ата-бабаның, туған-туыстарының басына барып дұға оқып, есіне түсіру – қазақ халқы үшін парыз. Сонымен бірге әр адам сапар үстінде келе жатқанда жол үстіндегі қорымдарға тоқтап, дұға оқып, бет сипап өтуі шарт екені де қаламгерлер назарынан тыс қалмайды.

Жылқышы жігіт өзі білетін дұғасын оқыды. Омардың қос қызы беттерін сипап, әке рухына тәуап етті (О. Бөкей).

Көркем шығармалардағы бейвербалды амалдар бірде ел өмірінің шындығын көрсету үшін қолданылса, бірде шығарманың стильдік реңкін арттыру үшін жұмсалады.

Халқымыздың ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып жалғасып келе жатқан дәстүрінің бірі – қонақ күту.

Сол Қаратан міне, бізді аттан түсіріп, қарсы алды (Қ. Жұмаділ).

Қызылы таймаған екі бетіне күлкі үйіріле, бізге беттеген Ақтайдың жары – Гүлсара, менің кластасым еді... күле амандасты (О. Бөкей).

Қонақты қарсы алу, аттан түсіру, төрге отырғызып, шынтағына жастық қою, сусынды қос қолдап ұсыну, кетерде қолтығынан демеп аттандыру – барлығы сый-құрмет бейвербалды амалдары болып табылады. Міне, осындай бейвербалды амалдар арқылы жазушылар «қонақ десе ішкен асын жерге қояр» қазақтың жайдары да қонақжай мінезін даралай түседі.

Қарым-қатынастың көңіл айту ситуациясы да аса күрделі. Көңіл айту дәстүрінде қарым-қатынастың вербалды түрлерімен қатар бейвербалды түрі де ерекше қызмет атқарады. Көңіл айтушылардың «ой бауырымдап» ат қойып, дауыс салып келуі, аза тұтушылардың көңіл айтушылармен құшақтасып көрісуі, аза тұтушы әйел адамдардың үй ішінде дауыс айтып жоқтауы көңіл айту дәстүріндегі бейвербалды амалдар болып табылады.

*Жуанқан аттан домалап түсіп, бәтес шымылдықтың ішінде сұлқ жатқан
Үмітке тура ұмтылып еді, былайғы жұрт әрең ұстап қалды. Бұдан соң ол Ағажай
мен Зарлықты кезек құшақтап, дауыс шығара сұңқылдай көрісті-ай кеп. Бар пейілі,
аңқылдақ жанның ардақты зары да – осы (О. Бөкей).*

Осындай ұлттық-мәдени негіздегі бейвербалды амалдарды көркем шығармаларда пайдалану – жазушылар шеберлігінің бір қыры. Байқағанымыздай, жазушылар салт-дәстүрлік негіздегі бейвербалды амалдарды қолдана отырып, халық өмірінің шындығын бейнелеумен қатар, оның ұлттық ерекшеліктерін де бейнелеп көрсетеді.

Әдебиет:

1. Ислам А. Тілдік дүние суреті: «концепт» және «ұғым» // С. Аманжолов және қазіргі қазақ филологиясының өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы, 2004. – 439-445 бб.
2. Нұрсұлтанқызы Ж. О. Бөкеев шығармаларындағы бейвербал амалдар: филол. ғыл. канд. автореф.:10.02.02. – Алматы, 2006 – 29 б.
3. Момынова Б. Лидерлер имиджін қалыптастырудағы бейвербалды элементтер. – Алматы, 2003. – 167 б.

ӘОЖ 81.366

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАРДАҒЫ БАҒАЛАУЫШ ЕТІСТІКТЕРДІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Есматова М.Т., Сағындықова А.Б.
(М.Қозыбаев атындағы СҚМУ)

Қазақ тіл білімінде бағалау мәні публицистика стилі, газет мәтінін зерттеу барысында қалыптасқан болатын. Бағалауыш лексика терминін О.Бүркітов, Б.Момынова, А.Алдашева сынды тілші ғалымдар зерттеулерінде қолданған. Б.Момынова «Газет лексикасы: жүйесі мен құрылымы» атты зерттеу жұмысында газет тіліндегі бағалауыштық лексикаға тоқталып өтеді. Ғалым бағалауыштықтың әлеуметтік ерекшеліктерін, өзіндік сипатын көрсетеді. Бағалауды тілдік құрал ретінде қолдану барысында мақалалар қоғамдағы жағымды, жағымсыз құбылыстарды, адам мен өмірдегі өзгерістерге әлеуметтік немесе саяси тұрғыдан баға беру мүмкіндігіне ие болатынын көрсетеді [1, 134 б.].

Бағалауыштық мағына сөйлеу барысында дүниеге келеді. Ғалым Ш.Нұрғожина сөздердің бағалауыштық қасиеттері А және В деген жүйесі арқылы қарастырады, яғни, жақсы немесе жаман деген екі мағынада қолданылатындығын айтады. Бағалауыштық

мағына ұнату не ұнатпау, қуану не ренжу секілді сөздер арқылы субъектінің көңіл-күйін білдіреді деген қорытындыға келеді [2].

Бағалауыштық мағына тіл білімінің көптеген деңгейімен байланысты. Бағалауыштық семантика лексикалық деңгейдегі көптеген бірліктер семантикасының ажырамас бөлігі болып есептеледі. Бағалауыштық мағынаны білдіретін сөз тудырушы құралдарды талдауда В.Лопатиннің «Словообразовательные средства субъективно-оценочной прагматики высказывания и текста» [3], З.Құрманәлиеваның «Реңк мәнді туынды зат есімдердің мағыналық құрылымы» атты зерттеу жұмыстарын ерекше атауға болады. З.Құрманәлиеваның зерттеу жұмысында зат есімнің реңк мағынасын тудыруға сөйлеу стилі, ауызекі сөйлеу тіліне қатысты туынды сөздер, объектінің эмоциясы, сезімі кіретіндігін көрсетеді. Қарастыру барысында оларды объектіні бағалауға байланысты реңк мәнді және сезімдік мәнді туынды сөздер деп екі топқа жіктейді. Бағалауыштық мағынаның тұлғалық көрсеткіштері жайлы Н.Лукьянова, В.Телия [4] және т.б. ғалымдар, зерттеушілер зерттесе, морфологиялық деңгейдегі бірліктің бағалау мәнін Г.Золотова, Н.Холодовалар қарастырған.

Бағалауыш мағынаның коннотациялық элемент ретінде басқа сөздермен қатынасын анықтауда ғалымдар түрлі пікірлер айтады. Қоршаған орта адамның миында қабылдау, елестету, қиялдау, түйснқ арқылы көрініс табады. Адам сыртқы дүниедегі түрлі құбылыстарға назар аударады, жақсы болса қуанады, шаттанады, жаман болса күйінеді, ашуланады, қайғырады. Бұл эмоциялардың барлығы адам бойындағы *қайғы, уайым, бақыт, махаббат, жиіркеніш* сынды эмоциялардың көрсеткіштері болып табылады. Адам айналадағы түрлі әрекеттерге, құбылыстарға, қарым-қатынасқа көңілі толған кезде жағымды, ал көңілі толмаса жағымсыз эмоция туады. Пайда болған жағымды не жағымсыз эмоцияны сыртқа шығарудың тілдік құралы болып бағалау саналады. Ұнамды, жақсы баға жағымды эмоциядан, ұнамсыз, жаман баға жағымсыз эмоциядан шығады. Эмоционалды бағалауыш мағынасындағы сөздерге адамның ішкі сезімін, көңіл-күйін, эмоционалдық сезімін білдіретін *мейірімділік, қамқорлық, надандық, паңдық*, секілді зат есімдерді жатқызуға болады. Мысалы: *Күлімдеген қоңыр көзінде ұяңдық жоқ та, осындай жаңа пісіп толса да, әлі уызы жарылмаған қыз балаларда кездесетін соқтыққыш ойнақылық бар* (С.Шаймерденов «Қарғаш», 7-б.). *Тәрбиешілердің бойынан сұмдық қаталдық пен суықтықтың лебі есіп тұрғандай болады* (Д.Исабеков «Бекет», 21-б.).

Ұнамды мағынадағы *көркем, ақылды, ержүрек, қадірлі* ұнамсыз мағынадағы *салақ, қызғаншақ, өтірікші* сын есімдер ешқандай сөзбен қатынасқа түспей-ақ абсолюттік бағаға ие. *Күндердің бір күнінде сол жолмен, өзіңнің таныс деген жолыңмен жүре қалсаң, оқыс бұрылыста, алдыңнан биіктеп өскен бір бейтаныс сұлу шынар шыға келеді* (С.Шаймерденов «Қарғаш», 8-б.). *Әкесі Балуанға айрықша құрмет көрсетіп, үй тігіп оңаша қарсы алған соң, баласы қадірлі қонақты өзіне мекшіктеп алса керек* (С.Шаймерденов «Жыл құсы», 105-б.). *Түндегіден де көркем, нұрлы жүзі бал-бұл жанады келеді* (С.Шаймерденов «Жыл құсы», 107-б.). *Бұл індет, жексұрын ауру балаларға үлкендерден жұққан* (Б.Соқпақбаев «Балалық шаққа саяхат», 27-б.). *Тек болар-болмасқа қабаған ит тәрізді арс ете қалатын ашуланшақ* (Б.Соқпақбаев «Балалық шаққа саяхат», 30-б.).

Қазақ тіл білімінде тілші-ғалымдардың бағалауыштық мағынаға берген анықтамасына тоқталсақ, мысалы, Қ. Есенова, О.Ахманова бағалаудың мынадай анықтамасын көрсеткен: «Баға не бағалай сөйлеу салты дегеніміз – сөйлеушінің нысанаға алған нәрсе жөніндегі мақұлдау, қарсылық, ықылас не тілек, т.б. түріндегі көзқарасын білдіретін пайымдауы, стильдік қосымша мағына мен мағыналық реңктің негізгі бір түрі» [5, 63-б.].

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде баға, бағалау сөздеріне келесі анықтама берілген: «**Баға** зат. 1. Заттың құны, нарқы. Мұндай аттың бағасы кем дегенде 40-50 сом, -деді Неғметжан Балуан Шолаққа (С. Мұқанов, Шығ.) 2. Ауыс. Қадір-қасиет. Бағанды білмейді екенсің ғой. Кейбір келіншек сен дегенде ішкен асын жерге қояды деп естідім (З. Шашкин, Сенім). **Бағала** ет. 1. Баға қою. Өздері бір жылқыны отыз бес сомға бағалағанда, ең болмаса мың жылқы тұрмағанымыз ба? (Ш. Есенберлин, Қаһар). (2) Ауыс. Қадірлеу, құрметтеу. Абай Дәмежанның өнерін аналық асыл қасиет деп бағалады (М. Әуезов, Абай). **Бағалау** бағала етістігінің қимыл атауы. - бәрін де әдемісіңдер. Тек соны бағалауларың әдемі емес (Ж. Молдағалиев, Сарыарқа). **Бағалаушы** зат. 1. Баға беруші. Белгібай сатар малына бағалаушы тапты-ау ақыры (Ауызекі тіл). 2. Ауыс. Қадірлеуші, құрметтеуші. Ерекше халықшыл бағыты үшін, өнер, еңбегі үшін Абайды бағалаушы халық саны сол тұстың өзінде де көбейіп қалған (М. Әуезов, «Әр жыл») [6, 6-7-б.].

Тілімізде бағалауыш етістіктерді жіктеу барысында тілдік және тілдік емес аспектілердің барын ұмытпауымыз қажет. Егер тілдік аспектіде бағалауыш мағына тілдік мағынаның бойынан, ал тілдік емес аспектіде адамның ойындағы тілдік бейне ретінде көрініс табады. Көптеген ғалымдардың пікірінше *мұңаю, қайғыру, жалған айту, сатып кету, көңілдену, қуану* секілді етістіктердің бағалауыштық қасиеттері жоқ, бірақ олардың бағалауыш қасиеттері контексте, сөйлем құрамында болғанда жағымды не жағымсыз мағынада кездеседі. Кез келген етістік контексте бағалауыш мәнге ие бола алады.

Анада мына жігітке қатты ренжіп тұрған ем... (С.Шаймерденов «Жыл құсы», 125-б.). *Құдай үшін отырып, тілесіп кетіңіз, сағынып-сарғайып жүрген жалғыз қызының жағдайын айтып, қуантып кетіңіз* (Д.Исабеков «Пері мен періште», 129-б.). *Қайғыру мен күрсіну өмірден түңілгендік емес, өмірге опыну, күйіну* (Д.Исабеков «Пері мен періште», 130-б.). *Адамда толқу, тебірену деген болмай ма бұл, - деймін ішімнен аспандағы ақырын ғана жылжып бара жатқан жұлдыздарға ашық түндіктен қарап жатып* (Д.Исабаев «Гаухар тас», 170-б.). *Биылша оқуды қоя тұруға келіскенімді естігенде апам қатты қуанды* (Д.Исабаев «Гаухар тас», 171-б.).

А.Дмитриевский, Е.Вольф сынды ғалымдардың есептеуінше бағалауыш етістіктердің қатарына санау, есептеу, ойлау секілді менталь етістіктерді қосады. Ғалымдар бұл етістіктердің негізгі қызметі баға беру тәсіліне көмегін тигізу болып табылады. Мысалы, *әдемі деп есептеу, сұлу деп санау, көркем деп ойлау*. Яғни бұл етістіктер баға беруден гөрі байланыстыру қызметінде қолданылады.

Ш.И.Нұрғожинаның зерттеу еңбегінде ауызекі сөйлеу тілінде бейнелеуіш етістіктердің көп қолданылатындығын, ол етістіктердің әрекетін көрсетіп қана қоймайды, оның сипатын, себебін көрсетеді. Осы арқылы айтушының мәселеге, жағдайға, құбылысқа деген ішкі жай-күйін көрсетеді. Сонымен қатар, автор қазақ тіліндегі осындай етістіктердің орыс тілінде баламасы, аудармасы бола бермейтіндігін айтады: *«Интересно отметить, что образные слова казахского разговорного языка зачастую не имеет параллелей в русском языке»*, - деп жазады. Мысалы, *состию, үдірею, оқыраю* – застыть в изумлении, негодовании и т.д. (не просто остановиться, а как бы живописуется образ, застывшего, удивленного человека); *кекжию, кекірею* – важничать (выпятив грудь, говорить о человеке с оттенком насмешки); *итіну* – как бы воткнуться во что-нибудь (целиком, не обращая внимания на окружающих); *шертию, шермию* – вздуться, выпятиться; *алишию* – раскорячиться [2, 93- 94 б.].

Күнге күйіп май сіңген топырақтай болған қоңырқай жүзіне қан теуіп, қоңқақ мұрны делдіе қапты (Д.Исабеков «Гаухар тас», 173-б.). *Әні, Ыбыштың сытыра құлағы қалқиып, көзі ежірейіп кетіпті* (Д.Исабеков «Гаухар тас», 177-б.). *Қырсығына алса айлап соғатын Арыстанды-Қарабастың долы желі бүгін үшінші күн,*

толастамай **қақап тұр** (Д.Исабеков «Тіршілік», 314- б.). *Кемпірі қолынан ұшып түскен жосамен боялған терінің нұшапағын сипалап тауып шалына аңырая қарады* (Д.Исабеков «Тіршілік», 314- б.). *Битабардың жүрегі шымырлап кетті* (С.Шаймерденов «Жыл құсы», 102-б.). *Біраздан соң Бекет келіп шешінді де, менің көрнемді ары-бері қымтап, жанымға бір жамбастап жантая кетті* (Д.И. «Бекет», 27-б.). *Ал музыканы... музыканы тыңдау үшін орындаушысына тесілудің қажеті шамалы* (Д.Исабеков «Мазасыз күндер», 46-б.). *Ішіне су толған қарнын қамтитып, бірнеше адам жағаға сүйреп шығарды* (Б.Соқпақбаев «Балалық шаққа саяхат», 19-б.). *Мал иелерінің сондағы боздап жылағанын көрсеңіз* (Б.Соқпақбаев «Балалық шаққа саяхат», 19-б.). *Арық тізесі ағаштай сорайып, иегін тіреген аурушаң шешем жез шәугімнен ақ су құйып отыр* (Б.Соқпақбаев «Балалық шаққа саяхат», 20-б.). **Жалпы** жерде отырудан қалғанбыз (Б.Соқпақбаев «Балалық шаққа саяхат», 27-б.). *Жетсем, желкеден бір түйсем деп, еліріп қуып келе жатырмын* (Б.Соқпақбаев «Балалық шаққа саяхат», 28-б.). *Аққұба жүзі қуқыл тартып селтііп тұрып қалды* (Д.Исабеков «Мазасыз күндер», 69-б.). *Енем екеуміз дүниенің шөбін орып тастадық деп дүрдііп жүрсек, тией келгенде машинаның бортынан сәл-ақ асты* (Д.И. «Мазасыз күндер», 78-б.). *Сапар-ау, сен неге қалшыып қалғансың* (Д.Исабеков «Мазасыз күндер», 113-б.). *Сафура, жаным-ау, бөтен үйге келгендей состыып тұрғаның не?* (Д.Исабеков «Мазасыз күндер», 114-б.). *Шынында, уақыт деген ұста екен, Қыжымкүлдің кеудесіндегі меңдуананың түтініндей қою да ащы қасірет бірте-бірте сейіліп, санасындағы ұмыт болатын нәрселер ұмытылып, ұмыт болуға тиісті емес жайлар ғана сараланып қала берді* (Д.Исабеков «Тіршілік», 371-б.). *Ол осыны айтты да теріс айналып маңыздана бір қақырынып қойды* (Д.Исабеков «Гаухар тас», 184-б.). *«Ыбышқа айтамын» деген соң оның ызғары таппа тыйылды* Д.Исабеков «Гаухар тас», 186-б.).

Бұл мысалдардан байқайтынымыз адамның көзіне елестету арқылы пайда болған бейнелер көрініс тапқан. Бейнелер адамның көруіне байланысты, яғни, түсі, қимылы, пішініне, қимылдың мақсаты, ұқсастығына қарай туындайды. Қазақ тілінде адамның қимылын жануар қимылына, келбетіне, жансыз заттардың тұрысына, пішіне ұқсата бейнелей отырып айтушының қарым-қатынасын көрсетіп, бағасын беру көп көрініс тапқан. Бағалауыш мағынаны көрсетуде адамның эмоциясы алдыңғы орынға қойылады. Мысалы, *Ертемен менің көңілім де ашық болатын, енді қамығып ақылымды әлде бір намысқа алдыңқырап келем* (С.Шаймерденов «Қарғаш», 59-б.). *Бір түрлі, қуанатын секілдімін* (С.Шаймерденов «Қарғаш», 60-б.). *«Жығылған үстіне жұдырық» - дегендей, осы бір жүдеу көңілімді көрші ауылдың мына Арам сары тұрғылас бір қу тақымы қарсы кездесіп мүлде құлазытып кетті* (С.Шаймерденов «Қарғаш», 61-б.). *Жеті қараңғы түнде сонша жерден жан ұшырып жалғыз келгенімді білгенде: «Жаным, қалай қорықпадың» деп елжіреп, бауырына басты* (Б.Соқпақбаев «Балалық шаққа саяхат», 55-б.). *Дұрыстау өмір сүруге талпыну, ертеңгі күннің қамын ойлап мазасыздану ол үшін жат нәрсе* (Б.Соқпақбаев «Балалық шаққа саяхат», 57-б.).

Адамға тән қасиеттер жақсы көру, сүйсіну, жирену, жек көру, кінәлау т.б. көңіл-күй, сезімдерін талдауда тілдік бірліктерді философиялық, әлеуметтік тұрғыдан қарастыру керек.

Содан бері мен сені сүйемін, әрі қызғанамын, әрі жек көремін (Д.Исабеков «Мазасыз күндер», 109-б.). *Мен Жылқыбайды тажалдай жек көруші едім* (Б.Соқпақбаев «Балалық шаққа саяхат», 45-б.). Кейіпкердің сөйлеу тіліне, контекстегі орнына байланысты ойды әсерлі, экспрессивті жеткізу кезінде бағалауыш етістіктер ерекше қызмет атқарады. Жай тұрғанда бағалауыш мағынаға ие болмаса да мәнмәтінде басқа етістіктермен толығы арқылы бағалауыш қызметін атқарады.

Әдебиет:

1. Момынова Б.К. Газет лексикасы (жүйесі мен құрылымы). – Алматы, 2003.-228 б.
2. Нұрғожина Ш.И. Эмоциональность и экспрессивность высказывания устной речи // Вестник КазГУ. Серия филологическая. № 48.2001 -30-34 - б.
3. Лопатин В.В. Словообразовательные средства субъективно-оценочной прагматики высказывания и текста // Русский язык: Языковое значение в функциональных и эстетических аспектах. -М., 1987. -С 143-161.
4. Құрманәлиева З.А. Реңк мәнді туынды зат есімдердің мағыналық құрылымы. Филол. ғыл. канд. дисс. -Алматы, 2003. -158 б.
5. Есенова Қ. Баға немесе бағалай сөз саптау // Қазақ тілі мен әдебиеті 1996. №7-8. -62-66-б. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 1-10 том. - Алматы, 1974-1986.

ӘОЖ 821.512.122

ШӘКӘРІМ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ДҮНИЕТАНЫМ ИПРІМДЕРІ

Жәмбек С.Н.

(Ш.Ш. Уәлиханов атындағы КМУ)

Қадыров Ж.Т., Зейнолова Г.А.

(М. Қозыбаев атындағы СҚМУ)

Азан шақырып қойған есімі Шаһкерим, ал қазақ арасында Шәкәрім аталып кеткен бұл тұлға – қазақ мәдениетінде өзіндік үлкен орны бар философ, тарихшы, ақын, композитор болған сегіз қырлы, бір сырлы жан-жақты өнер иесі еді.

Шәкәрім жөнінде Мұхтар Әуезов «Абай ақындығының айналасы» атты мақаласында «Абайдың дәл тұсында, өз дәуірінде еңбек еткен» ақындар туралы айта келіп: «Мұндай ақын - төртеу – дейді. – Оның екеуі – Ақылбай, Мағауия – Абайдың балалары... Қалған екеуі – Көкбай, Шаһкерим. Осы төрт ақын Абайдың нағыз толық мағынадағы шәкірттері, Абайдан аталық, ағалық, ұстаздық тәрбие алудан басқа, оның өлең мен қара сөдерін оқушы әрі таратушы, бағалаушы, тұтынушы болудан басқа, бұлар Абай басшылығымен өз жандарынан жырлар да жазған... Абай оларға тақырып беріп, өлеңдерін сынайды, түзейді, қалай түзеудің жолын айтады. Дәлін айтқанда, мыналар Абайдың ақын шәкірттері есепті де, Абай алды оларға жазушының мектебі сияқты болады» - деп жазды [1, 244 б.]

Шәкәрімнің ақындық дүниетанымы, философиялық көзқарасы көп жағдайда ұстазы Абай дүниетанымы, көзқарасымен үндесіп жатады. «Абай дәстүріндегі поэзияның биік мәдениетін, алғырлығын, философиялық түйін – толғанысқа деген қабілетінің модығын байқаймыз» [2, 45 б.].

«Шәкәрім лирикасында сыршылдықтан ойшылдық басым, философиялық сарын күшті» [2, 30-39 бб.] «Шәкәрім қазақ поэзиясында философиялық лириканың бұрын өріс алмаған жаңа түрлерін қалыптастырып, бұл салада үлкен жаңалық тапты» [2, 32 б.].

Шәкәрім өлеңдерінде исламиятқа қатысты ұғым – түсінік, категориялар баршылық. Сондай категориялық ұғымдардың бірі - «жар» сөзі. Бұл «жар» ұғымы ең алдымен Абайда:

«Жарқ етпес қара көңілім не қылса да,

Аспанда ай мен күн шағылса да,

Дүниеде, сірә сендей маған жар жоқ,

Саған жар менен артық табылса да.

Сорлы асық сарғайса да, сағынса да,
Жар тайып, жақсы сөзден жаңылса да,
Шыдайды риза болып жар ісіне,
Қорлық пен мазағына таңылса да» - деп жырланады [3, 108 б.].

Шәкерімде:

Өмір сырын көздесең,
Жарға шоқын, жаннан без! [4, 248 б.] – дейді.

Абайда да, Шәкерімде де «жар» сөзі күнделікті тұрмыстық, қарапайым жалпы кең мағынасындағы «жар» ұғымы емес, ал жаратқанның түп иенің барша – болмысын иеленіп, жинақтап тұрған ұғымдық – категориялық сөз. Яғни, ол күнделікті ұғымдағы «ару», «әйел», «қыз» ұғымын білдірмейді. Ол исламияттағы, суфизмдегі негізгі категориялық ұғымды білдіріп тұр.

Менің жарым қыз емес,
Хақиқаттың шын нұры.
Оны сезер сіз емес,
Көзге таса бұл сыры.
Жасырып тұр жар өзін,
Бас көзімен қарама.
Жүрегіңнің аш көзін,
Жанның сырын арала- дейді Шәкерім. [4, 238 б.]

Шәкерім бұл өлеңінде «жарды» жай көзбен көру мүмкін емес, оны жүрегінің көзімен көріп, тану қажет дейді. Исламиятта алланы тану үшін сыртқы (захар) және ішкі (батин) берілгендігін, алланы шын танымақ болған пенделер оны «захир» көзбен көре алмайтынын, тек қана ішкі «батин» көзбен қарау керектігі айтылады. Шәкерім де «жүрек көзі» деп осы «батинды» айтып отыр. Яғни жаратқанды түп иені жүрекпен ұғыну, түсіну, көру қажеттілігі.

Алла деген сөз жеңіл,
Аллаға ауыз жол емес,
Ынталы жүрек, шын көңіл,
Өзгесі хаққа қол емес – дейді Абай да. [3]

Шәкерімнің өлеңдерінде суфизмге тән ұғым – категориялар мол ұшырасады. Мысалға:

Арақ – ақыл, мастық – ой, жар – хақиқат
Жан – нәпсі, шатақ – иман, дін – қиянат.
Маскүнем, әйел сүйгіш, дінсіз ғой деп,
Сырын білмей сыртымнан ғылма ғайбат [4].

деп сопылыққа тән дүниетанымды аңғартады. Жар деп отырғаны – хақиқат, ал хақиқат жаратушының, түп иенің өзі. Шәкерім жаратушыны, жарды танудың әлем тарихында көптеген жолдары бар екенін:

Жардың саны сансыз көп
Ол санауға келмей тұр.
Анық нұры осы деп,
Әркім бір тал ұстап жүр [4] -

деп көрсетеді. Осындағы жаратқанды танудағы көптеген жолдарды Шәкерім «жардың шашы сансыз көп» көркем образды, бейнелі жеткізіп тұр. Шәкерімнің осы «жар» ұғымы, категориясы сөз болатын өлеңдері; «Сұраған жанға сәлем айт», «Шошыма достым сөзімнен», «Шын асықтың әрбірі», «Анық асық - әулие», «Өртейін деп отқа көмдім», «Жар көрмеген надандар», «Өмір сырын көздесең», «Әбден толып жарық ай», «Ақыл құсы адаспай аспандаса», «Шам жардан», «Жарықтың деп кінәлі боп», «Дін», «арақ, мастық, жар, жан, шатақ, иманның шешуі» т.б.

Шәкәрімдегі «Жар қанжары – маған бол, сұқсын сорлы жүрекке» немесе «Жаны құрбан жарына, керексіз оған дүние», «Асықтан аяп қалатын, иманы, малы, ары жоқ» деген жолдар Абайдағы «Шыдайды риза болып жар ісіне, қорлық пен мазағына таңылса» деген жолдармен үндесіп, ұштасып жатыр.

Шәкәрімнің діні де, дінді қабылдауы да Абайдың діні сияқты, «сыншыл ақылдың діні» М. Әуезов. Шәкәрім фанат, көзсіз діншіл емес, ол барлығын ақылға билетуді қалайды. Ұстазы Абай:

Көңілге шәк шұбалы ой алмаймын,
Сонда да, оны ойламай қоя алмаймын.
Ақылдың жетпегені арман емес,
Құмарсыз құр мүлгуге тоя алмаймын – [3]
десе, Шәкәрім:

Бастағы көз, құлаққа сенім жоқ,
Терең оймен ақылға айтамын дат.
Пайғамбар, әулие айтты десе – дағы,
Ақыл қабыл алмаса, ол маған жат – дейді. [4]

Ислам діні пайда болғаннан бастап, өзіне теориялық ағымшарттар іздеді. Ол көне дәуірлердегі философиялық қисындарға сүйенеді. Арабтар философияны пәлсапа деп атаған. Мұсылман философиясы исламият атты үлкен таным. Бұл көне ойшыл Аристотель негіздеген перапатетиктер және идеалистік бағыттарды біріктіруші дуалистік таным болып табылады. Аристотель еңбектерін арабшаға аударып, түсінік тафсир (комментарий) жазған бірінші ұстаз болса, Әл-Фараби екінші ұстаз «Муалимий соний» деп танған.

Исламиятта «жан» және «тән» субстанциясы қатар аталды. Қазақтың ұлы ақыны Абай бұл категориялар туралы былай дейді:

Ақыл мен жан «мен»өзім, тән «менікі»,
«Мені» мен «менікінің» жөні екі.
«Мен» өлмеске тағдыр жоқ әуел бастан,
«Менікі» өлсе, өлсін оған бекі. [3]

Абайдың «мен» деп отырғаны, ақыл мен жан «менікі» деп отырғаны тән. Ақыл мен жан мәңгілік, ал тән өткінші. Абай исламияттағы жанға ақылды қосады.

Шәкәрім ақыл мен жан, яғни меннің жоғалмайтынын:
Бар нәрсе жоғалмайды, өзгереді,
Жан жоғалмас деп ойла, соны біл де.
Жан тән жасар, тән жанды жарата алмас,
Терең ойлап, сөзімді құлаққа іл де, - деп жырлайды [4].

Немесе:
Қайда барса ол өзін «өзім» дейді,
«Өзім» деп денені емес, жанды айтқаны.
Сол жаннан тіпті «өзімдік» жоғалмайды,
Есеп емес сан өліп, сан қайтқаны – дейді. [4]

Шәкәрімдегі «өзім» Абайдағы «мен», Шәкәрімдегі «дене», Абайда «тән» не болмаса «менікі». Шәкәрімде де осы жан субстанциясы Абайдағыдай мәңгілік, ол өлмес емес, өлетін «дене», не болмаса «менікі» тән. Жанның мәңгілігінің арқасында сан түрге түсіп, әртүрлі бояулармен өзгеріп, әртүрлі қалыпқа түседі деген ой айтады.

Исламияттағы танымдағы «жанға» Абай «ақылды» қосады. Бір қызығы Шәкәрім оған көңілді қосады. Ал Шәкәрімнің «жан» мен «денеге» «көңілді» қосуы Абайда кездеспейді. Бұл да Шәкәрім ойшылдығының бір ерекшелігі. Бұл «көңілдің» табиғаты Абайда тән құмарлығынан, оның өзіндік ерекшелігі мен болмысынан «тәннің» өз

табиғатынан туындайтын, оның өз аясында қарастырылатын мәселе болса, Шәкәрім «көңіл» табиғатын бөліп қарастырады.

Ал енді сипатталық көңілді біз,
Ескеріп бұл сөзімді жақсы ұғыныңыз.
Жан мен дене – қосылған ерлі – қатын,
Екеуінен туады көңіліміз.
Табиғат бірде былай, бірде олай,
Кетері мәлім емес әлдеқалай.
Әкесі жан, шешесі дене болып,
Көңіліміз сол себептен екіталай.
Кейде жақсыны іздейміз, кейде жаман,
Көңіл неге қызықса – соған таман.
Дене жеңсе, түпсізге қызығамыз,
Жан билесе жаманнан қалмақ аман [4].

Осы «жан» мен «тән» ұғымдарына қатысты философиялық категорияларға негізделген пәлсапалық терең ойлар Шәкәрімнің «Жан мен дене һәм көңіл», «Мен адамның таппаймын өнерлісін», «Атаның шаһуатының, көп қой мәні», «Тура жолда қайғы тұрмас», «Тіршілік, жан туралы» өлеңдерінде көрініс табады.

Ахлақ, яки шығыстағы мораль философиясына қатысты моральдық – этикалық категориялар ынсап, рахым, ар, ұят, сабыр, мейірім, әділет, шыдам, шыншыл, харекет, ақниет ұғым түсініктер Шәкәрім поэзиясында мол ұшырасады.

Шәкәрім поэзиясынан туындайтын философиялық пайым – түсініктер, ұғым – көзқарастар ұлттық философиямыздың концептсферасы (ұғым түсініктер өрісі) болып отыр.

Қай мәселеде болмасын адамды, оның болмыс – бітімі, оның қоғамдық келбеті мен пенделік табиғатын сөз ететін Шәкәрім философиясы – антропологиялық философия болып отыр. Адам, қоғам, табиғат, дүние сыры, шындық болмысы, хақиқат жолы туралы терең философиялық пайым, тұжырымдар жасаған, ұғым – түсініктер туғызған Шәкәрім поэзиясын көркемдік-эстетикалық, философиялық тұрғыдан жан-жақты, кешенді зерттеу алдағы күндердің еншісі болмақ.

Әдебиет:

1. Әуезов М.О. Абай Құнанбаев. Мақалалар мен зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1967. – 224 б.
2. Шәкәрімтану мәселелері. 1 том. – Алматы: Раритет, 2007. – 229 б.
3. Абай. – Алматы: 1986. – 336 б.
4. Шәкәрім. Шығармалары. – Алматы: 1988. – 298 б.

ӘОЖ 821.512.122

ҒАБИТ МҮСІРЕПОВ ПРОЗАСЫНЫҢ СУРЕТКЕРЛІК БІТІМІ

Жәмбек С.Н.

(Ш. Уәлиханов атындағы КМУ)

Қадыров Ж.Т., Иманбаев Е.С.

(М. Қозыбаев атындағы СҚМУ)

Ғабит Мүсіреповтей сөз зергерінің өз шығармашылығына аса талғампаздықпен, жауапкершілікпен қарағандығын академик – сыншы М. Қаратаев былай деп көрсетеді:

«Көркем творчествоның міндеті мен шартына Ғ.Мүсірепов әуелден-ақ жеңіл-желпі қараған жазушы емес. Ол әдебиет дүниесіне асықпай, аптықпай, аяқты жай басып келгені сияқты, келген соң да өз ісін үнемі үлкен жауапкершілікпен, ұқыптылықпен қарайтын байсалды жазушы екенін танытты. Бұл шебер жазушының негізгі принципінің бірі болса керек. Мұны біз Ғабеннің баяу, бірақ байсалды істейтінін де, шыңдалған стиль шеберлігінен де, жастар творчасының көркемдік сапасы мен қазақ тілінің тазалығы жөніндегі жанкүйер қамқорлығынан да анық көреміз». [1, 187 б.]

Ал, академик-сыншы С. Қирабаев Ғ.Мүсіреповтің көркемдік әлемін түйсіне, терең пайымдай отырып, былай деп жазады: «әдетте, жазушыға сипаттама беруден көп қолданылатын кітап аттарымен геройларды атау, олардың тақырыбы мен идеясын айту Ғабиттің жазушылық жолын әңгімелеуге келе бермейді. Оның әдеби мұрасы жалпылай сөйлеуді ешқашан көтерген емес. Өйткені, Ғабиттің әр кітабы – өз алдына эстетикалық мұрат – мақсаты бар көркем қазына. Жалпы адам абласының көркемдік ой-пікірін байытудағы сөз зергерлерінің қызметін ол жақсы түсінеді. Абай айтқан «қиыннан қиыстырар ер данасы» көп болмаса, сол азғана топтың ішінде Ғабиттің де өз орны бар». [2, 122 б.]

Жиырмамыншы жылдардың аяғы, отызыншы жылдардың бас кезіндегі Ғ.Мүсіреповтің негізгі шығармалары: «Қос шалқар», «Талпақ танау», «Үздіксіз өсу», «Туннель», «Жеңілген Есрафил», «Бір адым кейін, кейін екі адым ілгері» (бұл повесть кейін «Алғашқы адымдар» деген атпен басылған). «Көк үйдегі көршілер», «Өмір ертегісі» және ана туралы әңгімелер циклі.

«Ғабит негізінде шебер әңгімеші. Ол әңгіменің бас-аяғын шашыратпай, нақтылы бір идеяның төңірегінде жинақы оқиғаға құрып, сурет пен бояуды әңгіменің көлеміне лайықтап шым-шымдап, шебер, дәл пайдаланады. Қысқа репликамен, ұжымды сөзбен характерді ашып кетеді.

Жазушы әңгімелер, шағын повестер жазу арқылы өз шеберлігін шыңдап, үлкен жанрға дайындалады. Көп оқиды, көп ізденеді. Оның осы алғашқы әңгімелерінен-ақ драмалық таланттың нышмы сезіледі. Ол ең алдымен диалогке шебер». [3, 42 б.]

Жазушының прозадағы алғашқы қадамы, «Тулаған толқында» повесінен бастау алған. Әлі ысылмаған, тәжірбиесі аз қаламгердің бұл тырнақ алды туындысында көркемдік тұрғыдан алып қарағанда оқиға шашырандылығы, образдар жүйесінің босандығы секілді композициялық олқылықтар кездеседі. Бірақ осы алғашқы аяқ алысының өзінде болашақ сөз зергерінің көркемдік қарымы, стильдік өрнегі, тіл байлығы, өзіндік юморы байқалады. Шығарма тақырыбында өзі жақсы білетін өмір құбылысы – ел іші, ауыл тұрмысынан алып жазады. Жазушының суреткерлік болмысының алғаш осы туындыдан тамыр тартқан алғышарттарын әдебиет сыншысы Сайлаубек Жұмабеков былайша ашып көрсетеді: «Жазушының тұңғыш туындысы-«Тулаған толқында» повесі. Ендеше болашақ ұлы суреткердің жемісті творчасының төл басы саналатын осынау «ұзақ әңгіме» - «Тулаған толқында» повесіне тоқталмай оту әсте мүмкін емес. Өйткені, бұл шығарма, біріншіден, әдеби – тарихи елеулі факті – дерек ретінде қызығушылық тудырмай қоймайды. Екіншіден, ұлы суреткердің жұртты сүйсінткен дара стиліне тән кесекте кемел сипаттардың әуелі осы туындыда алғаш нышандар танытқанына күмән жоқ». [4, 27 б.]

Жазушының суреткерлік стилі «Тулаған толқында» оның көркемдік тіл өрнегінен байқалады. Мысалы: «Шегірткелінің құба жанында, кілемдей көк майсаға жаңа ғана қонған Шынтемір ауылы. Құжынаған қалың мал, екі дөңнің астын алып, көрпедей жауып жатыр. Алалы – сиыр, ақтыыл қой қотанды ыңырсытады. Ауылдың төңірегіндегі өңкей ақ ордалар Шынтемір тұқымынан басқаның түк ортағы жоқ...». [5, 15 б.]

Бұл – Оспанның үйі. Ары: «Көз үйреніп, ішіндегі адамдардың анық түстегеннен кейін бұл үйде қорқарлық дәнеме жоқ. Кәдімгі кедей адамының үйінің іші. Үйдің қақа жартысын алып, шөгіп жатқан соқпа пеш, үсті – басы тілім – тілім. Жаққан қамыстың бұрқыраған күлі аузынана шығып, үйге төселген шөптің үстіне лықсып төгіледі де жатады. Қамыстың түтінен пештің үсті де қап-қара. Төбе ағаш та, төбе ағаштың арасынан салбырап тұрған қамыс та қап қара құрым. Пешке қарсы тұрған жарымжан бір кәрі төсек – ағаш. Оның кейінгі жағында аузы былжиған қара сандық пен бір қу кебеже. Нан илейтін астау, қырма қара табақ, бір ағаш шелек, қара қазан, қара құрым тұтқыш, бір ағаш ожау секілді нәрселерді қоспағанда Қалишаның бар мүлкі осы ғана» [5, 13 б.]. Бұл жесір әйел Қалишаның үйі. Екі жағдайдағы әлеуметтік тұрмысты суреттеу үшін жазушы бұл жерде кереғар, котристы бояуларды әдейі таңдаған. Мақсат – өмір шындығын дәлде, шыншылдықпен бейнелеу.

Ғабит Мүсірепов стилінің тағы бір ерекшелігі, кейіпкерлерінің характерлерін сомдаудағы суреттеу, мүсіндеу тәсілдері, портрет берудегі шеберлігі айрықша көзге ұрады. Мысалы: «Сегік танау жақ ерніне бір алақан насыбайды жымқырып алып, былшылдатып түкіреді тұрады... Қасына жақындап кетуің мұң, аузы насыбайға толып тұрса да, «Насыбайың жоқ па?»- деп бір айтпай қалмайды». [5, 11 б.]

«Бірақ мұның інісі Омар, ондай емес. Отпен кіріп, күлмен шығатын епті жігіт. Бір түнде тоғыз ауылдың итін үргізіп, тоғыз үйдің босағасын тырнап, мазасын алу қолынан келеді» [5, 11 б.]. Бұл – Итемгенің екінші баласы Омар. «Көтібардың Итемгені тығыршықтай тығыз, шертіп қалсаң, шырт ете түскендей ашуланшақ адам. Екі танаудың алдын таңқита қырқып тастаған. Берекеусіздеу шыққан қара мұрты екі езуінде мысықтың мұртына ұқсап селтиеді де тұрады. Тымағын бастыра киіп алып, шарбақтың ішіне Итемген кіргенде, мал жайласып жүрген балалар да, жұмыскерлерде аяқтарын қаздаң – қаздаң басады» [5, 11 б.]. Бұл – кәдімгі Итемген байдың өзі. Бұл үзінділердегі сатиралық – юморлық, ирониялық – гротескілік әсіреулер, саналуан портреттер, образдар мен характерлер, өмірдің әр түрлі реалистік штирхтары Ғабит Мүсіреповтің суреткерлік стилін айшықтайтын белгілер.

Ғ.Мүсіреповтің прозадағы үлкен көркемдік белесі - «Оянған өлке» романы болып табылады. Романның алғашқы журналдық нұсқасы «Әдебиет және искусство журналының 1952 жылғы 1-5 және 10-12 сандарында жарияланып, 1953 жылы «Оянған өлке» романы жеке кітап болып шығады. Ал, романның екінші кітабы – «Жат қолында» - романы арада отыз жыл өткен соң, 1984 жылы шығып, оқырмандар қолына түсті». «Сонымен көп жылға созылған тынымсыз еңбек баянды аяқталып, қазақ совет әдебиетінің бәсіре – еншісіне тағы да бір роман – эпопея келіп қосылды.

Екі кітаптан тұратын осынау роман – эпопеяда ХІХ ғасырдың ІІ жартысы мен Ұлы Октябрь революциясына дейінгі мерзімдегі қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық хал-ахуалы, барша тұрмыс-тіршілігі, қоғамдық жағдайы кеңінен қамтылып, жан – жақты терең суреттеледі». [4, 52-53 бб.]

«Романда қазақ өмірінің сол кездегі тарихы да, әлеуметтік тұрғысы да, пәлсепелік ойы да, этика мен эстетика да, әдет-ғұрыптық, салт-санасы да – үлкен суреткердің ой елегінен өтіп, бейнелі көрініс тапқан. Жазушы романда кесек те сом образдар, типтік характерлер жасаған. Романдағы кейіпкерлердің барлығы жазушының эстетикалық мұратын ашуға қызмет етеді.

Романның бүкіл сюжеттік желісі Игілік образына байланысты өрбиді. Сан алуан оқиғалар, тікелей де, жанамалай да сол Игілікке кеп тіреліп жатады». [6, 160 бб.]

Жазушы «Оянған өлке» романында адам характерін, кейіпкердің ішкі жан-дүниесін беруде портреттік тәсілдерді шебер де ұжымды пайдаланады.

Игілік образын сомдаудағы оның порттеріне үңіліп көрелік: «Игілік би паң да, тәккапар да емес. Даусын көтере сөйлегенін, бір адамға суық жүз көрсетеп, қабақ

шытқанын ешкім көрген де, естіген де емес. Ала көзін бір төңкеріп, қалың қабағын бір түйіп қалса, бұл маңайдағы елдер басына қара жамылғандай болар еді... Бұйырғаны өтінгендей ғана, кесім айтқаны – бітім айтқандай ғана» - деп мінездейді. Ал Игіліктің осы мінезін жазушы тек айтып қоймайды, іс-әрекет үстінде көрсетеді.

Ғ.Мүсірепов адамның ішкі жан дүниесінің қатпар – қатпар бүкпе сырларына үңіле білер, жазушы екеніне тағы бір мысал келтірейік: «Ушаков Тұрсынбай кудың бет аузын түгел қыдырып ажым - ажарларының арасынан опасыздық білгілеріңіз»- дейді.

Тұрсынбай «Алтынды қырқасына Попов қазық қағып кеткенін» хабарлағанда, Ушаков бір нәрсені секем ала қалады. Осы опасыздық жасап жүр –ау»деген күдік басына ойнап шыға келеді. Ол енді сол күдігін оның жүзінен іздейді. Ақыры тапқан да сияқты: оң көздің астыңғы қабағы бүлкілдей бастапты... Енді екі зәрлі жылан арбасып қалғандай, көздерін қадасып алып, бедірейісіп қатып қалды. Тұрсынбайдың өңі сұрланып, көздері жыланның тіліндей ғана жылт – жылт еткен ұшқын шашады. Ушаковтың көпшіл көзі мұзға айналып бара жатқандай. Әрине, айыпты адамның көзі көзі бұрын қағылып кетті. Тұрсынбайдың көзі әлгі ұшқыны өткендей қайтадан ілгештене қалды». [7, 61-62 бб.]

Жазушы екеуінің арбасу үстіндегі жан құбылыстарын айнытпай бере алған. Осы суреттеуде бір жалғандық жоқ, нанымды, сенімді.

Ғ.Мүсірепов адам психологиясын берездегі шеберлігін Сандыбай бейнесін мүсіндеу үстінде ед тамаша көрсете білген.

Сандыбай – шебер. Он саусағынан өнер тамады. Ағаштан түйме түйеді. Өзі айтқандай он саусағы алтын. Шеберлігімен елге танылған. Игіліктің ақ үйін салып берген сол.

Жазушы: «Тезге салып, иіп, сүргілеп – қырнап сымбатын келтірген ақ теректер қазір байлықты емес, шеберлікті сөйлеп тұр... Дұрысында бұл үйдің бар мақтары шебердің өнерінде еді. Игілік ақ үйді салып бергені үшін Сандыбайға он құлынды бие бермек. Соны қай үйірден алғысы келеді, таңдауды шебердің өзін берген Игілік. Сандыбай алдынан Игілік жылқылары үйір – үйір болып өтіп жатыр. Ыңғай тобылғы торылар бір үйір, ыңғай теңбіл қара көктер бір үйір, өңкей мақпал қаралар бір үйір. Өз аулына бітпеген Сандыбай не істерін білмеді, абыржып қалды. Бәрі – суреттей сұлу». [7, 97 б.]

Игілікте он екі мың жылқы бар. Осы үш үйірден алып, артынан қапы ұрам ба деп те қорқады. Жазушы осы кездегі Сандыбайдың арпалысқан ішкі жан құбылысын былай суреттейді: «Сандыбайдың тілі біржола байланып қалғандай еді. Бет – аузы, құлақ – мұрны түгел діріл қағады. Күліп тұрған жоқ, қуанышынан жылап тұрғандай. Терлеп те кетті... Жүгіріп өзенге барып, құлындардың қалай суға жүзіп, суды қалай ішіп жатқандарын көргісі келіп кетті... Аяқтары қозғала алар емес...

...Әрбір алдынан өткен айғырды мініп те көреді. Көз алдына қалай мінітетіні, қалай сауатыны да келеді... бірінен – біір ажарлы көрінген жылқыдан Сандыбай әлі таңдай алмай жүр. Жылқы өзеннен түгел суырыла шығып қыр асып барады. Сандыбай әлі сандалып тұр...». [7, 98-99 бб.]

Жазушы әр түрлі ситуация үстіндегі Сандыбай мінезінің әр қырын көрсетеді. Игілік жылқыларын көріп, ішпей – жемей маз болып келген Сандыбайдың Күншемен әңгімесі үстінде жаңа бір мінезі жалт ете қалады. «Бұрын торсықтай томпиып, үндемей салбырап, уһілеп қоятын Сандыбай Күншеге «Сүтін басыңқырай құйсаңыз – тағы бір шыны аяқ ішер едім» деп шыны аяғын еркін ұсынады. «Құдағиым болсаң қалай болар екен?.. Екі құлынды биені қазір беріп кетем... Бірі қара көк, бірі мақпал байтал берем де, келінімді аламын. Қызыңды ұзатып апарғанда өзіңе бір қара көк дөнен мінгіземін... Сиыр – миыр, қой – ешкі дегенді араластырмаймын... бір жақтырмаймын малым...» деп күпсіне сөйлейді. Соның бәрін ол шын пейілмен айтып отыр. Көңілінде еш бөтен ойы

жоқ. Қалтқысыз расы. Сондықтанда ол жұртты өзіндей көреді, сенеді. Сандыбай-ақ адам, аңқау адам. Игіліктің ішкі арам пиғылын аңғармайды, оның айтқанын шын деп ұғады. Ал Игілік сұм тобылғы торы, мақпал қара үйірлерін, Сандыбай алдынан өткізіп, оны қызықтырады, бірақ қолына ұстатпайды. Сандыбай оны сезбейді, білмейді. Би алдайды деген ойы жоқ. Сандыбай мінезіне күлесің, зілің жоқ, аяйсың.

Ғ.Мүсіреповтің поэтикалық синтаксисі таң қалдырады. Ол прозада – ақын. Оның сөйлемдері ырғақ, ұйқасымен, үнділігімен тіл қатады. Үйлесе сыр шертеді, бейнелі ойы мол, қат-қабат астары көп. Саздылығы ғажап жазушының сөйлемдері ықшам, етең-жеңі жинақы, ойнақы. Сықақ-қалжыңы, астарлы күлкі-ажуасы, шымшып алар әзілі жазушы шығармасының өн бойында үнемі көрініс беріп отырады».

Ғ.Мүсіреповтің қолтаңбасы бесенеден белгілі. Тіпті оған етене реалистік мәнерімен ұқсас жазушы Бейімбеттен де оқшауланады.

Ғ.Мүсірепов – ақын. Ол прозада поэзия тілімен сөйлейді. Қазақ прозасында бұл жағынан келгенде Ғабендей – жазушы ілу де бір. Оның жаны – ақын. Сондықтан да болар ол жасаған сөз образдары ірі де терең. Аумағы кең. Ойға шомдырады, толғаныс-тебіреністерге еркін жол ашады. Оның қаламынан жаралған әр бейнелі ой – үлкен философия, өнер тілімен сөйлеген терең социология.

Жазушының мына бір жолдарына үңілейікші: «Қоғам үлкен бе, кіші ме, ойлы ма, өнерлі ме, сол қоғамның алыс – жақын арманына ортақпысың, жоқпысың, өзім деген әміршің өзіңнен өзгенің қайғы – қуанышына қалтқысыз ортақ етеме, жоқ па, - бәрібір, әркімнің сол қоғам ішінде өз үйірі, өмір ішінде өз түкпірі, өз қайғысы, өз қуанышы бар. Оның үлкен істен жырып алған, қуаныш – мұңы да басқа, үлкен топтан таңдап алған достары да басқа. Соларының бәрі Мұсақай еді». Бұл – шынайы да сұлу поэзия. Мұнда поэзияға тән бар қасиет бар: ырғақ та, әуен де, үйлесім де, үндестік те, бар-баршасы бар, мөлдір поэзия. Осы жолдар өмір философиясына толы. Осы жолдар музыкалық саздылығымен, үйлесім – ырғағымен оқушыны өмір сырларына жетелейді, ойға шомдырады. [6, 192-193 бб.]

«Зергер суреткердің көркемдік талантының енді бір қыры – пейзаждық, декорациялық, ситуациялық картиналарды безендіріп беруге үздік шеберлігі. Еске түсірейікші: көктемнің, күздің, қыстың, жаздың, айлы түннің, ақ боранның, үріккен жылқының, өршіген өрттің, қазақ әйеленің қарғысының ғажап сипаттамалары еріксіз көз тартпай ма, көңілге ұяласпай ма?!». [7, 195-196 бб.]

Жазушының өртті суреттеген жерлері де әсем. Мінсіз. Қылқаламның үздіксіз шеберлері жасаған полотналарындай көркем. Әсем сазды. Зерлі өрнек. Оқшау үн жоқ. Барлық дыбыс, сөйлем іштей де сырттай да үйлесім тапқан. Сөз бояулары бір-бірімен жымдаса кіріккен. «Құрауы жеткен күзгі қау мен ақ селеулер сылқ – сылық күлгендей сытырлай жанып, дүрілдей жөнелді. Тар жер – ошақта, қапаста қалғып қана жанған от желкем күнде жазыққа шығып алған соң, ойнақ салып кетті. Ақ селеулерді қылғып жұтып, қурай тұқымын әуелі жығып алып, артынан ұсақ оттар мүжіп жатқандай көрінеді. Қызып алған өрттің алды кейін қалып бара жатқан ұсақ – ұлпаңға қарамай дүркіреп ілгері кетіп барады...». Осы келтірілген үзінді поэтикалық өрнектерге толы. Ақ селеулер сытырлай жанып сылқ-сылқ күледі, от ойнақ салады, жығылған қурайды ұсақ оттар мүжіп жатқандай.

Ғ.Мүсірепов дыбысқа жаңа әуен, жаңа үн, жан бітірген шебер композитор, әншідей ол сөзге де сондай жан бітіреді, құлпыртып, құбылтып ажарландырады. Шебер құрылысшы сияқты әр кірпішті орнына қалай біледі. Зергер жазушы сөзге, сөздің мәнінен үлкен мән береді. Жазушы: «Сөйлем сөзден құралады. Сөйлемнің құрамына кіретін әрбір сөздің өзі тұлғалы болу керек. Сонда сөйлем тұлғалы болып шығады. Көркем әдебиетте сөз тұлғалы болуымен бірге текемелі, әр сөз тұлғалы, әрі бейнелі, көркемдік содан туады». [8, 165 б.]

Бұл жолдардан жазушы әр сөздің мәнін, реңін, тұлғасын жоғалтпау керектігін баса айтады. Осыған тағы мысал келтіріп көрелік:

- «Ұлпан не жайындағы повесть?» - деп сұрады Онегин.

- «Ұлпан» менің Монна Лизам – дедім оған.

- «Ұлпанның» идеялық тақырыбы неде? – деп сұрады менің зерттеушілерімнің бірі.

- Адамның жаны мен жүрегінің ізгілігінде – дедім мен. Екеуі де түсіне алмады-ау деймін. Өйткені әл еш нәрсе жазған жоқ. «О благодарстве души и сердца» дегенді қазақша түсіндіре алмасам керек» [8, 165 б.].

Көркем шығармадағы шынайы болмыстық табиғи әсерін жан-жүрегімен етене қабылдайтындығын мына бір жолдардан байқаймыз.

«Ремарктың жаңбырды жазғанын оқып отырғанда, Алматының май айындағы ашық күні жаңбыры жауып тұрғандай сезіліп кетеді. Тургеневтің жаратылыс суреттерін оқып отырғанда, өзің сол жерде отырғандайсың екі кішкене тастың арасынан жылып аққан суды көзіңмен көресің» - деп әсерлене жазады. [8, 165 б.]

Жазушы осы жазбаларында өзінің неге прозаға бет бұрғанын да сездіріп өтеді. Жазушының пікірінше проза жайқара сөз емес, ырғақты, лебі бар, теңеу, бейнелеу арқылы оқушының сезіміне деп тиетін көркем сөз. Сондықтан да прозаны поэзиядан кем көрмейді.

Эстетикалық өрелікке, сұлулыққа ынтызар қаламгер көкірегінде 40 жыл сақтап жүрген «Ұлпан» романындағы Ұлпан бейнесін «Менің Джокондам», «Менің Моно Лизам» деп әспеттейді. Мұның өзі де жазушының сұлулыққа ынтызар, іңкәр көңілін айғақтайтын биік эстетикалық талғам – таразасын айғақтаса керек.

«Көрнекті суреткер Тахауи Ахтанов өзінің «Талант мөлдірлігі» атты мақаласында: «Қазақ сөз зергерлерінің ішінде Мүсіреповтің қайталанбас жазушылық қолтаңбас ерекше. Стилинің әсемдігі, дәлдігі, тілінің нәрлілігі, нәзік юморы мен аса байқампаздығы – бүкіл бір ұрпаққа үлгі» - деген пікіріне сүйенсек, суреткер прозасы әрқашан әдебиетіміздің асу-асу белдерін, шоқтығы зор кезеңдерін айқындап береді. Екен. Расында, уақыт көшінен қарасақ оның бастапқы әңгімелері 20-30 жылдардағы, «Қазақ солдатты» романы 40-шы жылдардағы, «Оянған өлке» романы 50-ші жылдардағы, «Кездеспей керек бір бейне» поэмасы мен новеллары 60-шы жылдардағы, «Ұлпан» романы 70-ші жылдардағы, «Жат қолында» романы 80-ші жылдардағы қазақ прозасының, тұтастай алғанда, қазақ совет әдебиетінің мерейін аспандатып тұрған көшелі дүниелер екен. Ал мұндай дәрежеге жету суреткердің суреткеріне бұйыратын бақып, ырыс-несібе. Өйткені, Тәкен Әлімқұлов сөзімен айтсақ: «Ғабит Мүсірепов өзін де, өзгені де қайталамаған ұлы суреткер!». [4, 72-73 бб.]

Сайып келгенде өнердің өнер иесінің жан баласын сұлулыққа, ізгілікке, нәзіктікке баулыр ұлы мұратын өзінің сезімтал да сыншыл жүрегімен түсіне білген ұлы жазушы Ғабит Мүсірепов осы ақиқатты бір сөз бір сөзіне жарығын түсіріп тұрған сәулелі шығармалары арқылы дәлелдеген сияқты. Олай болса ардақты Ғабен, қазақтың Ғабит Мүсірепов секілді әйгілі жазушы суреткерліктің биік шыңына терең эстетикалық ой-толғамдарға, өнер туралы суреткерлік сұңғыла пайымдауларға өзінің Алла берген тума талантымен қоса тынымсыз шығармашылық ізденіс, ішкі парасат пен мәдениет, зор рухани тәжірбие, азапты еңбек арқылы жеткендігін байқаймыз.

Әдебиет:

1. Қаратаев М. Шығармалары. – Алматы: 1978. – 327 б.
2. Қирабаев С. Шығармалар жинағы II том. – Алматы: 1977. – 213 б.
3. Ахтанов Т. Көкейкесті. – Алматы: 1980. – 211 б.
4. Жұмабеков С. Ғабит Мүсірепов. – Алматы: 1989. – 249 б.

5. Мүсірепов Ф. Таңдамалы үш томдық шығармалар жинағы. 1 том. – Алматы: Жазушы, 1980.
6. Ақшолоқов Т. Шығарманың көркем айшықтарын таныту. – Алматы: 1994. – 298 б.
7. Мүсірепов Ф. Таңдамалы үш томдық шығармалар жинағы. 2 том. – Алматы: Жазушы, 1980.
8. Мүсірепов Ф. Суреткер парызы. – Алматы: 1970. – 301 б.

ӘОЖ 316.74:81(574)

ӘЛЕУМЕТТІК ЛИНГВИСТИКАНЫҢ ДАМУЫ

Игисинаова А.С.

(М.Х. Дулати атындағы ТарМУ)

Еліміздің жоғары оқу орындарында кәсіби филолог-мамандарын дайындау, олардың лингвистикалық көзқарастарын дамыту мен тереңдету мақсатында әртүрлі жалпылингвистикалық пәндер оқытылады. “Жалпы тіл білімі” немесе “Тіл біліміне кіріспе” сияқты пәндер тіл білімі саласындағы, тілдің табиғаты, оның дамуындағы бағыттары мен заңдылықтарын, лингвистикалық анализ, зерттеу әдістерін, тіл білімінің бөлімдерін зерттеу бойынша теориялық білімдерді қалыптастырады. Соңғы кездері тіл білімінің маңызды бағыты ретінде өзінің зерттеу нысаны мен әдістері қаланған *әлеуметтік лингвистика* қарастырылуда.

Әлеуметтік лингвистика- әлеуметтану, әлеуметтік психология, антропология, этнография сынды ғылымдардың тоғысқан аралығында қалыптасқан тіл білімі.

Әлеуметтік лингвистика, орысша социоллингвистика деп аталады да, латын тілінен *lingua* =тіл және *socio*= қоғамға қатысты, яғни *қоғамға қатысты тіл* деген мағынаны білдіреді. **Социоллингвистика** деген ұғымды алғаш рет 1952 жылы ағылшын тілінде Haver C. Currie “*Projection of Sociolinguistics: Relationship of Speech to Social Status*” атты еңбегінде қолданды. Дегенмен бұл ұғымның шығу тарихын 1950-ші жылдары америкалық ғылымда емес, еуропалық, дәлірек айтқанда, орыс ғылымынан іздеу қажет.

Әлеуметтік лингвистиканың негізгі объектісі - тілдің функционалды жағын зерттеу. Жеке сала ретінде әлеуметтік лингвистика тілдің қоғамдық табиғатын, әлеуметтік қызметін, тіл болмысының қатынастық түрлерін, тілдің сипаттық түрлерін қарастырады. Әлеуметтік лингвистиканың зерттеу мәселелеріне тілдің өмір сүру формаларынан пайда болатын тілдік жағдайлар, тіл мен мәдениеттің байланысы, елдегі тіл саясаты жатады.

Тілдің әлеуметтік табиғатын зерттеу мәселелерін алғаш 19 ғасырда П. Лафарг, А. Мейе, А. Зоммерфельт қарастыра бастады. П. Лафаргтың (1842-1911) «Язык и революция» атты жұмысында кеңес социоллингвистикасының бастау алатынын көреміз. Компаративистиканы қабылдамаған П. Лафарг тілдік өзгерістерді түсіндіру үшін де Сталь ханымның орта теориясын пайдаланды. Онда тіл өзінің әлеуметтік ортасынан өсімдік секілді өзіне тән климаттық ортасынан ажырамайтындығы, лингвисттердің әдетте осы ортаны елемейтіндігі, түсінбейтіндігі айтылады. Постреволюциялық Ресейде Лафаргтың жұмысы әдіснамалық бағыт ретінде қабылданды.

Француз лингвистикасының басшысы болып танылған Антуан Мейе «Языки современной Европы» деген кітабында әлеуметтік лингвистика мәселелерін қозғады. Ғалым ретінде беделі жоғары А. Мейені “ лингвистикадағы социологиялық мектептің” негізін қалаушы деп қарастырды.

20- ғасырда әлеуметтік лингвистиканың негізін Женева мектебі (А. Сеше, Ш. Балли, Ф. Де Соссюр) және Прага структурализмінің (В. Матезиус, С.Д. Карцевский, Б.

Трнка т.б.) өкілдері қалады. Швейцариялық лингвист Ф. Де Соссюрдің идеяларына негізделген Женева мектебі тіл біліміндегі социологиялық бағытта жұмыс істеген мектептердің бірі болып табылады. Аталған мектеп өкілдері тілді ең алдымен әлеуметтік құбылыс деп, адамдардың қоғамдық жағдайына, жұмыс істеу аясына, біліміне байланысты қарым-қатынас құралы ретінде түсіндірді.

Қазіргі әлеуметтік лингвистиканың негізін қалаушылар қатарына В. Матезиус, С.Д. Карцевский, Б. Трнка сынды прагалық лингвистикалық мектеп өкілдерін жатқызуға болады. Олар тілдің әлеуметтік үрдістермен байланысын және әдеби тілдің әлеуметтік рөлін көрсетті.

Қазіргі әлеуметтік лингвистиканың фундаментін қалауға 20-шы ғасырдың 20-30 жылдары кеңес ғалымдары Л.П. Якубинский, Б.А. Ларин, В.В. Виноградов, Е.В. Поливанов, В. М. Жирмунский, Р.О. Шор, М.В. Сергиевский өз үлестерін қосқан. Тілді марксистік көзқараспен талдау негізінде оны қоғамдық құбылыс деп қарастырды.

Сол кездері академик В.М. Жирмунский, әлеуметтік лингвистиканың міндеттерін нақтылай отырып, екі бастысын атап өтті: 1) тілдің әлеуметтік дифференциациясын үйрену (қоғамның әлеуметтік бөлінуіне байланысты); 2) тілдің дамуында әлеуметтік шарттылыққа қатысты. Кейінгі жылдары орыс социолингвистика басшысының пікіріне түзетулер енгізіліп, бұл ғалымның айналысуы тиіс проблемалар шеңберін кеңейту жағына бағытталды. В.А. Звягинцев әлеуметтік лингвистиканың нақты зерттеу шекаралары жоқ деп санайды, ал кейбір зерттеушілер, мысалы Д. Хайз, бұл ғылымның құзыреттілігін кеңейтіп, әлеуметтік лингвистикаға кіріспе ретінде сөйлеу қарым-қатынасының мәселелерін жатқызып және бұл мәселелерді "адам факторын" жан-жақты есепке алғанда ғана тиімді зерттеуге болады дейді.

1960 жылдары неміс лингвисті Б. Бернштайн әртүрлі әлеуметтік ортаның (кедей адамдардың, орта және жоғары топтың) тілін зерттеді. Ол: "The 'socio' of sociolinguistics seems to be very narrowly focused, selected more by the requirements of linguistics than developed by the requirements of sociology"- дейді. Нәтижесі ретінде оның *тапшылық гипотезасын (Defizithypothese)* айтуға болады. Осыған сүйенсек, төменгі топ (кедейлер) тілді шектеулі мөлшерде (сөздік қоры төмен, қарапайым синтаксистік құрылымдар) ғана қолданады.

1960 жылдардың соңында АҚШ лингвисті У. Лабов Б. Бернштайнды зерттеуіне қарсы сыни реакция ретінде дифференциалдық гипотеза (Differenzhypothese) жасайды. У. Лабов тілдің қолдану формалары әртүрлі әлеуметтік топтарға тән кеңдік пен дифференциация тұрғысынан, логикалық өзара байланысты есепке алу тұрғысынан функционалдық түрде эквивалентті деп болжайды.

Еліміздегі әлеуметтік лингвистика КСРО-ның әлеуметтік лингвистикасының бір бағыты болып дамыды. Мемлекетіміз тәуелсіздік алған жылдан бастап еліміздегі тілдік жағдаят, мемлекетіміздің тілдік саясаты мен оның негізгі бағыттары жан-жақты зерттеліп, ғылыми негізделген шешімін тапты. Бұл бағытта Б. Хасанұлының, М.М. Копыленконың, А.Е. Карлинскийдің, Э.Д. Сүлейменованың, З.К. Ахметжанованың, Н.Ж. Шаймерденованың, М.К. Исаеваның еңбектерін атап өтуге болады. Бұл ғалымдардың жұмысында Қазақстандағы тілдік жағдаят, қазақ тілі ішінде орыс тілінің қызметі, қазақ-орыс екітілділік ерекшеліктері сипатталады. Б. Хасанұлы өзінің докторлық диссертациясында қазақ тілінің әлеуметтік-лингвистикалық мәселелерін, Қазақстандағы тілдік жағдаятты, тіл мен қоғамның байланысын, көпұлтты мемлекеттегі тілдердің даму мен қызмет ету жалпы теориясын қарастырады.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің қауымдастырылған профессоры А. Абасилов Қазақстандағы әлеуметтік лингвистикаға қатысты жұмыстарында әлеуметтік лингвистика әлеуметтік контексттегі тілді зерттейді деп пайымдайды.

Неміс лингвисті Дитмар: „Der Gegenstand der Soziolinguistik ist die soziale Bedeutung des Sprachsystems und seines Gebrauchs“-деп атап көрсеткендей, әлеуметтік лингвистиканың зерттеу пәні - тілдік жүйе мен оның қолданылуының әлеуметтік маңыздылығы. Осы зерттеу пәнінен Джошуа Фишман басты қарастырылу керек жеті сұрақ белгілейді: *Кім(1) не(2) жазады/ сөйлейді және қалай(3) кіммен(4) қай тілде(5) және қандай әлеуметтік жағдайда(6) қандай мақсатпен және нәтижемен(7).*

Тіл білімінің қызықты бір бөлігі болып саналатын әлеуметтік лингвистика әлі де жан- жақты зерттеулерді қажет етеді.

Әдебиет:

1. Абасилов А.М., Асанбаева С.А. СОЦИОЛИНГВИСТИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ: НОВЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ И ПРОБЛЕМЫ // Международный журнал экспериментального образования. – 2015. – № 3-2. – С. 192-196;
2. Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998 жыл, 509 бет. ISBN 5-7667-2616-3
3. <https://anthrowiki.at/Soziolinguistik>
4. <https://scicenter.online/obschee-yazykoznanie-scicenter/sotsiolingvistika-101236.html>
5. Лингвистический энциклопедический словарь. Гл. ред. В. Н. Ярцева. Москва, «Советская энциклопедия», 1990.
6. https://studme.org/76155/sotsiologiya/problemy_sotsiolingvistiki
7. Bernstein, Basil, 1996. Pedagogy, Symbolic Control and Identity. Theory, Research, Critique. London: Taylor & Francis.
8. <http://www.ds.uzh.ch/files/uploads/studarb/30.pdf>

ӘОЖ 821.512.122

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ «ҰШҚАН ҰЯ» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮР МЕН ӘДЕТ-ҒҰРЫП ЭЛЕМЕНТТЕРІ

Қадыров Ж.Т., Искакова Л.К.
(*М. Қозыбаев атындағы СҚМУ*)

Бауыржан Момышұлын әдебиеттің биік тұғырына көтерген шығармасы – «Ұшқан ұя» кітабы. Бұл кітабы үшін ол Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығына ие болған. Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» кітабы нағыз ұлттық шығарма.

Жазушы өткен ғасырдың 30 жылын қамтитын үлкен шығарма жазуды жоспарлайды. Алайда ол жүзеге аспаған «Өзі де, сөзі де өткір, батыр Бауыржан «Ұшқан ұя» сынды қазақ халқының өмір тынысын кең, қапысыз қамтып, оймақтайдан сақталып ой түйіп, өн бойына өң шындық тұнған шығарма» деп, - Ә.Қалдыбаев ағамыз дұрыс баға берген.

«Ұшқан ұя» - Бауыржан Момышұлының балалық шағы туралы жазған кесек туындысы. «Ұшқан ұя» сан қырлы, алуан бедерлі, айтарлықтай күрделі шығарма. Бір қарағанда ол анау айтқандай көлемді дүние емес, бірақ «кішкентай ғана қара тас, атан түйе көтере алмастың» дәл өзі. Бауыржанның өзі оған ен тақпаған, жанр жамамаған, «Біздің отбасы» деген де қойған. Оны орыс тілінен қазақша аударған Тұтқабай Иманбеков «Ұшқан ұя » деп атаған. Бауыржанның бұл шығармасы алғаш рет 1956 жылы орыс тілінде Ресейдің Калинин қаласында жарық көрді. Бұл шығарманың ұлттық сипаты оның алғашқы беттерінен-ақ аңғарылады. Бауыржанның атасы Имаштың, әжесі Қызтумастың нағыз қазақы қалпымыздың қалыбынан шыққан. Бауыржанның әжесі

«аса ажарлы, ақ дидарлы кісі екен», ал атасы «қазанның түп күйесіндей» қара болыпты. Әжесі немерелерін жиіркенбей сүйетіндей болып туғанын қалап, балаларының ай көрікті, ақ перизатқа үйлен деген талап қаяды. Содан да ұлының үлкені - Имаш 33 жасында бірақ үйленеді. Қазақ перзентінің бәрін жақсы көрген, бірақ ұл баланың жөні бөлек болған. Әбден күттіріп барып дүниеге төрт қыздан кейін Бауыржан келеді. Одан кейін жоғарыда айтып өткеніміздей Бауыржанға атасы Имаш бата береді. Үш айға толғанда өсиет айтады. Бауыржан Имаш бабасының біріншісін бата, екіншісін өсиет деп біледі. Екеуі де сағынтып дүниеге келген ұлдың жақсы азамат болуына арналып айтылған тілек. Ия, Бауыржан атасының батасы дарып, өсиет-тілегін орындаған азамат болып өседі.

«Ұшқан ұяда» автор ерекше мән берген мәселенің бірі – адамдардың бірін-бірі құрметтеуі, ізет көрсетуі, сыйлауы болып табылады. Оны Қабылбек пен Текебай би арасындағы дау-дамай арқылы жеткізеді:

- Менің күшігім саған қарап шауылдесе керек, Қабылбек! Айыбын көтергелі келдім алдына. Кешіремісің, сірә! – депті. Мына сөзден Қабылбектің қабырғасы сөгіліп, қалбалақтап атынан аунап түседі:

- О, текті би Текебай! Сенің балаңның айыбынан менің айыбым асып кетті білем. Аға болсаң да сені мен аттан түспей тыңдаппын-ау. Сен кешіремісің мені? Бұл әдепсіздігім бүкіл әулетімізге таңба болатын болды ғой, ой әттеген ай. Ат шапан айып сенен емес, менен, ақсақал! - деп үстіндегі зерлі шапанын шешіп, Текебайдың иығына жауыпты» [1]. Көркем өрілген диалогтан суреткер шеберлігі ғана емес, ұлттық болмыстың тұтас бітімі көрінетіндей. Автор «Ұшқан ұядағы» оқиғаның түп өзегін әже бейнесі арқылы өрбітеді. Туындының өн бойында әже образы – тектіліктің, кеменгерліктің дінгегі ретінде суреттелген. Отбасының ғана емес, ауылдың ақылшысына айналған әже бейнесін автор ерекше бір тебіреніспен, сүйіспеншілікпен бейнелеген. Әжесінің әу бастан әкесі Момышқа:

- Әй, қара құл! Мен құдайдан саған ай көрікті ай перизат жолықтырғай деп тілеймін. Тым болмаса, немерелерімді жиіркенбей сүйейін, - деп талап қоюы да еріксіз езу тартқызарлық юморлық стиль. Әуезді әуенімен әлпештеген әже әлдиі де қаламгердің жүрегінде мәңгілік сақталған. Жазушы өз өмірінің темірқазығына айналған тәлімнің тектілігінің негізі ертегі мен көне әңгімелерден қаланғанын жас ұрпаққа өнеге етеді. «Ертекісіз өскен бала – рухани мүгедек адам. Біздің қазіргі балаларымызға әжелері, не шешелері ертегі айта бермейді. Содан қорқам. Менің қазіргі келіндерім немерелеріме бесік жырын айта білмейді. Бесікте жатқанында құлағына анасының әлди әні сіңбеген баланың көкірегі кейін керең боп қалмаса деп қорқамын» - деп қамығуында терең психологиялық астар бар. Дала философиясында ер баланы тәрбиелеуде әкенің рөлі ерекше болған. Повестің өн бойынан аңғарылатын автор позициясы да осы қастерлі ұғымды үнемі алға ұстайды. Әкесінің баласын үлкенді сыйлау, сәлем беру дағдысына қалай тәрбиелегені шығармада шынайы көрініс тапқан. Үлкендерге амандасу рәсімін меңгерту нәтижесінде олардың аузынан бала Бауыржанға «жақсы азамат, жігіт болып қалыпты» деген көтерме баға берудің өзі тек жақсы болуға жетелеу екенін танытады. Әкесінің бала Бауыржанға шежіре жаттатқызуы да - тамыры терең тәрбие тиегінің ағытылуы. Профессор М.Мырзахметұлының Баукең туралы естелігіндегі: «Жеті атасын білмеген жетімдіктің белгісі» деген мақалаға айрықша мән беретұғын. Өзінің бала-немерелеріне, тіпті бізге дейін, Дулатқа дейінгі бабаларымыздың тізімін жазып беріп, жаттап алуды ескертіп отыратын. Енді ойлап қарасам, орыстар арасында айтылатын «Иван безродный» дегені сияқты кейбір тексіз қазақ бола бастағандарды көріп, рухани мәңгүрттіктен сақтандырған ескертуі ме деп шамалаймын» [2] деген пікірі де осы ойымызды қуаттайтыны ақиқат. Повесте ғасырдан-ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан салт-дәстүріміздің көрінісін

Үбиянның ұзатылу тойынан аңғарамыз. Автордың балалық көңілмен қабылдаған, өзіне ерекше қызық көрінген «ұрын келу» салты шығармада мөлдіреп тұнық баяндалған. Жазушы қазақ дәстүріндегі құдалық, құда күтудегі кәде-жоралғылардың жасалу ерекшеліктерін де ерекше мән бере сүйсіне суреттейді: «Базар күні еді. Аюбайдың ауылынан жиырма шақты адам келді. Сөз бастары, жөн бастар, жол сілтері Аюбайдың немере ағасы Оңғарбай деген ақсақал екен». Аңғал Аюбайдың қыз жеңгелері қойған сыннан өтуі оқырманға еріксіз езу тартқызады. Жұмбақтай сөйлеп, астарлы ой сұраған сауалдың жауабы қарадүрсіндеу болады. «Ай қай жақтан туар екен? – деп күлген бір жеңгесіне Аюбайдың тура жауап бергені бар:

- Кеш батқалы қашан, ендігі ай да шыққан шығар. Аюбайдың аңғал айтылған адал шындығына біраз келіншектер шиқылдасып күлісіп алды.

- Шолпанның тұрағы қайсы екен, ай мекені қайда екен? – деді енді біреуі. Аюбайдың жауабы тағы да қарабайыр болды. Тағы да көңілдегі шындығын айтып салды.

- Ай мен Шолпанның тұрағын үйде отырып қалай ажыратайын? Келіншектер қайтадан күлісті. Аюбай қызарақтап, күйеу жолдасына қарай береді. Қысылғанда көмек сұраған сынайы бар» [1].

Бұдан кейін оқырман аңғал Аюбайдың қыздармен айтыс кезінде жауап қайтара алмай амалы құрығанын, ақыр соңында оның қылықтарын досы Ондастың «Ешкімге айта көрмеңдер» деп абдырағанының куәсі болады. Ақ отауға кірген Үбиянға тұрып сәлемдесудің ретін білмеген күйеу жігіттен қалыңдық көңілі әбден қалады. Осы бір сәт жазушының Үбиян аузына салған «қызға сөз салардан бұрын, сөз мәнісін түсінер болар еді. Сөз қадірін ұқпаған, өз қадірін қалай білмек» деген сөзі салмақты ойға жетелейді. Автор Аюбайға айтылған сөздің түп-төркіні отбасылық тәрбиеге тірелетінін аңғартады.

Үбиянның ұзатылар алдындағы ағайын-туманы аралауға аттанғаны да автор назарынан тыс қалмайды: «Тойға екі апта қалғанда Үбиян ағайын-туған, жекжат-жұрағаттармен танысуға аттанады. Әпкемнің қасына екі жігіт, үш келіншек ерді. Байқап отырсам, осынау дәстүрдің үлкен мәні бар екен ғой. Ауылынан аттанып, қызықты дәуренімен қоштасар алдындағы қыздың ең соңғы рет емін-еркін салтанат құруы сияқты екен бұл» [1].

Шығармадағы қалың мал салтының суреттелуі де көңіл аудартпай қоймайды. Бұл салт ХХ ғасыр басында жазылған әдеби туындыларда кертартпалық жағынан суреттеледі. С. Көбеевтің «Қалың мал» романы, С. Торайғыров «Кім жазықты» т.б. көркем шығармалар арқылы бұл салттың кертартпалыққа айналған себептері біршама ашылған. Мұндай салттарды Кеңес үкіметі де өз мүддесіне шебер пайдаланды. Ұлтымыздың ұлттық санасына теріс бағдар беріп, ата дәстүрінен бездіріп, өздеріне қажетті идиологияның аясын кеңейтті.

Жазушы қалыңға алынатын малдың қайда жұмсалатынын түйіндеп көрсетеді. Олардың жасау-жабдыққа жұмсалғандығын суреттейді. Аяулы әжесі «табақ-аяқ, көрпешек, жасау-жабдықтарын түгендеп, ине-жіпке дейін қалдырмаймын деген сөздерін баяндай келе «қалың мал қанша көбейсе де, қорамызға тұяқ қосылмай, азая берді. Бәрі жасау-жабдыққа жаратылып жатыр еді» [1]. Осы шығарманы оқығанда, қызын сатып, байып жатқан қазақты емес, болашақ перзентінің қамын ойлаған адал азаматты көреміз. Жас үйленген отбасы үшін қалыңмал дәстүрінің қаншалықты маңызды болғанын көре аламыз. Ұрпақ санасына теріс түсіндіріліп келген бұл салттың шынайы мәні тек «Ұшқан ұяда» ғана ашық та айқын анықталған. Әрине, қаламгер тарапынан қалың мал рәсімінің қазақ тұрмысының келеңсіздігіне де баға беріледі. Жазушы өз көзімен көрген, бұл дәстүрдің кері кері әсерін Зәрипа тағдыры арқылы шығармаға арқау еткен. Көнеден келе жатқан халықтың салт-дәстүрінің бірі – ұзатылар қыздың отауын тігу: «Жасау-жабдық түгелденіп болған соң әпкемді ертіп келді. Ауылдың

үлкен жеңгесі алдынан қарсы алып, қолтықтады да отауға қарай беттеді. Осы сәтте әйелдердің толқуында шек жоқ еді. Бәрі қыбырсыз тына қалды. Демдерін іштеріне тартып салтанатты сәт күткендей кейбіреуі көзіне жас алып жатыр. Өлгі үлкен жеңгеміз босағаға жақындағанда Үбиянға тіл қатты:

- Отауыңа оң сәт тілеп, есігін аштырғалы тұрмыз, еркежан. Отауың бақытқа толсын, иелері қайғысыз болсын. Даусы біртүрлі қалтырап шықты» [1].

Қазақ дәстүрінде ұзатылар қыздың киіміне де ерекше мән берілген. Қалыңдық киімі он саусағынан өнері тамған ауыл шеберлерінің қолынан шығады. Қаламгер оқырман назарын ұзатылып бара жатқан Үбиянға дайындалған киім арқылы ұлттық киіміміздің куә-сырына қанықтыруды мақсат еткені байқалады: «Раушан түстес бүрме етек көйлекті кигенде әпкемді танымай қалдым. Керемет жарасымды екен. Көйлек сыртынан қынамабел көкбарқыт бешпет киді. Құндыз бөркінің төбесінде үкі желбіреді. Қос бұрымының ұшынан күміс тамшы төгілгендей, арқасында әсем шолпы сылдырайды. Аяғында биік өкше оюлы етік. Мойны моншаққа толы, кеудесін алқа көмкеріп тұр. Аппақ білегінде қос-қостан күміс білезік. Саусақтары сақинамен безенген. Тырнағына аздап сүрме жаққандай көрінді» [1]. Кейіпкер портретін жасаудағы шеберлік жалаң емес, ой, толғамға толы. Оның арғы жағында ұлттық дәстүрге деген терең сүйіспеншілік байқалады. Автор руханият үлгілерінен алыстап бара жатқан ұрпақ тағдырына алаңдаушылық білдіреді. Ұлт діңгегіне түскен жегі құрт – орыстандыру саясатының қатерлі сипат ала бастағанынан қауіп етеді. Елді елдігінен, ағайынды адалдығынан айыруға бағытталған зымиян саясатты ішпен біліп, сезіп аймақтық жергілікті диалект сөздерді де орынды қолданады.

Повестегі автор шеберлігін танытатын тағы бір тұс – Үбиянды ұзату тойы. Әдетте, қыз ұзату тойы екі жақтың құдаласуы бітіп, қалың мал аяқталған кезде келісіммен жасалады. Үбиян тойынан оқырман ойын-сауыққа арналған көңілашарды ғана емес, ғасырлардан ғасырларға дәстүрлі жалғастығын бұзбай, ұрпақ санасының сарасынан сарапталған мәдени құндылықты көреді. «Отбасылық ғұрып фольклоры» атты еңбегінде зерттеуші-ғалым К.Мәтіжанұлы: «Қазақтың тойы дала төсіндегі үлкен сахнаны елестетеді. Ондағы әрбір адамның, құда-құдағидан бастап, шақырылған қонақтарға дейін өз мәртебесі, белгіленген орындары мен өз рөлдері бар. Күнделікті тіршіліктің ресми заңдары мен қағидалары мұнда жүрмейді, ол- мерекенің, тойдың ежелден қалыптасқан сөз қағидасына бағынады» деген тұжырым жасайды.

Екі жастың неке қиюына куәлік беру дәстүрі – имандылыққа шақырар танымға негізделген. Күйеуге тән иба, «мұрын астынан сөйлейтін» күйеу бала Аюбай бейнесі, қолапайсыз тірлігі юморлық штрихтар арқылы әдіптеледі. Қазіргі таңда мүлдем ұмтыла бастаған көне дәстүрдің бірі – «жар салу» дәстүрі де Өтеп бейнесі арқылы ашылған.

Ойымызды қорыта келсек, Б. Момышұлының дәстүрдің озығын қайта әкелудегі, жаңғыртудағы әрекеті осы «Ұшқан ұя» повесі арқылы өрбігенін аңғарамыз. Әрбір оқиға мен жағдайларды кейіпкерлерінің іс-әрекетімен бейнелеуде көркемдік-эстетикалық көпқырлықты байқатады. Осының бәрі жазушының ерекше шеберлігін, стильдік ұтымдығын дәлелдеп, көркемдіктің ең биік деңгейінен көрсетеді.

Тұтастай алғанда, Б.Момышұлы шығармашылығы адам мен оның еңбегін биік бағалайтын, өмір, уақыт талаптарын адал атқарып, әділеттілік тұрғысынан жүзеге асыратын елдік пен ерлікке тәрбиелейтін тағылымды туындылар болып табылады.

Асылы, адамтану ісіне үлес қосу аса күрделі, ғибратты еңбек болып табылады. Б.Момышұлының адамға қызметі, елге, жерге құрметі, Отанға, майдандас жауынгерлеріне адалдығы, елдік пен ерлікке тәрбиелейтін туындылары осы реттен де бедерлі, құнды.

Әдебиет:

1. Момышұлы Б. Ұшқан ұя. – Алматы: Санат, 2005. – 277 б.
2. Мырзахметұлы М. Айналған аты аңызға Момышұлы - Тараз: Сенім, 2000. – 259 б.
3. Әлімжан Е. Жанартау // Ақ жол. – 2000, № 81 (15.381) 4-5 бб.
4. Момышұлы Б. Қанмен жазылған кітап. – Алматы: Қазақстан, 1991. – 384 б.
5. Мырзахметұлы М. Бауыржан батыр Алматы: Жалын, 1991. – 237 б.

ӘОЖ 821.512.122

МҰҚАҒАЛИ МЕН СӘКЕН ПОЭЗИЯСЫННЫҢ КӨРКЕМДЕУ ЖҮЙЕСІ

Қадыров Ж.Т., Конкаев М.М.
(*М. Қозыбаев атындағы СҚМУ*)

М. Мақатаев қазақтың бай ауыз әдебиетін, одан кейінгі жазба әдебиетінің озық үлгілерін, әлемдік әдебиет жетістіктерін бойына толық сіңіріп қабылдай отырып, поэзияда қалыптасып орныққан өлшем-өрнекті керек жерінде қырпап-өңдеп, түрлендіріп қолдану жағынан шеберлік танытты. Осы негізде жаңа өлшем, ұйқас түрлерін қолдана отырып, ұлттық поэзияның ырғақтық, әуезділік байлығын да толықтыра түсті. М. Мақатаев поэзиясының көркемдік түрін құрайтын бөлшектерге, яғни композиция, сюжеттік құрылыс, жанрлық өзгешелік пен бейнелеу тәсілдері, тіл кестесі, өлең өрнегі, өлеңге тән ырғақ пен интонация жүйесі, шумақ, ұйқас түрлерін қарастыру, олардың тұтастығын көркемдік жүйе дәрежесінде қалыптасуын және сол шығарманың идеялық мазмұнымен ажырамас бірлестік табуын анықтау, ғылыми түрде дәлелдеу, ақындық құпияларына үнілу зерттеу.

Адамды бірде азынаған үскіріктің құшағына, бірде апшыны қуырған аңызағына, бірде жапырағын желден басқа жан желпімеген жаратылыс жаннаты жазира жайлай жасыл аймаққа алма-кезек алмастырып, өмірдің нәрін көңілдің аңсары мен кәусеріне айналдыратын уақыт атты құдіреттің өз мақамы, өз күйі болатындай, поэзияның да сол уақыт атты қайсар еменнің шор боп біткен иір-иір бұтақтарының жамырап, бүр ашық өзіне ғана, кезеңіне ғана сай сымбат, бітімі бар. Содан жаратылған мінез-құлқы бар. Шынайы талантты поэзия тармақтарында тіршіліктің тынысы қан лүпіліндей соғып тұрмақ. Өлеңнің де өз кезеңінде лайық тынысын содан естиміз, түсінеміз.

Жазбаша шығармаларда кейіптеудің жаңа үлгілері мол ұшырасады. Егер ауыз әдебиетінде кейіптеуге шарттылық, дәстүрлі үлгіні ұстанушылық тән болса, жаңа жазба әдебиетінде бұл тәсіл өзгеше сипат алады.

Сәкен мен Мұқағали поэзиясында да осындай айшықтау амалы жаңаша, әр ақынның өзіне ған тән лексикалық мағынасында қолданылып, семантикалық жағынан қарастырғанда тың зерттеулерге жол ашады.

Сәкен Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасының алғашқы шумағын қарастырайық:

Арқаның кербез сұлу Көкшетауы.

Дамылсыз сұлу бетін жуған жауын.

Жан-жақтан ертелі-кеш бұлттар келіп,

Жүреді біліп кетіп есен-сауын [1, 39 б].

Ақын туған жерінің табиғатын айрықша шабытпен суреттеп, сол шабыт арқылы туған өлкесін кербез сұлуға балап, сол сұлудың жан-жағында әлдем шыр айналып, тіпті жауын әдейі кеп бетін жуып, ал бұлттар аман-саулығын біліп кететін шебер сипаттаған. Тура мағынасында жазылған болса, әдемі Көкшетау өлкесіне жауын көп жауып, аспанында бұлттар көше береді деген сияқты болар еді. Ауыспалы мағыналы сөздер

арқылы шығармаға ерекше жан бітіп, ертегінің тылысым құпия әлеміне енгендей боласыз.

Көк аспанға жан бітіріп сипаттауды өз поэзиясында қолданған тағы бір ақынымыз – Мұқағали:

Ауыл түні бозғыл, торғын, мақпалдай,

Аспан жерге таңырқап тұр ақ маңдай.

Бібіріне ғашық екі дүние

Сырласа алмай, мұндаса алмай жатқандай, - деп, бұл өлеңде де аспанның жерге ғашықтығын, ерекше ілтипатын суреттеп, бұл екі дүниенің мәңгілік ғашықтардай бірге екендігін айта кеткен [2, 37 б]. Мұнда да көк аспанға жасалған кейіптеу іс-қимыл арқылы беріліп, тірі жанның әрекетін суреттейтін етістіктер арқылы берілген.

Сонымен қатар Мұқағали лирикасындағы кейіптеуге тоқтала кеткенде, таң менен түнді бір-бірімен шендестіріп, өз қаламына ған тән кейіптеудің кереметін байқаймыз:

Қайырлы түн, тыныштық!

Қайырлы түн, тіршілік!

...Арқалап ап ырыс-күт,

Келеді әне күн шығып,

Қайырлы таң, Тыныштық!

Қайырлы таң, Тіршілік! – деп, таң нұрына боялған жер бетінің тыныштығын суреттейді [2, 42 б]. Жай ғана суреттемейді, таң атқанда *«орманым да шуламай, ақ басты тауларым да жыламай ұйқысынан оянса, шашу болып жұлдыздарың шашылды, айың келіп, ақ мойыңға асылды»* деп әдемі кейіптеулермен келтірген [2, 43 б].

Тағы бір айшықтау амалы шендестіру қолданылып, көз алдымызға үшінші бір әдемі «тыныштық» деп аталатын суретті ұсынады. Яғни, антитезаның әдемі үлгісі берілген.

Ақиық ақын өмірінің соңғы кездерінде ауру меңдеп, жаны қиналғанда да таң мен түннің құпиясын трагедиялық ахуалда суреттеуге арналған. *«Көрдің бе, таң мен түннің соғысқанын?»* деп сұрақ қоя отырып, *«мен көрдім, бірақ болыспадым»* деп өзі жауап береді [2, 61 б]. Лирикалық кейіпкер:

Түн деген - шашын жайған албасты екен,

Апыр-ай, таң кешігіп қалмас па екен? – деп дегбірсізденеді [2, 61 б]. Өйткені қараңғылықты үрейдің, өлімнің нышаны етіп суреттесе, таң – үміттің, жақсылықтың нышаны:

Жарық жеңді-ау, әйтеуір алаулатып,

Түнді асырды батысқа талауратып.

Қолына алып пышақты сан мың найза,

Жауынгер-Күн келеді жалаулатып [2, 61 б]!

Өмірі тағы бір күнге ұзарып, ақын үміті тағы бір күнге жалғанды.

«Несіне асығады?» деген өлеңінде де түннің кейіптеуін тағы да қолданған:

Тоқтай тұршы, қуатым-ай!

Қызарып соңғы сәуле шашырады.

Күн түйе алмай барады шашын әлі [2, 37 б].

Түн – дамыл, күн – өмір ретінде берілген. Ақын жаны өмірдің тәтті елесіне елігіп:

Күміс қанат бір құсқа мініп алып,

Кетсем бе екен артынан күнді қуып, - дейді [2, 32 б].

Солай бола тұрса да, қар түнді ылғи кінәлаудан аулақ. *«Қар ақ болса да қол тоңдырады, Жер қара болса да қарын тойдырыды»* демекші, қара түннің қасиетін былай жеткізеді:

Қарасыз, сірә, мен мүлде,

Аппақтың нарқын сезбеспін.
Қап-қара көзді бір қыз бар,
Қашпаңдар қара бояудан.
Аспанда жарық жұлдыздар
Қап-қара түннен оянған [2, 45 б].

Мұнда ақын *оянған* есімшесін ауыспалы мағынада қолдану арқылы жұлдыздарға жан бітіріп, ақындық шеберлігі арқылы оқырманды тағы да бір рет тәнті еткен.

Жоғарыдағы өлең жолдарынан аңғаратынымыз: Мұқағалидың барлық дерлік кейіптеулерінде жансыз құбылысқа жан беру кезінде іс-қимыл қолданылып, осы шақ етістіктері арқылы айшықтау амалы жасалған болатын.

Сәкен басқа да табиғат құбылыстарына жан бітіріп, сипаттаған:
Асау жел саулап жаттап кетті сарнап,
Аралап Сарыарқаны кезіп – шарлап.
Өн салдым қырда отырып көкірек кернеп.
Кім білсе желдің тілін соған арнап [1, 8 б].

Жоғарыдағы өлең жолдарында желге *асау* деген адам мінез-құлқына тән сын есім қолданылып, бұл жерде қарапайым анықтаушы сөз деңгейінен эпитет деңгейіне көтерілген де, тағы да матасу арқылы байланысқан *желдің тілі* тіркесі арқылы жан бітірілген. Сонымен қатар жоғарыдағы өлеңдерде Мұқағали және Сәкен қолданған адамға тән іс-қимылды білдіретін етістікті қолданып айшықтау амалын жасау арқылы қолданылған.

Сәкеннің «Келіншек ойы» өлеңіне тоқтала кетсек:
Ұшан-теңіз қалың қар –
Жерді басып жабады,
Шұнақ аяз жалаңдап
Екі санын сабады.
Мұздай демі бет қарып,

Аяз аузын ашады – деп, аязды *шатынайды, қылшылдайды, екі санын сабады* етістіктері арқылы адами қасиеттерге бөлеп суреттеген [1, 23 б].

Қос ақынның да өлеңдерінен аңғаратынымыз: көптеген бейнелі сөздерді етістіктен жасап, бірнеше мысал эпитет арқылы қолданылған да, тұтасына қарастырғанда, жанды бейне, сұлу көрініс пайда болып ақынның сөз шеберлігі әлеміне бізді тағы да елтіп әкетеді.

Градация – айшықтаудың бір түрі: алдыңғы сөзден соңғы сөзді, алдыңғы ойдан, соңғы ойды асыра, асқақтата түсу. Поэзияда, прозада да қолданылады [3, 118 б]. Эпостық жырлардың ішінде бәрімізге әйгілі «Қобыланды батыр» жырындағы Тайбурылдың шабысы дамыту арқылы сипатталған. Қазіргі поэзияда да градация жиі кездесе де, оның басқа да авторлық үлгілері туындаған болатын. Сәкен мен Мұқағалидың поэзиясында да кездесе де, көбінесе сөзді емес, толық бір ойды, не сөз тіркесін асыра түсу амалы жиі қолданылады. Дегенмен, Сәкеннің «Сыр сандық» өлеңінде:

Сұлу жанды сұлу сүйген,
Сұлу сүйген сыршылым.
Жібек талдап түйін түйген,

Түйін түйген, түршілім – деп, алдыңғы сөзден соңғы сөзді асқақтата айтқан. Бірінші қайталанбалы сөз тіркесі сын есім мен есімшенің, екінші тіркес зат есім мен есімшенің тіркесінен жасалып, келесі жолдарында зат есіммен тіркесіп, анықтауыштық қатынастағы тіркеске айналған [1, 17 б].

Ал енді алдыңғы ойдан келесі ойды асқақтата айтуға келсек, бұл тәсіл арқылы жасалаған айшықтау амалы екі ақынның да поэзиясында молынан кездеседі. Солардың кейбіреуіне тоқтала кетейік:

Бақытым ғой Қарасаз келіп қонған,
Кисем – киім, жесем – ас, көлік болған
Мендей ұлдың осы жер мыңын туып,

Өлі күнге мыңына жерік болған – деп жырлайды Мұқағали. Қарасаз табиғатының тамшалығы тіпті киім ғана емес, ас та бола аларлығы, ол ған емес, көлік сияқты адамға жайлы нәрсе таба аларлығы бірінен-бірі асқақтатылып айтылған, тіркестер етістік пен зат есімдерден жасалып, егер сөзінің түсіп қалуынан арларына сызықша қойылған [2, 277 б].

Келесі «Фаризаға» атты өлеңін алсақ, ақын өзінің жалғыздығын жырлай келе, өзге адамдардың өзіне қатысты әрекетін асырып, етістік арқылы сипаттаған болатын.

Бірі итеріп кеудемнен, бірі шалып,
Тастағысы келеді күресінге.
Фаризажан, сен оны білесің бе [2, 171 б]?..

Сәкеннің «Көкшетау» поэмасынан алынған бұл шумақты алсақ, мұнда да авторлық градацияны аңғаруға болады:

Аз ауыл өсіп, өнсе, ел болады,
Ұра су дами берсе, көл болады.
Жылымнан жыра болып, өзен-көл боп,
Кең арна – аққан дария сел болады [1, 114 б].

Мұнда да -са, -се шартты рай жұрнағы арқылы жасалған етістіктер (*өнсе, берсе*) мен ауыспалы осы шақтағы етістіктер (*болады*) бірінен соң бірі қолданылып, өз ішінде дамытуды құрастырады.

Ал Мұқағалидың төмендегі өлең шумақтарына назар аударсақ, кезекті анафора арқылы өлең жолдары басталып, әр «*тастамаймын*» болымсыз етістігі жолдың басында жазылған сайын осы сөзбен басталған ой жоғарыдағыны одан сайын асырып, дамытып жатады. Демек инверсия арқылы жасалған күрделі синтаксистік конструкция – сөйлем өзінен бұрынғы сөйлемнен семантикалық жағынан ауырлай түсіп, градация құбылысын жасаған.

Тастамайын оқуды, тері шалбар
Борбайымды қаңтарда қарығанда.
Тастамайын табаннан сыз өткенде
Үсік ұрып құлағым тыз еткенде:
Тастамайын оқуды, жесір анам
Өлі әкенің өлі орнын күзеткенде [1, 271 б].

Екі ақында да градация құбылысы көптеп қолданылып, дамытуды құрайтын доминант сөздердің барлығы дерлік етістіктерден жасалған.

Эвфемизм (грек. *eu* жақсы > *phemi* сөйлеймін) – ауыс мағынаның ерекше бір түрі. Сөздің дәл мағынасында емес, ауыс мағынада қолданылуынан туады. Тұрпайы сөздер мен сөз тіркестерін сыпайылап айту [4, 401 б].

«Тіл тиексіз, ой түпсіз» деп халық бекер айтпаған. Бұл – адам ойы қаншалықты шексіз болса, тілдің де сол ойды соншалық икемділік немесе орамдылықпен жеткізе алатындығын мегзеп тұрған аталы сөз. Міне, сол орамдылық пен икемділікті эвфемизмдер өте айқын байқатады. Олар атауларын ашық қолдануға болмайтын белгілі бір ұғымдарды астарлы түрде дөп басып, дәл жеткізіп қана қоймай, әлгі ұғымдарға нәзік те сыпайы сипат беріп, оқушы мен тыңдаушының көңіл-күйіне жарақат салмау жағынұдайы қамтамасыз етіп, сөйлеу немесе жазу мәдениетінің, яғни тіл мәдениетінің дамуына, қалыптасуына да үздіксіз қызмет етіп отырады.

Эвфемизмдер қай тілде болмасын сөздік құрамның өзгеріске еңжиі ұшырайтын әрі үнемі қозғалыста болатын жылжымалы тобын құрайды. Бұлар басқа лексикадан өздерінің номинативтік мағыналарының сыртында тұрған этнографиялық ұғымдармен астарласып немесе ұштасып жататындығымен ерекшеленеді.

Жалпы алғанда, эвфемизмдер – тілдің сөздік құрамын лексика-семантика жағынан байытатын өнімді тәсілдердің бірі. Олар сөз мағынасын өзгертуде, дамытуда ерекше қызмет атқарады. Эвфемистік мақсатпен жұмсалған сөздер әдетте өздерінің негізгі мағыналарының аясынан шығып, соны мағынаға ие болады. Сөйтіп, эвфемизмдер синонимдік және омонимдік қатарлардың өсуіне немесе неологизмдердің қалыптасуына белгілі ықпалын тигізіп отырады [5, 7 б].

Мұқағали мен Сәкен поэзиясында эвфемизмдер баршылық. Мысалы Мұқағалидың «Жанарсыз адам» өлеңін қарастыра кетсек, *жанарсыз* сөзі соқыр сөзінің эвфемизмі ретінде алынып, зат есімнен сын есім тудырушы жұрнақ арқылы жасалған болатын:

Іздейді көзін басынан, іздейді көзін аяқтан,
Іздейді көзін қолынан, іздейді көзін таяқтан.
Жанарсыз адам келеді...
Жанарлы бейқам тірліктен,
Жанарын даулап,
Дүниені таяқпен түртіп оятқан [2, 189 б].

Ал Сәкеннің поэзиясындағы эвфемизмге мысал келтірсек, құлаққақ тұрпайы естілетін өлу етістігін ақын былай деп басқаша айта кеткен:

Құбылаға басын беріп шөгіп жатқан,
Көк мұнар қалың ойға шомып батқан,
Ақ бура қабақтарын қарс жауып,
Қозғалмай мәңгі жатып тас боп қатқан [1, 42 б].

Мұнда ақын *қозғалмай мәңгі жатып тас боп қатқан* күрделі синтаксистік конструкциясында бураның тура мағынада тас боп қатқанын және өлгендігін айта кеткен.

Мұқағали өз өлімі туралы *кеудемде тыныш ұйықтап жатсын жаным* эвфемистік тіркесі арқылы айта кеткен:

Жаманың да болса егер жатсынбадым,
Мен жақсы көрдім, мені жатсынғанын.
Мен сеземін жаманың, жақсы барын,
Барлығы үшін, бәрібір, ақсын қаным.
Барымды ойымдағы тапсырмадым.
Бәрін де бір өзіңе аманаттап,
Кеудемде тыныш ұйықтап жатсын жаным [2, 29 б].

Қос ақын да өлу сөзін эвфемизмдермен ауыстырып, сөз мәнерлілігін, семантика-стилистік жағынан беру тазалығын сақтап, өзіндік жеке авторлық қылқаламын танытарлық айшықтау амалын жасаған.

Шендестіру. Антитеза (грек. *antithesis* қарама-қайшы) – шендестіру, сөздің мәнерлілігін күшейту мақсатында ұғымдар мен бейнелерді бір-біріне қарама-қарсы қойып қолданудан туған стилистикалық құрылымдар [4, 24 б].

Қазіргі тілдік қолданыстарда қарама-қарсылықты (контрасты) айқындау, көбінесе ашық, антоним сөздер арқылы беріледі. Мұнда автор ойы қолданған сөздерден тереңде жатуы мүмкін. Антитезаның бұл түрі – антиметабола деп аталады [6, 45 б].

Антитеза кейіпкерлер тіліне ерекше бір түсінік беру үшін қолданылады. Осы кезде көмекке мағыналары, не контекстік мағыналары қарама-қарсы сөздер келеді. Бұл тәсіл психологиялық тұрғыдан да дұрыс деп саналады [7, 93 б]. Адамдар бір затты, не

бір нәрсені, не құбылысты өзара қарама-қарсы қойып салыстыру тыңдаушыға ерекше әсер етеді деп ойлайды. Синонимдерді шамадан тыс қолданған кезде бос сөзбен айналысу, бекерге «көп сөздікке» баруға бой ұрған болса, керісінше антитезаның бірден-бір ерекше стилистикалық қызметін антитезалық жұптарды үстемелеп, бірінен соң бірін қатар жұмсау, үнемді боп екі бейне арасындағы параллельдікті ашып, салыстыруды нақтылау осы шендестірудің ең негізгі функцияларының бірі болып табылады [8, 42 б].

Ақ түске ғана жармасып,
Қараны неге алмайын.
Қап-қара көзді бір қыз бар,
Қашпаңдар қара бояудан!
Аспанда жарық жұлдыздар,
Қап-қара түнде ояңған [2, 21 б].

Мұқағали бұл өлеңде өмірде жиі алмасып тұратын ақ пен қара түсті айту арқылы бұл өмірдің ағы мен қарасын салыстырған. Өара түстің адамдар сезімінде аққа қарағанда жағымсыз болып қалу себебін айтады. Әрі ауыспалы, әрі салыстырмалы жазылған бұл өлең *ақ-қараның* қолданысы арқылы өмірдің көзге көріне бермейтін бояуларын ашып көрсетеді.

Мұнда ақын *қап-қара түн – жарық таң, ақ – қара, жарық жұлдыздар – қара түн* сияқты ұғымдарды бір-бірімен шендестіріп қолданған. Негізгі материал болып табылатын сөздер сапалық сын есімдерден (*ақ – қара*), салыстырмалы шырайдағы сын есім мен дерексіз зат есімнің (*қап-қара түн*) және жай шырайдағы сын есім мен дерексіз зат есімнен (*жарық таң*), сапалық сын есімдер және деректі мен дерексіз сын есімдерден (*жарық жұлдыздар – қара түн*) жасалған.

Мұқағалидың «Автограф» өлеңіне көңіл бөлсек:

Сырым да – осы,
Жырым да – осы.
Алдыңда. Байқашы бір,
Бықсыдым ба, жандым ба?
Махаңдар жоқ,
Махаңдардың сарқыты –
Мұқағали Мақатаев барп мұнда [2, 2 б]!

Шала – от (дерексіз зат есімдер), ақын – жоқ (зат есім - көмекші етістік), хан Жәңгір – Махамбет (жалқы есімдер), ез – ер (субстантивтелеген зат есімдер), артық – кем (сапалық сын есімдер), Спартак – Цезарь (жалқы есімдер), бықсыдым – жандым (жедел өткен шақтағы етістіктер) – бұл өлеңдегі антитезалар. Ақын бүкіл өміріндегі арманы мен мұратын шендестіруді шебер қолдану арқылы әрі жинақы, әрі ұтымды етіп жеткізеді.

Тұла бойы антитезамен көмкерілген Мұқағалидың мына бір өлеңіне қарайықшы:

Жоқ күндерім бар күндермен өтеліп,
Баршылыққа, таршылыққа ет өліп.
Күйігім мен қуанышым қолдасып,
Келе жатыр мені иыққа көтеріп.

Бұл өлең шумағындағы *баршылық - таршылық, күйік - қуаныш, қайғы - қуаныш, жоқ - бар, шаттық - қайғыру, нұр шашқан күн – жай орнатқан бұлт, адам – аң* сияқты антитезалар ақын айтар ойын оқырманды мейлінше иландырарлық етіп жазады. *Нұр шашқан күн мен жай орнатқан бұлт* өлеңнің өзекті идеясын танытар мәнмәтіндік антитезалар болып табылады.

Көркемдегіш құралдар атау тұлғасындағы дерексіз және деректі зат есімдерден (*қайғы, адам, аң*), зат есім тудырушы жұрнақтар арқылы жасалған сондай-ақ дерексіз

зат есімдерден (*баршылық, таршылық, күйік, қуаныш, шаттық*), зат есімдермен тіркесіп анықтауыштық қатынасқа түскен есімшелі тіркестерден (*нұр шаиқан күн – жай орнатқан бұлт*) жасалған.

Мұқағали өлеңдерінің келесі үзінділеріне келсек, бұл ақынның шендестіруді аз қолданбағанын көруге болады:

Шынымен түсінбей ме мына қасқа,
Мына – көз, мына – жүрек, мына – басқа?!
Мына қасқа шынымен түсінбей ме,
Бұлбұлдың қонбайтынын қу ағашқа?! [2, 317 б.]

Сайтанның да, күнәсіз періштенің,
Бал мен уын талғамай неге ішкемін?
Періштенің қайғысын бөліспедім,
Сайтанменен болса да, келіспедім,
Не істермін, тәңір-ау, не істермін [2, 40 б.]?

Мұнда ақын сәуірдің нұры мен ақпанның мұздағын, бұлбұл құс пенен қу ағашты, сайтан мен періштені бір-бірімен шендестіріп, сөздің мәнерлілігін күшейту мақсатында қолданған. Антитезаның барлық компоненттері есім сөздерден, әсіресе негізгі зат есімдерден жасалған.

Сәкен лирикасындағы шендестіруге келсек, бұл ақын да шендестіру тәсілін мейлінше ұтымды қолданып, сөз мәнерлілігін осы бір көркемдегіш құралы арқылы біршама арттырғанын көреміз:

Сен бір шоқ қызыл гүл.
Қонған кеп мен бұлбұл
Тарқамас құмарым
Сені иіскеп бес мың жыл [1, 7 б].

Жоғарыдағы өлең жолдарында ақынның өзін бұлбұлға жіне сүйгенін әдемі қызыл гүлге балап, бұл екі ұғымды бір-бірімен шендістіре келе, өз сезімінің тереңдігін білдіре білген.

Екі ұғым да зат есім (*бұлбұл*) және сын есім мен зат есімнің тіркесуінен (*қызыл гүл*) жасалған.

Келесі қарастыратын өлең жолдарында *аспан* мен *өнер* бір-біріне қарама-қарсы ұғымдар ретінде алынып, табиғаттың тылсым күштерін адам, яғни көкке енді аэроплан ұшқандығын айтқан:

Жырлады аспанды өнер жеңгендігін,
Қойнына алтын бұлттың енгендін.
Ай мен күн, сансыз сәуле жұлдыздардың,
Жетуге құшағына сенгендігін [1, 113 б].

Екі ақынның поэзиясындағы шендестіруді қарастыра келе аңғарғанымыз – антитезаның көбі есім сөздерден, әсіресе зат есімдерден, бірен-саран етістіктерден жасалғанын көріп көріп отырмыз.

Жалпы, Мұқағали мен Сәкен лирикасындағы антитеза ойды жинақы, нақты әрі ұтымды таныту үшін, мән мәтіндік шендестіріклер арқылы ойдың нанымды етіп айтылуы үшін, үлкен бір ойды шеберлікпен жиыстырып, қарама-қарсы құбылыстарды әсерлі етіп, көркем жеткізу үшін қолданылады.

Әдебиет:

1. Сейфуллин С. Аққудың айрылуы. – Алматы: Атамұра, 2002. – 320 б.
2. Мақатаев М. Аманат. – Алматы: Атамұра, 2002. – 304 б.
3. Нұрғожина Ш. Қазақ сөйлеу тіліндегі эмоционалды-экспрессивті лексика. – Алматы, 2005. – 45 б.

4. Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 440 б.
5. Мұхаметжанов Ш. Сөздердің ауыспалы мағынада қоланылуы. – Алматы: 1964. – 120 б.
6. Носкова А. Мұқағали Мақатаев өлеңдеріндегі синонимдік қайталамалар (анафора мен эпифора) тәсілдерінің қолданылуы. // Қазақ тілі мен әдебиеті № 9, 2004. – 109 б.
7. Тұрабаева Ғ. Окказиональные преобразования пословиц и поговорок. – Алматы: 1992. – 35 б.

ӘӨЖ: 811.512.122

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕ КОНЦЕПТ ТЕРМИНІНІҢ АЛАТЫН ОРНЫ

Сейтім А.А., Таласпаева Ж.С.
(*М. Қозыбаев атындағы СҚМУ*)

Концепт индивид санасында сәулеленген сезімдік-заттық образдың (перцептивті модус) негізінде пайда болған. Концепт негізіне сезімдік тәжірибе қатары жатады. Сезімдік-заттық образ (код) концептің ядросы болып табылады. Осы заттық код белгілі бір объектіні терең, жан-жақты білген сайын жаңа мәндік белгілермен байи түседі. Осының нәтижесінде концептің мазмұны ұлғаяды, мазмұны кеңі түседі. Әлгі белгілердің қайсыбірінің мәнділігі күшейе түсуі, қайсыбірінің көмескіленуі ықтимал [1, 16 б.].

Концепт белгілі бір ретпен, тәртіппен туындайды. Заттық-образдық ядросы нақты болса, образдар жүйесі сол ядродан алшақтаған сайын абстрактілене береді.

Концептінің жасалуына ұғым емес, заттық образдар (заттың бейнесі) негіз болады. Мысалы, *кіндік қаны тамған жер, тай-құнандай тебісіп өскен жер* (туған жер) дегенге кіндік қаны, тай-құнан деген (субъект-предикат) ұғымдар емес, ақиқат өмірден алынған Пайобраздар негіз болып табылады.

Қазіргі заман білімінің қорына сәйкес «концепт» деген сөзді ең алғаш енгізушілердің бірі орыс ойшылы С.А. Аскольдов (1870-1945) еді. Сондай-ақ қазіргі заман ғалымдары концептіні - «квант знания», «единицу ментальности данной культуры» т.б. деп анықтап келеді. «Ғаламның тілдік бейнесі» жөнінде айтқан Аристотельдің ойын қазіргі күні әркім әр саққа жүгіртіп, түрліше түсініп жүргені рас. Болмыс пен тілдің сабақтастығын көпшілік мойындайды. Осындай сабақтастықтың санадағы бейнесі лингвистика ғылымында «концепт» я болмаса «әйдетикалық белгі» деп түсініліп жүр. Тіл мен ойлау мәселесі ресейлік тіл білімінде біршама зерттелген. Негізінен бұл салада Е.Ф.Карский, А.А.Шахматов, А.А.Потебня, А.Н.Афанасьев, В.Н.Телия, А.Н.Соболевский, Д.С.Лихачев, В.В.Воробьев, В.А.Маслова, Н.Д.Арутюнова, Е.С.Кубрякова, А.Н.Мороховский, Н.К.Рябцева, В.Айрапетян, В.В.Колесов, А.Я.Гуревич, А.Вежбицкая, М.Минский, т.б. ғалымдар еңбектерінде жан-жақты қарастырыла келіп, «концепт» терминінің теориялық негізі қаланды. Концептілік мәнге ие доминант сөздердің (концепт терминінің баламасы) терминдік мағынасы әр ғылым саласында әртүрлі кездеседі. Жалпы «концепт» – лингвокогнитология ғылымының категориясы болуымен қатар лингво-логика-философиялық категория. Адамзат баласы қарапайым өмірде жан мен тән, өмір мен өлім, жақсылық пен жамандық, ар мен ұят, т.б. сөздерді күнделікті тұрмыста жиі қолданса да, олардың мән-мағынасын алуан түрлі түсінеді, ал кейде жете көңіл бөле бермейді. Ол сөздердің беретін мазмұнын, ұғым-түсінігінің ішкі астарын ашу адамның тілді білу деңгейі мен өмірлік тәжірибесіне, біліміне қарай түрліше болады. Концепт мәселесімен кешенді түрде зерттеу жүргізген ғалымдар Д.С.Лихачев, А.Вежбицкая, В.В.Колесовтың еңбектерінде концепт термині негізінен мынадай екі аспектінің

шеңберінде қарастырылады. Біріншіден, концепт рухани мәдениеттегі тірек сөздер деп танылса, екіншіден, ол психоментальды құбылыс, алғашқы түсінік деген тұжырымдамаларды қамтиды. Ю.С.Степановтың еңбегінде концепт адам баласының санасында нақты ұғымдар түрінде емес, сөз тудыратын ассоциациялар мен таным түсініктердің жиынтығы ретінде көрсетіле келе, «Концепт не только мыслится, они переживаются. Они – предмет эмоций, симпатий и антипатий, а иногда и столкновений» деген анықтамаға ие болады. А.А.Залевская: «Концепт тіл білімінде сөздің қолданылуы мен мағынасын байланыстырушы когнитивтік негіз ретінде танылады» – дей келе, концепт терминін когнитивтік лингвистика ғылымының нысаны екендігін анықтай түседі. Концепт термині өзінің күрделілігіне қарай көптеген ғалымдар назарын аударуда. Концепт мәселесіне келгенде ғалымдардың пікірі әртүрлі десе де болады. Бұл мәселе жалпы және жеке тіл білімінде де тән үрдіс. А.Я.Гуревич мәдени концептілерді: «кеңістік», «мәдени универсалды» деп аталатын философиялық элементтер және «мәдени категориялар» деп аталатын екі топқа бөлсе, В.А.Маслова бұлардан үшінші бір топты «ұлттық мәдени категорияларды» бөліп шығарады. С.Р.Воркачевтың түсіндіруінше: «концепт – бұл мәдени белгіленген вербальдық мағына, сөйлеушілердің өзіне тән тілдік қолданыстарын айту үшін жеке концептіні тілдік тұрғыдан түсінуге, соған сәйкес лексика- семантикалық парадигма жасалады», – десе, академик Д.С.Лихачев: «концепт қатарына кіретін лексемалардың (өмір, махаббат, ес, бақыт, іс- әрекет, т.б.) мағынасы ұлттық тілдік сана мен ұжым тілінің «қарапайым әлем бейнесін» жасайды. Мұндай концепттердің жиынтығынан тілде концептілік қабат құралады» – деп, тұжырым жасайды. Лингвистика ғылымында «концепт» термині кей жағдайда «ұғым» және «грамматикалық немесе семантикалық категория» мағынасында түсіндіріліп жүр. Жалпы концепт мәселесі – лингвистика мен философияның бір-біріне деген өзара ықпалының күшеюінің негізінде туындаған тілдік құбылыс. Оның лингвистикалық мазмұнға ие бола бастағанын тілдің мағыналық жағын талдауда көптеген құнды ескі де жаңа танымдық ақпараттардың пайда болуымен тікелей байланысты. Е.Абақан: «Концепт (ұғым) сөздің мағынасы ретінде түсініледі. Бірақ ол жалпылаудың (абстракцияның) ең жоғарғы деңгейін білдіретін ұғым – концепт емес – «оқиға процесс «дерек» туралы ұғым. Сондықтан «концептуальды талдауда» сөздің немесе сөйлемнің контексте, яғни нақтылы мағынаға қатысты анықталуы тиіс» – деп, лингвистикадағы «концепт» пен логикадағы «ұғым» терминдерінің ара жігін ажыратып береді.

Қазақ тіл білімінде концепт мәселесі когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттаным, этнолингвистикалық бағыттарда жазылған зерттеулердің ғылыми аппаратына толықтай енді. Концепттің беретін мән-мағынасын дәйектеу, бұл термин арқалаған лингвистикалық ұғымды теориялық тұрғыдан тиянақтау әлі де толыққанды қолға алынбай келеді. Бүгінгі таңда қазақ тіл біліміндегі антропоцентристік парадигманың зерттелуі Г.Смағұлова, Ж.Манкеева, Н.Уәлиұлы, Э.Сүлейменова, А.Алдашева, С.Сәтенова, Ф.Оразбаева, Г.Сағидолда, Б.Момынова, Г.Қосымова, А.Салқынбай, Б.Қасым, А.Ислам, т.б. зерттеушілердің еңбектерінде тілдік тұлға, ақиқат болмыстың тілдегі бейнесі, танымдық әрекет, тілдік сана, тілдік және типтік модельдер, тілдік қатынастың маңызы, тіл мен мәдениеттің сабақтастығы, ұлттық дүниетанымның тілдегі көрінісі, мәдени лексиканың табиғаты, ғалам бейнесіндегі тілдің орны, эстетикалық талғам мен тіл біртұтастығы деген мәселелерге байланысты қарастырылған. Антропоцентристік бағыттағы нысандарға нақты зерттеу жүргізген Қ.Жаманбаева, Б.Ақбердиева, Г.Снасапова, А.Сейілхан, А.Сейсенова, С.Жапақов, М.Күштаева, А.Сыбанбаева, Ш.Елемесова, Ә.Алмауытова, Ж.Акимешева, К.Күркебаев, Б.Тілеубердиев, Э.Оразалиева, Қ.Қайырбаева, А.Әмірбекова, т.б. еңбектерінде рухани және материалдық мәдениеттің тілдегі көрінісі сөз болады.

Сонымен қатар қазақ тіл біліміндегі когнитивтік лингвистиканың қалыптасуын Э.Оразалиеваның бес парадигмаға жіктеп қарастыруы көптеген ғалымдар мойындаған концепциялардың бірінен саналады. М.Күштаева зерттеу еңбегінде концепт теориясының ғылыми тұжырымдамасын жасайды. Онда «концепт» және «ұғым» терминдері, бір жағынан сөздің мазмұн межесінің үрлі даму кезеңін бейнелесе, екінші жағынан, оның түрлі қызметін көрсетеді. «Концепт» және «ұғым» тек қана сөздің таяныш боларлық ментальды түсінігімен қатар, әмбебап мәдени түсінік ретінде де ажыратылады – деп, концепт пен ұғым арасында біршама айырмашылық барын көрсетеді. Концепт терминін зерттеп мақала жазуымның бірде-бір себебі ғалымдардың сан алуан пікірлері. Бұл терминнің түбіне жете алмаймыз себебі концептті талдау барысында түсіндірмелі сөздікте қандай анықтама бергендігі, шешендік сөздер, мақал-мәтелдер, шығармаларда көрініс алуы барлығын зерттеп қарастырамыз. Сонымен концепт дегеніміз индивидтің, тілдік ұжымның, лингвистикалық қоғамдастықтың ақиқат туралы білім жүйесі болып табылады. Концепт дегеніміз – тиісті лексика-семантикалық парадигманы құрайтын тілдік іске асырылымдардың тұтас бір қатарын білдіретін вербалды мағына, тілдік мәнерге ие және этномәдени ерекшелікпен белгіленген ұжымдық бірлік. Қазақ тіл білімінің антропоцентристік бағыттағы зерттеулеріне өзіндік үлгі боларлық пікірлері мен ғылыми потенциалы күшті ғалым Н.Уәлиұлының пікірше: «концепт индивид санасында сәулеленген сезімдік-заттық образдың (перцептивті модус) негізінде пайда болады. Концепт негізінде сезімдік тәжірибеге жатады. Сезімдік-заттық образ (код) концептің ядросы болып табылады. Осы заттық код белгілі бір объектіні терең, жан-жақты білген сайын жаңа мәндік белгілермен байи түседі. Осының нәтижесінде концептің мазмұны ұлғаяды, мазмұны кеңі түседі. Әлгі белгілердің қайсыбірінің мәнділігі күшейе түсуі, қайсыбірінің көмескіленуі ықтимал [1, 115 б.].

Ұғым мен концептінің мәні тең дәрежеде емес. Ұғым белгілі бір заттың танылған мағыналы белгілерінің жиынтығы болса, концепт – мазмұн межесі жағынан объект туралы барлық білімнің жиынтығы, ал тұрпат жеке тұрғысынан тілдік бірліктердің (лексикалық, фразеологиялық, т.б.) жиынтығы болып табылатын, ұлттық ерекшеліктерді танытатын құрылым.

Ұғымнан концептінің айырмасы, түптеп келгенде, мынау: концепт – денотат туралы бастапқы түсінік (представление). Денотат туралы осы түсінік жалпыланған образ түрінде болады да, ол сөздің тууына түрткі, ұйтқы болады. Бұл – заттық-бейнелік концепт. Тілдік санада концепт форматына түскен бұл құрылым лингвокреативті ойлаудың негізінде әрі қарай өңдеуден өтіп, ұлттық-мәдени концепті пайда болуы мүмкін. Заттық-бейнелік концептіде (перцептивті модуста) этномәдени сипат бола қоймайды. Бірақ заттық-бейнелік концептісінің ономологиялық құрылымы мәдени этностық санада әрі қарай өңдеуден өтеді де, басқа бір таңбаланушының таңбасына айналады. Мұндай концептілер (инферентті модус түріндегілер) этномәдениеттің тірек элементі болып, концепт-кеңістікке енеді.

Концепт адамзат баласының ақыл-ойы, таным-түсінігі, рухани және материалды лексикасының өмір сүруі, дамуы арқылы дүниеге келетін тілдік белгі. Ол халықтың түп-тамыры тарихи оқиғалар, қоғамдық-саяси әрекеттер барысында жеке және жалпы ойлау нәтижесінде ретімен пайда болады. Сонымен қатар гештальт-концепт ұғымын осы арада айта кетсек болады. Гештальт – санадағы көріністің әр түрлі қырын реттеп отыратын комплексті, функционалды ойлау құрылымы. Гештальт объектің немесе көріністің аспектерін байланыстырып, элементтерін біріктіріп біртұтас бейне қалыптастырады. Гештальт-концепт – бұл белгілі бір жағдаймен ассоциация құратын когнитивті жүйе.

Қазіргі таңда концепт когнитивті лингвистиканың негізгі ұғымы болып табылады. Концепт – ойлау категориясы болғандықтан, оның түсініктері де үлкен кеңістікті қамтиды. Концепт категориясы лингвистика өкілдерінен басқа философтарды, психологтарды, мәдениеттанушыларды да бей-жай қалдырып отырған жоқ.

Концепт – абстрактілі, ассоциативті-толық, эмоциональды-бағалауыштық белгілердің жиынтығы. Ол әлемнің көрінісін тілдік бейнелер арқылы сипаттайды. Когнитивтік кеңістік пен когнитивтік негіз когнитивті құрылымның біртұтастылық қасиетін алға тартады. Концепт бастапқы негізгі бірлік бола отырып, ол бөлінбейді және бөлшектенбейді. Өйткені біздің тарихымызды, мәдениетімізді көрсететін де, танытатын да когнитивті құрылым. Концептке байланысты барлық анықтамаларда ұқсастық бар – концепт дискретті, ұғым кеңістігі көлемді, әр халықтың мәдениетін танытатын тілдік бірлік. Орыс ғалымы М. В. Пименованың концептке берген түсінігі де осыны дәлелдейді: «Концепт – это некое представление о фрагменте мира или части такого фрагмента, имеющее сложную структуру, выраженную разными группами признаков, реализуемых разнообразными языковыми способами и средствами. Концептуальный признак объективируется в закрепленной и свободной формах сочетаний соответствующих языковых единиц - репрезентантов концепта. Концепт отражает категориальные и ценностные характеристики знаний о некоторых фрагментах мира. В структуре концепта отображаются признаки, функционально значимые для соответствующей культуры. Полное описание того или иного концепта, значимого для определенной культуры, возможно только при исследовании наиболее полного набора средств его выражения» [2, 115 б.].

Тіл біліміндегі әр түрлі бағыттағы зерттеушілер бұл ұғымды әр алуан мәнде қолданылады. Аталмыш термин, әсіресе, тілді логикалық талдау, этнолингвистика, лингвомәдениеттану, психолінгвистика салалары бойынша жазылған еңбектерде жиі кездеседі. Санамаланған ғылым салаларында бұл терминнің түрліше түсіндірілуі, ең алдымен оған негіз болған латын сөзінің (conceptus) көп мағыналылығына байланысты. Оның жалпы мағынасы “көптеген формалардың мазмұнын қамтитын, оның бастауы болатын, жинақтаушы” дегенді білдіреді.

Кең мағынасында алғанда, концепт ғаламтуралы білімдер жүйесінің (ғаламның концептуалды бейнесінің) бір үзіндісі ретінде түсініледі де, индивидтің қоршаған ортадағы, ақиқат болмыстағы бар заттар мен құбылыстар, алуан түрлі объектілер туралы білетінінің, ойларының қиялындағы көріністернің бәрін қамтиды.

Қазіргі тіл ғылымында аталмыш термин түрліше түсіндірілетінін жоғарыда айттық. Осы мәселеге орай, В.С. Ли сол ұғымға берілген анықтамалардың бәрін жинақтап, мазмұны жағынан бір-біріне қарама-қарсы қойылатын екі топқа бөлуге болады дейді:

1) концепт – рухани мәдениеттің кілт сөзі;

2) концепт дегеніміз – сөз туындауына түрткі болатын психоменталдық құбылыс ретінде танылатын бастапқы түсінік.

«Ұғымдар деп заттардың ойша түсірілген суреттері аталады. Олар сезімдер мен түйсінулер, бір заттардың қасиет-белгілерін дерексіздендіру арқылы екінші біреулеріне телу негізінде пайда болады. Ұғым мазмұны дегеніміз – заттардың сол ұғымда ойша бейнеленетін қасиеттері мен байланыстары, олар сол заттың белгілері ретінде танылады. Ұғым көлемі дегеніміз – заттар тобы, ол заттардың әрбіріне осы ұғымның мазмұнын құрайтын барлық белгілер тән болады».

Лингвисттердің басым бөлігі концептердің жасалу жайында мынадай тұжырымдар келтіреді: 1) дайын лексема және фразеологизмдар; 2) еркін сөз тіркестері; 3) синтаксистік тұтастықтар; 4) мәтін және мәтіндер жиыны арқылы.

Когнитивтік лингвистикада тілдік бірліктердің тек ақпарат беруін қарастырып қоймайды, онда ойда әмбебап модель қалыптастыру және бейнелі образдар арқылы әлемнің тілдік бейнесін ашу мақсаты көзделген. Әрбір ұлттың табиғатын, мінез-құлқын білу үшін алдымен тілін білу керек. Әр халықтың тілінде өзіне тән белгілер, тілдік бірліктер бар.

«Концепт ұғымы тіл білімінде «адамның әлем туралы жинақталған мәдени түсініктері» (А. Вежбицкая), «Жеке тұлғаның санасындағы түсініктер, бейнелер мен ассоциациялардың жиынтығы» (Д. Лихачев), «ұлттың мәдени менталдығын танудың кілті» (В. Гумбольдт) тәрізді анықтамалармен беріліп жүр» [3, 36 б.].

«Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» туған жер сөзіне анықтама берілген. Туған ел/жер – туып-өскен жер, өз елі. Туған жер әр адамның кіндік қаны тамған жері. Туған жер ұғымының жағымсыз бағалауыштық сипаты жоқ. Ендеше, «Туған жер» концептілік өріс құрай ала ма? Әрине, құрай алады.

Мақаламызда концепт ұғымының табиғатын ашып қана қоймай, ғалымдардың пікірлерін топтастырып, сараладық.

Қорыта айтқанда, кез келген шығармашылықтың адамы өзінің ұлттық мұраттары мен халықтық рухын айтарына өзек етеді. XX ғасыр басындағы көсемсөз қазақ халқының рухани мәдениетінің дамуына орасан үлес қосты. Олар аз ғұмырларында өз заманының тағдырын, қуаныш – үмітін дәл көрсетіп, халқының болашағына зор сенімен білдіре алған. Дала концептісінің XX ғасыр көсемсөзінде өте көп кездесетіне назар аударғым келеді. Бұл кездейсоқтық емес, заңдылық деп ұққанымыз дұрыс болар. Егер адамқоршаған ортаны, заттар мен құбылыстарды алдымен түйсік арқылы қабылдағаннан кейін санада қорытып барып, сана қызметі арқылы тілде бейнелейді. Сондықтан халықтың ұлттық санасында халықтың ұлттық санасында қалыптасқан стереотиптер жүйесі ғаламның тілдік бейнесін құрайтынын ескерсек, XX ғасыр басындағы көсемсөзшілер жасынан дала тірлігін, тұрмысын, салт-дәстүрін, мәдениетін бойына сіңіріп, қазақ даласын сүйіп өскен азаматтар. Олардың шығармаларына туған даласының ерекше бейнесі, оның жай-күйі молынан ықпал етті.

Жалпы ғалымдардың пікірінше, концепт сөзінің көптеген сөздік мағыналарының қайсысын концепт алмастырып отырғаны әдетте контекстен, кейде жалпы ситуациядан түсіндіріледі. Концепт тікелей сөз мағынасынан пайда болмайды, сөздің сөздік мағынасы мен дамуының жеке және халық жинақтаған тәжірибесінің ұштасуы нәтижесінде жасалады.

Әдебиет:

1. Н. Уәли. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертацияның авторефераты. – Алматы: 2007. - 312б.
2. Молчанова Г. Г. Английский как неродной: текст, стиль, культура, коммуникация. – М.:Олма Медиа Групп, 2007. - 381 с.
3. Джусупов Н. Проблема концепта в современной лингвистике.// Преподавание языка и литературы. Научно-методический журнал. 2004. – №4.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ТІЛДІ ДАМУЫ ТУРАЛЫ ТАҒЫЛЫМДЫ ОЙЛАРЫ

Урузбаева А.С., Аубакирова Б.К.

(Ш.Уәлиханов атындағы КМУ)

Барлық ғалымдар сияқты лингвистика ғылымының негізін оның ұғымдар жүйесі қалайды. Сондықтан тіл дамуы сол тілдік ұғымдардың қалыптасуына байланысты. Оқыту үрдісіне ұғымдардың пайда болуы мен құрылысы, олардың материалдық дүниесінің заттарымен, құбылыстармен байланыстарын ашу – оқытушының бірден-бір міндеті. Тіл білімін игертудің мақсатын оқу бағдарламасында “...тіл ұстарту, тіл дамуы, тіл ширату, логикалық ойды кеңейту, дамуы жұмыстарында тілден алған теориялық материалды дұрыс пайдаланады”, – деп атап көрсетеді. Тіл – кез келген танымдық іс-әрекеттің құралы, ойлау формасы және оны дамуының негізі болып саналады. Сондықтан да келер ұрпақты, болашақ қоғам иелерін тәрбиелейтін жалпы білім беретін мекемелерде оқылатын қазақ тілі пәнінің маңызы зор. Қазақ тілі пәні арқылы оқушылар мен студенттер тілдің атқаратын негізгі үш қызметін: бірінші, теориялық мәселелердің тәжірибелік дағдының негізі болатынын пайымдауға үйрететін білімдік қызметі, екіншіден, адамзат жинаған тарихи-мәдени, рухани мұраларды тіл арқылы меңгеруге болатын және өз ойын жеткізудің, өзін-өзі тану мен өзгені танудың құралы екендігін көрсететін танымдық қызметі, үшінші, алған білімді тәжірибелік тұрғыдан қалай қолдану іскерліктерін жетілдіруге бағыттайтын коммуникативтік қызметін таниды.

Осы бағытта жұмыс жасау үшін қазақ тілі білімі ғылымының негізін қалаушы, ұлы реформатор – А.Байтұрсынұлының қазақ халқының тілдік мәдениетіне қосқан үлесінің орасан зор екенін түсініп, оқыту мен тіл дамуына үйретуде еңбектері мен оқыту әдістемесін кеңінен пайдаланудамыз. Ғалымның қай еңбегін алып қарасақ та сауат ашу, тілдік құндылықтың сақтау, ел ертеңіне деген азаматтық жанашырлықты көріп, өткен ғасырда жазып кеткен ғылыми еңбектерінің бүгінгі күнде де тіл дамуы жұмыстарында ғылыми маңызы артып, бүгінгі ғылымның дамуына пайдасы бар екенін айтып, көз жеткізудеміз, яғни бүгін таңда білім беру бағдарындағы қазақ тілін оқыту әдістемесіне ғалымның қосқан үлесі мол. Бұл тақырыпқа ғылыми сараптама жасауда тілдің дамуы аясы мен тілді оқытудың тиімділігін арттыру жолдарына А.Байтұрсынұлының ғылыми еңбектерін пайдалана отырып, қазақ тілін оқыту әдістемесін кеңейту жолдарын саралауды мақсат тұттық.

А.Байтұрсынұлы: «Мұғалім әдісті көп білуге тырысуы керек. Оларды өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдану керек», – деген [1]. Тілді оқытуда да, дамуында да әдіс түрлерін жан-жақты қамтып, түрлендіріп отырған абзал. Ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсынұлының «Ұстаз үздіксіз ізденгенде ғана шәкірт жанына нұр құя алады», – деген сөзі ізденімпаз, жанашыл ұстаздарға арналғандай. Мұны әрбір оқытушы жадында сақтауы тиіс. Ахмет Байтұрсынұлы – халыққа ғылым-білімнің қажеттілігін түсіндірумен ғана шектелмей, білім беру ісін жолға қоюға күш салған ғалым. Орыс, татар мектептерінен оқып шыққан ұлт мамандарының өз тілін қолданудағы кемшіліктерін көріп: «Әр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде де сондай басқалық болады. Біздің жасынан не орысша, не ноғайша оқыған бауырларымыз сөздің жүйесін, қисынын нағыз қазақша келтіріп жаза алмайды, не жазса да қиындықпен жазады, себебі – жасынан қазақша

жазып дағдыланбағандық», – деп [2], 1912 жылы қазақша жазылған тұңғыш әліппелердің бірі – «Оқу құралында» жазды. «Оқу құралы» қазіргі әдістеме тұрғысынан әлі күнге дейін маңызды оқулық ретінде бағаланады. Ахмет Байтұрсынұлының реформалаған араб жазуы негізіндегі әліпбиі – заманында қазақ халқының мәдени дүниесінде зор серпілістер әкелген құнды еңбек. Қалың көпшілікті жаппай сауаттандыру ісіне, жазба дүниелердің дамуына, баспа жұмысының жандануына зор ықпал жасады. Осы ретте сауатты жазу мақсатында еңбегіне сүйене отырып, студенттермен түрлі жазба жұмыстарын сабақта жүзеге асырудамыз. Ол үшін А. Байтұрсынұлының қазақ тілінің дыбыс құрамы жайлы айтқан пікіріне сүйенеміз.

А.Байтұрсынұлының негізгі еңбектері әлемдік тілтанымда (лингвистикада) фонетика ғылымының пайда болып, тыңнан қалыптаса бастаған тұсына тура келеді. Сөйтіп, біздің қолымыздағы қалған мәлімет – фонетикалық теорияның (үндесім, сингармонизм) өзі емес, сол теорияның нәтижесі болып отыр. Қазақ тілінің сондай «законы» ретінде үндесім (сингармонизм) заңдылығын алып отыр. Қазақ сөзінің фонетикалық бірлігі үндесім (үндестік) екенін дәлелдейтін мысалдар ғалым еңбектерінде жеткілікті. Жалпы, орыс тілінде оқылатын дәрісханаларда оқушылардың сөйлеу тілін дамыту айтылым, жазылым арқылы екі түрлі бағытта жүргізіледі. Айтылымында ғалымның еңбегінде айтылған үндестік заңын сақтап сөйлетуге машықтандырамыз, мысалы өмір/ өмүр, құлын/құлүн т.б.

Біраз уақытқа дейін өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйретуде ауызша айтылым арқылы тіл дамыту жұмыстары басымырақ болып келді. Ал, қазір тіліміздің қолдану аясы кеңейіп, ғылымның барлық салаларында, мемлекеттік мекемелерде іс-қағаздар қазақша жүргізіліп жатқандықтан, ауызекі сөйлеумен қатар сауатты жаза білуге дағдыландырудың маңызы күннен – күнге арта түсуде, өйткені адам өз ойын жазбаша, сауатты, әдеби тілде жеткізе білгенде ғана, тілді толық меңгерген болып саналады. Бұл нәтижеге жетуде көптеген жазбаша тіл дамыту жұмыстарының алар орны ерекше.

Тіл дамыту жұмысы - күрделі де шығармашылық үдеріс. Тілді дамыту дегеніміз – оқушының сөздік қорын дамыту, ойлаған ойын өз еркінше басқа адамға жеткізе алу, оның сөзін түсіне білу, қысқаша айтқанда еркін сөйлей білуге үйрену. Тіл ұстарту жұмыстарының негізгі мақсаты – дұрыс, сауатты жазуға, студенттің ауызша және жазбаша ойын, грамматикасын және стилистикасы жағынан дұрыс сөйлем құрап, жүйелі сөйлеуге үйрету. Мұғалім студентінің ауызша және жазбаша тілін дұрыс дамытуда грамматикалық ережелерді жақсы білуге, тыныс белгілерін дұрыс қоюға үйретіп, көркем әдебиетті көп оқуға бағыт беріп, оның үлгісін көрсетіп отыруы тиіс. Әр ұстаз тіл ұстарту жұмыстарын шығармашылықпен жүргізіп, дұрыс ұйымдастыра білсе, ол студенттің күнделікті тақырыпты жан – жақты түсіне білуіне, білген нәрселерін ауызекі сөздерінде қолдана білуіне жағдай жасайды. Тіл дамыту жұмыстары ауызша – жазбаша жаттығулар, мәтінмен жұмыс, мазмұндама, шығарма, диктант, мақала жазу, мінездеме беру, суретпен жұмыс, сұраққа жауап жаздыру, жоспар жасату, кітап оқу сияқты жұмыс түрлері арқылы іске асырылады. Тіл ұстарту жұмысының бір түрі – мазмұндама жазуға үйрету. Әрине, орыс тобындағы студенттердің қазақша жатық түрде мазмұндама жазып кете алмайды, сондықтан оларды әдейі оқыған мәтін бойынша берілген сұрақтарға жауап жаздырту арқылы үйреткен жөн. Мұны жүзеге асыру үшін сөздері таныс, түсінікті мәтінді таңдап алады. Оқытушы мәтін бойынша өз бетімен жауап бере алатындай сұрақтар құрастыруы керек. Мәтінді оқытқан кезде оның мазмұнын оқушылардың толық түсінуін қадағалаумен бірге, өз сөздерімен айтып берулерін талап ете отырып, мәтінде кездескен жаңа сөздерді сөздіктеріне жаздырып, ол сөздерді естерінде ұзақ сақтауы үшін жаттығу жұмыстарын жүргізу керек [3].

Шығарма жазуға үйрету - әрі жауапты, әрі көп ізденуді, көп еңбек етуді керек ететін жұмыстардың бірі. Студентке шығарма жаза білуді үйретудегі мақсат - өз ойын, өз пікірін орамды, әдеби тілмен дәл әрі нақты жеткізе алатын сауатты адам тәрбиелеу; студентті шығармашылық күрделі ой еңбегіне баулу; оның түрлі тәсілдері мен амалдарын меңгерте отырып жазу жұмысына жаттықтыру. Шығарма жазуда студент мыналарды білуі керек: 1) Тақырыпты түсіну; 2) Тақырыптың мақсаты мен мазмұнын білу; 3) Тақырыпқа жоспар жасау; 4) Тақырып бойынша жасаған жоспарына сай өзінің ойын жаза білу; 5) Баяндайтын ойын дәлелдеп жаза білу; 6) Ойды дұрыс құрап, дұрыс қиыстыру; 7) Эпиграф таңдау; 8) Шығарманың құрылысын дұрыс құра білу. [4]

Студенттің сөздік қорын байытып, тілін ұстартуда шешуші рөл атқаратын жұмыстардың бірі - сөздік жұмысы. Сөздік жұмысы арқылы оқушының тіл байлығын молайтумен қатар, дұрыс жазуға да дағдыландыра аламыз. Сөздің мағынасы затты көрсете отырып, оның атын алдымен қазақша, соңынан орысша айту. Суретін көрсетуге келмейтін сөздің баламасын айту, антоним, омоним, синоним сөздер арқылы сөз мағынасын түсіндіру. Мысалға, Қабанбай – *енті, күшті, мерген, денелі*, құдай қара күш пен денені о бастан–ақ аямай-ақ беріпті, тұла бойына сыймай тұратын *қара күш иесі*. Сөйлем ішінде, одан кейін мәтін арқылы сөз мағынасын түсіндіру. Жаңа сөзді естерінде тұрақтандыру үшін әр түрлі жаттығулар жүргізу қажет. Сол сөзді қолданып бір-біріне сұрақ қойғызу, оған жауап бергізу, сұрақ жауаптарын жазғызу, сөйлем құрату. Тіл ұстарту жұмыстары студент игерген білімдері мен біліктерін қолдануға бағытталады. Бұл сабақта мақал-мәтелдер мен даналық сөздерді талдатуға, халқымыздың жақсы дәстүрлерін сақтап келген шешендік сөз үлгілерін әрі қарай дамытып, оны жастардың сөйлеу дағдысына сіңіру бағытында жұмыс жүргізуге болады. Мысалы, Мөңке би, Төле би «Өнер алды-қызыл тіл», «Сөз құдіреті» шешендік сөздері бойынша «Жақсы сөз - жарым ырыс» деген мақалдың мәнін ашқызу. Бір ауыз жақсы сөз адамды жадыратып, көңілін көтеретіндігін, қуат беріп, шабыттандыратынын мәтіндер арқылы дәлелдету. Халықтың салт – дәстүріне байланысты сөз орамдарын тіл мәдениетіндегі орнын түсіндіре келіп, олардың сөз әдебімен байланысын ашқызу, көркем мәтіндерден осындай тілдік құбылыстарды теріп жаздырту. Мысалға, Қ.Жұмаділовтың «Дарабоз» романы бойынша: «Ата-анасының *бесікке саларда азан шақырып* қойған аты-Қабанбай да, Дарабоз да емес, Ерасыл болатын. Ең алдымен, бұған ат қоюды ауылдағы жеңгелері бастады. Салт бойынша қайнысына *ат беру* қажет болғанда, «Нар бала» дегенді ойлап тапқан – солар...». Ауыспалы мағыналы сөздерге сай мәтіндермен жұмыс жүргізіп, олардың мағынасын ашуға, табиғат көрінісін суреттеп жаздыртып, онда ауыспалы мағынадағы сөздердің көркемдік сипатына назар аудартуға сөз құдіреті, тіл қасиеті туралы мақал–мәтелдер ұсынып талдауға болады. Тіл ұстарту жұмысына арналған мәтіндер тақырыбы мен мазмұны жағынан әр түрлі. Бұл мәтіндер студенттерді Отанды сүю, табиғатты қорғау, сыйластыққа тәрбиелеу міндетін көздейді. Мәтінмен жұмыс оқушының ойлау дағдысын талдауға, жинақтауға алып келеді. Мәтін студенттің пікірін тудырады, ол өз пікірін бағалайды, түсінеді, ізденеді, қызығады, яғни студент пікіріне қажеттілік туады. Мысалға, мәтіннің негізгі идеясы, тақырыбы жайында ой бөлісіңіз, мәтіндегі оқиға немен аяқталды, оқиғаның тарихпен қаншалықты байланысты, т.б. Берілген тапсырмалар оқушылардың сабақта, сабақтан тыс кезде жұмыс істеуіне, тіл дамыту, жазба жұмыстарын (мазмұндама, шығарма жазу, әңгіме құрастыру, т.б.), жазу дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Жеке жұмыс ретінде үлестірме жеке тапсырмалар кестесі түрінде де пайдалануға болады. 1) Өлең құрастыру, студентке ұсынылады: «О, Махаббат, сен әлі тірі ме едің, тірі ме едің!» Студент жалғастыруы керек; 2) Мақал – мәтелдерді толықтыру. Мысалы, ..., тояды қарның тіленбей. Мақал – мәтелдерді толықтырғаннан кейін мәнін түсіндіріп, өз пікірлерін айтқызу; 3) Мәтін құрастыру. Берілетін

тақырыптыр: «Ауыл», «Отан», т.б. Мәтін құрастыруға, қажетті тірек сөздерді беруге болады. 4) Өлеңдегі мәні бар нақыл мәні бар жолдарды теріп алу арқылы тұжырымды түрде түсініктеме жаздырту. Мысалға, Абайдың «Әсемпаз болма әрнеге» өлеңі бойынша «Сен де бір кірпіш дүниеге кетігін тап та, бар, қалан» нақыл сөз, студент жазған түсініктеме: «өмірден өз орныңды тауып, бір маман иесі болу» т.б. 5) Сурет арқылы әңгіме жазу. Сурет бойынша әңгіме жүргізгенде, студенттің одан көргені, байқағаны бойынша еркін әңгіме құрады, өз жағынан сөз қосады, осы арқылы оның байқағыштығы артады, логикалық ойы дамуда, сөйлеу тілі жетіле түседі. Сурет бойынша жаңа сөздерді құрастыру. Сол сөздерді қолданып мұғалімнің сұрақ қоюымен сөйлем құрату. Одан кейін әңгіме жазғызу. 6) Сөзжұмбақ шешу. С.Мұқановтың «Өмір мектебі» романында Солтүстік Қазақстанның қай қаласының ежелгі атауы және оның қойылу себебі түсіндіріледі (Қызылжар), Ғабит Мүсіреповтың бір шығармасы батыр және шеше сөздерінің синонимдерінен аталады. Ол қай шығарма? Ер ана. Бір сөзі – көп сөзінің антонимі, екінші сөзі – сөйлемнің ең кішкене бөлшегі, үшінші сөз – қымбат металл аты. Ол қай мақал? Аз сөз – алтын. 7) «Бір сөзбен атаңдар» ойыны. Құлақ аспау (тыңдамау), арасынан қыл өтпейді (тату), бетінен оты шығу (ұялу), бас қосу (жиналу), бармағын тістеу (өкіну); 8) Фильм пайдалану. Фильмнің керекті деген кадрларын көрсетіп, әр студенттің құрған жоспары талқыланып, дұрыс деген нұсқасы тақтаға жазылады. Бірінің әңгімесін бірі жалғастырады. Мазмұнын ауызша жүйелі айтқызу арқылы студентті сөйлей білуге дағдыландырумен қатар дұрыс тыңдай білуге де үйретеді. 9) Қызықты оқиғалар, ұлы адамдар өмірі, ақын – жазушылардың еңбектері, әр түрлі тағдырлар туралы айту. Оралхан еңбегі, Абай өмірі, Мағжан тағдыры, әлем ғажайыптары т.б. туралы мұқият тыңдайды, өз ойларын білдіреді. Мысалы, Оралхан Бөкей шығармашылығын оқытуда «Қайдасың, қасқа құлыным!» әңгімесі оқылады, ең түйінді ойды дәптерге жазып алып, кестеге толтырады. Мысалы, Сенің ойың: Мәтіннен алған үзінді, Мәтіндегі негізгі ойды қандай мақал-мәтелмен қорытындылауға болады, Оралхан Бөкей шығармаларының ерекшелігі неде? 10) Жатқа айта білу – тіл ұстарту жұмыстарының бірі. Тек өлең ғана емес, сонымен мәтіндегі жаңа сөздер, сөйлемдер, осы сөйлемдерге байланысты сұрақ-жауаптар, мақал - мәтелдер, жұмбақтар, грамматикалық анықтамалар да жатталады. Жатқа айтқан кезде студенттің тілі ширайды, сөздік қоры көбейеді, сөздерге екпінді дұрыс түсіруді үйренеді. Осы ретте қазақ тілін оқыту әдістемесі мен қазақ тілінде дыбыс негізінде сауаттандыру әдісінің негізгі іргетасын қалаушы А.Байтұрсынұлының қазақ тілінің тазалығын сақтау мақсатында жан-жақты жүргізген зерттеулерін, құнды әдістерін пайдаландық. [5]

Көпмәдени білімнің маңызы мен ролін зерттеуде басқа мәдениетпен өзара іс-қимыл жасайтын және өзара іс-қимыл барысында өзін-өзі қалыптастыратын бірегей мәдени әлем ретінде адами мән туралы ережелер ерекше орын алады. Білім мен мәдениеттің мәні, білім беруді дамытуда ұсынылған мәдениеттілік өткен ғалымдардың, педагогтардың еңбектерінде (А.Дистервег, И.Кант, Л.Н.Толстой, К.Д.Ушинский, т.б.) және қазіргі заманғы мәдени тұжырымдамаларда (В.С.Библер, С.Ю.Курганов, Н.Б.Крылова және т.б.) көрініс тапты.

Көпмәдени қоғамның білім беру кеңістігі көпмәдени орта негізінде құрылуы тиіс. Аталған мәселе психологиялық-педагогикалық ғылымда жан-жақты әзірленуде. Көпмәдениетті білім берудің міндеті – оқу орындарын қолайлы әлеуметтік-педагогикалық орта құруға шақыру, онда әрқайсысына оқу кезеңінде өзінің әлеуетті қабілеттерін іске асыру үшін толыққанды білім алу бойынша біркелкі бастапқы мүмкіндіктерге кепілдік беріледі.

Тілдерді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаларына, сондай-ақ «Қазақстан-2030» және «Қазақстан-2050» стратегияларына сәйкес республикада қазақ, орыс және ағылшын тілдерін жоғары кәсіби деңгейде меңгертуге бағытталған ұзақ мерзімді міндет қойылған. Осыған байланысты, елімізде көптілді білім беруге байланысты проблемалар ерекше өзектілікке ие болып отыр [2].

Сонымен қатар, көпұлтты және көптілділік тек аса маңызды құндылықтар ғана емес, сонымен қатар Қазақстанның негізгі артықшылықтары болып табылатынын ескеру маңызды. Сондықтан да елімізде жоғары оқу орындарында білім берудің жаңа моделін енгізу бағытында қадамдар жасалды, әсіресе, оқыту стандарттары өзгереді және аталған үш тілде оқытатын бөлімдер ашылады [3.309].

Жоғары оқу орнындағы білім беру процесі магистранттардың мақсатты кәсіби және жеке тұлғалық білім алуын ұйымдастыруға бағытталуы тиіс, соның нәтижесінде олардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және өзін-өзі дамыту жүргізіледі.

Магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту олардың негізгі қажеттіліктерін, атап айтқанда, танымдық, әлеуметтік және рухани-адамгершілік қажеттіліктерін жүзеге асыратын оқу процесіне қанағаттануы болған жағдайда мүмкін екендігін ескеру қажет. Сондай-ақ, осы қажеттіліктерді қанағаттандыру және магистранттардың өзін кәсіби маман ретінде сезінуін қамтамасыз ету – қазіргі заманғы жоғары мекеменің міндеті және оларда өздігінен білім алу біліктерін қалыптастыру кезінде мүмкін екені маңызды [4.86].

Бүгінгі күні білім беру жүйесіне енгізілген жаңа педагогикалық технологияларды білім беру процесін ізгілендіру, білім берудің жеке тұлғаға бағытталған парадигмасын жүзеге асыру, тұлғаның зияткерлік, шығармашылық және адамгершілік дамуын қамтамасыз ету, болашақ мамандардың кәсіби-тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру құралы ретінде қарастыру қажет. Мұғалімнің жеке қасиеттерін, оның кәсіби қызметінің ерекшеліктерін анықтау, өзін-өзі дамытуға дайындығын қалыптастыру педагогикалық білім беруді жетілдірудің жетекші бағыттары болып табылады.

Магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын қалыптастыру мәселелерінің теориялық-әдіснамалық аспектісі кәсіби дайындық және көркем-педагогикалық қызмет кезінде маманның тұлғасын, мәдениетін дамыту бойынша түсініктер, идеялар, тұжырымдамалар жүйесін ұштастырады.

Басқаша айтқанда, бұл болашақ педагогтың жеке және жеке қасиеттері туралы білім жүйесі, өзін-өзі тану және өзін-өзі жетілдіру механизмі, педагогикалық қызметте, кәсіби даярлықта туындайтын мәселелерді шешу жолдары және жеңу тәсілдері.

Ғылыми әдебиетте білімалушылардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту тиімділігі келесі жағдайларға байланысты екенін көрсететін мәліметтер бар: дамушы және демократиялық академиялық ортада оқыту, оқу процесі кезінде магистранттардың басты құзыреттілігін дамытуға педагогтің баса назар аударуы, оқуға қабілеттіліктерін, атап айтқанда танымдық қабілеттерін енгізу, сондай-ақ жеке тұлғаның өзін-өзі дамуын өзектендіруді іске асыру, оқушылардың кәсіби-тұлғалық дамуының мазмұнын интеллектуалдандыру және гуманитаризациялау [5.64].

Осы тұрғыдан педагогикалық даярлықты мамандықтар мен маманданулар есебінен ғана емес, сондай-ақ қоғамның білім беру сұраныстарына жауап бере алатын әр түрлі бағдарламалар есебінен түрлендіруге болады.

Магистрлік даярлықтың зерттеу бағыттылығы білім беру мазмұнына, оқу үрдісін ұйымдастыру формасына, ғылыми іс-әрекетінде көрініс табады.

Сонымен қатар, ғалымдар білім алушылардың кәсіби-тұлғалық қасиеттерін дамыту олардың сыртқы және ішкі шарттарын (мәселелерін) қанағаттандырғанда ғана мүмкін болатынын анықтады. Зерттеушілер кәсіби-тұлғалық сапаларды дамытудың ішкі шарттарына мыналарды жатқызады:

- болашақ кәсіби қызмет призмасы арқылы білім алушылардың өздерінің қажетті кәсіби-тұлғалық қасиеттердің құрылымы мен функцияларын түсінуі;

- өзін кәсіби қызметтің субъектісі ретінде сезіну, сондай-ақ болашақ мамандықтың мақсаты мен оқыту бағдарламасының байланысын түсіну;

- кәсіби этика мен моральдың теориялық негіздерін өз тұлғасына көшіру (атап айтқанда, маман ретінде өзінің дамуына өзіндік талдау, өз дамуының факторлары мен жетістіктерін анықтау);

- болашақ маманның кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту үшін қажетті құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған жағдайда білім алушыны оқу іс-әрекеті процесіне енгізу.

Кәсіби-тұлғалық сапаларды дамытудың сыртқы шарттарына келесілерді жатқызады:

- білім алушы жоғары оқу орнында оқу процесінің және психологиялық қызметтің субъектісі ретінде дамуы тиіс;

- білім алушының субъектілігін дамыту трансляциялық үлгіден білімді меңгерудің оқу-іздеу жүйесіне ауысқан жағдайда ғана мүмкін болады;

- білім алушыларды дайындау жаңа инновациялық технологияларды белсенді, жеке меңгергенде, сондай-ақ өз қызметі барысында осы технологияларды қолдана білгенде жүзеге асырылуы тиіс;

- теориялық дайындық практикамен тығыз қарым-қатынас жағдайында жүргізілуі тиіс.

Қазіргі заманғы талаптарға сәйкес болашақ педагогтің немесе психологтің кәсіби даярлығын оқу-тәрбие қызметінің барлық түрлерін олардың шығармашылық қасиеттерін жан-жақты дамыту, тұлғаның дүниетанымы мен қабілеттерін қалыптастыру жағына бағыттауды оңтайландырудың практикалық дағдысы ретінде қарастырады. Педагог немесе психолог оқу процесінің міндеттерін оңтайлы шешуге педагогикалық шеберлігінің және психологиялық дайындығының жоғары деңгейімен анықталатын белгілі бір қасиеттердің жиынтығын игеруі тиіс.

Болашақ педагогтің кәсіби-тұлғалық сапалары мен педагогикалық шеберлігінің қалыптасуының өзара байланысы байқалады. Педагогикалық шеберлік тұлғаның білімін, тәжірибесін және сапасын синтездеуді көздейтін интегративті ұғым болып

табылады. Бұл шығармашылық өзін-өзі көрсетудің, белсенділіктің, жағдайдың әртүрлі жоспарлы көрінісінің, оның терең түсінігінің немесе дамыған ерекше интуициясы; мақсатқа ұмтылу қабілеті, оны әр жағынан анық көрсету; басталған істі ең жоғары сапалы деңгейде жетілдіруге және аяқтауға ұмтылу.

Жоғарыда айтылғандарды талдай отырып, болашақ педагогтің кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту нәтижесі оқу-тәрбие үдерісін жоғары деңгейде ұйымдастыру кезінде түрлі педагогикалық міндеттерді табысты шешуде педагогикалық шеберліктің бар екендігі туралы қорытынды жасауға болады.

Болашақ педагогтің кәсіби-тұлғалық сапаларының арасынан педагогикалық қызметті қалаған адамдар бөлінеді. Алайда, болашақ педагогтің педагогикалық қызметінің тиімділігін төмендетуге ықпал ететін немесе мүлдем жол берілмейтін сапалар бар екенін атап өтеміз. Педагогтің кәсіби маңызды қасиеттерінің сипаттамасы және олардың көптеген жіктелуі педагогикалық қызметте табысқа жету үшін адамның қалаған және қажетті қасиеттерінің ара қатынасын және оңтайлы құрамын анықтауға, жалпылама бейне-портрет жасауға мүмкіндік береді, ол қоғамдық және ғылыми-педагогикалық санада бекітіледі және педагогикалық профессиограммаларды әзірлеу үшін негіз болып табылады. Мұндай сипаттама белгілі бір кәсіби бағыттағы болашақ педагогтің кәсіби-тұлғалық қасиеттеріне қойылатын ерекше талаптарды көрсетеді.

Белгілі бір бейіндегі маманды даярлау үдерісінде (біздің болашақ педагогті зерттеуімізде) белгілі бір қызметтің табысты болуын қамтамасыз етуге арналған кәсіби-тұлғалық сапаларды дамытуға кешенді тәсілді қолдану қажет, өйткені ол объективті кәсіби іріктеуді жасайды, сондай-ақ болашақ мамандардың қабілетін ескереді. Магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың психологиялық-педагогикалық мәселелерін анықтау үшін олардың құзыреттілігін сипаттау маңызды.

Қорытындылай келе, магистранттардың құзыреттілігі жоғары дербестік дәрежесімен, өз шешімдері үшін жауапкершілікті қабылдауға дайындығымен, күрделілігі жоғары деңгейдегі біліктілік міндеттерін шешуге қабілеттілігімен, сонымен қатар өз қызметі барысында идеяларды құруда және қолдануда өзіндік ерекшелігімен сипатталады. Магистр тек бакалаврдың құзыреттілік қасиеттеріне ғана емес, сонымен қатар қосымша сапаларға ие болуы тиіс, атап айтқанда: оқу саласын жүйелі түсініп, алған білім саласымен байланысты зерттеу дағдылары мен әдістерін меңгеруі, сыни талдау және өз қызметін орындауға жаңа тәсілдерді әзірлеу қабілеті. Жеке тұлғаның кәсіби сапаларын ғалымдар арнайы білімді меңгеру, білік пен дағдыларды қалыптастыру үшін, сондай-ақ кәсіби еңбектегі қоғамдық танылған тиімділікке қол жеткізу үшін қажетті адамның психикалық ерекшеліктерін көрсету ретінде жиі қарастыратыны маңызды. Осылайша, магистрдің қалыптасқан кәсіби сапасы білім, білік және кәсіби дағдыларды қамтитын кешенге негізделуі тиіс.

Адамның кәсіби-тұлғалық сапалары әрбір белгілі бір функция орындалатын өзара байланысты компоненттердің күрделі кешенді құрылымы болып табылғандықтан, бақылау, моральдік, интеллектінің жоғары деңгейі сияқты қасиеттер ақпараттық функцияны қамтамасыз етеді, бұл магистранттың белгілі бір кәсіби-моральдық құндылықтар жүйесіне қосылуы болып табылады. Магистранттың сенситивтілігі әлеуметтендіруші функцияны орындауға ықпал етеді, ол өз кезегінде магистранттың кәсіби қоғамға өз мамандығы мәдениетінің элементтерін, социумның нормалары мен құндылықтарын меңгеру арқылы кірігуіне жауап береді. Адамгершілік, зейінділік, әдептілік, эмоциялық тұрақтылық превентивті функцияны қалыптастырады, бұл басқа адамдарға зиян келтіретін іс-әрекеттер мен әрекеттерден қорғайды, сондай-ақ магистранттың алдындағы және оның болашақ кәсіби қызметіндегі адамгершілік дилемманы шешуді талап ететін өмірлік жағдайларда шешімдер қабылдау және іс-әрекеттерді іске асыру дағдыларын дамытады. Мінез-құлықтың тәрбиелілігі мен

икемділігі сияқты қасиеттер магистрантты өз қызметінің субъектісіне көмек көрсетудің мақсаттарын, әдістері мен құралдарын таңдау жағына бағыттайтын реттеуші функцияны қалыптастыруға ықпал етеді. Жауапкершілік, табандылық, шыдамдылық және өзін-өзі ұстау сияқты басқа да қасиеттер реттеуші функцияны орындайды, бұл кәсіби топ құрамында үйлесімді жұмыс істеу үшін түрлі формальды және формальды емес жағдайларда өз іс-әрекеттерін реттеу қажеттілігінен туындайды және кәсіптің мәніне сәйкес келеді. Рефлексия Бағалау функциясын қалыптастыруға ықпал етеді, бұл мінез-құлықты, өндірістік процестің мақсаттары мен міндеттерін, мақсатқа жету үшін таңдалатын құралдар және соңғы нәтижелер сияқты сипаттамалардың нормалары мен қағидаттығын бағалауға мүмкіндік береді.

Көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытумен байланысты мәселелердің кең ауқымын шешу үшін оларды жоғары оқу орнында жеткілікті және сапалы деңгейде қалыптастырудың қағидалары мен шарттарын түсіну маңызды.

Осылайша, оқу-білім беру ортасында еліміздің жоғары оқу орындарына енгізілген көптілді білім беруді зерттеу негізінде жоғарыда көрсетілген магистранттардың сыртқы және ішкі жағдайлары (мәселелері), оқыту бағдарламаларын әзірлеу, олардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытуға әдістемелік нұсқауларды оқу-тәрбие үдерісінде тақырыптық іс-шараларды өткізуде негізге алуды қажет етеді.

Әдебиет:

1. Кажигалиева Г.А. Об изучении билинговокультурных художественных текстов на занятиях по русскому языку в казахстанском вузе // Язык и культура. - 2012. - № 1. - С. 92-108..
2. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы], [Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы], [Қазақстан Республикасы Президентінің Өкімі/<http://adilet.zan.kz>
3. Алтынбекова О.Б. Этноязыковые процессы в Казахстане. Алматы: Экономика, 2006. - 415 с
4. Булатбаева А.А. Педагогические основы формирования значимого образа профессиональной деятельности учителя в системе университетского образования: дис. ...к.п.н., Каз. нац. ун-т им. аль-Фараби, 2003.
5. Смаилова Ф.И. Становление и развитие основ обучения иностранному языку в вузах Казахстана (1917-1991 гг): дис. ...к.п.н., Каз. акад. трансп. и коммуник. Им. М. Тынышпаева, 2010.

УДК 130.2

КУЛЬТУРНЫЕ ФУНКЦИИ ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ

Болгауова Г.Т.

(ВКГТУ им. Д. Серикбаева, г. Усть-Каменогорск)

Парадокс современной эпохи - только устойчивое развитие сегодня может обеспечить сохранение предыдущих достижений. В настоящее время Казахстан сталкивается с целым рядом серьезных вызовов, осознание которых привело к принятию ряда стратегических решений и программ преобразования различных сфер общества, в том числе и образования. Основные приоритеты четко сформулированы в программе «Казахстан 2050» - это развитая, т.е. конкурентноспособная, соответствующая требованиям сегодняшнего дня экономика, сильное государство и социальное благосостояние казахстанцев. Образование, являясь социальным институтом, вовлечено в реализацию всех этих целей. Говорится о необходимости

создания «культы образования» как залога успеха нации. В данной статье мы проанализируем культурные аспекты современного высшего образования в Казахстане с позиций теории культуры и социологии.

Функции образования в обществе – предмет изучения социологии. Различные социологические теории фокусируют внимание на разных функциях. Так, с точки зрения Эмиля Дюркгейма (XIX век), основная задача образования – это трансляция определенной культуры. В XX веке исследователи выделили другую важную функцию – способствование изменениям в обществе. Также социологи говорят о функциях социального контроля, социальной селекции, конфликтной (борьба привилегированных и депривилегированных групп), поддержания социального неравенства и других. Несложно заметить, что эти функции во многом противоречивы по определению, в реальных социокультурных системах эта противоречивость усиливается в связи с их особенностями и неравномерностью развития.

Если говорить о системе высшего образования, то функция именно воспроизводства культуры здесь не выглядит явной. Высшее образование современного типа как социальный институт складывалась в Западной Европе прежде всего как ответ потребностям формирующегося капиталистического общества, ее развитие совершенно четко отражало общественные изменения. И система высшего образования в Казахстане создавалась в советское время как составная часть масштабного проекта по созданию нового, социалистического типа культуры и новой, советской культурной идентичности. Не случайно первым высшим учебным заведением стал не технический, а педагогический вуз. Основной и высшей общностью был провозглашён советский народ, основной ценностью – интернационализм. Это способствовало успеху модернизации, но в результате часть населения почти полностью утратила этническую идентичность. Таким образом, вузы изначально не являлись ареалом сохранения национальных традиций. Но полностью отрицать связь университетов с господствующей культурой и культурную преемственность их развития было бы неправильно.

На сегодняшний день университеты рассматриваются прежде всего как важная составляющая создаваемой инновационной экономики Казахстана. Основные приоритеты развития, согласно госпрограмме «Образование – 2020» - решение задач по обеспечению кадрами с высшим и послевузовским образованием проектов индустриально-инновационного развития страны; интеграция в европейскую зону высшего образования; интеграция образования и науки, создания условий для коммерциализации продуктов интеллектуальной собственности. И в то же время отдельно выделяется значимость воспитательной работы, молодежной политики и развития языков. Основные задачи работы со студенческой молодежью - воспитание казахстанского патриотизма, духовно-нравственной культуры, формирование национальной идентичности. Т.е. впервые за семьдесят лет систему высшего образования ориентируют на национальную культуру.

Очень показательное содержание измененного в 2018 Государственного общеобязательного стандарта высшего профессионального образования: современная история Казахстана, философия, казахский (русский) язык, иностранный язык, информационно-коммуникационные технологии (на английском языке), физическая культура, модуль социально-политических знаний (политология, социология, культурология, психология) являются общеобязательными дисциплинами (согласно прошлой редакции, многие из этих дисциплин относились к элективному компоненту). Т.е., во-первых, мы видим расширение набора гуманитарных дисциплин. А одна из их ключевых особенностей – генетическое родство с философией и ориентация не просто

на объяснение, а интерпретацию действительности с позиций различных ценностных систем.

Во-вторых, показательно и содержание типовых программ этих дисциплин, конкретно – тематика. Если предыдущие типовые (за исключением современной истории Казахстана) были скорее культурно-нейтральными, этнорелятивистскими и в основном знакомили студентов с общей проблематикой философии, социологии или политологии, то сейчас содержание этих курсов ориентировано в первую очередь на казахстанскую, и, конкретно – казахскую культуру; теперь, при преподавании этих дисциплин, невозможно не уделять внимания традиционной культуре. По сути, национальная составляющая казахстанской культуры в приоритете, четко сформулирован список традиций и культурных особенностей для трансляции молодым специалистам. Здесь очевидны различия с учебными планами западно-европейских и американских университетов. Значимость и результаты этого культурного поворота мы сможем оценить через поколение.

Другая особенность стратегии в области образования – языковая, внедрение трехязычия. Смысл его не только в интеграции в мировое научно-инновационное пространство, но и в формировании единства нации. Здесь используется опыт Сингапура, который до внедрения полиязычия с английским в качестве языка межнационального общения страдал от межэтнических конфликтов. Английский был выбран именно в силу своей «нейтральности» - то, что он не являлся родным ни для одного из сингапурских этносов означало, что владение им не принесет политических и экономических предпочтений какой-то одной группе.

Таким образом, у государства есть четкое видение, какой тип культуры оно хочет развивать в ближайшие годы. И этот проект выглядит очень сбалансированным.

Но культурологический анализ полезен тем, что позволяет видеть, каким образом традиции и ментальность могут способствовать или препятствовать инновациям – потому что в силу их люди могут относиться к переменам отрицательно, положительно или нейтрально. С этой точки зрения инновационная функция системы высшего образования оказывается под вопросом.

Отражением процесса поиска идентичности обыденным сознанием мы можем считать дискуссию о казахских традициях и казахскости, которая перед нами в социальных сетях, СМИ, на семейных мероприятиях и дружеских встречах. Несмотря на то, что звучит и выглядит это чаще всего крайне эмоционально и иррационально, эти баталии показывают степень актуальности этой проблемы для рядовых представителей казахстанского общества, в том числе для студентов и преподавателей. Основными тенденциями в этом стихийном поиске идентичности становится архаизация и неотрадиционализм.

Основным проявлением архаизации в нашем обществе мы считаем возрождение на уровне культуры кланово-родовых отношений как ценности. Возрождение означает не просто существование, но публичное провозглашение их значимости. Стремление к целостности проявляется в постоянно воспроизводящихся попытках создания модального образа «истинного казаха». Мироощущение кочевника было синкретичным. Но социокультурный мир, в котором живут наши соотечественники, несколько раз разрушался полностью в течение последнего столетия, и эти разрушения были внезапными. Некоторые из этих катастроф не стали предметом рефлексии в общественном сознании, на протяжении долгого времени оставаясь в коллективном подсознании. Неудивительно, что теперь люди пытаются вспомнить и восстановить то, что они потеряли, вернувшись к прошлому. Неотрадиционализм представляет совокупность следования моде (по форме) и традиции (по содержанию). Традиция, наряду с языком, стала практически основной темой дискурса, сопровождающего

переход казахской культуры на новый уровень. Только один частный пример - насколько «живым» является национальное наследие, доказывают исследования Казахстанского института социально-экономической информации и прогнозирования, по которым лишь 11,1% опрошенных респондентов-казахов не знают о жузах, либо не относят себя к жузам. 2/3 казахских респондентов знают семь поколений своих предков.

Таким образом, поиск национальной и культурной идентичности в современном обществе – процесс противоречивый и несущий определённые риски. Один из рисков – относительная слабость модернизационной составляющей в современной казахстанской идентичности. Казахстан на протяжении столетий находился в относительной изоляции от внешнего мира и попал под его влияние в момент, когда капитализм принял форму общества потребления. Западное общество пришло к потреблению через модернизацию, превратившись сначала из традиционного в индустриальное и урбанизированное. Отказ от традиции стал возможным благодаря рационализации всех социальных структур. Но этот промежуточный этап практически никак не проявил себя в казахстанской культуре. Казахская национальная культура в XX веке не была глубоко трансформирована в ходе модернизационных процессов, в которые была вовлечена лишь относительно небольшая часть этноса. Последствие этого – противоречие между рациональной и вестернизированной элитой (политической, экономической, культурной) и слоями казахстанского общества, ориентированными на традицию и архаизацию.

По сути, процесс модернизации в Казахстане начался лишь к XXI веку, когда большинство ученых глобального мира отказались от концепции модернизации. Это объясняет в целом негативное восприятие рядовыми гражданами любых перемен, а инновации, как и реформы – это тоже перемены. Языковая ситуация в Казахстане, несмотря на то, что это не единственное полиэтническое государство в мире – уникальна. Внедрение английского языка должно быть проанализировано отдельно, но очевидно, что оно не воспринимается однозначно положительно, в том числе и в высшей школе. И специфика культуры самой системы высшего образования в Казахстане, когда реальный статус педагога зачастую не соответствует предъявляемым (совершенно справедливо) к нему требованиям также может сыграть негативную роль.

Таким образом, социальные изменения требуют не просто воли и ресурсов, но и культурологической экспертизы, которая может помочь наиболее эффективно использовать собственное культурное наследие.

Литература:

1. Кадыржанов Р. Конструктивизм, примордиализм и определение национальной идентичности Казахстана // Эл-Фараби. – 2012. – №4 (40). – С. 86-94
2. Назарбаев Н.А. «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» // Казахстанская правда. — 2017. —12 апр.
3. Ахиезер А. С. Архаизация в российском обществе как методологическая проблема // Общественные науки и современность – 2001. – №2 – С. 89-100
4. Мадюкова С. А., Попков Ю. В. Феномен социокультурного неотрадиционализма – СПб.: Алетей, 2011 – 132 с.

ВОСПРИЯТИЕ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ПРОИЗВЕДЕНИЯ В КОНТЕКСТЕ ПРОБЛЕМЫ РАЗВИТИЯ ЭМОЦИОНАЛЬНОГО ИНТЕЛЛЕКТА

Васильева О.В.

(СКГУ им. М.Козыбаева)

В процессе исследования проблем, связанных с EQ, интерес к которому остается неизменно высоким на протяжении последних десятилетий, неизбежно возникает вопрос: зависит ли коэффициент развития эмоционального интеллекта человека от социальных факторов и воспитания, или он предопределен генетически.

С одной стороны утверждается, что эмоциональный интеллект заложен в нас как некое биологическое свойство мозга. Поэтому его уровень практически невозможно изменить. Действительно, прослеживается некая связь между интеллектом и преобладанием левого или правого полушария, что определяется с момента рождения человека. Экспериментально подтверждено, что наиболее развит социальный интеллект у представителей творческого типа мышления. Таким образом, может показаться, что эмоциональный интеллект действительно обусловлен генетическими факторами.

Однако оппоненты этой точки зрения утверждают, что эмоциональный интеллект можно и нужно развивать. [1] Мы предполагаем, что EQ зависит не только от среды, формирующей личность, но особенностей восприятия мира. Генетический фон в данном случае выступает в роли своеобразной «почвы», позволяющей максимально эффективно «вырастить» коэффициент эмоционального интеллекта.

Андреева И., исследовавшая долгое время недостатки и возможности эмоционального интеллекта, выявила ряд факторов, оказывающих влияние на EQ. Анализируя результаты ряда исследований и тестирований, она предположила, что уровень эмоционального интеллекта передается ребенку в основном от матери, поскольку именно мать долгое время после рождения ребенка находится в тесной эмоциональной связи с ним. Исследователь считает, что вообще «склонность родителей к обсуждению эмоциональных проблем способствует лучшему пониманию ребенком собственных эмоций и развитию у него способности к саморегуляции». [2] Подобные же обсуждения, как показывают наши наблюдения, действительно традиционно чаще происходят между матерью и ребенком. Первые же обсуждения проблем происходят опосредовано при чтении первых книг.

Одним из способов формирования EQ, на наш взгляд, является чтение, и особенно, формирование и развитие навыка художественного осмысления смысла художественного произведения. Первые шаги по формированию этого навыка делаются при обращении к сказкам, являющимся своеобразными матрицами, отражающими архетипические конфликты человека. Читая (слушая) сказки, дети воспринимают механизмы принятия решений, заложенные в сказках и сказочных историях. И поскольку в детском возрасте ребенок не вполне разграничивает реальность от вымышленного мира, впоследствии сказки помогают ему создать свой «правильный» алгоритм поступков, основанный на общечеловеческом опыте.

Таким образом, уже в раннем детстве, ребенок сталкивается со смыслопорождающей функцией сказки, которая способствует развитию и совершенствованию эмоционального интеллекта, актуализирует заложенные в его сознании «внутренние возможности». Не случайно Т.Д. Зинкевич-Евстигнеева [3]

определяет воздействие сказкой на сознание детей одним из способов передачи знаний о духовном развитии и социализации человека, как воспитательную систему, сообразную духовной природе человека. И.В. Вачков [4] описывает это воздействие как направление практической психологии, использующее метафорические ресурсы сказки для того, чтобы помочь детям в развитии их самосознание. Каковы же воздействующие ресурсы сказки?

Во-первых, метафорическая природа сказки является для ее читателя не только зашифрованной картиной мира, в которой он видит свой еще несозданный внутренний мир.

Во-вторых, сказка содержит вообще простые общие схемы взаимоотношений людей в социуме. Сказочная метафора оказывается способом построения взаимопонимания между людьми. В-третьих, установка «сказка - ложь» автоматически снимает дидактическую составляющую, позволяя общечеловеческим правилам и моделям поведения, разрешения конфликтов и др. исподволь «вводить» в сознание ребенка жизненно важных моделей поведения и реагирования на окружающий мир, новых знаний о себе и мире.

Эти замечания касаются формирования эмоционального интеллекта не только в раннем детстве, но и в среднем школьном возрасте, когда сознание ребенка в большей степени остается «мифологическим», «наивным». В старших же классах одним из наиболее действенных способов повышения коэффициента EQ может стать грамотно организованная работа с текстом на уроках литературы.

Художественное произведение, как известно, является объектом деятельности человека, содержащим в себе опыт и жизненные установки не только его автора, но и целой эпохи. Не случайно Ю.М. Лотман видел культуру вообще и художественное произведение в частности механизмом передачи и хранения информации. Он выделял по крайней мере две функции, которые выполняет текст художественного произведения. Во-первых, это передача очевидной информации, т. е. того пласта смысла, который лежит на поверхности текста. Вторая функция, интересующая нас более всего, — это то, что Ю.М. Лотман назвал «генератором смыслов», «вместилищем эмоций» (по мысли У. Эко), рычагом которого являются механизмы смыслопорождения.

Чтобы разобраться в этих механизмах, стоит обратиться к концепции Д.А. Леонтьева о смысле и механизме смыслопорождения в человеческом сознании вообще. Выделяя несколько плоскостей исследования сущности смысла, ученый обратил внимание, в том числе и на плоскости, которые он определил как плоскость «образа мира в сознании субъекта» и плоскость «неосознаваемых механизмов внутренней регуляции жизнедеятельности». [5,113] Смыслы, попадая в сознание воспринимающего субъекта, в нашем случае читателя, преобразуются в некие личностные смыслы, обусловленные внутренней структурой личности, ее опытом и многими другими факторами. В случае, если эти смыслы усваиваются личностью как жизненно необходимые, они становятся «смысловыми структурами личности», влияя и на развитие эмоционального интеллекта.

Безусловно, стоит отметить, что влияние произведений искусства, в частности художественного произведения, на формирование EQ зависит в большей степени от характера его восприятия. Для того, чтобы «расшифровать» смыслы, импульсы, хранящиеся в свернутом, «зашифрованном» виде в художественной ткани произведения, читатель должен обладать не только способностью к восприятию информационного слоя произведения, навыками анализа, но и зачатками эмоционального интеллекта: эмпатией, умением распознавать эмоции и др..

Разберемся, как действуют механизмы смыслопорождения, содержащиеся в тексте художественного произведения. В этом нам поможет теория «вчувствования» известного Т. Липпса.

Теория «вчувствования» является неким способом познания субъекта через проецирование его собственных переживаний на ком-то другом. В данном случае субъектом будет выступать старшеклассник, который проецирует свои собственные переживания на переживания героев. Известный писатель и культуролог 20-го века У. Эко сказал по этому поводу: «Читатели...зачастую используют текст как вместилище своих собственных эмоций, зародившихся вне текста или случайно текстом навеянных». [6,19]

При восприятии художественного произведения реципиентом (в нашем случае – школьником), ему «посылаются» особые импульсы, которые в дальнейшем (в зависимости от умения трансформировать эти импульсы в собственные переживания) преобразовываются в «эмоциональную реакцию». Вот почему так важно развивать в человеке с раннего детства воображение и фантазию. Именно они помогают стать талантливым читателем, «эмпирическим читателем» (У. Эко), иначе говоря, читателем, воспринимающим не только информацию, содержащуюся в тексте на уровне сюжета, но и сопереживающим происходящему в художественном произведении. «Эмпирический» читатель «присваивает» себе эмоции, испытываемые героями произведения, переживая их внутри себя. Это «присваивание» эмоций может развиваться по двум направлениям. В первом случае мы распознаем эмоции, нами уже испытанные, сопоставляя их с тем, что переживает герой, и испытываем определенные переживания по этому поводу, что является взглядом на себя со стороны, рефлексией, которая является, как известно, ступенью к росту самосознания. Во втором случае мы открываем для себя совершенно новые эмоции, т. е «расширяем» свой внутренний эмоциональный диапазон. В любом из обозначенных случаев происходит повышение коэффициента эмоционального интеллекта.

При таком чтении, по мнению О. Кривцуна, действует психический механизм «феномена допущения». Об этом же рассуждает и У. Эко. Сравнивая текст художественного произведения с литературным лесом, в котором каждый читатель находит свою тропинку, писатель рассуждает: «Входя в литературный лес, мы подписываем с автором художественное соглашение, которое предписывает нам верить, например, что волки умеют говорить...(а иначе нам никогда не испытать катарсиса)» [6,142]. Иначе говоря, читатель, вчитываясь в художественное произведение, смотрит на вымышленное, как на реальное, воспринимает прочитанное, как происходящее в настоящем, что вообще-то свойственно многим школьникам. И нельзя, на наш взгляд не согласиться с О. Кривцуном, утверждающим, что «степень интенсивности переживания художественной реальности может быть ничуть не меньше, чем действительного события». Отметим, что эмоции, вызванные реакцией на художественное произведение, редко связаны с мобилизацией активности, желанием интенсивного практического действия, как это происходит, когда человек в реальной жизни попадает в какую-либо ситуацию. Пережитыми в процессе эмоциями происходит художественно-эмоционального насыщение внутреннего мира личности, что способствует росту эмоционального интеллекта. «Наслаждение силой, богатством, широтой, интенсивностью собственной внутренней жизни, к которой побуждает произведение искусства и является...главным итогом художественного восприятия». [7, 149]

В ходе своего исследования Т. Липпс отмечал закон «психической запруды» - пика эмоционального переживания, часто используемого авторами для создания эмоционального напряжения. Французский писатель М. Пруст называл этот прием

«зияющим пробелом». Движение событий, переживаний героев в художественном произведении замедляется, образует своеобразную "запруду", то есть останавливается и повышается именно на том месте, где присутствует этот перерыв в повествовании. Этим приемом до сих пор пользуются авторы, создавая драматическую напряженность, нарушая логику повествования, оттягивая развязку, а иногда и завязку сюжета. Вместо ожидаемого разрешения конфликта, он внезапно обрастает новыми эпизодами и т.п., - во всех этих случаях "психической запруды" эмоциональное переживание становится более интенсивным. На наш взгляд, этот закон создает почву для катарсиса.

Еще Платон определял катарсис как «эмоциональную реакцию, развивающуюся в двух противоположных направлениях, которые в завершительной точке, как бы в коротком замыкании, находят свое уничтожение» [8]. Аристотель, разработавший учение о том, как искусство влияет на внутренний мир человека (мимесис), проанализировал отдельный вид эмоционального отклика, вызывающий у наблюдателя процесс восприятия искусства. По его мнению, лишь только произведение, «...отражающее мир человеческих характеров и страстей, потрясающее своей правдой и красотой», может произвести непередаваемое эмоциональное потрясение зрителя. Эмоциональная сторона катарсиса рассматривается им как своеобразное эмоциональное потрясение, поражаемое сопереживанием событиям и героям художественного мира. Именно так осуществляется влияние на внутреннее состояние человека, способствующее духовному росту личности, и, как следствие, развитию эмоционального интеллекта.

В современной эстетике существует утверждение, что катарсис – это механизм, превращения бессознательное в сознательное, поднимающий искусство на одну из самых высоких ступеней в системе общечеловеческих ценностей.

Услаждение «могуществом» своей внутренней жизни, по мнению Т. Липпса, является последствием именно художественного восприятия. Согласно его версии, после «взаимодействия» с искусством человек очищается, испытывает «катарсическую разрядку»: «подобно устранению необузданного пафоса как и субъективного буйства – следовательно, обновлению моральных критериев, а именно: обособившийся в своих страданиях от жизни общества индивид поднимается от своей частной единичности до всеобщности, последнее идентифицируется с жизнью и устремлениями общества». [9,3] Этот процесс, сопровождаемый зачастую состоянием аффекта, заканчивается, как правило, умиротворением, осознанием и принятием новых смыслов.

Литература:

1. Этой точки зрения придерживаются: Люсин Д.В. Современные представления об эмоциональном интеллекте // Социальный интеллект. Теория, измерение, исследование /Под ред. Д.В. Ушакова, Д.В. Люсина. М., 2004. Юркевич В.С. Проблема эмоционального интеллекта // Вестник практической психологии образования. 2005. № 3 (4).
2. Андреева, И.Н. Предпосылки развития эмоционального интеллекта / И. Н. Андреева // Вопросы психологии. — 2007. — № 5. (Электронный ресурс)/ URL: <http://andreeva.by/predposylki-razvitiya-emocionalnogo-intellekta.html> (дата обращения 05.06.2019).
3. Зинкевич-Евстигнеева Т.Д. Практикум по сказкотерапии. (Электронный ресурс). URL: <http://www.alibet.net/> (дата обращения 05.06.2019).
4. Вачков И.В. Сказкотерапия. Развитие самосознания через психологическую сказку. М.: Ось-89, 2003. (Электронный ресурс). URL: <http://psychlib.ru/inc/absid.php?absid=18836> (дата обращения 05.06.2019).
5. Леонтьев Д.А. Психология смысла: природа, строение, и динамика смысловой реальности. 2-е, испр. изд. М.: Смысл, 2003.
6. Эко У. Шесть прогулок в литературном лесу. СПб: Самопознание, 2002.

7. Кривцун О.А. Эстетика (Электронный ресурс). URL: <http://zavantag.com/docs/2307/index-52969.html?page=30> (дата обращения 05.06.2019).

8. Цит. по: Кривцун О.А. Эстетика (Электронный ресурс) URL: <http://zavantag.com/docs/2307/index-52969.html?page=30> (дата обращения 05.06.2019).

9. Медведева Е.А., Левченко И.Ю., Комиссарова Л.Н., Добровольская Т.А. Артпедагогика и арттерапия в специальном образовании: учеб. для студентов сред. и высш. пед. учеб. заведений. М.: Academia, 2001.

ӘОЖ 374.01:35.08

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚОҒАМДАСТЫҚТАРЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТҮЛҒАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Дюсенбаева А.Т.

(«Педагогикалық шеберлік орталығы» ЖМ)

Соңғы жылдары еліміздегі жалпы білім беретін мектепті басқару жүйесін жетілдірудің жаңа тетіктерін енгізу демократияландыру және ізгілендіру қағидаларын енгізумен байланысты болып отыр. Ол мектептерде мектеп қоғамдастықтарының, яғни мұғалімдердің педагогикалық қоғамдастықтары мен оқушылардың қоғамдастықтарының дамуымен сипатталады. Мұғалімдердің педагогикалық қоғамдастықтарының дамуы олардың кәсіби дамуы мен кәсіби мәселелерді бірлесе шешу айналасында белсенді дамып және мектеп шеңберімен шектелмей, мектепаралық, аудан және облыс, республика деңгейлеріне шығып отыр. Оқушылардың қоғамдастықтарының қызметі мен дамуы әлі де сынып пен мектеп деңгейінде дамығанымен әлі де ғылыми-педагогикалық тұрғыда негіздеу мен қолдауды қажет етіп отыр.

Жасөсірімдердің әлеуметтік маңызды қасиеттерін дамыту мақсатында оларды балалардың бірлестіктері мен ұйымдарының іс-әрекет жүйесіне қосудың педагогикалық шарттары М.Е.Демеуованың [1], Т.Б.Абаев [2] пен Р.С.Димухаметовтың [3], Н.С.Жумашеваның, М.Қ.Құрсабаевтың зерттеу жұмыстары арналған. Әдістемелік тұрғыдан бұл мәселені Е.А.Дмитриенко, С.Қалиев пен С.Т.Иманбаева, Н.С.Жұмашева қарастырған.

Ы.Алтынсарин атындағы ұлттық білім беру академиясының зерттеушісі М.Е.Демеуова бастаған, құрамында ғалым К.Ж.Кожаметова, зерттеушілер Ш.Б.Молдыбаева мен Б.Ч.Дуанабаева құрылған жұмыс тобы қазіргі мектептер жағдайында жұмыс істеп жатқан балалардың қоғамдық ұйымдарының нормативтік-құқықтық, материалдық, кадрлік, әдістемелік және ақпараттық жағдайларын ғылыми негіздеу мақсатында ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізді. [1]

Бүгінгі мектептердегі оқушылардың қоғамдастықтары оқушылардың түрлі мақсатта құрылған, түрлі белсенділік пен дербестік деңгейіндегі бірлестіктерінің қызмет етуімен сипатталады. Олардың ішінде оқушылардың өзін-өзі басқаруы, оқушылардың қоғамдық бірлестіктері мен оқушылардың қоғамдық ұйымдары.

Ғалымдардың еңбектерін талдау және мектептердегі балалар бірлестіктерінің тәжірибесін зерделеу негізінде аталған ұғымдар төмендегідей нақтыланды:

Оқушылардың өзін-өзі басқаруы – бұл мектептің оқушылар ұжымын өзін-өзі басқару құрылымы, ол мектептегі оқу-тәрбие процесінің мәселелерін оқушылардың өзіндік бастамалары мен өзіндік белсенді әрекеті негізінде шешуге бағытталған.

Оқушылардың өзін-өзі басқаруы шешетін оқу-тәрбие процесінің мәселелеріне оқушылардың мектептегі тәртібі мен өзін-өзі ұстауы, оқу үлгерімі мен сабаққа қатысуы, мектептің дәстүрлі шараларын ұйымдастыру, оқушылардың оқу-тәрбие

процесінде туындайтын мәселелерін шешуге көмектесу. Оқушылардың өзін-өзі басқару құрылымы арқылы оқушылар оқу-тәрбие процесінде өзін-өзі реттеуге, өзін-өзі ұйымдастыруға бағытталған белсенді әрекетті жүзеге асырады, сол арқылы олардың оқу-тәрбие процесінде белсенділігі мен жауапкершілігі артады.

Балалардың қоғамдық бірлестіктері – ол алғашқы құрылым, оған балалар мен үлкендер белгілі бір іс-әрекет ету үшін бірігеді, ол әрдайым қоғамдық мәнді мақсатқа жетуге бағытталады. Оның қатаң тіркелген нормалары мен құрылымы жоқ, яғни оған мүшелілік ету тіркелмейді, сондықтан, оның құрамындағы мүшелер үнемі алмасып отырады. Балалардың қоғамдық бірлестіктері оқушылардың қызығушылықтары бойынша құрылады және олардың құрамы тұрақты болмайды.

Оқушылардың қоғамдық бірлестіктеріне оқушылардың қызығушылық бойынша үйірмелері, клубтары, секциялары, ғылыми қоғамдастықтары, түрлі бағыттағы еріктілер топтары (қарттарға көмек, кішкентай балаларға тәлімгерлік және т.с.с), белгілі бір ауқымды іс-шараларды ұйымдастырып өткізуге арналған уақытша топтары да жатады. Олардың оқушылардың өзін-өзі басқару құрылымдарынан негізгі айырмашылығы, олар мектептегі оқу-тәрбие мәселелерімен айналыспайды, оқушылардың белгілі бір қызығушылықтарын қанағаттандыру, қабілеттері бойынша серіктестерді табу және олармен бірлескен әрекет ету, қарым-қатынас жасау сияқты қажеттіліктерін қанағаттандырады. Бірлестіктердің тағы бір ерекшеліктері ол еркіндік деңгейі жоғары, яғни оқушылар оның қатарына еркін кіреді және шыға алады, оқушыларға жауапкершіліктер көп артылмайды. Сондықтан бірлестіктердің құрамы жиі ауысып отырады, кейбір бірлестіктер мерзімі шектеулі болады.

Балалардың қоғамдық ұйымдары – ол нақты құрылымы, ортақ өмірлік нормалары, өзінің нормативтік құжаттары, есепке алынатын мүшелілігі, өзін-өзі басқару жүйесі бар, белгілі бір өзіндік және қоғамдық мәнді мақсатқа жетуге бағытталған балалардың қоғамдық бірлестігінің ұйымдасқан түрі.

Олардың балалардың қоғамдық бірлестіктерінен айырмашылығы, олар тұрақтылық сипатына ие, яғни әр ұйымның өзінің қызметінің мақсат-міндеттері нақты белгіленген және ұйым жарғысында бекітілген. Ұйым жарғысы ұйым қызметін реттейтін негізгі құжат болып табылады, онда ұйым мүшелерінің құқытары мен міндеттері, ұйым жұмысының бағыттары мен мазмұны сипатталады. Ұйымның өзіндік ерекшелік белгілері, яғни рәміздері болады. Олар оқушыларға сол ұйымға қатыстылығын білдіреді және оқушылар сол арқылы өздерін сол ұйыммен байланыстырады, жауапкершілігі артады. Жалпы алғанда балалардың қоғамдық ұйымдары балалар мен жасөспірімдерге азаматтық пен патриоттық тәрбиенің мықты құралы болып табылады, себебі ұйым ол мемлекеттің кішкентай моделі. Онда мемлекеттің басқару жүйесіндей, ұйымның өзін-өзі басқару жүйесі, рәміздері, конституциясы-жарғысы, салт-дәстүрлері болады. Ұйым қызметі ұйым жарғысымен негізделген ұйым бағдарламасы негізінде қызмет етеді. Ұйым жұмысының бағыттары алуын түрлі, қоғамдық-саяси бағыттағы («Нұр Отан» партиясының «Жас Отан» жастар қанаты), азаматтық-патриоттық («Жас ұлан» республикалық әскери-патриоттық ұйымы, «Қазақстан жастарының конгресі» және т.с.с) және т.б. Әрбір балалардың қоғамдық ұйымының өзіндік мақсатымен сипатталған жұмыс мазмұны мен бағыттары бар, олар оқушылардың тұлғалық дамуы мен өзін-өзі іске асыру, өзін-өзі дамыту міндеттерін жүзеге асырады.

Балалар қоғамдық қозғалысы – ол балалар белсенділігі формаларының жиынтығы, яғни бір аймақтағы барлық балалардың қоғамдық бірлестіктері мен ұйымдарының іс-әрекеттерінің жиынтығы. Оның қатаң құрылымы болмайды. Ол аймақтағы балалар бірлестіктері мен ұйымдарының өзара әрекеттесуінің, тәжірибе алмасуының ортасы.

Балалардың қоғамдық қозғалысы, балалардың қоғамдық бірлестігі, балалардың қоғамдық ұйымы, оқушылардың өзін-өзі басқаруы ұғымдарының ерекшеліктерін айқындап алған соң, балалар белсенділігінің формаларының қайсысы тиімді екенін және әрқайсысы баланың әлеуметтенуіне, тәрбиесіне қаншалықты әсер ететінін көре аламыз.

Егер баланың еркіндікке деген талпынысына сүйенер болсақ, онда балалар белсенділігін ұйымдастыру формасы ретінде қоғамдық бірлестік жақсы құрылым болады. Ол ұйымнан қарағанда әлдеқайда демократияландырылған, онда мүшеліктің талаптары және орындауға міндетті процедуралар жоқ.

Бірақ, балалардың жарқындыққа, әсемдікке, ереже бойынша ойынға деген талпынысы олардың белгілі бір жаста ұйымға деген қажеттілігі туындайтындығын көрсетеді. Балалардың қоғамдық ұйымы оқушылардың өзін-өзі анықтау, өзін-өзі нақтылау, өзін-өзі іске асыру мүмкіндіктерін қанағаттандырады. Өйткені, ұйымдағы түрлі іс-әрекетке қосылу кезінде оның қабілеттері мен мүмкіншіліктері айқындалып, одан әрі жетіледі.

Әрине, ол ұйым тартымды мақсатымен және қызықты іс-әрекетімен тарта білу қажет. Оның басшылығында танымал көшбасшының, адамгершілік нормалардың, тартымды дәстүрлер мен салттардың болуы үлкен жетістіктерге әкеледі.

Қазіргі таңда әрбір мектепте негізінен оқушылардың өзін-өзі басқаруы мен оқушылардың қоғамдық бірлестіктері және түрлі ұйымдары қызмет етеді. Олардың әрқайсысы оқушылардың қоғамдастықтары, яғни оқушылардың белгілі бір мақсаттар мен қажеттіліктер, қызығушылықтар аясында бірлескен топтары болып табылады. Мектептегі оқушылардың қоғамдастықтары алуан түрлілігімен сипатталады және оқушыларға түрлі мүмкіндіктер ұсынады.

Ал қазіргі оқушыларды мектептегі қоғамдастықтар аясында әлеуметтік маңызды белсенді іс-әрекетке тартатын келесі мақсаттар болып табылады: жеке қабілеттерінің дамуы және мүмкіншіліктерін іске асыру мүмкіншілігі, өзін-өзі іске асыру мүмкіншілігі, эмоционалдық денсаулық, қорғаныш сезімі, өзінің қайталанбастығын көрсету мүмкіншілігі, достарының және серіктестерінің арасында өз бастамаларын іске асыру, қоғамдық танылу мүмкіндігі, өз еңбегі үшін моральдық қанағаттану.

Дегенмен мектептегі оқушылардың қоғамдастықтары ол оқушылардың шығармашылық және әлеуметтік бастамаларын жүзеге асыруға бағытталған олардың дербес, еркін, нақты ұйымдасқан бірлестіктері ғана болып табылмайды. *Оқушылардың қоғамдастықтары бұл өздігінен басқарылатын, өздігінен реттелетін, өздігінен дамиды, тең дәрежедегі әлеуметтік ынтымақтастық негізінде іске асырылатын балалар мен ересектердің әлеуметтік өзара әрекеттестігінің жүйесі.* Осы әлеуметтік ынтымақтастыққа тең дәрежедегі қатысушы, басқару субъектілері ретінде қатысу арқылы оқушылар басқару тәжірибесін меңгереді, олар мектепті бірлесе басқару жүйесінің субъектісіне айналады, өз деңгейінде мектептегі оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру мәселелерін шешуге қатысады.

Бүгінгі оқушылар қоғамдастықтары - балалардың бос уақытын ұйымдастырудың құралы ғана емес, сонымен бірге балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтенуінің ортасы, өз елінің патриотының, азаматының, өз бетімен жетіле алатын және өзін-өзі көрсете алатын тұлғаның әлеуметтік маңызды қасиеттерінің қалыптасуының қарым-қатынас ортасы. Сондықтан, өз елінің дамуына үлес қосу үшін жастар әлеуметтік белсенділікті жүзеге асыру тиіс.

Оқушылар қоғамдастықтарын дамытуда және іс-әрекетін ұйымдастыруда келесі принциптерді басшылыққа алу қажет: субъектілік принципі, ізгілендіру және демократияландыру принципі, өнімді іс-әрекет принципі, перспективті мақсаттар принципі. [4, 636]

1. Субъектілік принципінің мәні балалар мен жасөспірімдерді оқушылар қоғамдастықтарын басқару және ұйымдастыру әрекеттеріне белсенді қатысуға ынталандыру, тарту болып табылады. Оқушылардың мектептегі қоғамдастықтар іс-әрекетін басқару субъектісіне айналуы, даралық қасиеттерін айқындап, дамытуға, өз қажеттіліктерін қанағаттандыруға, мүмкіншіліктерін іске асыруға, көшбасшылықты меңгеруге жағдай жасайды.

2. Ізгілендіру және демократияландыру принципі келесі ережелерін ұсынылады: оқушылар қоғамдастығының әрбір мүшесінің тұлғасын, жеке бас қасиеттері мен мүдделерін құрметтеу; оқушылар қоғамдастығы іс-әрекетінің оқушы тұлғасына бағытталуы, яғни оның қажеттіліктері мен қызығушылықтарын қанағаттандыру; оқушылар қоғамдастығының әрбір мүшесінің дамуына, өз мүмкіндіктерін іске асыруға жағдай жасау; әрбір қоғамдастық мүшесінің даралығын мойындау және оның ары қарай дамуына жағдайлар тудыру; қоғамдастық мүшелерінде қоғамдастық іс-әрекетінің бағыттарын өздері таңдау мүмкіндіктерінің болуы.

3. Өнімді іс-әрекет принципі, оны ұсынған В.М.Лизинский, оның пікірінше, іс-әрекет барысында әрбір адам бірнеше нәтиже алады, оны қайта алынған өнім, материалдық немесе идеалдық үстелім ретінде қарастыруға болады. Өнімді іс-әрекет жаңа іскерліктерді, қасиеттерді, қылықтарды, жаңа объектілерді алуға мүмкіндік береді.

4. Мектептегі оқушылардың қоғамдастықтары іс-әрекетінде өнімді іс-әрекет принципі қолданудың мәні, түрлі басқару шешімдерін, ұйымдастырушылық шараларын жүзеге асыру барысында, оқушылар жаңа өнім басқару тәжірибесін меңгереді. Сонымен бірге, топтық және ұжымдық іс-әрекет барысында қарым-қатынас тәжірибесін, топта және ұжымда жұмыс істеу дағдыларын меңгереді. Қоғамдастық іс-әрекетін ұйымдастыру бойынша жұмыстарға қатыса отырып, мақсат анықтау, іс-әрекетті жоспарлау, мәселелерді анықтау және шешім қабылдау сияқты дағдыларды меңгереді. Ең бастысы, оларда жетістікке жетуге, өзін-өзі жүзеге асыруға деген тұрақты қажеттілік пайда болады, шығармашылық, жауапкершілік, адалдық сияқты тұрақты құндылықтар қалыптасады.

5. Перспективті мақсаттар принципі, қоғамдастықтарда оқушылардың тұлғалық өсуін және жаңа нәтижелерге жетуін қамтамасыз ететін өзара байланысқан, шынайы мақсаттар тізбегін құрастыру қажет.

Аталған принциптерді басшылыққа ала отырып, оқушылардың қоғамдастықтарының іс-әрекетін басқару және ұйымдастыру жүзеге асырылады. Оқушылар неғұрлым белсенді түрде қоғамдастықтар ісіне араласатын болса, соғұрлым олардың көшбасшылығы қалыптасады.



1-сурет - Мектептегі қоғамдастық іс-әрекетін басқару процесінің алгоритмі

Оқушылардың қоғамдастықтарының іс-әрекетін басқарудың субъектісі ретінде, оқушылар қоғамдастықтағы іс-әрекеттерін болжау, яғни мақсатын анықтау, жоспарлау, ұйымдастыру, бақылау, нәтижені талдау функцияларын өз бетімен, дербес атқарады. Басқару функцияларын, басқару іс-әрекетін жүзеге асырудың бір ізді, жүйелі алгоритмі ретінде қарастыруға болады. Басқару функцияларының алгоритмі негізінде мектептегі қоғамдастық іс-әрекетін басқару процесінің келесі алгоритмі ұсынылады (1-сурет). [5, 286]

Ұжымдық негізде мектептегі қоғамдастық іс-әрекетін басқаруды жүзеге асыру, әрбір қоғамдастық мүшесі болып табылатын оқушы үшін қоғамдастық өмірі мен іс-әрекетіне, ондағы өз іс-әрекетіне қатысты мақсаттарды анықтауда, жоспарлауда, мәселелерді шешуде, шешімдерді қабылдауда өз мүмкіндіктерін сынауға, өзін-өзі анықтауға, өзін-өзі нақтылауға, өзін-өзі іске асыруға мүмкіндік береді. Мектептегі қоғамдастық іс-әрекетін басқару функцияларын еркін, дербес, табысты жүзеге асыру, оқушылардың көшбасшылықты меңгеруінің көрсеткіші болып табылады.

Сонымен, қорытындылай келе, оқушылар белсенділігінің түрлі формаларымен (оқушылардың өзін-өзі басқаруы, оқушылардың қоғамдық бірлестіктері, оқушылардың қоғамдық ұйымдары) сипатталған мектептегі оқушылар қоғамдастықтары оқушылардың әлеуметтенуінің, тұлғалық дамуының маңызды факторына айналып отыр. Оның қызметі жүйесінде оқушылардың тұлғалық сапалары мен қасиеттері, қабілеттері дамып қана қоймай, тұлғалық өзін-өзі іске асыру, өзін-өзі дамыту мүмкіндіктері іске асады. Оқушылар қоғамдастықтары патриот, қоғамдық белсенді және жауапкершілігі мол жастарды тәрбиелеудің тиімді құралына айналып отыр. әр мектеп оқушылар қоғамдастықтарының педагогикалық әлеуетін тиімді іске асыра алуы тиіс және оған қажетті педагогикалық-психологиялық қолдауды қамтамасыз етуі маңызды болып отыр.

Әдебиет:

1. Демеуова М.Е. Научно-методическое обеспечение программ деятельности детских общественных организаций в системе среднего образования: Отчет НИР (закл.) / Национальная академия образования имени И.Алтынсарина (НАО); Руководитель М.Е.Демеуова. – Алматы, 2008. – 141с.
2. Абаев Т.Б. Педагогические проблемы совершенствования деятельности детско-юношеских организаций в физическом воспитании учащихся общеобразовательной школы: дисс. ... канд. пед. наук. – Алматы, 1991. – 158с.
3. Димухаметов Р.С. Деятельность общественных организаций сельской школы по формированию у учащихся мотивов выбора профессии: дисс. ... канд. пед. наук. – Алматы, 1991. – 178с.
4. Дюсенбаева А.Т. Мектептегі қоғамдық ұйымдарда оқушылардың менеджерлік құзыреттіліктерін қалыптастыру: пед.ғыл.канд. ... дисс. – Алматы, 2010- 165б.
5. Дюсенбаева А.Т. Балалардың қоғамдық ұйымдарының іс-әрекетін ұйымдастырудың теориялық және әдістемелік негіздері. – Өскемен, ШҚМУ баспасы, 2008. – 62б.

ӘОЖ 378.1.147

САУАТТЫЛЫҚТЫ ЖАЗБА ЖҰМЫСТАРЫ АРҚЫЛЫ АНЫҚТАУ

Жуанышпаева С.Ж., Атығаева К.М., Баекина Н.М.

(М.Қозыбаев атындағы СҚМУ)

Бүгінгі заман талабына сай білім беру жүйесінде әлемдік деңгейге жету үшін жасалынып жатқан шығармашылық талпыныстар, оқу бағдарламаларындағы

өзгерістер, ақпараттандыру, мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыру және жеке тұлғаны жанжақты дамытуда жаңа талаптар қойылып отыр. Осы талаптарды жүзеге асыру барысында мұғалімдер тарапынан көптеген ізденістер, өзіндік білім жетілдіру, шығармашылық әлеуетін арттыру жұмыстары атқарылып жатқаны анық.

Сауаттылық – тілдің заңдары мен ережелерін меңгеру, оларды ауызша, жазбаша сөйлеуде пайдаланудың берік дағдыларымен үйлестіре отырып білуі. Сөздіктерде «сауаттылық» - бастапқы оқу және жазу қабілеттілігі деп сипатталады. Бұл термин негізгі мағынасында «сауатсыздық» әлеуметтік мәселе ретінде қарастырыла бастаған 19 ғасырдан бері қолданылады [1;332 б.] деп көрсетіледі.

«Қазақ тілі» пәнінен оқу бағдарламасында «Қазіргі білім беру орындарында тілдің коммуникативті, эстетикалық, кумулятивтік қызметі, қазақ тілінің байырғы тіл екендігін тіл дамуындағы кезеңдерді оқыту арқылы меңгерту, жазудың тарихын оқыту арқылы қазақ халқының ежелгі мәдениетін таныту керек екендігі» [2;12 б.] деп айтылады. Пәнді оқытудың басты мақсаты – ұлттық және әлемдік құндылықтарды салыстыра отырып, түйін жасайтын тұлғаны қалыптастыру, қоғамның интеллектуалдық қуатын жетілдіру, еліміздің материалдық-қаржылық ресурстарын әрі қарай дамытатын адам тәрбиелеу, орта және жоғары білім жүйесін одан әрі дамытатын жұмылдыру міндеттерін көздейді. Бұл міндеттерді шешу үшін мектеп, колледж, университет ұжымдары, әр мұғалім күнделікті ізденіс арқылы барлық жаңалықтар, өзгерістерге батыл жол ашарлық қарым-қатынас жасаулары қажет. Яғни, мұғалім біліктілігін жетілдірумен қатар кәсіби міндетінің ғылыми негіздерін тәжірибеде қолдануға, тәжірибелік іскерлік пен дағдыны қалыптастыруға ерекше көңіл бөлуі тиіс. Сондай мүмкіндіктердің бірі - мұғалім өз тәжірибесінде жылдар бойы жиналып, қалыптасып, қолданыс сүзгісінен сүзіліп өткен педагогикалық іс-тәжірибесі. Бұл тәжірибені басқа ұстаздармен бөлісе отырып ғана, мұғалім өз еңбегінің қоғамға пайдалы екендігін дәлелдей алады. Біздер, ұстаздар қауымы сауаттылықты жазба жұмыстары арқылы дамытуға, оны күнделікті сабақта түрлендіріп пайдалану арқылы біраз нәтижеге жетуге болатынын өмірлік тәжірибеден көріп жүрміз. Сонымен қатар жазба жұмыстары арқылы тіл үйренушілердің сауаттылығын анықтау дұрыс тәсілдің бірі екенін де жақсы білеміз. «Біздің заманымыз – жазу заманы, жазу мен сөйлеу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман» деп реформатор-ғалым Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми дәйектемелері тегін айтылмаса керек. [3;173 б]

Қазақ халқының ғасырлар бойы жинаған асыл қазынасы мен тілдік ерекшеліктері осы қазақ тілі пәнінде көрініс тапқан. Білім алушыларды сауатты жазуға үйретуде және көркемдік әлемдегі тұтастық пен қоршаған ортадағы үйлесім мен жарастықты олардың бойына ұялатуда бұл пәннің алар орны ерекше. Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес «Қазақ тілі» пәні «Гуманитарлық» білім беру саласына енеді. Бұл білім беру саласының мақсаты – білім алушылардың тіл және көркем сөз туралы дүниетанымын кеңейту, ғаламының шындық болмысын таныту және олардың функционалдық сауаттылығы мен прагматикалық қабілеттерін жетілдіру болып табылады. Жалпы, қазақ тілі пәнінен білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту мәселесіне қатысты түрлі ұстанымдарды ұсынуға болады. Біріншіден, аталмыш пәнді өткізуде алғашқы сабақтан бастап сөйлесім әрекетінің түрлерін (айтылым, жазылым, тыңдалым, оқылым, тілдесім) меңгертуге ден қойылуы керек. Сонымен қатар білім алушылар пән бойынша алған білімдерін әртүрлі жағдаятта, оларды кезкелген әлеуметтік ортада пайдалана білуге дағдыландыру, мемлекеттік тілде ауызша, жазбаша қарым-қатынас жасай алуға, жеке қабілеттерін дамытып, қазақ халқының салт-дәстүрі, мәдениетін тарихын түсіну арқылы құрметтеуге баулу болып табылады.

Қазақ тіл білімі ғылымының негізін салушы ғалым Ахмет Байтұрсынов: «Жаза біліп, оқи білмейтін адам бола ма? - Жоқ. Жаза білетіндер оқи да біледі. Олай болса, сауаттылық негізі оқу бола ма, жазу бола ма? - Әрине, жазу болады. Сауаттылық негізі екендігін сауаттылықтың шыққан жолы көрсетеді. Сауаттылықты оқу мұқтажы тудырмаған, жазу мұқтажды тудырған. Мұқтаждық жазуды тудырған, оқу жаза білумен бірге қосыла біліп кететін қосалқы күйдегі асылы жазу болып, оқу соның бетіндегі нәрсе болып шығады. Осы айтылғандардың бәрі сауаттылық негізі оқу емес, жазу екендігін сипаттайтын дәлелдер» [3;185 б.] деп атап айтқан болатын. Сондықтан да жазуға көп көңіл бөлу керек сияқты. Жалпы, білім алушылардың оқу іскерлігі мен дағдылары бастауыш сыныптан бастап тексеріледі. Оқу іскерлігі мен дағдыларды тексерудегі мақсат - оқушылардың оқу жылдамдығын анықтау және сонымен қатар оқу дағдыларын қалыптастыру. Егер оқушы оқу дағдысы мен іскерлігін орындай алмаса, онда диктант жазу барысында да қателер жібереді және жазып та үлгере алмайды. Оның басты себебі - оқушыда оқу жылдамдығы баяу және оқу дағдысы тұрақты қалыптаспағанықтан болуы. Оқу дағдысын қалыптастыру – мектеп оқушысының жазу жылдамдығын да қалыптастырады. Оқу бағдарламасының талабына сай әрбір сыныптағы оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу іскерлігі мен дағдыларының жобасы арнайы оқу бағдарламаларында берілетін. Сол бағдарламаны басшылыққа алып, оқушылардың оқу жылдамдықтарын мектеп ұстаздары үнемі тексеріп отырады. Оқу жылдамдығы дауыстап оқу және іштей оқу арқылы тексеріледі. Оқу барысында білім алушының монолог пен диалогта қанша сөйлем оқу және жазу шапшаңдығының белгілерін игеруі арқылы бағаланады. Мысалға, 5-сыныпта дауыстап оқу-120 сөз, іштей-140-170 сөз, жазу шапшаңдығы-60 белгі, 6-сыныпта-дауыстап оқу-140 сөз, іштей-170-210 сөз, жазу шапшаңдығы-70 белгі, 7-сыныпта-дауыстап оқу-150 сөз, іштей-210-250 сөз, жазу шапшаңдығы-70 белгі, 8-сыныпта-дауыстап оқу-150-ден жоғары сөз, іштей-250-270 сөз, жазу шапшаңдығы–80-100 белгі, 9-сыныпта- дауыстап оқу-150-ден жоғары сөз, іштей-270-290 сөз, жазу шапшаңдығы–100 белгі, 10-сыныпта-дауыстап оқу-150-ден жоғары сөз, іштей-290-310 сөз, жазу шапшаңдығы-100 белгі-120, 11-сыныпта-дауыстап оқу-150-ден жоғары, іштей-310-330 сөз, жазу шапшаңдығы–120, 5-сыныпта сөйлеу бойынша: монолог-7-8 сөйлем, диалог-6-8 сөйлем, 6-сыныпта сөйлеу бойынша: монолог-2 минут, диалог-6-8 сөйлем, 7-сыныпта сөйлеу бойынша: монолог-2 минут, диалог-6-8 сөйлем, 8-сыныпта сөйлеу бойынша: монолог-3 минут, диалог-8-10 сөйлем, 9-сыныпта сөйлеу бойынша: монолог-3 минут, диалог-10-12 сөйлем, 10-сыныпта сөйлеу бойынша: монолог-3-4 минут, диалог-10-12 сөйлем, 11-сыныпта сөйлеу бойынша: монолог-3-4 минут, диалог-10-12 сөйлем. [4; 35 б.] Мектептегі оқу үдерісінде жоғарыда көрсетілген талаптарды толықтай игерген білім алушы жоғары оқу орнында оқу барысында ешбір қиындықсыз пәнді одан әрі жалғастыру арқылы игеріп кете береді. Сондықтан мектепте де жазба жұмыстарына қатты мән беріліп, үнемі білім алушының сауаттылығын арттырып отырулары қажет-ақ.

Оқу үдерісіне толықтай енгізілген жатқан жаңартылған білім беру бағдарламаларының өзіндік ерекшеліктері бар, онда диктант жазу қарастырылмаған. Бұрынғы мектеп бағдарламаларында диктант - оқушылардың бағдарлама бойынша өтілген тақырыптарды қаншалықты меңгергендігін және сауаттылықтарын тексеру мақсатында алынатын. Егер бағдарлама бойынша пунктуация тарауы өтілсе, онда тыныс белгілеріне байланысты диктант алынады. Әр сыныпта өтілетін тақырыптарға байланысты диктант түрлері де таңдалып берілетін. Сөйтіп, өткен тақырыпқа қатысты диктант түрлері де алмастырылып жүргізіледі. Жалпы, диктант жазылып, тексерілгеннен кейін келесі сабақта міндетті түрде қатемен жұмыс жасалуы қажет. Қатемен жұмыс жасау мұғалімнің шығармашылығы мен іскерлігіне байланысты. Тыныс белгісінен кеткен қате болса, сол сөйлемді түгел көшіріледі. Кейбір мұғалімдер

қате жазылған сөзді жазғызып, сол сөздің қасына дұрыс сөзді үш рет жазғызады. Енді біреулері мұғалім тарапынан түзетілген сөздерді көшіртіп жазғызады немесе сөйлемдер құрғызады, тақтада оқушымен жұмыс атқаруы да мүмкін. Қатемен жұмыс жасау бойынша қатып қалған ереже жоқ. Сондықтан әр мұғалімнің өзіндік шығармашылығымен іске асырылады. Мысалға:

1. Қате сөзді жазғызып, жанына дұрыс жазылуын көрсету. [Қойан] - қоян, [сүйу]- сую;

2. Қате сөзді жазғызып, жанына дұрыс жазылуын 3 рет жазғызу. [Силық] - сыйлық, сыйлық, сыйлық, [Қыйын]- қиын, қиын, қиын;

3. Қате кеткен сөзді дұрыс жаза отырып, сөйлем құрау. [Күмүс] - күміс. Ол күміс сақина сатып алды. [Құдық] - құдық. Балалар құдықтан су алды.

4. Тек ғана дұрысталған сөздерді жазғызып, қате кеткен әріптердің астын қарындашпен сызғызу. Өлең, қайың, жаздығүні, жауһар, тыйым, күрес, тұңғиық, домбыра.

5. Тыныс белгісінен қате кеткенде, түгел сөйлемді көшіртіп жазғызу. Балақай, бермен келіп кетші. «Үйге тезірек қайтыңдар!» - деп бұйырды.

Қазіргі кезде жоғары оқу орындарындағы орыс аудиторияларында қазақ тілі пәні сабағында білім алушылардың мектептен алған базалық білімі мен сауаттылығын одан әрі дамыта түсу мақсатында диктанттың бірнеше түрін пайдаланамыз. Олар: көру, өздік, терме, сөздік, буын, ескерту, түсіндірме, шығармашылық, бақылау, т.б.

Көру диктанты. Бұл диктант білім алушылардың көру, есту, затты тану қабілеттерін дамыту мақсатымен жүргізіледі. Сөздер алдын ала тақта, плакат қағазға жазылып қойылады, слайдтар арқылы да көрсетіліп жүр. Оларды студенттердің 2-3 рет оқып шығуына, асықпай көріп, жадында сақтауына 1-2 минут беріледі. Содан соң сөздерді немесе мәтінді жауып қояды, ал студенттер естеріне түсіріп жазулары керек.

Өздік диктанты. Біліс алушылар өтілген материалдарға байланысты сөздер мен сөз тіркестерін, жекеленген сөйлемдер мен жаттап алған өлең, жұмбақ, жаңылтпаш, мақал – мәтелдерді естеріне түсіріп жазады. Диктанттың бұл түрі өткенді қайталап, тіл ұстартуда маңызы ерекше.

Терме диктант. Бұл диктантты өткізу алдында мұғалім қандай ережеге көңіл бөлу керектігін ескертеді. Мәтіннен оқушылар тек ережеге байланысты сөздерді немесе әріптерді теріп жазады. Белгілі бір тақырыпқа байланысты әр мәтіндерден алынған сөйлемдер беріледі.

Сөздік диктант. Бұл сабақтың кез келген кезеңінде өткізіледі. Тарау бойынша қайталау сабағында немесе жеке тақырыптарға байланысты, қазақ тіліндегі тән дыбыстарды меңгертуде өте қолайлы. Жеке сөздерді, сөз тіркестерін жаздыртады.

Буын диктанты. Бұл диктант білім алушыларға жаңа сөздерді өткенде, оны қаншалықты меңгергенін анықтау мақсатында өткізіледі. Сабақ барысында мәтін тұтас бір рет оқылады. Олар сауатты, қатесіз жазу үшін мұқият тыңдаулары керек. Мұғалім мәтінді оқып тұрғанда, білім алушылар сөздерді дәптерге буынға бөліп жазады. Мәтіндегі сөйлемдер қысқа болады. Мұндай диктантта сөз тіркестері де беріледі. Диктант соңында буынға бөлінген сөздердің үстіне қарындашпен буын түрлерін жаздыртуға болады.

Ескерту диктанты. Осы уақытқа дейін өтілген барлық материалды түгел қамтуға өте қолайлы диктант түрі. Мәтіндер бірін-бірі қайталамай, бәрі жиылып, өтілген материалды толықтыруға тиіс. Сөйлем оқылғасын ондағы бар ережелерді қайталап, талдап, содан кейін ғана студенттер дәптерлеріне жазады.

Шығармашылық диктант. Бұл диктанттың ерекшелігі – білім алушыларды ойлауға, шығармашылық еңбекке жетелейді. Мысалы, мұнда олар тиісті дыбыстарды, әріптерді, сөздерді қоюға тиіс. Сөйлемдегі сөздерді дұрыс орналастыру, сөздерден

сөйлем құрастыру, сөйлемді немесе мақал-мәтелді жалғастыру сияқты жұмыстарды орындайды.

Бақылау диктанты. Бұл диктантты бұрын өтілген материалдарды білім алушылар қандай дәрежеде меңгергенін және сауаттылық деңгейінің қандай болғанын анықтау мақсатымен жүргізіледі. Диктанттағы қиын сөздер тақтаға жазылады. Мәтінді мұғалім бір рет дауыстап оқып береді. Жазу кезінде бірінші оқығанда студенттер тыңдайды, екінші оқығанда жазады, үшінші оқығанда жазған сөйлемдерін тексереді. Мәтінді түгел жазып болғасын, тағы бір рет мәтін түгел оқылады. Диктант соңында білім алушыларға грамматикалық тапсырма беріледі.

Диктант мәтініне байланысты мұғалімдердің ескертіндері:

- Қажет болған жағдайда мәтін мазмұны жөнінде қысқаша мәлімет беру ;
- Сөйлемдердің құрылысы мен тыныс белгілерін, оқылу интонациясын ескеру;
- Жай сөйлем, құрмалас сөйлемдердің қандай түрлерінің барын анықтау, ондағы екпін, тыныс белгілеріне көңіл аудару;
- Сызықша, тырнақша тәрізді тыныс белгілерді қолдану жүйесі;
- Егер диктант мәтінінде дұрыс жазылуы оларға бұрын түсіндірілмеген қиын сөздер кездесе, онда олар тақтаға жазылады;
- Мұғалім мәтінді әуелі мәнерлеп оқып шығады, содан кейін жеке сөйлемдерді оқып жаздыра бастайды. Соңғы сөйлем жазылып болған соң, диктант мәтіні толық қайта оқылады. Бұл ретте мәтін баяу оқылады. Соңында мұғалімнің рұқсаты бойынша білім алушылар өз жұмыстарын қосымша тексере алады. Диктант мәтінін таза қағазға көшіруге рұқсат етілмейді.

- Бақылау диктанттарын бағалауда орфографиялық және тыныс белгілік қателер жеке- жеке есептеледі де жалпы бір баға қойылады

Диктантты бағалау төмендегі өлшемдерге негізделеді:

«5»-деген баға еш қатесі жоқ немесе орфографиялық жеңіл 1 қатеге (1/0) немесе тыныс белгісінен жеңіл 1 қатесі бар (0/1)диктантарға қойылады.

«4»-деген баға емледен 3, тыныс белгісінен 3 қатесі бар (3/3) немесе емледен 2, тыныс белгісінен 4 қатесі бар (2/4), емледен 1, тыныс белгісінен 5 қатесі бар (1/5) диктантарға қойылады.

«3»-деген баға емледен 6, тыныс белгісінен 5 қатесі бар(6/5) немесе емледен 5, тыныс белгісінен 6 қатесі бар (5/6) немесе емледен 3, тыныс белгісінен 8 қатесі бар (3/8) диктантарға қойылады.

«2»-деген баға емледен 9, тыныс белгісінен 5 қатесі бар(9/5) немесе емледен 8, тыныс белгісінен 9 қатесі бар (8/9) диктантарға қойылады.

«1»-деген баға қате саны «2» деген бағаға көрсетілген мөлшерден асып кеткен диктантқа қойылады.

Диктантты бағалауға ескертпе:

- Бағалау кезінде қателердің қайталануы мен бір тектілігіне назар аударылады. Егер бір қате бір сөздің құрамында немесе түбірлес сөздердің түбірінде қайталанса, бір қатеге саналады. Бір ережеге жататын қателер біртекті болып есептеледі. Алғашқы біртекті 3 қате біреуге саналады. Келесі осындай қателер дербес есептеледі.

- Диктант мәтінінде 5-тен артық түзету болса, бағасы 1 ұпайға кемітіледі. Екі және одан артық түзетулер кездескен жағдайда үздік баға қойылмайды.

- Сонымен бірге автор сөзін берудегі тыныс белгілерінде жіберілген қателер түзетілгенмен, қатеге саналмайды. (Егер әлі төл сөз, автор сөз, олардың тыныс белгілері туралы тақырыпты өтпеген жағдайда)

- Диктант қызыл қаламмен тексеріледі және тексеріп жатқан кезде көк сия қаламын қолдануға болмайды.

Диктант және жазба жұмыстарын тексеру:

Тексеру кезінде әр түрлі шартты белгілерді қолдану керек. Мұндай белгілер оқушыларға таныс болуы қажет:

/ - емле қате;

Ү - тыныс белгіден кеткен қате;

~ - стилік қате.

- Сөздегі қатені сызып тастап, оған қажетті әріпті үстіне жазу;
- Сөздегі артық әріпті немесе буындарды сызып тастау, егер қажет болса, үстіне жазу;

- Қателесіп бөлек жазған сөздерді біріктіріп қосу;

- Қателесіп, біріктіріп жазылған сөздерді бөлу;

- Сөйлемдегі қалып қойған сөзді үстіне жазу.

Мақаламызда сауаттылықты анықтаудағы жазба жұмысының бір түрі диктантқа тоқталдық. Өйткені, бүгінгі күнде оқу орындарында емтихандар жазбаша жұмыс түрінде алынып жүр. Әсіресе, өзге ұлт өкілдері оқитын орыс аудиториясындағы студенттер деңгейлеріне қарай эссе, шығармашылық, бақылау диктантын жазады. Қазіргі кезде сауаттылықты анықтау диктант жазу арқылы жүзеге асырылуда. Тек қана білім беру орындарында ғана емес, үлкен топтардағы тілді үйренушілерден де алынып жүр. Яғни, түрлі мекемеде жұмыс жасайтын мемлекеттік ұйымдардағы қазақ тілін үйренуші қызметкерлер диктант жазуға қатысады. Сөйтіп, олар күнделікті сабақта диктант жазу арқылы өздерінің тілді үйрену бойынша қабілеттерін дамыта түседі. Сол себепті диктант жазба жұмысының негізгі түрлерінің бірі болып табылады, диктант жүргізудің өзіндік әдістемесі бар, алдымен мәтін таңдалып алынады, талап бойынша жазылады, тексеріледі, бағаланады, кейін қатемен жұмыс жүргізіледі.

Әдебиет:

1. Е.Арын «Орысша-қазақша түсіндірме сөздік», Педагогика/074, Павлодар, 2006 ж.
2. «Қазақ тілі» пәнінен оқу бағдарламасы (қоғамдық-гуманитарлық бағыт), Астана, 2012ж.
3. Р.С.Иманханбетова «Ғасыр саңлағы: Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық ғұмырбаяны», Астана, 2010 ж.
4. Ж.Әбілова «Жазба жұмысына қойылатын бірізді талаптар», Петропавл, 2014 ж.

ӘОЖ 378.1.147

КӨРКЕМ МӘТІНДІ БЕЙІМДЕУ ТҮРЛЕРІ

Искакова Г.Ж., Жиеналина А.М.

(Ш.Уәлиханов атындағы КМУ)

Біздің біліміміз әлемдік қауымдастықта бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз етуі керек. Білім беру жүйесін дамытудың негізгі стратегиялық бағыты ретінде оқытуға инновациялық модельдер мен технологияларды енгізуді қарастыру, әрине, маңызды. Алайда білім беруді реформалау дегеніміз – тек техникалық үдерісті игеруден ғана тұрмайды, ол білім мазмұнының тереңдетілуінен, оны білім алушыға оқытуда тиімді әдістерді қолданудан, ұсынып отырған оқу құралдарыңыз бен материалдарыңыздың мазмұнынан тұрады.

Әдебиет – сөз өнері. Барлық сөзді тізе берсең әңгіме, жыр шықпайды. Адам жүрегі тербетіп, ақыл таразылап, тіл кестелеп айтқан сөз орнында тұрса ғана әдебиет деген өнер пайда болады. Ғылыми тұжырымда әдебиет «адамтану құралы», ал

әдебиет пәні «адам тәрбиелеу құралы», – делінген [1]. Өйткені, ғылыми педагогикалық ұстаным бойынша әдебиет пәні философиялық, педагогикалық, негізінен ұлттық ізгілікті, психологиялық, тұғырламалық мәдени-рухани көзқарастарға, құндылықтарға құрылған.

Орыс мектептеріндегі «Қазақ әдебиеті» пәнін оқыту – айрықша көңіл бөлуді қажет ететіндігі еліміздің ертеңгі болашағына деген үлкен міндеттен туындап отырғаны бәрімізге мәлім. Оқушыларға әдебиеттің құдіретін, оның адам баласы жаратылғаннан бері бірге жасасып келе жатқандығын, мәңгілік жаңарып, жасарып отыратын үрдіс екенін айтып, түсіндіре отырып, сол әдебиетті жасаушылар, ақын-жазушылар туралы, олардың көркем шығармалары жайында айтуымыз керек. «Көркем шығарма - әдебиеттің құндылығы.

Көркем шығарманы оқыту – оқушының сөз қадірін түсінерлік ойлау әрекетін дамыту, рухани дүниесін байыту, эстетикалық талғамын жетілдіру, адамгершілік қасиетін қалыптастыру» - деген болатын әдебиет зерттеуші – ғалым, белгілі жазушы, ұлағатты ұстаз Қажым Жұмалиев[2]. Оқушы әдебиет сабағында көркем шығарманы қабылдау керек. Бұл – оңай үрдіс емес. Қабылдау деген сіз бере салғанды ол ала қоятын зат емес. Ол – оқушының өзінің жан қалауымен, жүрек сезімімен, рухани әрекетімен жүзеге асатын дүние. Қандай жақсы көркем шығарма болмасын оқушы қабылдау үшін әрекет жасамаса, автордың жай күйзелісін, шалқар шабытын бойынан өткізіп, көркем суретті көз алдына елестетіп, келтіре алмаса бәрі бос сөз. Оқушыдағы осы сезімді ояту – мұғалімнің қолында, яғни, оқушыға әдеби білім беру, әдеби, эстетикалық, адамгершілік қасиеттерін дамыту үшін мұғалім әдебиетті оқыту барысында әдіс-тәсілдерді орнымен қолдану қажет.

Әдебиет сабағындағы ең басты жұмыстардың біріне оқушылардың көркем шығарманы қабылдауы, одан әсер алуы, көркем туындыны бүкіл бітім-болмысымен түсіне білулері жатады. «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша орыс сыныптарында қандай шығарма оқыту қажет екені оқулықтарда, бағдарламаларда айқын берілген. Алайда оларды қалай оқыту керек, оны мұғалімнің еншісіне қалдырған.

Бұл мәселенің мектеп оқушыларына ғана қатысты деп айта алмаймыз. Кез келген тіл үйренуші өзінің тілдік білімін жетілдіру үшін міндетті түрде көркем әдебиет, газет-журналдар оқып, ондағы материалды өз бетінше түсіне алу керек.

Әр шығарманың авторы болады, ал автордың өзіндік тілі, оқиғаны баяндау тәсілі, суреттеуде қолданылатын көркемдік әдістері бар, яғни әр жазушының өзінің жазу стилі болады.

Әдетте, «жазушы тілі» дегенде, ең алдымен, ойға оралатыны да, іздейтініміз де – оның суреттеу шеберлігі, көркемдік әдістері. Бұл – заңды да. Өйткені көркем әдебиет – сөз өнері. Ал өнер шеберлікті қалайды. Бұл – баршаға аян ақиқат. М.Әуезов осы заңдылықты: «Күндегі құлаққа сіңген тозыңқы сөзден жазушының қаша сөйлейтіні болады. Әдейі өзінің тілін тақ-тұқ қана тіл етпей, шеберлік көрік іздегісі келеді. Кенеулі ойды да көрікті, әсерлі етіп айтпаққа талпынады... Жазушының көркем әдебиеттегі тілі тек жабайы, жұпыны ұғымның тілі болып қоя алмайды. Ұғым, түсінікпен қатар, ой мен сезімге де бірдей әсер етерлік айшықты тілмен әсем сөйлеу шарт», – деп анықтап береді. Өзіне де, өзгеге де осындай шарт қойған жазушының 20-жылдардағы повесть-әңгімелерінен бастап, «Абай жолы» эпопеясының тілі – шын мәнінде «ой мен сезімге бірдей әсер етерлік» айшықты да әсем тіл екендігі зерттеуші түгіл, қарапайым жай оқырманға да жақсы сезіледі. Әсіресе төлтума тіліндегі «Абай жолының» ғажайып тартымдылығы, сүйсіндірер қасиеті – тілінің поэтикалық феноменінде. [3, 8]

Әрине, әр жазушы өз шығармасын қазақ тілінің бар байлығын қолданып, қазақ оқырманына арнап жазады. Ендеше, қазақ халқының сүйіп оқыған жазушыларының

туындыларын қазіргі ұрпаққа, көпұлтты еліміздің мемлекеттік тілді жетік үйренгісі келетін өзге ұлт өкілдеріне қалай оқытамыз деген сауал туады.

Осы тұста бейімделген мәтін жайлы айтқымыз келеді. Бейімделген мәтін (адаптированный текст) – (лат. adaptare бейімделу) болжамдағы оқырмандардың жасын, мамандығын және тілдік дайындық деңгейін ескере отырып, жеңілдетілген баспа мәтіні – деп Шет тілдерінің жаңа сөздігі анықтама береді. [4, 58]

Бейімделген көркем мәтін – түпнұсқа мәтінінен алынған нұсқа, оның түпнұсқа мәтіннен бірнеше ұқсастықтары мен айырмашылықтары бар. Бейімделген көркем мәтін және түпнұсқалық көркем мәтіннің ұқсастығы, негізінен тақырыптың, сюжеттік негіздің, мазмұнның бірлігімен анықталады, ал айырмашылықтары мәтін көлемі мен тілдік ресімдеу тәсілдеріне қатысты болады. Бейімделген көркем мәтін оқу процесінде ғана емес, басқа да әр түрлі мақсаттарға арналуы мүмкін. Бейімделген көркем мәтін театр сценарийінің, киносценарийдің, теле- және радиOVERсияның нұсқасы ретінде де пайдаланыла алады.

Бейімделген коммуникативтік сәтті мәтінді жасау – күрделі, кешенді міндет және оның сәтті болуы үшін оқырманның жасын, әлеуметтік, ұлттық сипаттамаларын, оның тілдік құзыреттілік деңгейін және т. б. ескеру қажет.

Бір аудиторияға арналған мәтіндер басқа аудиторияға өзекті болмауы мүмкін. Егер шетелдік тіл үйренушілерге көркем шығарманы оқу қажеттілігі туындаған жағдайда, бастапқы мәтін-түпнұсқа осы адресаттың коммуникативтік мүмкіндіктерін ескере отырып, өзгертілуі тиіс, яғни мәтін лингвистикалық бейімделуі тиіс.

Біздің ойымызша, мәтіндерді әдістемелік өңдеудің ең тиімді тәсілдерінің бірі бейімдеу болып табылады. Мәтінді түсініп оқу мәселесін дәстүрлі түрде хабар жіберуші, тілдік код, хабар және хабар алушыны қамтитын коммуникативтік жағдай (жазбаша қарым-қатынас) тұрғысынан талдауға болады. Егер хабарлама қабылдау үшін тым қиын болса, хабарламаны алушы интерпретатордың көмегіне жүгіне алады және бұл жағдайда коммуникативтік схема басқа түрге ие болады: хабарламаны жіберуші – 1 – мәтін – интерпретатор – 2-мәтін – хабарламаны алушы.

Мұндай кесте бойынша вербалды да, вербалды емес те хабарламаларды түсіндіруді жүзеге асыруға болады.

Интерпретатордың алдында оқырман тұлғасының кейбір ерекшеліктерін ескере отырып, көркем мәтінді бейімдеу міндеті тұрады: кейде оның жасын (балаларға арналған кітаптарды бейімдеу кезінде), мүдделерін (мамандандырылған әдебиетті бейімдеу кезінде) және т. б. назарға алу қажет.

Көркем мәтіндерді бейімдеу мәселесі шет тілдерін оқытуда қолданылып келеді, алайда қазір бұл мәселеге лингвистер ерекше көңіл бөлген жөн деп есептейміз. Барлық зерттеушілер мәтінді бейімдеу терминіне бірдей анықтама бергенімен, бейімдеудің түрлерін ажыратуға келгенде пікірлері тоғыса бермейді. Негізінен, ғалымдар бейімделудің мына түрлерін атап көрсетеді: лингвистикалық, лингвистикалық емес, прагматикалық, мәдени және т. б.

Лингвистикалық бейімделу деп лексикалық алмастыру немесе грамматикалық трансформация арқылы мәтінді жеңілдету түсініледі.

Лингвистикалық емес бейімделу мәтін көлемінің өзгеруіне, тақырыптық сызықтардың қысқаруына, мазмұнның жеңілдетілуіне байланысты. Прагматикалық бейімделу түпнұсқа мәтін мен аударманың прагматикалық әсерін теңестіруге ұмтылады.

Мәдени бейімделу лингвомәдениеттану ақпаратының экспликациясына бағытталған, ол әлеуетті оқырманға бейімәлім болуы мүмкін.

Түсіндіру барысында интерпретатор күрделі мәселені шешеді: бір жағынан ол мәтінді бейімдеу қажет, ал екінші жағынан ол бастапқы мәтіннің мағынасын барынша

сақтау керек. Ғалымдардың пікірінше, шет тіліндегі мәтінді бейімдеуде мәтіннің көлемін, синтаксистік құрылымдарды, лексика мен белгілі бір елдің мәдени ақпаратын дұрыс бере алу қиынға соғады. Сол себепті, интерпретатор мәтінді бейімдеу амалдарын жетік білуі тиіс.

Мәтінді бейімдеу барысында интерпретатор оқырмандардың тілдік дағдыларын ескере отырып, мәтіндегі синтаксистік құрылымды түсіндіру мақсатында күрделі сөйлемдердің орнына жай сөйлемдерді пайдаланады. Бұл жедел жады көлемі туралы ғылыми деректерге негізделеді. Жекелеген сөз тіркестері оқырманның жадында сақталуы үшін сөйлемдер 9 сөзден аспауы керек [5, 98].

Мысалы, мектеп бағдарламасынан Бейімбет Майлин «Шұғаның белгісі» хикаятын алалық, Б.Майлиннің шығармашылығына шолу жасауға және «Шұғаның белгісі» хикаятына 1 сағат беріледі. Берілген шығарманың төмендегі үзіндісін оқу барысында В1В2 деңгейін игерген тіл үйренуші Шұға деген қыз бар екенін ғана түсінгенін айтты.

Шығармадан үзінді:

Бала күнімізде анау көрінген төбенің басында талай асық ойнап едік... ол да бір дәурен... ия... бұл ауылдың күзге қарай қонатын жері, жазғытұрғы августқа дейін отыратын жайлауымыз, бұл кел де Шұғаның белгісі атанды, бұрын «Тарғыл өгіз сойған» деуші едік. Үлкен көл, маңайы толған шорқынды су...ол уақытта жердің берекесі қандай. Өзіміздің ел қаншама... оның үстіне ту Сырдан келіп жаппастар да қонады... кейінгі кезде ғана жаппас келуін қойды ғой. Біздің Беркімбай дейтін жақын ағаларымыз болады. Бұрын бай еді, болыстыққа таласамын деумен-ақ малын құртып алды. Осы күні кедей. Сол Беркімбайдың әкесінің нағашысы - жаппас Есімбек дейтін болды. Өзі бай еді, жаппастың алды деуге боларлық. Беркімбайға арқа сүйеп, Есімбек сол «Өгіз сойғанның» ең шұрайлы жеріне қонушы еді. Өзі де жомарт, қонақпаз еді. Елге жағымды болып тұрды. Мал мен басы бірдей, құдай тілегін берген бір адам: ортан қолдай төрт ұлы болды - шетінен қасқыр. Сол төрт ұлдың ортасында бұландап ескен Шұға дейтін қызы болды. Шұға десе Шұға. Шұға, өй, шіркіннің өзі де келбетті-ақ еді... ақ құба, талдырмаш, көзі қап-қара, осы, үріп ауызға салғандай еді. Ажары қандай болса, ақылы да сондай. Жеңілдік дегеннің не екенін білген бала емес. Сөйлеген сөзі, жүрген жүрісі қандай, бір түрлі паң еді-ау, шіркін... Бұл күнде ондай қыз қайда. Ажары тәуірлеу біреу болса, соны көтере алмайтынын да білмейсің, ешкіге құсап шошандап жүргені. Заман бұзылған ғой... иә...

Ұсынылатын бейімделген мәтін:

Кішкентай кезімізде анау төбеде асық ойнайтынбыз. Ол бір қызық кез еді. Ауылымыз август айына дейін жайлауға қонатын. Қазір бұл жердің атауы – «Шұғаның белгісі», бұрын «Тарғыл өгіз сойған» деп аталған. Жайлауда үлкен көл, маңайы толған су, жері құнарлы болатын. Біздің Беркімбай деген жақын ағамыз болады. Бұрын бай еді, қазір болыстыққа таласып, малын жоғалтты. Қазір кедей. Сол Беркімбайдың әкесінің нағашысы – Есімбек, руы – жаппас. Есімбек бай ауқатты болды. Есімбектің қолдауымен Беркімбай жайлаудың ең жақсы жеріне көшетін. Өзі де жомарт, қонаққа барғанды ұнататын. Еліне беделді болды. Төрт өжет, батыл ұлы бар Беркімбай әрқашан жолы болатын, әрқашан құдай қолдайтын адам еді. Сол төрт ұлдың арасында ерке өскен Шұға дейтін қыз болды. Ажары қандай болса, ақылы да сондай. Сөзлеген сөзі, жүрісі ерекше қыз. Қазір ондай қыздар азайды. Заманның өзгергені ғой...

Берілген үзіндіде бейімделудің мәдени, лингвистикалық, лингвистикалық емес түрлері қолданылды. Яғни лексикалық алмастыру, грамматикалық трансформация арқылы мәтін тіл үйренушінің деңгейіне қарай жеңілдетілді, соған сәйкес мәтін көлемі өзгерді. Оқырманға беймәлім ру атауына түсінік беріліп кетті. Аталған тілдік деңгейдегі білім алушы, яғни В1В2 деңгейін игерген білім алушы көркем мәтінді

толық түсінгенін айтты. Бейімделген мәтінде көптеген сөздер жиі қолданылатын сөздермен алмастырылды, сөйлемнің құрылысы өзге аудиторияға сай етіп құрылды.

А1А2 деңгейін меңгерген білім алушы үшін жергілікті жазушымыздың Е.Ыбыраевтың **Помидор** шығармасынан үзінді:

Тасболат құрдасымды кішкентай кезінде помидор дейтінбіз. Біздің ауыл **ат қойғыш**. Жүз адамның тоқсан тоғызының лақап аттары бар. Мінезіне, жүріс-тұрысына, түр-әлпетіне, дене мүшелеріне қарай өз кличкаларымен атайтынбыз.

Біз, ұлдар, мектеп жасына дейін «тақырбастар» отрядына жататынбыз. Әкелеріміз **тақымдарына басып отырып** ұстарамен басымызды жалтыратын жіберетін. Және бәрімізді бір мезгілде **сыпыратын**.

Кличканы көбіне балалардың бас сүйегіне қарап қоятынбыз. Дулат – қазан бас, Жанат – үшкір бас, Сайлау – қисық бас, Мұсат – шара ... солай кете береді.

Мектептегілер бізді «бастар» класы атап кетті. Бәріміз атасы мен апасының «жалғыздары», **шетімізден тентекпіз. Бүлдірмейтін пәлеміз жоқ**. Сол кездегі **мұғалімдеріміздің праволары болды ма деймін**. Бізді кластың ішінде қуып жүріп **сабайтын**. Әкелеріміз тде ештеңе демейтін, **ақтамайтын**. Өшімізді мұғалімдердің малынан алатынбыз.

Аталған шығармадан үзіндіні оқыған білім алушы қарамен берілген сөздерді мүлдем түсінбейтінін айтты. Тіл үйренушінің тілдік мүмкіндігін ескере отырып, шығармадан үзіндіні төмендегідей өзгерттік:

Е.Ыбыраевтың **Помидор** шығармасынан үзіндісінің бейімделген түрі:

Тасболат құрдасымды кішкентай кезінде помидор дейтінбіз. Біздің ауыл адамдары бір-біріне лақап **ат қойғанды ұнататын**. Мінезіне, жүріс-тұрысына, түр-әлпетіне, дене мүшелеріне қарай өз кличкаларымен атайтынбыз.

Біз, ұлдар, мектеп жасына дейін «тақырбастар» отрядына жататынбыз. Әкелеріміз **жібермей ұстап отырып**, ұстарамен шашымызды алып тастайтын. Және бәріміздің шашымызды бір мезгілде **алып тастайтын**. Кличканы көбіне балалардың бас сүйегіне қарап қоятынбыз. Дулат – қазан бас, Жанат – үшкір бас, Сайлау – қисық бас, Мұсат – шара ... солай кете береді.

Мектептегілер бізді «бастар» класы атап кетті.

Бәріміз ата мен апаларымыздың **еркелері, тентек едік. Қолға түскеннің бәрін бүлдіретінбіз**. Ол кезде **мұғалімнің айтқаны заң болды. Кейбір ұстаздар ұрып та алатын. Ата-ана үшін мұғалімнің істегені дұрыс болатын. Сондықтан біз ата-анамызға шағым айтпайтынбыз**. Ашуымызды мұғалімдердің малынан алатынбыз.

Бұл үзіндіде лингвистикалық бейімдеу қолданылды, яғни лексикалық алмастыру мен грамматикалық трансформация арқылы мәтін жеңілдетілді. Аталған мәтінді тіл үйренуші толық түсінгенін айтты.

Қорытындылай келе, бейімделген ғылыми және оқу мәтіндері адресатқа, оның мүмкіндіктеріне, қажеттіліктеріне және мүдделеріне нақты назар аударады. Тіл үйренушілердің, мектеп оқушыларының тиісті түрде қабылдай алатын ақпараттың көлемін түзеді. Бұл мәтіндердің әдіснамалық құндылығы оларды білім беру ортасының ажырамас бөлігі ретінде қолдануға болады.

Әдебиет:

1. <http://ifreestore.net/1332/>
2. Білімдегі жаңалықтар. Республикалық ақпаратты-әдістемелік журнал. №1 (53), 2016
3. Сыздыкова Рәбиға Сөз құдіреті. Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Ел-шежіре», 2014, 285 б.
4. Захаренко Е. Н., Комарова Л. Н., Нечаева И.В. Новый словарь иностранных слов: свыше 25 000 слов и словосочетаний. – М.:ООО ИФ «Азбуковник», 2008. – 1040 с. – 3-е изд., испр. и доп.

UDC 81.1

INTERFERENCE OF THE KAZAKH LANGUAGE IN CONTACT WITH GERMAN IN THE EDUCATIONAL PROCESS

Maral Kurmanova

(Sh. Ualikhanov Kokshetau State University)

The native language's interference in contact with German, including other foreign languages is one of the relevant sections' central problems of linguistics, psycholinguistics, sociolinguistics, methods, etc. Interference in language learning rises in the study of bilingualism and multilingualism. However, the degree of its relevance in relation to these branches of science, to the types of speech activity, to different levels of language units is different.

In bilingualism, there is a unidirectional influence of the native language on the foreign language. A foreign language learner builds his speech often on the norms of the native. The student uses the comparison and opposition between the two languages, comparing phonetic, lexical, grammatical, cultural phenomena in the native and non-native language.

Демек, кез келген зат күнделікті тұрмыс қажеттілігін өтеумен қатар, символдық, белгілік қатынаста да жұмсала алады. Сондықтан да бұл қасиеттердің қайсысы бірінші және екінші екендігі туралы сұрақ қою орынсыз. Бұл орайда белгілі бір зат қандай да бір семиотикалық жүйеге кіргенде, ол белгі ретінде қызмет атқарады, ал жүйеден шыққан кезде – зат ретінде қызмет атқарады. Басқаша айтқанда, олар зат ретінде де, белгі ретінде де қолданылуы мүмкін. Қандай қасиеттер өзекті болатын жағдайға байланысты, олар қандай да бір семиотикалық мәртебе алады. Олар зат тәріздес тек өздерінің тура арналғандығында ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік қатынастар белгісі ретінде де қолданылады. Мәселен, күнделікті тұрмыста әр заттың бірнеше қызметі бар екені белгілі: практикалық, эстетикалық, магиялық, таптық және т.б. жағдайға байланысты осы қызмет-тер қандай да бір тәртіппен орналасады: біреулері күшейсе, бірі екінші орынға орналасады. Мысалы, күнделікті жағдайда практикалық қызмет басты орында, одан кейін кему тәртібімен таптық, эстетикалық, аймақтық қызметтері тұрады. Ал мерекелік жағдайда басқаша сипатта көрінеді: мерекелік, эстетикалық, рәсімдік, таптық, ақыры практикалық.

Зат өзінің формасы, түсі, материалы бойынша жеке сипаттамалары негізінде символдық мәнге ие болады. Өз кезегінде, осы әрбір сипаттаманың символдық мәні болуы мүмкін.

Архаикалық және дәстүрлі заттың мәдени мәнділігі мен құндылығы қазіргіден қарағанда жоғары болған. Барлық уақытта заттарға қойылатын әмбебап практикалық талаптардан басқа, олар сонымен бірге ұлттық дәстүрлі қажеттіліктерді қамтамасыз етуі қажет етіледі. Бұл жағдайда кез келген дәстүрлі тұрмыстағы материалды нысана өзінің негізгі қызметімен қатар, ерекше этностық ерекшеліктер мен сипаттардың тұтастығын құрады.

Дастарқан – қазақ салтында пейілдің, ықыластың, жомарттықтың белгісін танытатын, ұсынған дәмнің қойылатын орны, үйдің ниетін көрсететін берекесі. Қазақ қоғамында адамның пиғылы, ашық қолдығы, көңілінің кеңдігі, дарқандығы дастарқан жаюына қарай бағаланады. Халық түсінігінде дастарқан қасиетті саналады. Осыған байланысты жасы үлкен қонақтар ас-су ішіп болған соң, өз ниеттерін білдіріп, дастарқанға бата жасайды, ақ тілеуін тілейді. Бата бергенде де дастарқаның мол болсын десе, пейілі кең, қолы ашық, қонақжай адамды дастарқаны мол дейді. Демек, қазақ дастарқаны – кең пейілдің, жомарт көңілдің айқын белгісі.

Қазақтың материалдық мәдениет лексикасына қатысты бір саласы – тамақ атаулары. Тамақ атаулары белгілі бір символдық мәнде қолданылған. Мәселен, *өлтірі* ең алғаш жігіт жағынан қалыңдыққа берілетін қой я тай. Оны қыздың үйі сойып, ауыл-аймағына берген [2,168 б.]. Этнолингвист-ғалым Ж.А.Манкеева: «Бұл атаудың соңғы сыңары, яғни тірісі – қалың малдың аяқты түрі, ал өлісі –жыртыс, жасау сияқты қымбат бұйымдар», – деп көрсетеді [3,86 б.]. Ал А.Жүнісов: Бұл арадағы өлі мен тірінің айтылуы «Алдағы құдалық баянды болу үшін екі жақ өлі мен тірінің алдында ант етеді!» дегенді ұғындырады, сондықтан да өлтіріге әкелінген мал осы уәдеге аталып арнайы сойылады. Бұдан соң екі жақ бірін-бірі құда-құдағи дей берулеріне болады» [4,79 б.]. Сондықтан да болар халық «өлтірі өткен соң, өлі күйеу болмаса, тірі күйеу

жатпайды» дейді. Егер бұл салт орындалмаса, қалыңдық күйеу жігіттің үйінің босағасын аттағаннан бүкіл ғұмырында ауруға ұшырайды деп түсініген. Өлтіріге деп берілген мал қалыңдықтың қорғаушы аруақтарына арналып құрбандыққа шалынады. Өлтірі – халқымыздың «өлі разы болмай, тірі байымайды» деген танымынан туған салт. Мұның өзі қазақтың аруақты қасиет тұтуының, имандылығының белгісі. Бір жағынан, жаңа отау тіккен екі жасқа өлінің де, тірінің де тілекші болуын қалау ниеті болса керек. Демек, өлтірі – бұл өлі мен тіріге деген құрметтің символы.

Символдық мәнге ие келесі бір тағам – төстік. Халық дәстүрі бойынша төс күйеудің сыбағасы болып есептеледі. Күйеу қайын жұртына қанша рет келсе, оған соншалық дәстүрлі сыбағасы – төс салынады.

Төсті жегеннен соң күйеу жігіт үйленгелі жүрген қызын «менің заңды әйелім» деуге құқылы, басқаша айтқанда, бұл тағам үйлену келісімінің үзілді-кесілді шешілгендігінің белгісі болған [5,178 б.].

Төс қағысты, төске төс тигізді, төсін түйістірді тіркестері «дос болды» мағынасын білдіретіндігін ескерсек, күйеу жігітке төстің тартылуы да өмірлік дос, жар екендігінің белгісі болып табылады. Ұлыстың Ұлы күні Наурызда адамдар біріне-бірі «төс тақастырып» игі тілектерін білдіретін болған. Сондықтан төс тақастыру – өмір тірегі – төс амандығын білдіру, достық тілек тілеуі. Демек, төс тарту – бас табақтан кейінгі қадірлі ас болып табылады. Мұның негізінде күйеу жігітті қадір тұту ниеті жатыр.

Қымыз – халқымыздың бірнеше ғасырлар бойы үздіксіз пайдаланып келе жатқан ұлттық тағамы. Ол тек тағам ғана емес, сонымен қатар, халықтың қасиетін, дәулетін, салтанатын, байлығын, мырзалығын, дастарқан берекесін білдіретін ырыс белгісі. Басқа тағамдарға қарағанда қымызды дайындаудың әдіс, тәсілдері, салт-дәстүрі, ырымдары мен кәде-жоралары көп. Мәселен, алғашқы қымызды үй иесі өзі ішпейді, дәстүр бойынша ауылдың үлкендерін шақырып, ауыз тигізіп, батасын алады. Мұны «қымызмұрындық» дейді. Ал бие ағытылар алдында соңғы қымызды ауыл адамдарын шақырып батасын алатын халықтың жақсы дәстүрі бар. Мұны «сірге жияр» деп атайды.

Қымыз ішу, үйге келген қонаққа қымыз беру бір жағынан молшылықты білдіретін болса, екінші жағынан, әлеуметтік қатынастарды орнатуға бағытталған. Яғни, қымыз ішу негізінде құрмет пен сыйластық орнайды, үйлесімділік қалыптасады. Бұл дәстүрдің тілдегі көрінісін *қымызмұрындық, қымызсыра, қымызхана, қымызшы, қымызшыл, қымызшыла* деген тілдік деректерден көруге болады.

Қымыздың қасиеттілігін оны дайындайтын ыдысы сабадан да көруге болады. *Саба* – жылқының терісінен қымызды мейілінше баптап әзірлеуге арналған ыдыс. Ыдыс болса да, саба— қазақ үйінің сәнді мүлкі. Саба босағаға таяу оңашалау орналастырылады. Ал сауым биелері аздау үйлерде қымыз күбіге не меске ашытылады. Мұндай қымыздың бабы да, дәмі де сабадағыдай болмайды. Мұның өзі сабаның молшылықтың, байлықтың белгісі болғандығын көрсетеді. Мысалы үшін, «Айман-Шолпан» жырындағы Маманның байлығы төмендегі жыр жолдарынан айқын танылады:

*Маманнан келген кісі қымыз ішпек,
Аузына мұсылманның тәубе түспек.
Терісін бес айғырдың саба қылып,
Сабасы атаныпты алтын піспек.
Жалғанда Маман байдай болған бар ма?
Жігіттер, бұл жалғанды көңліңе алма.
«Сәнменен бұл жиынға барамын», – деп,
арттырды тоғыз нарға тоғыз саба.*

*Сөйлейді Маман батыр ауық-ауық,
Байлатты бес жүз інген түйе сауып,
Саба артып тоғыз нарға Маман келді,
Он алтын масатыдан кілем жсауып.*

Сабаның қазақ танымындағы орнын поляк саяхатшысы Б.Залесский де байқаған : «Үйге кірген кісі, ең алдымен, есіктің жанына орналастырылған сабаны бір-екі пісіп барып, сонан кейін ғана үй иесіне қолдап сәлем беріп болған соң отыруға тиіс», – дейді [6,37 б.]. Мұндағы қонақтың үй иесінен бұрын сабаны ұстауының өзі сабаны киелі, қасиетті санап, оған бірінші құрмет жасаудың қажеттілігін көрсетеді. Өйткені молшылық пен береке, байлық сол үйдің басты ырысы, сол арта берсін деп есептелінген. Сонымен бірге, әр адамның піспекті жаңалап пісуі арқылы қымыз бойына үлкен қуат нәр жиналады деген ұғым орын алса керек. Қалай десек те, сабаның халық ұғымында өзіндік белгісі, ерекше қасиеті бар дүние екендігі шындық. Б.Күлеевше жырласақ:

*Қатарлап құлын байлатып,
Сабаға құйған сар қымыз.
Сапырып әбден сайлатып,
Қазағым ішкен жазы-күз.*

Табиғаттың жаңару мерекесі болып саналатын Наурыз мейрамының бір белгісі – *Наурыз көжесінің* ел үшін екінші сипаты – береке, тоқшылық, молшылық деп есептелген. Қасиетті жеті санына байланысты жеті түрлі құрамнан тұратын наурыз көже барлық үйде дайындалып, табиғат жаңаруы, жасаруы, адам мен жан-жануардың үндестігі үлкен тойға ұласқан. Бір жағынан ұлттық қонақжайлық пен жомарттықтың белгісі деп есептелген. Көже ішінде бидай, тары, күріш, ет, тұз, сүт, су т.б. қыстан шыққан қазы, шұжық, сыбағалы мүшелер қосылған.

Ұлыс күнде қазан толса,
Ол жылы ақ мол болар.
Ұлы кісіден бата алсаң,
Сонда олжалы жол болар, –
деп молшылықты тілек еткен.

Демек, күнделікті тұрмыстағы заттың символдық белгі ретінде қолданылуы негізінде оның атауының өзі символға айналады.

Әдебиет:

1. Манкеева Ж. Қазақ тілінің заттық мәдениет лексикасы. – Алматы: 1997. – 53 б.
2. Жанпейісов Е.М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының тілі. – Алматы: 1976. – 168 б.
3. Манкеева Ж.А. Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. – Алматы: 1991. – 272 б.
4. Жүнісов А. Бабалар дәстүрі. – Алматы: 1992. – 79 б.
5. Этнографическое изучение знаковых средств культуры. – Ленинград: 1989. – С. 299.
6. Залеский Б. Казак сахарасына саяхат. – Алматы: 1991. – 1 31 б.

ӘӨЖ 82.1(5Қ)

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ КИІМ АТАУЛАРЫНЫҢ СИМВОЛДЫҚ МӘНІ

Қаирбекова Қ.Т., Доскенова Қ.А., Абдрахманова К.К.

(Астана медицина университеті)

Ұлттық мәдениеттің ерекше бір көрініс беретін саласы – киім-кешекке байланысты атаулары. Қазақтың ұлттық киімдерінде халықтың ұлттық эстетикалық

талғамдары, өмір сүру салты, әлеуметтік қатынастары өзіндік ерекшеліктерімен айқын көрініс табады.

Киімнің шығуы адам еңбегінің ерекшеліктеріне, қоғамдық өндіріс пен мәдениетіміздің дамуына тығыз байланысты. Сондықтан да киім белгілі дәрежеде адамдардың жас айырмашылығын, әлеуметтік ерекшеліктері мен этникалық ортасын танытады. Оның сипаты географиялық және климаттық жағдайлармен анықталады да, істейтін кәсібі мен тұрмысын бейнелейді. Осыған сай ер адамның және әйелдердің киімі, бойжеткен қыздың және күйеуге шыққан әйелдің киімі, күнделікті және мерекелік, ия тойда киетін киім, т.б. деп жіктеледі. Киім сонымен бірге этникалық (рулық, жүздік, аймақтық, т.б.) және жалпы ұлттық ерекшеліктерді де бейнелейді. Киім арқылы әсіресе сол киім иесінің қандай әлеуметтік-экономикалық топқа жататынын айқындауға болады. Бұл арада киім адамның әлеуметтік ортасы туралы хабар беріп, коммуникативтік қызмет атқарып тұрса, адамның әр кезеңдегі сұлулық, көркемдік мұраттарын іске асыратын құралдардың бірі ретінде эстетикалық та қызмет атқарады.

Тамыры аса терең, ежелгі заманнан келіп жеткен ұлттық киім тұрақты дәстүрлі негізді сақтап, негізгі көркемдік стильді бейнелейді. Бір сөзбен айтқанда, қазақтың киім-кешегі – оның дүниетанымының көрінісі тұрмыс-салтының айнасы.

Әлемді үш бірліктен тұратын құрылым деп пайымдаған халқымыз осы үш бірліктің тұтастығын сақтауды мақсат тұтқан. Осы ой арқауы материалдық мәдениеттің бір түрі – баскиімде көрініс тапқан. «Сақтардың космос жөніндегі символикалық түсінігіне Есіктен табылған сақ патшасының дулығасы нақты мысал бола алады. Ондағы ою-өрнектер тік сызықты үш қабатқа бөлінген. Шеңбер бойындағы қалпақ алтын таулар мен ағаштар тізбегін көмкеріп тұр. Тау баурайында жолбарыстар мен ешкілер жүр. Шырқау биікте – құстар мен қанатты жолбарыстар. Ою-өрнекті дулыға жиегі сақтардың түсінігінше, дүниені жан-жағынан қоршап тұрған әлемдік тау қыраты болып табылады. Ою-өрнек әлемнің төменнен жоғары қарай орналасқан үш бөлегін – жерасты дүниесін – жер мен аспан-көкті бейнелейді. Дөңгелек жиектің крест іспеттес болып орналасқан нүктесіне әлемнің жан-жағын: шығыс пен батысты, солтүстік пен оңтүстікті күзетіп тұратын аңдар бейнелері қойылған. Баскиімнің алдыңғы жағына күн белгісі – күллі космостың тұтас бейнесі: төрт қанатты пырақ пен төрт алтын жебе салынған. Бұл күн өз жолымен жүргенде айналып өтетін барша үш дүние мен жалғанның төрт бұрышын түгел бейнелейтін өктемдіктің өзгеше бір белгісі. Алдыңғы жақты сақтар жалғанның шығыс жағы, артқы жақты – батыс жағы деп есептеген. Осындай мұрақты-тәжді кигізу көсемге күллі мифологиялық Космосты билеуді берді деген ұғымды білдірген. Көсем – дүниенің кіндігі, оның орталығының бейнесіндей болған, ал оның киіміндегі символдардың бәрі мифологиялық ұғымдар [1,44 б.].

Қазақ ғұрпында бас киім көріктілік пен сәнділікті, баршылықты білдіретін қасиетті киім саналған. Соның бірі – ұзатылатын қыздың үйінен киіп шығатын бас киімі – *сәукеле*. Ұзатылатын қыздың тойында айтылатын «Жар-жарда»:

Алып келген базардан

Қара насар, жар-жар-ау,

Қара мақпал сәукеле

Шашың басар, жар-жар-ау, – делінеді.

Оның негізін ақ киізден биік конус тәріздендіріп жасайды. Сәукеле өзінің керемет сәнділігімен де, аса байлығымен де ерекшеленіп тұрады. Сәукеленің негізгі бөліктері – тәж, төбе, құлақ бау және артқы бау. Сәукеленің төбесі қиықтанып келеді. Оның төбесінде тәж деп аталатын жартылай дөңгелек айдары болады. Маңдайына тағылған шашақталған өрнектер шекелік деп аталады. Ол барған жерінің ұрпағын көбейтсін, өсіп-өңсін деген игі тілекпен жасалған. Сәукеле шекелігіне көбінесе жылан басының бейнесін салып, күмістен өрнектейді. Күміс тазалықтың, ал жылан бас бейнесі тіл-

көзден сақтау және жылан дұшпанына сұсты болып көрінуге әсерін тигізеді деген мағынада жасалады. Яғни пәле-жаладан, төтенше келген қауіп-қатерден сақтау мағынасын білдіреді.

Сәукеленің төбесіндегі кішкентай тақия қалыңдықтың балалық шағымен қоштасу белгісі ретінде жасалады. Ал екі самайдан төмен түсіп тұратын құлақ бауларға құрбыларымен қоштасу белгісі ретінде жасалатын әшекейлер тағылады.

Қазақ салт-дәстүрінде жат-жұрттық боп бара жатқан қыз бала өз үйінен ұзатылып аттанарда артына қарамай жүріп кетуі керек. Сәукеленің артқы бойына, яғни желкелігіне тағылған әшекей, қалыңдықтың кейінде қалған туған-туысын, ел-жұртын ұмытпау белгісі ретінде тағылады.

Сәукеле – жетілік әлемнің нышанды белгісі. Сәукеленің төбесіне қадалған үкісі – «Өмір ағашы – бәйтеректі», ал сәукеленің өзі «Жер кіндігі – Көктөбені» бейнелейді.

Ерте кезде қалыңдықтың мінез-құлқын да осы сәукелеге тағылған әшекейге қарап білетін болған. Оған су моншақ, ақ моншақ сияқты жеңіл әшекейлер тағылса, ашық қыздың, ал бағалы ауыр тастар тағылса, ұстамды, салмақты мінезді қыздың сәукелесі екенін білген. Сәукеленің жоқтығы өз кезегінде кедейліктің, жоқшылықтың нышаны ретінде саналды. Осы жайында С.Е.Толыбеков: «Кедейліктің бірінші белгісі – қалыңдықтың басында конус формалы, әртүрлі бағалы тастармен безендірілген үкі қауыр-сындарымен әшекейленген барқыттан тігілген – сәукеленің жоқтығы», – дейді [2,290 б.]. Ал этнолингвист-ғалым Е.Жанпейісов сәукеле лексемасының этимологиясын қарастыра келе, төмендегідей тұжырым жасайды: «Таким образом, компоненты саукеле принадлежат разным языкам: **сәу** (сау) из общетюркского, **кула** (күлә-кела-келе) из персидского **сәу** выражает значение целый, всецело, целиком, цельный, а компонент **келе** как название головного убора связан с его основным признаком – конусообразностью, относительной удлинённостью. Отсюда видимо, за словом **сәукеле** закрепилось известное ныне в казахском, киргизском и некоторых других тюркских языках значение – конусообразная шапка, украшенная различными насечками из драгоценных металлов и камней, красивыми перьями филина» [3,9 б.]. Бұл айтылғандардың айқын мысалын Ә.Кекілбаев шығармасынан келтірейік: *Басына өне бойына асыл тасты аямай төккен мұнара іспетті биік сәукеле киіпті. Оның салпыншақ қызыл мауыты етегі екі иығын жауып тұр. Мойнына әр жер-әр жеріне лағыл мен меруетті алма-кезектестіріп, көз қадаған алтын алқа тағыпты. Сәукеленің өзге салтанаты аз болғандай, оның қақ ұшар басына әмірші тәжінің төбесіндей алтын төбелдірік орнатылыпты. Оның қақ ортасында баданадай-баданадай үш лағыл қызыл шоқ боп жанып жатыр. Төбелдіріктің төбесіне үкі қондырылған. Оның ұзын майса қауырсындары ханымның екі құлағына жеткенше екі айырылып төніп тұр».*

Ал сәукеленің мағыналық сипаты туралы Каракузова Ж.: «Семантика **сәукеле** – единство Мировой Горы и Мирового Древа (конус убора – мировая Гора, перья филина – Мировое Древо). Саукеле на невесте и есть обозначение триединства мира, три части которого ничего не значат сами по себе, лишь вместе они создают нечто новое: мать – вселенную, невесту», – дейді [4,73 б.].

Қарап отырсақ, қыз ұзату, келін түсіруде қалыңдыққа ерекше көңіл бөлінуінің өзіндік терең сыры бар. Өйткені бүгінгі келін – ертеңгі ана – ұрпақ жалғастырушы, тәрбиелеуші. Болашақ өмір тұтқасы келіннің қолында. Соның өзінде бір ғана нәрсе – сәукеле киюдің өзінде – ғалам тұтастығын сақтау, бірлігін жымдастыра түсу, тігісін түзеу болашақ анаға жүктеленетіні, сол арқылы бір әулет, әулеттен – бір рулы ел, одан – ұлт тұтастығы, ынтымағы сақталатыны, мұның өзі ғарыштық әлеммен үйлесуді білдіретіні көрсетіледі.

Демек, бұл табиғаттағы ұлы заңдылық – Үйлесім заңдылығын сезіну, соны өз тұрмысында, тірлігінде сақтау. Оған кедергі келтірмеуден туындаған. Яғни бұл сынды символдар «мәңгілік ақиқатты» айқындау үшін қолданылады және өз болмысына тән құпиялылықты, құдіреттілікті сақтай біледі.

Тымақ – ерлердің қысқы баскиімі. Оны аңның, малдың терісінен тігеді. Осыған орай ол *түлкі тымақ, елтірі тымақ, сеңсең тымақ, пұшақ тымақ* деп атала береді. Бұрын қазақ елі қай жүздің, қай рудың адамы екенін осы тымағына қарап та тани берген.

Тымақ – қасиетті баскиім. Оны айырбастауға болмайды, аяқ тигізбейді. Жақсы кісілердің тымағы атадан-балаға мұра есебінде қалып отырған. Бұрынғы қазақтар шала туған баланы неше күні кем болса, сонша күн тымаққа салып, кереге басына іліп қоятын болған [5,84 б.]. Бұл да тымақтың қадірі мен қасиетін бейнелейтін көріністердің бірі деп түсіну керек. Мына мысалға назар аударайық:

– *«Ойбай, Абай, анаң қара! Тымақты қара! – Абай Оспанға ашулы түрмен жалт қарап, қатты түкіріп қап:*

—*Тоқта, құтырма! – деді.*

Бұған ерсі көрінген сурет Абайдың өзінің де өмірінде ең алғаш көрген көрінісі. Бұл көш – қаралы көш екенін – Бөжей көші екенін Абай мен Тәкежан бағана-ақ таныған болатын. Өзге көштен бөлек болатыны мәлім. Бірақ қазір мына екі қыз істеген іс сол бөлектің ішінде бір өзгеше болды.

Олары өзге қыздан бөлінгенде байқалды. Бастарына еркектің баскиімін киіпті. Қара мақпалмен тыстаған жұқа қара елтірі тымақтары бар. Қыз кимейтін баскиімінің артын алдына келтіріп, теріс киіпті. Енді ғана анық көрінді, орталарына жетекке алған тұлдаған қара көк аттың үстіне Бөжейдің ер-тоқымы ерттеліпті. Ер үстіне сол Бөжейдің осы өткен қыста Қарқаралыға киіп барған қызыл күрең ішігі жабылыпты. Ердің қасына қамшысын шаншып, соған да теріс қаратып, Бөжейдің қысқы түлкі тымағын кигізіпті» («Абай жолы»).

Ғұлама жазушы М.Әуезов ең алдымен Оспанның «Анаң қара, тымақты қара» деген жанайқайы арқылы «тымақ» сөзіне ерекше назар аудартады. Ал Абай болса, «бұл не сұмдық болды екен» дегендей, анау жақта келе жатқан көшке қарайды, жай көш емес, қаралы көш екенін ұғады. Осылайша автор «тымақ» сөзі арқылы қаралы көштің сырын ашады.

Ер арысы Бөжейдей азаматтан айырылған қаралы көш тұлдаған қара көк аттың үстіне Бөжейдің ер-тоқымын ерттеп, оның үстіне Бөжейдің ішігін жауып, қамшысын шаншып, оған Бөжейдің теріс қаратқан тымағын кигізіп қойыпты. Мұның мәні неде?

Тымақ Бөжейдің көзін, яғни өзін білдіру үшін шебер қолданылған. Қыз бала кимейтін бас киімнің алдын артына келтіріп, теріс киіпті. «Теріс» сөзі – қазақ елі үшін өте бір қолайсыз, жайсыз сөз. Ал баскиімді теріс кию – жаман ырым. Баскиімнің басқа біреудің басында болуы – ол адамның көз жұмған-дығын білдірген, тымақтың теріс киілуі – бүкіл бір жұрттың арыстай азама-тынан айырылып, жұртының қабырғасы қайысқанын, яғни өте ауыр қазаны білдіреді.

Қазақ танымында баскиім қасиетті саналған. Бұған *баскиімді лақтырма, баскиіммен ойнама, баскиімді теріс киме, біреудің баскиімін киме*, т.с.с. тыйымдары дәлел деп айтуға болады.

Ш.Уәлиханов жазбаларында қазақ тыйымдарының әртүрлі сипатын көруге болады. Баскиімге қатысты бір жайтты айта кетсек, ертеде адамның бағы, барлық бақыты басында тұрады дескен, сондықтан да біреуге баскиім сыйлау бағың көшіп кетеді деген ұғымды білдірген.

Сол сияқты сыпайылық көрсеткенде, біреуден біреу кешірім өтінгенде, аяққа жығылғанда баскиімді шешіп немесе бөрігін аяқ астына тастап аһ ұру да осы баскиімді қастерлеуден туған.

Қазақта баскиімді қарттар, жігіттер, балалар және қыздар киеді. Қыз бала үйде жүргенде басына жұқа қызыл орамал тартып, сыртта (түзде) жүрсе, қарқаралы тақия киген. Қыздың осы киіміне қарап, басының бос екені байқалып, *қарқаралы қыз, қызыл орамалды қыз* атанған.

Жас деңгейіне қарай бөліну ер адам киімінен гөрі әйел адам киіміне тән. Себебі қыз, әйел киімі қашанда өзінің ритуалдық қызметін ғасырлар бойы қатаң сақтап отырды. Қыз киімі, келіншек киімі, үлкен әйел, әжелердің киімі, әсіресе, баскиімі бір-бірінен бөлек.

Тақия – негізгі тұрақты киілетін жеңіл баскиім түрі. Тақияның төбесі бірнеше сайдан құралып, жиек салынып тігіледі. Ерлер тақияны бала жастан бастап қартайғанға дейін кесе, әйелдер тек қыз күнінде ғана киеді. Қалыңдық болғанда *сәукеле* киіп, келіншек кезінде *орамал* тартып, егде жаста *кимешек киіп, жаулық* салған. Сәнді тақияларға шашақ тағылып, оқа жүргізіліп, қыздардікіне үкі тағылып, теңге, моншақтар тігіліп, жиектері шашақталып жасалған. Мәселен, халық өлеңінде:

*Тақияма таққаным тал-тал моншақ,
Кер биеге жарасар кер құлынишақ.
Тұсыңнан ауылыңның өттім, кеттім,
Үкіңді шекеңдегі бермей кеттім...*

делінеді.

Сонымен, үкілі тақия – қыз дәуреннің белгісі.

Ал *ақ орамал* тарту – бір отаудың иесі екенін де аңғартатын нышан, отау ұстаушы дегенді ұқтырады. Мұны қыз таңдайтын жігіттер де ескеріп, көзінің қырын салмайды. Ұзатылған қыз өзіне тете сіңілісіне басына тартатын орамалын береді. Бұл «ендігі кезек сенікі, бақытыңды тап» деген сөз. Мұны «шарғы» деп атайды. «Шарғы» салынған қызға жеңгелері, замандастары бас қосып келіп, жақсы тілек білдірген.

Қазақ салты бойынша жас келін бір жылға жуық уақытқа дейін басына *желек* салып жүреді. Бұл – төбесіне үкі қадалған жеңіл орамал. Келіннің желекті кезі – сынға ұшырайтын кезеңі. Желек алынғанша, барлық сын-сынақтан өтіп те болады. Әдебин, адамшылығын таныта білуге тиіс. Бұл да үлкен жауапкершілік. Тіліміздегі *желегі желкілдеді, желекті адам жеңілтек* деген тіркестер осыдан туындаса керек.

Жас келіннің желегі алынғаннан кейін кимешек кигізіледі. Бұл – қазақ әйелдері өміріндегі есте қалатын елеулі шағы. Келіндіктің солқылдақ өткелінен өтіп, кемелді белеңге қадам басуы. Енді қазаны көтерілген ошағының отын өзі көсеп, тұрмыс қамына ақыл-санасын жұмсайды.

Әйел-ананың орамал салысына қарап, оның жас шамасын, отбасындағы жай-күйін шамалайтын болған. Мысалы, маңдайын ашып, алқымын бос, екі ұшын омырау тұсынан еркін шала салса, бұл ынтымақты отбасының иесі, балалары ержеткен, көңілі жайлы дегенді мегзегені.

Мына бір үзіндіде қолданылған киім үлгілеріне талдау жасап көрейік. «*Абай жас бозбалаша киінген. Белінде кісе белдік емес, жасыл түсті кәріс белбеу. Бұл – анық бозбаланың белгісі*» («Абай жолы»). Яғни Абайдың белдік емес, белбеу тағынуы, оның кәрі емес, бозбала, яғни жас адам екендігін көрсетеді. Белбеу мен белдіктің арасында қандай айырмашылық ия ұқсастық бар?

Белбеу шүберек материалдан жасалғандықтан, тек қана белде байланып қана тұра алады, ал белдік бұл теріден, тағы да басқа қатты материалдардан жасалатын болғандықтан, оған әртүрлі ер адамдардың құрал-саймандары салынған. Шаңыраққа қаза келгенде ерлер қаралы белбеу буынады.

Ш.Уәлиханов жазбаларында адам беліндегі белбеу ортаңғы әлем тұрғындарына жататын белгі ретінде көрсетіледі. Бұл сәттіліктің, күштің, ұрпақ берудің белгісі. «Ал шығыс славяндарда белдік тағу христиандықтың белгісі болған. Әлемнің шегі ретінде белдік әмбебап қорғаушы, тұмар болып табылады» [6,98 б.]. Белбеудің тағы бір өзіндік белгісін фразеолог-ғалым Н.Уәлиұлы көрсетеді: «Белбеу (кұр) белге буынатын бұйым болумен бірге ертеде лауазым, дәрежені көрсететін белгі де болған. Орда, сарай төңірегіндегілер өзінің лауазымына қарай асыл тас орнатып, күміс құйып, алтын жалатқан әшекей, зері әртүрлі белбеу (кұр) арқылы ғана емес, өзге де заттар арқылы білдіру салтының болғандығын байырғы мұралардан кездестіріп отырамыз» [7,44 б.]. Сондай-ақ, Ө.Жәнібековтың көрсетуінше, белдікті қыздар да тағып жүрген. Мысалға алсақ, қыздар белі қымталған, етек-жеңіне желбезек салған қос етекте көйлек, оқалы қамзол киіп, беліне металл шытырлармен безендірілген немесе ширатпалы күміс белдік (оны нәзік белдік деп те атаған) буынады екен. Қыз бала үшін белдігін жоғалту арынан айрылғанмен бірдей болған.

Қорыта айтқанда, ұлттық киім мәдениет тілі ретінде өзіндік символдық мәнге ие. Ол өз кезегінде терең дүниетаным мен өсиет-өнегені танытады.

Әдебиет:

1. Акишев А.К. Искусство и мифология саков. – Алматы: 1983. – С. 176.
2. Толыбеков С.Е. Кочевое общество казахов в XVIII и начала XIX вв. – Алматы: 1971. – С. 634.
3. Жанпейісов Е.Н. Этнокультурная лексика казахского языка. – Алма-Ата: 1989. – С. 288.
4. Каракузова Ж.К., Хасанов В.М. Космос казахской культуры. – Алматы: 1993. – С. 77.
5. Кенжеахметұлы С. Жеті қазына. – Алматы: 1997. – 128 б.
6. Этнографическое изучение знаковых средств культуры. – Ленинград: 1989. – С.299.
7. Уәлиев Н. Фразеология және тілдік норма. – Алматы: 1998. – 128 б.

МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ
CONTENT

1-ші СЕКЦИЯ

ӘЛЕМДІК ӘДЕБИ ҮРДІСІНДЕГІ
МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ
СЕКЦИЯ 1

ТВОРЧЕСТВО МАҒЖАНА ЖУМАБАЕВА
В МИРОВОМ ЛИТЕРАТУРНОМ ПРОЦЕССЕ
SESSION 1

MAGZHAN ZHUMABAYEV'S CREATIVE ACTIVITY
IN THE WORLD LITERARY PROCESS

<i>Кульжанова А.А., Бөкен Г.С. (Ш.Уәлиханов атындағы КМУ) МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ДӘСТҮР.....</i>	3
<i>Өтепберген Н. Қ., Карбозов Е. (Әл Фараби атындағы ҚазҰУ) АС БЕРУ ДӘСТҮРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ИСЛАМ ДІНІМЕН ҮНДЕСТІГІ.....</i>	6
<i>Тайшыбай З.С. (М. Қозыбаев атындағы СҚМУ) «КЕДЕЙ СӨЗІНЕН» - «БОСТАНДЫҚ ТУЫНА» ДЕЙІН (мағжантанудың кейбір мәселелері).....</i>	10
<i>Таласпаева Ж.С., Балгарина Б.А. (М.Қозыбаев атындағы СҚМУ) МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ – ЖЕРІМІЗДІҢ ЖАЗБА ТАРИХЫ.....</i>	15
<i>Таласпаева Ж.С., Ерсаинова А.Б. (М.Қозыбаев атындағы СҚМУ) МАҒЖАННЫҢ РУХТЫ ЖЫРЛАРЫ.....</i>	20
<i>Төленді К.Н., Даутова Г. (Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ) МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ПОЭМАЛАРЫНДАҒЫ АҢЫЗДЫҚ СЮЖЕТТЕРДІҢ КӨРІНІСІ</i>	23
<i>Ураева Е.М. (СШ № 143, г. Минск, Республика Беларусь) «ЖИЗНЬ И СМЕРТЬ – ДВЕ СТРУНЫ НА ВЕЛИКОЙ ДОМБРЕ» ТВОРЧЕСКИЙ ПУТЬ МАҒЖАНА ЖУМАБАЕВА.....</i>	27
<i>Исакаева А. (М.Қозыбаев атындағы СҚМУ) МАҒЖАН – ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІНІҢ МАҚТАНЫШЫ.....</i>	29

2-ші СЕКЦИЯ

ЗАМАНАУИ ӘЛЕМДЕГІ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ТІЛ
СЕКЦИЯ 2

ЛИТЕРАТУРА И ЯЗЫК В СОВРЕМЕННОМ МИРЕ
SESSION 2

LITERATURE AND LANGUAGE IN THE MODERN WORLD

<i>Асенова А.Б., Копытова Ю.О. (КГУ им. Ш.Уәлиханова) КАТЕГОРИЯ ПРОСТРАНСТВА В РУССКИХ ПРЕДАНИЯХ АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ...</i>	33
<i>Асхадуллина Г.Г., Хуснутдинов Д.Х. (Казанский (Приволжский) федеральный университет, г.Казань, Республика Татарстан) ЭТНИЧЕСКИЕ АВТОСТЕРЕОТИПЫ В ПАРЕМИЯХ ТАТАРСКОГО ЯЗЫКА</i>	37
<i>Бабанова Н.А. (СКГУ им. М. Козыбаева) ДЕТСКИЙ ФОЛЬКЛОР СЕЛА ПРИБРЕЖНОГО КЫЗЫЛЖАРСКОГО РАЙОНА СЕВЕРО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ (по материалам учебной практики №1 (фольклорной) 2018-2019 уч. г.).....</i>	40
<i>Бөкен Г.С. (Ш.Уәлиханов атындағы КМУ) ҚАЗАҚ-ПОЛЯК ӘДЕБИ БАЙЛАНЫСТАР ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУДІҢ МӘСЕЛелЕРІ.....</i>	45
<i>Васильева О.В., Гусева А.С. (СКГУ им. М. Козыбаева) ФИЛОСОФСКИЕ МОТИВЫ В РАССКАЗЕ В. Ф. ОДОЕВСКОГО «ГОРОД БЕЗ ИМЕНИ»: НРАВСТВЕННЫЙ АСПЕКТ.....</i>	51

<i>Габдулина М.Г., Саркулова А. И., Талипова Ә.Н. (М. Қозыбаев атындағы СҚМУ) СӨЗ МАҒЫНАСЫ ЖӘНЕ АҚПАРАТ.....</i>	55
<i>Дарбаева Ж.К., Әшім Р.И. (СКГУ им. М.Козыбаева) ФУНКЦИИ ЗООНИМОВ В РУССКИХ, КАЗАХСКИХ И АНГЛИЙСКИХ ПОСЛОВИЦАХ.....</i>	60
<i>Есенгазиев А.М. (СКГУ им. М. Козыбаева) ТРАДИЦИИ СИМВОЛИЗМА В РЕПРЕЗЕНТАЦИИ ТЕМЫ ЛЮБВИ И.А. БУНИНЫМ (на материале рассказов разных лет).....</i>	65
<i>Есматова М.Т., Казыбаева Г.С. (М.Қозыбаев атындағы СҚМУ) КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАРДАҒЫ БЕЙВЕРБАЛДЫ АМАЛДАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ-МӘДЕНИ НЕГІЗІ.....</i>	70
<i>Есматова М.Т., Сағындықова А.Б. (М.Қозыбаев атындағы СҚМУ) КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАРДАҒЫ БАҒАЛАУЫШ ЕТІСТІКТЕРДІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ СИПАТЫ.....</i>	75
<i>Жәмбек С.Н. (Ш.Ш. Уәлиханов атындағы КМУ), Қадыров Ж.Т., Зейнолова Г.А. (М. Қозыбаев атындағы СҚМУ) ШӘКӘРІМ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ДҮНИЕТАНЫМ ИПІМДЕРІ.....</i>	79
<i>Жәмбек С.Н. (Ш. Уәлиханов атындағы КМУ), Қадыров Ж.Т., Иманбаев Е.С. (М. Қозыбаев атындағы СҚМУ) ҒАБИТ МҮСІРЕПОВ ПРОЗАСЫНЫҢ СУРЕТКЕРЛІК БІТІМІ.....</i>	82
<i>Игисинова А.С. (М.Х. Дулати атындағы ТарМУ) ӘЛЕУМЕТТІК ЛИНГВИСТИКАНЫҢ ДАМУЫ.....</i>	88
<i>Қадыров Ж.Т., Искакова Л.К. (М. Қозыбаев атындағы СҚМУ) БАУЫРЖАН MOMЫШҰЛЫНЫҢ «ҰШҚАН ҰЯ» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮР МЕН ӘДЕТ-ҒҰРЫП ЭЛЕМЕНТТЕРІ.....</i>	90
<i>Қадыров Ж.Т., Конкаев М.М. (М. Қозыбаев атындағы СҚМУ) МҰҚАҒАЛИ МЕН СӘКЕН ПОЭЗИЯСЫННЫҢ КӨРКЕМДЕУ ЖҮЙЕСІ.....</i>	94
<i>Сейтім А.А., Таласпаева Ж.С. (М. Қозыбаев атындағы СҚМУ) ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕ КОНЦЕПТ ТЕРМИНІНІҢ АЛАТЫН ОРНЫ.....</i>	101
<i>Урузбаева А.С., Аубакирова Б.К. (Ш.Уәлиханов атындағы КМУ) АХМЕТ БАЙТҮРСЫНҰЛЫНЫҢ ТІЛДІ ДАМУЫ ТУРАЛЫ ТАҒЫЛЫМДЫ ОЙЛАРЫ</i>	106
<i>Филимоненко Р.А. (СКГУ им. М.Козыбаева) ОСОБЕННОСТИ ЛИТЕРАТУРНОГО ТИПА «МАЛЕНЬКИЙ ЧЕЛОВЕК» В РАССКАЗЕ М.А. АЛДАНОВА «ИСТРЕБИТЕЛЬ».....</i>	112
<i>Шомина К.Г., Баймагамбетова А. (НИИШ ФМН г. Кокшетау) СИНТЕЗ ДОКУМЕНТАЛЬНОГО И ХУДОЖЕСТВЕННОГО НАЧАЛ В ПОВЕСТИ В.МИХАЙЛОВА «ХРОНИКА ВЕЛИКОГО ДЖУТА».....</i>	117

3-ші СЕКЦИЯ

ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

СЕКЦИЯ 3

ОБРАЗОВАНИЕ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ И СОВРЕМЕННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ

SESSION 3

EDUCATION IN THE CONTEXT OF GLOBALIZATION AND MODERN TECHNOLOGIES

<i>Алтынбекова Г.К. (Южно-Казахстанский государственный педагогический университет) ТЕМА «ГЛАГОЛ» В ЛИНГВОДИДАКТИЧЕСКОМ АСПЕКТЕ....</i>	120
<i>Байсултанова С.Ч. (Абай атындағы ҚазҰПУ) КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУДЕ БІЛІМАЛУШЫЛАРДЫҢ КӘСІБИ-ТҰЛҒАЛЫҚ САПАЛАРЫН ДАМУЫДАҒЫ НЕГІЗГІ ШАРТТАР.....</i>	124

<i>Болғауова Г.Т.</i> (ВКГТУ им. Д. Серикбаева, г. Усть-Каменогорск) КУЛЬТУРНЫЕ ФУНКЦИИ ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ.....	128
<i>Васильева О.В.</i> (СКГУ им. М.Козыбаева) ВОСПРИЯТИЕ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ПРОИЗВЕДЕНИЯ В КОНТЕКСТЕ ПРОБЛЕМЫ РАЗВИТИЯ ЭМОЦИОНАЛЬНОГО ИНТЕЛЛЕКТА.....	132
<i>Дюсенбаева А.Т.</i> («Педагогикалық шеберлік орталығы» ЖМ) ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚОҒАМДАСТЫҚТАРЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТҮЛҒАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ.....	136
<i>Жуанышпаева С.Ж., Атығаева К.М., Баекина Н.М.</i> (М.Қозыбаев атындағы СҚМУ) САУАТТЫЛЫҚТЫ ЖАЗБА ЖҰМЫСТАРЫ АРҚЫЛЫ АНЫҚТАУ.....	136
<i>Искакова Г.Ж., Жиеналина А.М.</i> (Ш.Уәлиханов атындағы КМУ) КӨРКЕМ МӘТІНДІ БЕЙІМДЕУ ТҮРЛЕРІ.....	145
<i>Maral Kurmanova</i> (Sh. Ualikhanov Kokshetau State University) INTERFERENCE OF THE KAZAKH LANGUAGE IN CONTACT WITH GERMAN IN THE EDUCATIONAL PROCESS.....	150
<i>Sayat Nurkanov</i> (M. Kozymbaev North Kazakhstan State University) THE ROLE OF THE TEACHER IN THE TECHNICAL SPECIALISTS' TRAINING.....	152
<i>Shnar Rakhmetova</i> (Sh. Ualikhanov Kokshetau State University) INDIVIDUALIZATION TECHNOLOGY AT FOREIGN LANGUAGE LESSONS...	154
<i>Қаирбекова Қ.Т., Қосдаурова Ж.Ж.</i> (Астана медицина университеті)ТАҒАМ АТАУЛАРЫНЫҢ СИМВОЛДЫҚ МӘНІ	158
<i>Қаирбекова Қ.Т., Доскенова Қ.А., Абдрахманова К.К.</i> (Астана медицина университеті)ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ КИІМ АТАУЛАРЫНЫҢ СИМВОЛДЫҚ МӘНІ.....	161